Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналының кәсіптік даярлығының үлгілік бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 28 қыркүйектегі № 764 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 05 қазанда № 8785 тіркелді.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 14-бабының 1 -тармағы 15) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналының кәсіптік даярлығының үлгілік бағдарламасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Б.К. Сейдахметов):

1) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ұсынуды;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында, соның ішінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі интернет-ресурсында және оны мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

3) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Заң департаментіне мемлекеттік тіркелгені туралы және осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін 5 күн ішінде ақпарат құралдарына жариялауға жіберілгені туралы мәліметтің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі А.Ғ. Бектұровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр *А. Жұмағалиев*

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникациялар
министрінің
2013 жылғы 28 қыркүйектегі
№ 764 бұйрығымен
бекітілген

Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналының кәсіптік даярлығының үлгілік бағдарламасы

Ескерту. Бағдарлама жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 05.06.2018 № 431 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналын кәсіптік даярлауыдың үлгілік бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) "Қазақстан Республикасында әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 14-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Осы Үлгілік бағдарлама авиация персоналын, азаматтық авиация кәсіпорындары басшыларын, сондай-ақ азаматтық авиация қызметкерлерінің (мамандарын) басқа да санаттарын кәсіптік даярлауды жүзеге асыру қағидаттарын, жүзеге асыру тәртібін, кезеңдерін ұйымдастыруды, бағдарламалар мазмұны көлемінің ең аз көлемін және басқа да критерийлерін айқындайды.

3. Осы Үлгілік бағдарламада Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (бұдан әрі - ИКАО), Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның (бұдан әрі - ДМҰ) стандарттары мен ұсынылатын тәжірибелері қолданылған.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Осы Үлгілік бағдарламада мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) авариялық жабдық – борттағылардың барлықтарының өмірін сақтау және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында шұғыл шараларды қолдануды қажет ететін авариялық немесе штаттан тыс жағдайларда қолдануға арналған әуе кемесінің бортында (бұдан әрі – ӘК) орналасқан немесе бекітілген жабдық (мысалы: жолаушылар салонында оттегіні таратушы, балта, өрт сөндіргіш, түтіннен қорғайтын оттегі капюшоны, ажыратқыш механикалық құралы, авариялық басқыш);

2) авариялық рәсімдер – ұшу өндірісі жөніндегі нұсқаулықта пайдаланушы бекіткен , штаттан тыс және авариялық жағдайларда қолданылатын рәсімдер. Штаттан тыс жағдайлар дегеніміз – әдеттегі немесе үйреншікті емес, ауытқуларға әкелетін және авариялық жағдайларды қаупін тудырады.

3) авиациялық оқу орталығы (бұдан әрі – АОО) – авиация персоналын даярлауды, қайта даярлауды және олардың кәсіптік деңгейін ұстауды жүзеге асыратын заңды тұлға ;

4) авиация персоналы – арнайы және (немесе) кәсіптік даярлығы бар, ӘК ұшуын, әуе тасымалдары мен авиациялық жұмыстарды орындау және қамтамасыз ету, ӘК техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі – ТҚК), әуе қозғалысын ұйымдастыру және оған қызмет көрсету, әуе қозғалысын басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке адамдар;

5) адамның мүмкіндігі – авиациялық қызметтің тиімділігі мен қауіпсіздігіне әсер ететін адамның қабілеттілігі және мүмкіндіктерінің шамасы;

6) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

7) аспаптық уақыт – аспаптар бойынша ұшу уақыты немесе аспаптар бойынша жер үстінде жаттығу уақыты;

8) ауыр әуе кемелері:

ұшақтар – ең үлкен ұшу салмағы 5700 кг тең және одан асатын ӘК;

тікұшақтар – ең үлкен ұшу салмағы 3180 кг тең және одан асатын ӘК;

9) аэростат – қозғалтқышпен қозғалысқа келмейтін ауадан да жеңіл ӘК;

10) әуе кемелеріне нақты техникалық қызмет көрсету немесе әуе кемелеріне нақты техникалық қызмет көрсетуге жұмылдыру – қолданыстағы куәлігі бар ӘК ТҚК бойынша маманның және сертификаттық рұқсат өкілеттіктерін пайдалану және/немесе сертификаттық рұқсатында белгіленген кем дегенде, осындай ӘК түрінде ТҚК немесе ӘК жүйелерінің топтарында ТҚК нақты орындау бойынша ӘК маманының жұмысы;

11) алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12) әуе кемелерінің түрлері – бекітілген негізгі сипаттамалары негізіндегі ӘК топтастыру:

ұшақ;

тікұшақ;

планер;

еркін аэростат;

көтергіш күшті ұлғайту жүйесі бар ӘК;

дирижабль;

мотодельтоплан;

автожир;

13) әуе кемесі – жер (су) бетінен шағылысқан ауамен әрекеттесуді болғызбай, ауамен өзара әрекеттесу есебінен атмосферада қалықтайтын аппарат;

14) әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету – ӘК ұшу жарамдылығын сақтауды қамтамасыз ету үшін қажетті жұмыстарды өткізу, оның ішінде жеке не бірге орындалатын бақылау – қалыпқа келтіру жұмыстары, тексерулер, ауыстырулар, ақауларды жою, сондай-ақ ұшу алдындағы инспекцияның орындауын қоспағанда, жұмыстарды түрлендіру немесе практикалық жүзеге асыру;

15) әуе кемесінің бақылаудағы командирі (PICUS) – бақыланатын әуе кемесінің командирі ретінде функциялар мен міндеттерді орындайтын екінші ұшқыш. PICUS

уақыты екінші пилоттың ұшу кітапшасында тіркеледі, нұсқаушының немесе ӘКК қолымен куәландырылады және ӘКК ретінде жалпы ұшуға есептеледі;

16) әуе кемесінің командирі (бұдан әрі – ӘКК) – пайдаланушы немесе жалпы мақсаттағы авиация жағдайында, әуе кемесінің иесі командирдің міндеттерін орындауға және ұшуды қауіпсіз орындауға жауап беруге әуе кемесінің иесі тағайындаған пилот;

17) әуе кемесінің типі – бір қағидаттық конструкциядағы барлық ӘК, оның ішінде пилотаждық және ұшу сипаттамаларының өзгерісіне алып келетіндерді есепке алмағанда олардың барлық модификациялары;

18) әуе қозғалысына қызмет көрсету (бұдан әрі – ӘҚК) – әуе қозғалысына ұшу-ақпараттық қызмет көрсету, авариялық хабар беру, диспетчерлік ӘҚК (аумақтық диспетчерлік қызмет көрсету, қонуға жақындағанда диспетчерлік қызмет көрсету немесе әуеайлақтық диспетчерлік қызмет көрсету);

19) алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20) алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21) бекітілген бағдарлама бойынша даярлау – бақылауда және келісілген мемлекеттер бекіткен арнайы бағдарлама бойынша жүзеге асырылатын даярлық;

22) бекітілген (мақұлданған) оқу ұйымы – уағдаласушы мемлекет бекіткен (мақұлдаған) және бекітілген бағдарлама бойынша дайындықты жүргізу үшін оның бақылауымен жұмыс істейтін ұйым;

23) бекітілген (мақұлданған) техникалық қызмет көрсету жөніндегі ұйым – " Ұшақтарға техникалық қызмет көрсету" 8-бөлімінің талаптарына сәйкес келісілген мемлекет бекіткен ұйым;

24) борттық электрондық жабдық – әуе кемесінің бортында пайдалануға арналған кез келген электрондық құрылғы, оның электрлік бөлігін қоса алғанда, оның ішінде радио жабдық, ұшуды автоматты басқару жүйесі және аспаптық жабдық;

25) бұзбай бақылау (NDT) – ӘК, күштік қондырғыларда, және олармен байланысты жүйелерде және компоненттерде қолданылатын материалдар, компоненттер мен жүйелер жағдайын бақылау үшін қолданылатын бақылау әдісі, мақсаты осы бұйымдардың жағдайын тексеру және бақыланатын бұйымдарды зақымдамай ақауларын анықтау;

26) біліктілік – белгіленген стандарттарға сәйкес қандай да бір тапсырмаларды орындау үшін қажетті білімнің, дағдының және іске деген қарым-қатынастың үйлесуі;

27) біліктілік бағасы – куәлікте жасалынған немесе оған қатысы бар, бір бөлігі болып табылатын жазба, онда осы куәлікке қатысты ерекше талаптар, құқықтар мен шектеулер көрсетіледі;

28) біліктілік блогы – бірқатар біліктілік элементтерінен тұратын диск қызмет;

29) біліктілік тестісі – куәлікті немесе біліктілік бағасын алу үшін (растау, қолданыс мерзімін ұзарту) теориялық білім мен практикалық дағдыны көрсету;

30) біліктілік элементтері – шекараларын, бақыланатын нәтижесін нақты айқындайтын бастама оқиғаға және аяқталған оқиғаға ие тапсырмалар түріндегі іс-қимыл;

31) бір ұшқышпен ұшу үшін сертификатталған ӘК – сертификаттау барысында қабылданған мемлекеттік тіркеу шешімі бойынша ең аз құрамдағы ұшу экипажымен, оның ішінде бір ұшқышпен пайдаланылуға рұқсат етілгенәуе кемесінің түрі;

32) біріктірілген оқыту – оқытудың түрлі формаларын қиыстыру арқылы кәсіптік даярлықтан өткізу;

33) дайындыққа ықпал ететін әдістеме – бұл тиімді сауалнаманы, мұқият тыңдауды және бағалаусыз тәсілді қолданатын, әсіресе дағдылар мен іс-әрекеттерді дамытуда тиімді, тыңдаушыларға терең білім алуға және өз шешімдерін әзірлеуге көмектеседі, бұл оқу материалын түсінудің, есте сақтаудың және қызығушылықтың жоғары деңгейіне әкеледі;

34) даярлау мақсаты – үш бөліктен тұратын нақты тұжырымдау: тиімділіктің қалаулы көрсеткіші немесе тыңдарман даярлық мерзімі аяқталған уақытта (немесе даярлықтың қандай да бір нақты кезеңі аяқталысымен) шамамен нені жасай алуы қажет ; тиімділік стандарты, бұған тыңдарман біліктілік деңгейін растау үшін жетуге тиіс; тыңдарман өз біліктілігін көрсетуге тиіс жағдайлар;

35) дербес ауаға көтерілу – курсант пилот ӘК бортында жалғыз адам болып табылатын ұшу уақыты;

36) дирижабль – қозғалысқа қозғалтқыш арқылы келетін ауадан да жеңіл ұшу аппараты;

37) екінші пилот – пилот куәлігі бар, ӘКК қызметінен басқа пилоттың кез келген қызметін орындайтын тұлға, ӘК бортында тек қана ұшу дайындығынан өту мақсатында болған пилоттар есепке алынбайды;

38) емтихан қабылдаушы (бағалаушы) – тиісті біліктілігі бар, Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясы саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес куәлікті немесе біліктілік бағасын алу үшін (растау, қолданыс мерзімін ұзарту) үміткерлерге қатысты бағалауды өткізуге (тексеру, тестілеу және т.б. рәсімдер) уәкілетті ұйым уәкілеттік еткен және уәкілетті ұйым тағайындаған жеке тұлға;

39) жағдайлар – тиімділік көрсетілетін барлық ерекше жағдайлар;

40) жердегі құрал бойынша жаттығулардың уақыты – ұшқыш ұшуды ұқсатудың жаттығу құрылғысында құрал бойынша ұқсастырылатын ұшуды жерде жасап шығатын мерзім ішіндегі уақыт;

41) кабиналық экипаж мүшесі – қауіпсіздік мүддесіне орай және жолаушыларға қызмет көрсету және (немесе) жүктерді тасымалдау мақсатында ӘК бортында пайдаланушы немесе ӘКК өзіне тапсыратын міндеттерді орындайтын, авиация персоналына жататын, бірақ ұшу экипажының мүшесі болып табылмайтын тұлға;

42) кәсіптік даярлау (оқыту) – бастапқы даярлау, қайта даярлау, кәсіптік деңгейде ұстау;

43) кәсіптік деңгейді сақтап тұру – біліктілік талаптарына сәйкестендіру мақсатында мақсаты кәсіптік білімді, біліктілік пен машықты жаңғырту болып табылатын авиациялық қызметкерлерді оқыту процесі;

44) кешенді оқыту – белгіленген мерзім ішінде оқытудың барлық бағдарламаларын бір уақытта жүзеге асыру арқылы кәсіптік даярлықтан өткізу;

45) коммерциялық авиация пилоттарын дайындаудың кешенді курсы – коммерциялық авиация пилоттарына (бұдан әрі – CPL) куәлікті беру үшін қажетті біліктілік деңгейіне дейін пилоттарды оқыту курсының бір үздіксіз шеңберінде дайындау;

46) коммерциялық авиация пилоттарын даярлаудың модульдік курсы – пилоттарды оқыту курсының соңғы кезеңі шеңберінде аспаптар бойынша ұшуды орындау құқығы туралы CPL куәлігін және (немесе) біліктілік белгісін беру үшін қажетті біліктілік деңгейіне дейін даярлау;

47) коммерциялық әуе тасымалы – заңды тұлғалардың жолаушыларды, багажды, жүктер мен почта жөнелтілімдерін әуемен тасымалдау шартына сәйкес азаматтық әуе кемелерімен ақысын төлеу немесе жалдау бойынша тасымалдау жөніндегі қызметі;

48) көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемесі – ауадан ауыр, тік ұшуды, тік қонуды және төмен жылдамдықпен ұшуды орындауға қабілетті әуе кемесі, бұл негізінен осы ұшу режимдерінде көтеру күшін жасау үшін пайдаланылатын қозғалтқыштың қозғағышымен немесе қозғалтқыштың тартылуымен, сондай-ақ көлденең ұшуды орындау кезінде көтеру күшін тудыратын айналмалы емес аэродинамикалық беттермен қамтамасыз етіледі;

49) куәландыруға ұшуға жарамдылығы (жол ӘК-ні немесе оның компонентін пайдалану) – куәлік (сертификат) туралы әуе кемесі немесе оның бөліктері сәйкес қолданыстағы ұшуға жарамдылық нормаларына техникалық қызмет көрсетуді орындағаннан кейін әуе кемесі немесе оның бөліктері;

50) куәлігінде біліктілік белгісі бар әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчері – куәлігі және жүзеге асыратын құқықтарына сәйкес келетін айқын біліктілік белгілері бар ӘҚБ диспетчері;

51) күш беру (куәлікке) – нәтижесінде келісілген мемлекет өз куәлігін берудің орнына басқа келісілген мемлекеттің берген куәлігін өз куәлігіне тең дәрежеде мойындайтын әрекет;

52) қайта даярлау – авиациялық техниканы зерттеулеріне, жаңа кәсіптік білім (қосымша) алуына, біліктілікке, машықтануына бағытталған азаматтық авиация саласы мамандарын оқыту процесі;

53) қателік – ұйымның немесе пайдалану персоналының осы мүшесінің ниеттерінен немесе болжамдарынан кері шегінуіне әкелетін пайдалану персоналы мүшесінің әрекеті немесе әрекетсіздігі;

54) қателіктерді бақылау – қателіктерді табу және қателіктердің зардаптарын азайтатын немесе жоятын және қателер мен қолайсыз жағдайлардың ықтималдылығын төмендететін қарсы шаралардың көмегімен оларға ден қою үрдісі;

55) қатер – пайдалану персоналы мүшелерінің құзыреті саласынан тыс болатын, пайдаланудың күрделілігін арттыратын және қауіпсіздіктің рұқсат етілген деңгейін ұстап тұру үшін басқарылуы қажет оқиғалар немесе қателіктер;

56) қатерлер факторларын бақылау – қатерлерді табу және қатерлердің зардаптарын азайтатын немесе жоятын және қатерлердің немесе қолайсыз жағдайлардың ықтималдылығын төмендететін қарсы шаралардың көмегімен оларға ден қою үрдісі;

57) қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған жабдық – борттағы барлық тұлғалардың және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету (мысалы: қауіпсіздік баулары, қауіпсіздік бойынша нұсқаулық, көрсету жиынтығы) мақсатында тұрақты қолдануға арналған ӘК бортында орнатылған немесе болатын жабдық;

58) қашықтан оқыту – педагог пен білім алушылардың қашықтан, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып өзара іс-қимыл жасауы кезінде жүзеге асырылатын оқыту;

59) құралдар бойынша ұшу уақыты – ұшқыш ұшу барысында әуе кемесін сыртқы бағдарларды қолданбай тек қана құралдар көрсеткіші бойынша басқаратын кездегі уақыт;

60) маршрут бойынша ұшу – стандартты навигациялық рәсімдерді қолдана отырып, алдын-ала жоспарланған маршрут бойынша келесі ұшу нүктесі мен қону нүктесі аралығындағы ұшу;

61) маршрут учаскесі – ұшу, маршрутқа жолға шығу, 15 минуттан кем емес аралықтағы крейсерлік режим, келу, қонуға кіру және жерге қону сияқты кезеңдерден тұратын ұшу;

62) модульді оқыту – үздіксіз білім әдісі, кадрларды кезең-кезеңмен дайындау жүйесін қолданады, оның ішінде әр кезең (модуль) бақылаудың және алынған білім мен машықтың рейтингтік жүйесімен аяқталған циклді білдіреді;

63) нұсқаушы – кәсіптік даярлау және біліктілігіне сәйкес авиациялық персоналдың дағдыларын тексеру бойынша қызметтерді тікелей жүзеге асыратын тұлға;

64) нұсқаушымен ұшу – қандай да бір тұлғаның тиісті куәлігі бар ұшқыш-нұсқаушымен бірге ӘК бортында ұшу даярлығынан өтетін ұшу уақыты;

65) өлшемшарттарға қатысты тестілеу – бағалау нәтижесі объективті стандарттармен (басқа бағалардың деректерімен емес) салыстырылатын тестілеу;

66) пайдалану үшін екінші ұшқышты қажет ететін ӘК – сертификат түрінде немесе эксплуатант сертификатында анықталғандай пайдалану үшін екінші ұшқышты қажет ететін әуе кемесінің түрі;

67) планер – қозғалысқа күш қондырғыларымен келтірілмейтін, көтерілу күші негізінен ұшудың осы жағдайында қозғалыссыз қалатын жоғары қабаттағы аэродинамикалық қарсы әсер есебінен құрылатын ауадан ауырлау ӘК;

68) пайдалануға рұқсат ету куәлігі (сертификат) (Certificate Release to Service (бұдан әрі – CRS) – оның ұшу жарамдылығын растау мақсатында ӘК ТҚК немесе оның компоненттері бойынша жұмыстарды орындаған соң маманмен берілген ӘК пайдалануға рұқсат. Пайдалануға рұқсат ету сертификаты ӘК-нің немесе компоненттің ұшуға жарамдылығын күтіп ұстау бойынша жазбаны маманның жеке қолы немесе ТҚК және АТЖ жөніндегі ұйым берген жеке мөртабанды қою арқылы іске асырылады;

69) практикалық машықтану (On the Job Training (бұдан әрі – OJT) – тәжірибелік машықтану ӘК жүргізілетін, ТҚК және АТЖ ұйымы жағдайында жүргізілетін және тек оның әк мамандары (супервайзерлер мен бағалаушылар) маман үшін жаңа санаттағы ӘК үлгісінің 1-ші белгісін алу мақсатында жүргізеді ("B2", "B3" (Ан-2)) және кіші (" B1.1", "B1.2", "B1.3", "B1.4") "Rating" бағанына ӘК ТҚК маманының куәлікке;

70) сапаны бақылау жүйесі – құжат түрінде ресімделген ұйымдастыру рәсімдері мен қағидаттары, осы қағидаттар мен рәсімдердің ішкі аудиті, басқару жүйесін шолу және сапаны арттыру бойынша ұсыныстар жасау;

71) сертификаттау персоналы – қабылданған стандарттарға ұйымдардың, олардың мазмұнының, авиациялық қызметкерлерді даярлау деңгейі мен сапасының сәйкес келуін бекіту мақсатында авиациялық оқу орталықтарына қойылатын талаптар;

72) сертификаттау талаптары – авиациялық оқу орталықтарына қойылатын сәйкестігін анықтау мақсатында ұйымның, мазмұнының, деңгей мен сапасының авиациялық персоналды даярлау қабылданған стандарттарға сәйкес;

73) сертификаттық рұқсат (Certification Company Authorisation, CE) - АА ұйымы маманға жеке рұқсат етілген өкілеттіктер көлемінде белгілі бір қызметті жүзеге асыру құқығына берген рұқсат. ТҚК жөніндегі ұйым жағдайында сертификаттық рұқсат сертификаттаушы персоналға, сертификаттамайтын персоналға, оқыту мен бағалауды жүргізетін персоналға; авиациялық оқу орталығы жағдайында – нұсқаушы және емтихан алушы персоналға, аттестаттаушы персоналға (бағалаушыларға) беріледі. Сертификаттық рұқсат жеке беріледі және жеке бланкіге басып шығарылады.

74) сессия – үміткер емтихан тапсыратын уақыт кезеңі қатарына 10 күннен аспайды
;

75) стандартты рәсімдер немесе эксплуатанттың стандартты жұмыс рәсімдері (Standard Operating Procedures – бұдан әрі SOP) – бортта стандартты әрекеттерді (мысалы: кабиналық экипажды ұшу алдында нұсқаулықтан өткізу, ұшу алдында ӘК жолаушылар салонын тексеру, жолаушыларды нұсқаулықтан өткізу, ас-үй орынжайларын, дәретхана бөлмелерін және ӘК жолаушылар салонын қауіпсіз қалыпқа келтіру, ұшу кезінде ӘК жолаушылар салонына мониторинг жасау) жасауға арналған ұшу өндірісі бойынша басшылықта эксплуатант бекіткен рәсімдер;

76) сынақ – баламалы құралды немесе бұдан бұрын алынған біліктілікті мойындау;

77) тағылымдама – мамандықты практикалық игеру және қызмет көрсету мен басқару объектілеріне бейімделу, сонымен қатар жұмыс орнында тез бағдар алу және жұмыстың жаңа әдіс-тәсілдерін игеру мақсатында оқытуды қамтамасыз ететін тұлғаның басшылығымен жұмыс орнында оқыту;

78) теориялық даярлау – кәсіптік даярлау процесі кезеңі, оның барысында үйренуші арнайы теориялық білім алады, сондай-ақ білімін бекітілген оқу бағдарламасына сәйкес жаңғыртады және жетілдіріп отырады;

79) алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

80) тиімділік өлшемшарттары – талап етілетін тиімділік деңгейіне жеткендігін анықтау үшін қолданылатын біліктілік элементінің талап етілген нәтижесін және өлшемшарттар сипатын қарапайым, бағаға бейімделген баяндау;

81) тренажердағы даярлық – авиациялық қызметкерлердің кәсіптік даярлау процесі кезеңі, оның барысында үйренуші азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) бекіткен ұқсас құрылғылар арқылы тәжірибелік біліктілік пен машыққа қол жеткізеді, біліктілікті бабына келтіреді және жетілдіреді;

82) түн – күн құбылыстары, қараңғылықтың басталуы мен таңның атысы (кешкі азаматтық ымырттың аяқталуы мен таңертеңгі азаматтық ымырттың басталуы) арасындағы тәуліктің қараңғы уақыты кезеңі);

83) тікұшақ – ауадан ауыр, ұшу кезінде негізінен шамамен тік қалыпта болатын осьтердің айналасындағы күш қондырғысы арқылы айналатын бір немесе бірнеше тірек бұрандамен ауа реакциясының есебінен қалықтайтын ӘК;

84) ұшақ – ауадан ауыр, ұшу кезіндегі көтеру күші негізінен осы ұшу жағдайларында қозғалмаған күйінде қалатын үстіңгі беттердегі аэродинамикалық реакциялар есебінен қалыптасатын күш қондырғысы арқылы қозғалысқа келтірілетін ӘК;

85) ұшуға даярлау – ұшу экипажының мүшелерін кәсіптік даярлау үрдісінің кезеңі, бұдан өту арқылы оқушы практикалық дағдылары мен ұшуды орындау шеберлігін иеленеді және жетілдіреді;

86) ұшуды айнытпай көрсететін тренажер қондырғы – қондырғылардың үш түрінің кез келгені, оның көмегімен жерде ұшу шарттары айнытпай көрсетіледі:

механикалық, электр, электронды және тағы басқа борттық басқару жүйелерінің нақты функцияларын айнытпай көрсетуге мүмкіндік беретін ӘК белгілі бір түрінің экипажы кабинасын, осы типті ӘК ұшу экипажы мүшелері үшін әдеттегідей жағдайын және ұшу сипаттамаларын дәл келтіретін тренажер;

экипаж кабинасындағы ахуалды нақты іске қосуды қамтамасыз ететін және аспаптардың көрсеткіштерін, механикалық, электр, электрондық және басқа борт жүйелерінің қарапайым функцияларын, сондай-ақ белгілі бір сыныптағы әуе кемелерінің ұшу-техникалық сипаттамаларын айнытпай көрсететін ұшуды басқару техникасын пысықтауға арналған тренажер;

аспаптар бойынша ұшуға негізгі дайындыққа арналған тренажер, ол тиісті аспаптармен жабдықталған және ұшу уақытында аспаптар бойынша әуе кемесінің ұшуына ұқсас жағдайды экипаж кабинасында айнытпай көрсетеді;

87) ұшуды басқару – ұшу уақыты ішінде әуе кемесін басқару органдарымен күрделі әрекеттер жасау;

88) ұшуды басқару техникасын пысықтауға арналған тренажер – ұшуды айнытпай көрсететін тренажер қондырғыға қарау;

89) ұшу ептілігі (шеберлігі) – ұшу мақсатына жету үшін білімдерін, дағдыларын және ептілігін қолдана отырып ӘК басқару бойынша үнемі дұрыс шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру;

90) ұшу жоспары – әуе қозғалысына қызмет көрсету және (немесе) әуе қозғалысын басқару органдарына пилот, экипаж немесе пайдаланушы ұсынатын ӘК белгіленген ұшуы немесе ұшуының бір бөлігі туралы белгілі бір мәліметтер;

91) ұшу уақыты:

көтергіш күшті ұлғайту жүйесі бар ӘК, автожирлар, мотодельтапландар және ӘК үшін – тоқтау сәтіне дейін ұшу мақсатындағы ӘК қозғалысының басталу сәтінен ұшудың аяқталуы бойынша жалпы уақыт;

тікұшақтар үшін – ұшудың ақталуы бойынша тікұшақтың толық тоқтау сәтіне дейін ұшу мақсатында салмақ түсетін бұрандалар қалақшаларының айналуының басталу сәтінен бастап салмақ түсетін қалақшалардың айналуының тоқтауына дейінгі жалпы уақыт;

дирижабльдер үшін – дирижабль мачтадан босаған сәттен бастап дирижабль ұшудың толық аяталғанынан кейін біржолата тоқтауы және матчтада бекітілуі сәтіне дейін ұшу мақсатындағы жалпы уақыт;

планерлер үшін – планер ұшу барысында жерде жүрісті бастаған сәттен планер ұшу аяқталғаннан кейін тоқтайтын сәтке дейінгі буксирде немесе буксирсіз ұшуда болған жалпы уақыт;

аэростаттар үшін – гандола ұшу мақсатында жерден бөлектеген сәттен бастап ұшу аяқталғаннан кейін біржолата тоқтайтын сәтке дейінгі жалпы уақыт;

92) ұшу шарттарын дәл келтіретін тренажер – ұшуды айнытпай көрсететін тренажер қондырғыға қарау;

93) ұшу экипажының мүшесі – авиация персоналына жататын, авиация персоналының қолданыстағы куәлігі бар, ұшу уақыты ішінде әуе кемесін басқаруға байланысты міндеттер жүктелген тұлға;

94) үлгілік бағдарламалар – авиациялық оқу орталықтары мен азаматтық авиация ұйымдарының кәсіптік даярлықты бір үлгіде оқытумен қатар, өз бағыттарының, мамандануларының және қызмет түрлерінің ерекшеліктеріне қарай оқу бағдарламаларын өз қалаулары бойынша жасау мүмкіндіктерін сақтауға арналған бағдарламалар;

95) штаттан тыс жағдайлар – жүйелі түрде немесе жиі болмайтын ауыр және күтпеген бірқатар міндеттер, қауіптің туындауына немесе шындық қатерге әкелуі міндетті емес, алайда шұғыл жауап қатуды талап етеді;

96) экипаж жұмысын оңтайландыру (Crew Resourse Management – бұдан әрі CRM) – экипаж мүмкіндігін басқару – қызметкерлерді адам қатесі апатқа қауіп төндіретін қызмет саласында оқыту әдістемесі. CRM техникалық білімдерге емес, команда немесе бір кабинадағы экипаж мүшелерінің өзара қарым-қатынасына ден қояды, оның ішіне жетекшілік пен шешім қабылдау да кіреді;

96-1) ab initio пилоты – ӘК ұшуды пайдалану саласында авиациялық мамандығы жоқ кандидат.

97) Crowd Control (ағылшын тіліндегі термин) – салмақты басқару;

98) алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

99) Protective breating equipment (ағылшын тіліндегі термин) – түтіннен сақтайтын капюшон (бұдан әрі - PBE);

100) SPIC (ағылшын тіліндегі аббревиатура) – әуе кемесінің студент-командирі (СКВС) – студент-пилот оқыту ұшуы кезінде әуе кемесінің командирінің (бұдан әрі – ӘКК) қызметін жүзеге асыратындығын білдіреді, бұл уақытта ұшу нұсқаушысы ұшу барысын бақылап қана отырады, ӘК басқаруға қатыспайды. SPIC уақыты студент-пилоттың ұшу кітапшасында тіркеледі, нұсқаушы оны қол қою арқылы растайды және ӘКК ретінде жалпы ұшуға есептеледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.04.2021 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.12.2023 № 140 (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

5. Кәсіптік даярлау бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама) АОО, азаматтық авиация кәсіпорындары және авиация персоналын оқытуды жүзеге асыратын басқа да ұйымдар осы Үлгілік бағдарлама негізінде қызметтің нақты түріне және ерекшеліктеріне қарай жасайды.

6. Осы Үлгілік бағдарламаның шеңберінде кәсіптік даярлау үшін іске асыратын бағдармаларды тек шетел тілін үйренудің жалпы аспектілерін іске асыратын бағдарламаларды қоспағанда, уәкілетті ұйыммен келісуге жатады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Үлгілік бағдарлама негізінде кәсіптік даярлау бағдарламасын жүзеге асыру

7. Кәсіптік даярлау үшін іске асырылатын, осы Үлгілік бағдарламаларда көзделмеген бағдарламалар уәкілетті ұйыммен келісуге жатпайды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Кәсіптік даярлықтың барлық түрлері мен формаларын жүргізу кезінде СВТ-ға негізделген (computer based training) материалдарды пайдалану шектелмейді және жүзеге асырылып отырған бағдарламаның (курстың) көлемімен, сондай-ақ интеллектуальдық меншікті пайдалану және қорғау мәселелерін реттейтін заңдармен регламенттеледі.

2-параграф. Қашықтықтан оқытуды пайдалана отырып кәсіптік даярлау бағдарламалары

Ескерту. 2-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.04.2021 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Қашықтықтан оқытудың негізгі мақсаты – білім алушыларға ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдану арқылы қашықтықтан басшылық, нұсқаушы және көмекші персоналмен өзара іс-қимыл жасай отырып, кәсіптік даярлау бағдарламаларын дербес игеруге мүмкіндік беру. СВТ (Computer Based Training) бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, персоналды даярлауды бақылайтын ұйым білім алушыларды даярлау сапасын, оқыту бағдарламаларының осы Үлгілік бағдарламалардың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.04.2021 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Қашықтықтан оқыту оқу, зертханалық және практикалық сабақтарды (тренажерлық даярлауды, әуе кемесінің жаңа түріне қайта даярлауды, жаңа техника мен технологияларды игеруді қоспағанда), практикаларды (өндірістік және ұшу практикаларын қоспағанда), білім алушыларды ағымдағы бақылау және аралық аттестаттауды өткізу үшін пайдаланылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.04.2021 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Қашықтықтан оқытуды қолдану ағымдағы бақылауды, алынған білімді аралық және қорытынды тексеруді қоса алғанда, сыныптағы оқумен біріктіріледі. Бұл ретте қашықтықтан оқытуды пайдалана отырып немесе білім алушымен тікелей өзара іс-қимыл жасау арқылы өткізілген оқу, зертханалық және практикалық сабақтар көлемінің арақатынасын не АОО, не Азаматтық авиация ұйымдары кәсіптік даярлаудың оларға оқуға рұқсат етілген түрлері бойынша айқындайды.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.04.2021 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Қашықтықтан оқыту қағидаттарын қолдану азаматтық авиация ұйымдарын кәсіптік даярлау бағдарламаларында ашылады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.04.2021 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Қашықтықтан оқыту тиісті даярлығы бар басшы, нұсқаушы және қосалқы персонал және қашықтықтан оқытуды пайдалана отырып кәсіптік даярлау бағдарламаларын іске асыруға мүмкіндік беретін арнайы жабдықталған үй-жайлар болған кезде пайдаланылады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.04.2021 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Қашықтықтан оқытуды қолдану кезінде білім алушыларға оқу-әдістемелік көмек, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды пайдалана отырып консультациялар нысанында қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.04.2021 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Қашықтықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру үшін:

1) білім алушылар үшін оқу-әдістемелік және ұйымдастырушылық-әкімшілік ақпаратты қамтитын парақтары бар білім беру порталы арқылы жүзеге асырылады;

2) телекоммуникациялық желіге (интернет, спутниктік теледидар) шығатын жабдығы);

3) мультимедиялық сыныптар және электрондық оқу залдары (қажет болған жағдайда);

4) оқу курсының мазмұны;

5) тестілеу кешені немесе арнайы бағдарламалар.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.04.2021 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Қашықтықтан оқыту бойынша оқу процесін жүзеге асыру үшін:

1) нұсқаушыларды, емтихан алушыларды және қашықтықтан оқытуды іске асыру қызметтерін оқытуды ұйымдастырады;

2) білім беру ресурстарын әзірлеу және жаңарту үшін нұсқаушы құрамға жағдай жасайды;

3) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, қашықтықтан консультациялар ұйымдастырады және өткізеді;

4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, қашықтықтан кері байланысты ұйымдастырады;

5) "Off-line" режимінде білім алушылармен кері байланысты ұйымдастырады (сабақ , жүйеге пайдаланушыларға ыңғайлы кез келген уақытта қол жеткізе отырып, жүйе ішінде ақпарат алмасу);

6) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін қашықтықтан бақылайды;

7) аутентификация жүйесі арқылы әрбір білім алушының жеке басын сәйкестендіреді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.04.2021 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Білім алушыларды оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету үшін қашықтықтан оқытуды пайдалана отырып іске асырылатын оқу жоспарының барлық пәндері (курстары) бойынша электрондық оқу-әдістемелік кешендер болуы қажет.

18. электрондық оқу-әдістемелік кешендерін даярлауды бекітілген бағдарлама бойынша курсты жасаушы жүзеге асырады.

19. пәндердің электрондық оқу-әдістемелік кешендері (курс) міндетті және қосымша жиынтықтардан тұрады.

20. Міндетті жиынтық мыналардан тұрады:

1) құрамында пән (курс) мазмұны, күнтізбелік-тақырыптық жоспар, ұсынылатын әдебиеттер тізімі (негізгі және қосымша), пәннің (курстың) модульдік жіктелуі бар бағдарламалар;

2) лекцияның электрондық конспектілері;

3) сабақтар материалдары;

4) оқушылардың өзіндік жұмысына арналған тапсырмалар;

5) аралық бақылауды ұйымдастыру бойынша материалдар (бақылау жұмыстары, тестілік тапсырмалар, жеке тапсырмалар және т.б.);

6) қорытынды бақылауды ұйымдастыру бойынша материалдар (тестілік емтихандық материалдар, емтиханға арналған сұрақтар, билеттер, емтихандық бақылау жұмыстары);

7) қашықтықтан басқарылатын кеңесті өткізу кестесі.

Қосымша жиынтықты АОО қажет болған жағдайда жеке өзі анықтайды.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.04.2021 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-бөлім Мотодельтапланда ұшатын аса жеңіл авиация пилоттарын бастапқы даярлау бағдарламасы (Light aircraft pilot license – LAPL, (MGH) 1-параграф. Теориялық даярлау

21. Теориялық даярлау оқу сағаттары пәндер мен тақырыптар бойынша бөлінген оқу жоспарына сәйкес жүргізіледі. Оқу сабақтарының жалпы көлемі 100 сағаттан кем емес.

22. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Мотодельтапланда ұшатын аса жеңіл әуе кемесі пилоттардың теориялық даярлығы бойынша пәндер тақырыбы осы Үлгілік бағдарламаның 2-қосымшада берілген.

2-параграф. Кабина ішіндегі жаттығу. Жердегі даярлау

24. Осы бағдарлама мотодельтаплан кабинасында ұшу оқытулары оқытылатын жаттығу құрылғысының неғұрылым аз көлемін белгілейді.

25. Мотодельтаплан кабинасында оқытылатын жалпы жаттығулар көлемі 3 сағаттан кем болмауы тиіс.

26. Мотодельтаплан кабинасында жаттығу бағдарламасы жаттығуларды тапсырмалар бойынша бөліп қарастырады.

№ 1 тапсырма. Мотодельтапланды пайдалану

№ 2тапсырма. Мотодельтапланда ұшу техникасы

№ 3 тапсырма. Ұшу кезіндегі айрықша жағдайлар

27. Пилот-нұсқаушының тапсырмалар бойынша жаттығу көлемін көбейтуге құқығы бар.

28. Жердегі даярлықтың ең төменгі көлемі – 16 сағат. Жердегі даярлық жаттығуларының тақырыптары:

1) Оқу-ұшу даярлықтары бағдарламасымен танысу;

2) Әуеайлақта ұшу өндірісі бойынша нұсқаулықты зерттеу;

3) Ұшу ауданын зерттеу;

4) ӘҚҚ диспетчерімен арадағы радиоалмасу фразеологияларын өңдеу;

5) Ұшу ауданының метеорологиялық ерекшеліктерін зерттеу;

6) Экипаждың өзара әрекет ету және жұмыс технологиясы бойынша нұсқаулығын зерттеу;

7) Апаттық-құтқару жабдықтары мен оларды қолдану ережелерін зерттеу;

8) Пилоттың жерде және техникалық қызмет көрсетулерін зерттеу;

9) Ұшу алдындағы даярлық жүргізу ережелерін зерттеу;

10) Ұшу картасын даярлау. Көзбен шолу арқылы бағыт белгілеу ережелері;

11) Студент-пилоттың оқыту ұшуларын орындауға даярлығын тексеру.

3-параграф. Ұшуға даярлау

29. Студент-пилот 1, 2 және 3 параграфтарында көрсетілген алғашқы ұшу даярлық бағдарламасына теориялық, жаттығу және жердегі даярлықтардан өткеннен кейін ғана жіберіледі.

30. LAPL (MHG)-қа үміткердің мотодельтапланда кемі 20 сағат ұшу даярлығы болуы керек, оның ішінде кем дегенде:

жеке өзінің ұшу даярлығын тексеру үшін мотодельтапланда пилот-нұсқаушымен 10 сағат, оның ішінде:

1) 3, 15, 30 және 50 метр биіктіктерде 25 рет ұшуы;

2) дроссельденген қозғалтқышпен кемі 40 рет қонуы;

3) өте төмен әуе жылдамдығында 1 сағат ұшу, құлаудың бастапқы және үдей түсетін кезеңдерін анықтау және одан шығару, қанаттың жиналуын алдын алу;

4) 40 километрден (бұдан әрі - км) кем емес қашықтық маршруты бойынша 2 сағат ұшуы;

5) 6 сағат жеке ұшуы, оның ішінде 2 сағат 40 км кем емес қашықтық маршрутымен жеке ұшуы.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Ұшу даярлығы қатерлер және қателер факторларын басқару қағидаттарын ескереді, сондай-ақ мыналарды қамтиды:

1) ұшу алдындағы даярлық, оның ішінде ӘК салмағы мен орталықтандыру есептеулері, ӘК ұшу алдында тексеру және қызмет көрсетулер;

2) қозғалыс және ұшулардың әуеайлақтық сызбаларын, соқтығысып қалудан сақтандырудың шаралары мен рәсімдерін зерттеу;

3) ӘК сыртқы көзге көрінетін бағдарларды қолданып басқару;

4) өте төмен әуе жылдамдығындағы ұшулар, құлаудың бастапқы және үдей түсетін кезеңдерін анықтау және одан шығару, ауа ағысына тап болудың алдын алу;

5) өте жоғары әуе жылдамдығындағы ұшулар, жоспарлау кезінде оны анықтау және қауіптен шығару, шұғыл бұрылыс пен одан шығару;

6) қалыпты және қапталдан жел соғып тұрған кезде ұшу және қону;

7) ерекше ұшу сипаттамалары (қысқа жолақтан ұшу және кедергілерден өту, шектеулі жолаққа қондыру);

8) көзбен көрінетін бағдарларды пайдалану бойынша маршрутпен ұшу, жолды есептеп шығару және навигациялық құралдарды қолдану;

9) төтенше операциялар кезінде ұшудың айрықша жағдайларындағы әрекет, оның ішінде борт жабдықтарының істен шығуының ұқсас кезінде;

10) әуе қозғалысы ережелерін, байланыс рәсімдерін және фразеологиясын сақтау.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Оқу-ұшу бағдарламаларының әрбір жаттығулары студент-пилоттан ұшу шеберлігін ұдайы арттырып отыруды, нақты жағдайды сезінуді және ұшу кезіндегі байқағыштықты, келіп жатқан ақпараттарды жан-жақты талдауды және оңтайлы шешім қабылдауды талап етеді.

3-тарау. Автожирдегі аса жеңіл әуе кемелерінің ұшқыштарын бастапқы даярлау бағдарламасы - Ultra Light Aircraft Pilot Licence – ULAPL (AG)

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.04.2021 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф.Теориялық даярлау

33. Теориялық даярлау оқу сағаттары пәндер мен тақырыптар бойынша бөлінген оқу жоспарына сәйкес жүргізіледі. Оқу сабақтарының жалпы көлемі 100 сағаттан кем емес.

34. Авиациялық оқу орталығы автожирдің нақты типінде даярлау бағдарламасын әзірлеу кезінде, егер бұл ұшу қауіпсіздігін арттыру талаптарымен негізделген болса, оқу сағаттарының көлемі мен пәндер санын ұлғайтады. Автожирдегі аса жеңіл әуе

кемелерінің ұшқыштарын теориялық даярлау жөніндегі пәндердің тақырыптары осы Үлгілік бағдарламаның 3-қосымшасында келтірілген.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.04.2021 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Автожир кабинасындағы жаттығу құрылғысы. Жердегі даярлау

35. Осы бағдарлама ұшу оқытулары өткізілетін автожир кабинасындағы жаттығулар үшін неғұрлым аз тапсырмалар көлемін белгілейді. Автожир кабинасында оқытылатын жалпы жаттығулар көлемі 3 сағаттан кем болмауы тиіс.

36. Автожир кабинасында жаттығу бағдарламасы жаттығуларды жеке тапсырмалар бойынша бөліп қарастырады.

№ 1 тапсырма. Автожирды пайдалану

№ 2 тапсырма. Автожирда ұшу техникасы

№ 3 тапсырма. Ұшу кезіндегі айрықша жағдайлар

37. Пилот-нұсқаушының тапсырмалар бойынша жаттығу көлемін көбейтуге құқы бар.

38. Жердегі жаттығулардың ең төменгі көлемі – 16 сағат. Жердегі даярлық жаттығуларының тақырыптары:

1) Оқу-ұшу даярлау бағдарламасымен танысу;

2) Әуеайлақта ұшуды жүргізу бойынша нұсқаулықты зерттеу;

3) Ұшу ауданын зерттеу;

4) ӘҚҚ диспетчерімен арадағы радиоалмасу фразеологияларын өңдеу;

5) Ұшу ауданының метеорологиялық ерекшеліктерін зерттеу;

6) Экипаждың өзара әрекет ету және жұмыс технологиясы бойынша нұсқаулығын зерттеу;

7) Апаттық-құтқару жабдықтары мен оларды қолдану ережелерін зерттеу;

8) Пилоттың жерде және техникалық қызмет көрсетулерін зерттеу;

9) Ұшу алдындағы даярлық жүргізу ережелерін зерттеу;

10) Ұшу картасын даярлау. Көзбен шолу арқылы бағыт белгілеу ережелері;

11) Студент-пилоттың оқыту ұшуларын орындауға даярлығын тексеру.

3-параграф. Ұшуға даярлау

39. Студент-пилот 1, 2 және 3 параграфтарында көрсетілген алғашқы ұшу даярлық бағдарламасына теориялық, жаттығу және жердегі даярлықтардан өткеннен кейін ғана жіберіледі.

40. LAPL (AG)-қа үміткердің автожирда кемі 25 сағат ұшу даярлығы болуы керек, оның ішінде кем дегенде:

жеке өзінің ұшу даярлығын тексеру үшін автожирда пилот-нұсқаушымен 15 сағат, оның ішінде кем дегенде:

1) дроссельденген қозғалтқышпен кемі 10 рет қону;

2) аса төмен әуе жылдамдықтарында ұшудың 1 сағаты, ротор айналымдарының баяулауының бастапқы және дамыған сатысын тану және одан шығару;

3) ұшу әуеайлағынан ерекшеленетін басқа әуеайлақта толық тоқтағанға дейін бір қонумен ұзақтығы кемінде 100 км маршрут бойынша ұшудың 2 сағаты;

4) 6 сағат дербес ұшу, оның ішінде маршруттар бойынша кемінде 3 сағат дербес ұшу, оның ішінде ұшу әуеайлағынан ерекшеленетін басқа әуеайлақта толық тоқтағанға дейін бір қонумен ұзақтығы кемінде 100 км маршрут бойынша 1 (бір) ұшу.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Ұшу даярлығы қатерлер және қателер факторларын басқару қағидаттарын ескереді, сондай-ақ мыналарды қамтиды:

1) ұшу алдындағы даярлық, оның ішінде ӘК салмағы мен орталықтандыру есептеулері, ӘК ұшу алдында тексеру және қызмет көрсет;

2) қозғалыс және ұшулардың әуежайлық сызбаларын, соқтығысып қалудан сақтандырудың шаралары мен рәсімдерін зерттеу;

3) ӘК сырт көзге көрінетін бағдарларды қолданып басқару;

4) өте төмен әуе жылдамдығындағы ұшулар, ротор айналымының бәсеңдеуінің бастапқы және үдей түсетін кезеңдерін анықтау және одан шығару;

5) өте жоғары әуе жылдамдығында ұшулар, жоспарлау кезінде оны анықтау және қауіптен шығару, шұғыл бұрылыс пен одан шығару;

6) қалыпты және қапталдан жел соғып тұрған кезде ұшу және қону;

7) ерекше ұшу сипаттамалары (қысқа жолақтан ұшу және кедергілерден өту, шектеулі жолаққа қондыру);

8) көзбен көрінетін бағдарларды пайдалану бойынша маршрутпен ұшу, жолды есептеп шығару және навигациялық құралдарды қолдану;

9) төтенше операциялар кезінде ұшудың айрықша жағдайларындағы әрекет, оның ішінде борт жабдықтарының істен шығуының ұқсас кезінде;

10) қону және ұшу, бақыланатын әуеайлақ транзитімен ұшып өту, әуе қозғалысына қызмет көрсету ережелерін, байланыс рәсімдерін және фразеологиясын сақтау.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Оқу-ұшу бағдарламаларының әрбір жаттығулары студент-пилоттан ұшу шеберлігін ұдайы арттырып отыруды, нақты жағдайды сезіну машығын және ұшу

кезіндегі байқағыштықты, келіп жатқан ақпараттарды жан-жақты талдауды және оңтайлы шешім қабылдауды талап етеді.

4-тарау. Планер ұшқыштарын алғашқы даярлау бағдарламасы - Glider Pilot Licence – GPL

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.04.2021 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Теориялық даярлау

43. Теориялық даярлау оқу сағаттары пәндер мен тақырыптар бойынша бөлінген оқу жоспарына сәйкес жүргізіледі. Оқу сабақтарының жалпы көлемі 100 сағаттан кем болмауы керек.

44. Авиациялық оқу орталығы нақты планер типіне арналған даярлау бағдарламасынжасаған кезде, егер ол ұшу қауіпсіздігін арттыру талаптарына негізделген болса, оқу сағаттарының көлемі мен пәндер санын ұлғайтады. Планермен ұшатын пилоттардың теориялық даярлығы бойынша пәндер тақырыбы осы Үлгілік бағдарламаның 4-қосымшасында берілген.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Жаттығу құрылғысында даярлау немесе кабинада жаттығу. Жердегі даярлау

45. Осы бағдарлама әуе кемесі типіндегі кешенді жаттығу құрылғысы болмаған жағдайда, ұшу оқытулары өткізілетін планердің кабинасында жаттығу үшін тапсырмаллардың неғұрылым аз көлемін белгілейді. Планер кабинасында оқытылатын жалпы жаттығулар көлемі 6 сағаттан кем болмауы тиіс.

46. Планер кабинасында жаттығу бағдарламасы жаттығуларды жеке тапсырмалар бойынша бөліп қарастырады:

№ 1 тапсырма. Планерді пайдалану;

№ 2 тапсырма. Планердің ұшу техникасы;

№ 3 тапсырма Ұшу кезіндегі айрықша жағдайлар;

47. Пилот-нұсқаушының тапсырмалар бойынша жаттығу көлемін көбейтеді.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Жердегі жаттығулардың ең төменгі көлемі – 16 сағат.

Жердегі даярлық жаттығуларының тақырыптары:

1) Оқу-ұшу даярлықтары бағдарламасымен танысу;

2) Әуеайлақта ұшу өндірісі бойынша нұсқаулықты зерттеу;

3) Ұшу ауданын зерттеу;

4) ӘҚҚ диспетчерімен арадағы радиоалмасу фразеологияларын өңдеу;

5) Ұшу ауданының метеорологиялық ерекшеліктерін зерттеу;

6) Экипаждың өзара әрекет ету және жұмыс технологиясы бойынша нұсқаулығын зерттеу;

7) Апаттық-құтқару жабдықтары мен оларды қолдану ережелерін зерттеу;

8) Пилоттың жерде және техникалық қызмет көрсетулерін зерттеу;

9) Ұшу алдындағы даярлық жүргізу ережелерін зерттеу;

10) Ұшу картасын даярлау. Көзбен шолу арқылы бағыт белгілеу ережелері;

11) Студент-пилоттың оқыту ұшуларын орындауға даярлығын тексеру.

3-параграф. Ұшуға даярлау

49. Студент-пилот 1, 2 және 3 параграфтарында көрсетілген алғашқы ұшу даярлық бағдарламасына теориялық, жаттығу және жердегі даярлықтардан өткеннен кейін ғана жіберіледі.

50. GPL алуға үміткердің планерлерде кемінде 15 сағат ұшу даярлығы бар, оның ішінде кемінде:

1) Жеке өзінің ұшу даярлығын тексеру үшін планерде пилот-нұсқаушымен 10 сағат;

2) 2 сағат жеке ұшу;

3) 45 ұшу және қону;

4) 1 рет маршрутты 50 км-нан кем емес қашықтықта жеке өзі ұшуы немесе 1 рет маршруты 100 км-ден кем емес қашықтықта пилот-нұсқаушымен ұшуы.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.04.2021 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Ұшу даярлығы қатерлер және қателер факторларын басқару принциптерін есепке алуы тиіс, сондай-ақ оны құрамында:

1) ұшу алдындағы даярлық, оның ішінде планер салмағы мен орталықтандыру есептеулері, ұшу ауданындағы әуе және метеорологиялық жағдай туралы нұсқамалық, ұшу алдындағы тексеру және планерға қызмет көрсету;

2) қозғалыс және ұшулардың әуеайлақтық сызбаларын, соқтығысып қалудан сақтандырудың шаралары мен процедураларын зерттеу;

3) планерді сыртқы көзге көрінетін бағдарларды қолдана отырып басқару;

4) шабуылдаулардың үлкен бұрыштарымен ұшу (ұшудың өте төменгі жылдамдығында);

5) құлаудың бастапқы және үдей түсетін кезеңдерін анықтау және одан шығару, ауа ағысына тап болудың алдын алу;

6) өте жоғары әуе жылдамдығындағы ұшулар, жоспарлау кезінде оны анықтау және қауіптен шығару, шұғыл бұрылыс пен одан шығару;

7) қалыпты және бүйірлеп жел соғып тұрған кезде ұшу және қону; планерді іске қосудың түрлі әдістері;

8) планердің ерекше ұшу сипаттамалар (қысқа жолақтан ұшу және кедергілерден өту, шектеулі жолаққа қондыру);

9) әуеайлақтан тыс жерлерде қондыратын орынды таңдау, қауіпсіздік шаралары;

10) көзбен көрінетін бағдарларды пайдалану бойынша маршрутпен ұшу, жолды есептеп шығару және навигациялық құралдарды қолдану;

11) жергілікті жағдайларды ескере отырып қалықтап ұшу;

12) ұшудың айрықша жағдайларындағы әрекет және төтенше процедуралар;

13) әуе қозғалысы ережелерін сақтау;

14) шектеулі жолаққа қондыру; қону үшін әуеайлақтан тыс жерді таңдау, айналып ұшу және қону кезіндегі қауіптер, қауіпсіздік шаралары;

15) әуе қозғалысының қызмет көрсету ережелерін, байланыс және фразеология процедураларын сақтау.

52. Оқу-ұшу бағдарламаларының әрбір жаттығулары студент-пилоттан ұшу шеберлігін ұдайы арттырып отыруды: нақты жағдайды сезіну және ұшу кезіндегі байқағыштық, келіп жатқан ақпараттарды жан-жақты талдау және оңтайлы шешім қабылдауды талап етеді.

5-бөлім. Еркін аэростатын пилоттарын бастапқы даярлау бағдарламасы – Free Ballon Pilot Licence – FBPL

Ескерту. 5-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.04.2021 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Теориялық даярлау

53. Теориялық даярлау оқу сағаттары пәндер мен тақырыптар бойынша бөлінген оқу жоспарына сәйкес жүргізіледі. Оқу сабақтарының жалпы көлемі 100 сағаттан кем болмауы керек.

54. FBPL – авиациялық оқу орталығы еркін аэростаттағы пилоттарды даярлау бағдарламасын әзірлеген кезде, егер ол ұшу қауіпсіздігін арттыру талаптарына негізделген болса, оқу сағаттарының көлемі мен пәндер санын ұлғайтады. Еркін аэростатты пилоттарының теориялық даярлығы бойынша пәндер тақырыбы осы Үлгілік бағдарламаға 5-қосымшада келтірілген.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.04.2021 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Еркін жылу аэростаты гондолындағы жаттығу құрылғысы. Жердегі даярлау

55. Осы бағдарлама әуе кемесі типінде кешенді жаттығу құрылғысы болмаған жағдайда ұшу оқытулары оқытылатын еркін жылу аэростаты гондолында жаттығу үшін неғұрылым аз тапсырмалар көлемін белгілейді. Еркін жылу аэростаты гондолындағы жалпы жаттығулар көлемі 3 сағаттан кем болмауы тиіс.

56. Еркін жылу аэростаты гондолындағы жаттығу бағдарламасы жаттығуларды жеке тапсырмалар бойынша бөліп қарастырады:

№ 1 тапсырма. Еркін жылу аэростатын пайдалану;

№ 2 тапсырма. Еркін жылу аэростатының ұшу техникасы;

№ 3 тапсырма Ұшу кезіндегі айрықша жағдайлар.

57. Пилот-нұсқаушының тапсырмалар бойынша жаттығу көлемін көбейтуге құқы бар.

58. Жердегі жаттығулардың ең төменгі көлемі – 16 сағат.

Жердегі даярлық жаттығуларының тақырыптары:

1) Оқу-ұшу даярлықтары бағдарламасымен танысу;

2) Әуеайлақта ұшу өндірісі бойынша нұсқаулықты зерттеу;

3) Ұшу ауданын зерттеу;

4) ӘҚҚ диспетчерімен арадағы радиоалмасу фразеологияларын өңдеу;

5) Ұшу ауданының метеорологиялық ерекшеліктерін зерттеу;

6) Экипаждың өзара әрекет ету және жұмыс технологиясы бойынша нұсқаулығын зерттеу;

7) Апаттық-құтқару жабдықтары мен оларды қолдану ережелерін зерттеу;

8) Пилоттың жерде және техникалық қызмет көрсетулерін зерттеу;

9) Ұшу алдындағы даярлық жүргізу ережелерін зерттеу;

10) Ұшу картасын даярлау. Көзбен шолу арқылы бағыт белгілеу ережелері;

11) Студент-пилоттың оқыту ұшуларын орындауға даярлығын тексеру.

3-параграф. Ұшуға даярлау

59. Студент-пилот 1, 2 және 3 параграфтарында көрсетілген алғашқы ұшу даярлық бағдарламасына теориялық, жаттығу құрылғылары және жердегі даярлықтардан өткеннен кейін ғана жіберіледі.

60. FBPL-ға үміткердің еркін аэростатында кемінде 16 сағат ұшу даярлығы болуы керек, оның ішінде кем дегенде:

1) 12 сағат пилот-нұсқаушымен бірге ұшу;

2) 10 толықтырулар мен 20 ұшу және қону;

3) 1 рет ең кемі 30 минут жеке өзі ұшу.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.04.2021 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. FBPL ұшу даярлығы бағдарламасы қатерлер және қателер факторларын басқару қағидаттарын есепке алуы тиіс, сондай-ақ оның құрамында:

1) ұшу алдындағы даярлық, оның ішінде жүктеу есептеулері, ұшу ауданының әуе және метеорологиялық жағдайы туралы нұсқаулық, ұшуалды даярлық және қабықшасына қызмет көрсетулер;

2) экипаж бен жолаушыларға нұсқау беру;

3) қабықты ыстық ауамен толтыру және адам топтарын басқару;

4) аэростатты сыртқы көзге көрінетін бағдарларды пайдалана отырып басқару;

5) желдің әртүрлі жағдайында ұшу;

6) кіші және жоғары биіктерге ұшу;

7) желдің әртүрлі жағдайларында жерге қондыру;

8) көзбен көрінетін бағдарларды қолдану арқылы маршрутпен ұшу, жолды есептеп шығару және сандық навигациялық құралдарды қолдану;

9) аэростат жабдықтарының істен шығуының ұқсас кезін қоса алғанда ұшудың айрықша жағдайларындағы әрекет;

10) әуе қозғалысы ережелерін, байланыс және фразеологияласы рәсімдерін сақтау;

11) табиғат қорғау аумақтарынан және жер учаскелері иелерімен жанжалдық қатынастарға барудан бойларын аулақ ұстау.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.04.2021 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62. Оқу-ұшу бағдарламаларының әрбір жаттығулары студент-пилоттан ұшу шеберлігін ұдайы арттырып отыруды: нақты жағдайды сезіну және ұшу кезіндегі байқағыштық, келіп жатқан ақпараттарды жан-жақты талдау және оңтайлы шешімдер қабылдауды талап етеді.

6-бөлім. Ұшақтарда ұшатын жеңіл әуе кемелері пилоттарын бастапқы даярлаудың типтік бағдарламасы – Light aircraft pilot licence–LAPL (A) 1-параграф. Теориялық даярлау

63. Теориялық даярлау оқу сағаттары пәндер мен тақырыптар бойынша бөлінген оқу жоспарына сәйкес жүргізіледі. Оқу сабақтарының жалпы көлемі 150 сағаттан кем болмауы керек.

64. Авиациялық оқу орталығы нақты ұшақ типіне арналған даярлау бағдарламасынжасаған кезде, егер ол ұшу қауіпсіздігін арттыру талаптарына негізделген болса, оқу сағаттарының көлемі мен пәндер санын ұлғайтуға құқылы. Жеңіл ұшақтар пилоттарын теориялық даярлығы бойынша пәндер тақырыбы осы Үлгілік бағдарламаның 6-қосымшасында берілген.

2-параграф. Жаттығу құрылғыларымен дайындық немесе кабинадағы жаттығу құрылғысы. Жердегі даярлау

65. Осы бағдарлама әуе кемесі типіндегі кешенді жаттығу құрылғысы болмаған жағдайда, ұшу оқытулары өткізілетін ұшақтың кабинасында жаттығу үшін неғұрылым аз тапсырмалар көлемін белгілейді.

66. Ұшақтың кабинасында оқытылатын жалпы жаттығулар көлемі 6 сағаттан кем болмауы тиіс.

67. Ұшақтың кабинасында жаттығу бағдарламасы жаттығуларды жеке тапсырмалар бойынша бөліп қарастырады:

№ 1 тапсырма. Ұшақты пайдалану;

№ 2 тапсырма. Ұшақтың ұшу техникасы;

№ 3 тапсырма. Ұшу кезіндегі айрықша жағдайлар.

68. Пилот-нұсқаушының тапсырмалар бойынша жаттығу көлемін көбейтеді.

Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

69. Жердегі жаттығулардың ең төменгі көлемі – 16 сағат. Жердегі даярлық жаттығуларының тақырыптары:

1) Оқу-ұшу даярлықтары бағдарламасымен танысу;

2) Әуеайлақта ұшу өндірісі бойынша нұсқаулықты зерттеу;

3) Ұшу ауданын зерттеу;

4) ӘҚҚ диспетчерімен арадағы радиоалмасу фразеологияларын өңдеу;

5) Ұшу ауданының метеорологиялық ерекшеліктерін зерттеу;

6) Экипаждың өзара әрекет ету және жұмыс технологиясы бойынша нұсқаулығын зерттеу;

7) Апаттық-құтқару жабдықтары мен оларды қолдану ережелерін зерттеу;

8) Пилоттың жерде және техникалық қызмет көрсетулерін зерттеу;

9) Ұшу алдындағы даярлық жүргізу ережелерін зерттеу;

10) Ұшу картасын даярлау. Көзбен шолу арқылы бағыт белгілеу ережелері;

11) Студент-пилоттың оқыту ұшуларын орындауға даярлығын тексеру.

3-Параграф. Ұшуға даярлау.

70. Студент-пилот 1, 2 және 3 параграфтарда көрсетілген алғашқы ұшу даярлық бағдарламасына теориялық, жаттығу құрылғысы және жердегі даярлықтардан өткеннен кейін ғана жіберіледі.

71. LAPL (A) үміткердің ұшақта кемі 40 сағат ұшу даярлығы болуы керек, оның ішінде:

1) Жеке өзінің ұшу даярлығын тексеру үшін ұшақта пилот-нұсқаушымен 25 сағат, оның ішінде нұсқаушы үміткер төмендегіден кем емес ұшу тәжрибесін алуды қамтамасыз етеді;

құралдар бойынша 1,5 сағат, оның ішінде сәйкесінше құралдармен жабдықталған ұшақта көлденең жазықтықта 180^0 айналуды орындау;

1,5 сағат ең төменгі жылдамдықта, құлаудың бастапқы және үдей түсетін кезеңдерін анықтау және одан шығару, ауа ағысына тап болудың алдын алу;

маршруттар бойынша 2 ұшу, оның ішінде ұшу әуеайлағы болып табылмайтын 2 түрлі әуеайлақтарда толық тоқтағанға дейінгі қонумен 270 км-ден кем емес қашықтықтағы маршрут бойынша 1 (бір) ұшу.

2) 5 сағаттан кем емес жеке шабуыл (SOLO);

3) бағыт бойынша 4 сағаттан кем емес жеке шабуыл, оның ішінде ұшу әуеайлағы болып табылмайтын 2 түрлі әуеайлақтарда толық тоқтағанға дейінгі қонумен 270 км-ден кем емес қашықтықтағы маршрут бойынша 1 (бір) ұшу.

72. Ұшу даярлығы қатерлер мен қателер факторларын басқару қағидаттарын ескереді, сондай-ақ мыналарды қамтиды:

1) ұшу алдындағы даярлық, оның ішінде ӘК салмағы мен орталықтандыру есептеулері, ұшу алдындағы тексеру және ӘК-ға қызмет көрсету;

2) қозғалыс және ұшулардың әуеайлақтық сызбаларын, соқтығысып қалудан сақтандырудың шаралары мен рәсімдерін зерттеу;

3) ӘК-ні сыртқы көзге көрінетін бағдарларды қолдана отырып басқару;

4) өте төмен әуе жылдамдығындағы ұшулар, құлаудың бастапқы және үдей түсетін кезеңдерін анықтау және одан шығару, ауа ағысына тап болудың алдын алу;

5) өте жоғары әуе жылдамдығындағы ұшулар, жоспарлау кезінде оны анықтау және қауіптен шығару, шұғыл бұрылыс пен одан шығару;

6) қалыпты және бүйірлеп жел соғып тұрған кезде ұшу және қону; планерді іске қосудың түрлі әдістері;

7) ӘК-нің ерекше ұшу сипаттамалар (қысқа жолақтан ұшу және кедергілерден өту, шектеулі жолаққа қондыру);

8) көзбен көрінетін бағдарларды пайдалану бойынша маршрутпен ұшу, жолды есептеп шығару және радионавигациялық құралдарды қолдану;

9) төтенше операциялар кезінде ұшудың айрықша жағдайларындағы әрекет, оның ішінде борт жабдықтарының істен шығуының ұқсас кезінде;

10) қону және ұшу, бақыланатын әуеайлақтың транзитімен ұшып өту, әуе қозғалысына қызмет көрсету ережелерін, байланыс және фразеология рәсімдерін сақтау

.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73. Оқу-ұшу бағдарламаларының әрбір жаттығулары студент-пилоттан ұшу шеберлігін ұдайы арттырып отыруды: нақты жағдайды сезіну және ұшу кезіндегі

байқағыштық, келіп жатқан ақпараттарды жан-жақты талдау және оңтайлы шешім қабылдауды талап етеді.

7-бөлім. Ұшақтарда ұшатын жеке пилоттарды бастапқы даярлау бағдарламасы – Private pilot licence–PPL (A) 1-параграф. Теориялық даярлау

74. Теориялық даярлау оқу сағаттары пәндер мен тақырыптар бойынша бөлінген оқу жоспарына сәйкес жүргізіледі. Оқу сабақтарының жалпы көлемі 150 сағаттан кем емес.

75. Авиациялық оқу орталығы нақты ұшақ түрінде дайындау Бағдарламасын әзірлеген кезде, егер ол ұшу қауіпсіздігін арттыру талаптарына негізделген болса, оқу сағаттары мен пәндер санын ұлғайтуға құқылы болады. Тікұшақтарда ұшатын жеке пилоттардың теориялық даярлығы бойынша пәндер тақырыбы осы Үлгілік бағдарламаның 8-қосымшасында келтірілген.

2-параграф. Жаттығу құрылғысында даярлау немесе кабина ішіндегі жаттығу. Жердегі даярлау

76. Осы бағдарлама, тиісті ұшақтың кешенді жаттығу құрылғысы болмаған жағдайда, ұшу кезінде оқыту жүргізілетін ұшақ кабинасында жаттығу жүргізу үшін тапсырмалардың неғұрлым аз көлемін анықтайды.

77. Ұшақ кабинасында оқытылатын жалпы жаттығулар көлемі 6 сағаттан кем болмауы тиіс.

78. Ұшақ кабинасындағы жаттығу бағдарламасы жаттығуларды тапсырмалар бойынша бөліп қарастырады:

№ 1 тапсырма. Ұшақты пайдалану;

№ 2 тапсырма. Ұшақта ұшу техникасы;

№ 3 тапсырма. Ұшу кезіндегі айрықша жағдайлар.

79. Ұшу нұсқаушының тапсырмалар бойынша жаттығу көлемін ұлғайтуға құқы бар.

80. Жердегі даярлықтың ең төменгі көлемі – 16 сағат. Жердегі даярлық жаттығуларының тақырыптары:

1) оқу-ұшу даярлықтары бағдарламасымен танысу;

2) әуеайлақта ұшуларды жүргізу бойынша нұсқаулықты зерттеу;

3) ұшу ауданын зерттеу;

4) ӘҚҚ диспетчерімен арадағы радиоалмасу фразеологияларын өңдеу;

5) Ұшу ауданының метеорологиялық ерекшеліктерін зерттеу;

6) Экипаждың өзара әрекет ету және жұмыс технологиясы бойынша нұсқаулығын зерттеу;

7) Апаттық-құтқару жабдықтары мен оларды қолдану ережелерін зерттеу;

8) Пилоттың жерде және техникалық қызмет көрсетулерін зерттеу;

9) Ұшу алдындағы даярлық жүргізу ережелерін зерттеу;

10) Ұшу картасын даярлау. Көзбен шолу арқылы бағыт белгілеу ережелері;

11) Студент-пилоттың жаттығу ұшуларын орындауға шығу даярлығын тексеру .

3-параграф. Ұшуға даярлау

81. Кандидат 1, 2 және 3 – параграфтарда көрсетілген алғашқы ұшу даярлық бағдарламасына теориялық, жаттығу және жердегі даярлықтардан өткеннен кейін ғана жіберіледі.

82. PPL (A)-ға үміткердің ұшақтарда кемі 45 сағат ұшу даярлығы болуы керек, оның ішінде кем дегенде:

1) Жеке өзінің ұшу даярлығын тексеру үшін ұшақта нұсқаушымен 25 сағат қосарлы басқарумен, оның ішінде нұсқаушы үміткердің ұшу тәжірибесін алуын қамтамасыз етеді:

Тиісті аспаптармен жабдықталған ұшақта көлденең жазықтықта 180 бұрылысты қоскқанда, аспаптар бойынша 3 сағаттан кем емес;

өте төмен әуе жылдамдығында 2 сағаттан кем емес, құлаудың бастапқы және үдей түсетін кезеңдерін анықтау және одан шығару, ауа ағысына тап болудың алдын алу;

кемі 5 сағат маршрут бойынша ұшу, оның ішінде 1 (бір) маршруттың қашықтығы 270 км-дан кем болмауы және өзі ұшып шыққан әуежайдан айрықша бөлек басқа 2 әуежайға қонуы және толықтай тоқтауы керек.

2) кемі 5 сағат жеке ұшуы (SOLO);

3) кемі 5 сағат маршрут бойынша ұшу, оның ішінде 1 (бір) маршруттың қашықтығы 270 км-дан кем болмауы және өзі ұшып шыққан әуеайлақтан айрықша бөлек басқа 2 әуежайға қонуы және толықтай тоқтауы керек.

Ескерту. 82-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

83. Ұшу даярлығы қатерлер және қателер факторларын басқару қағидаттарын ескереді, сондай-ақ мыналарды қамтиды:

1) ұшу алдындағы даярлық, оның ішінде ӘК жүктеу есептеулері мен орталық білігі, ӘК ұшуалды даярлығы мен қызмет көрсетулер;

2) қозғалыс және ұшулардың әуеайлақтық сызбаларын, соқтығысып қалудан сақтандырудың шаралары мен рәсімдерін зерттеу;

3) ӘК сыртқы көзге көрінетін бағдарлар бойынша басқару;

4) қауіпті ең төменгі әуе жылдамдығында ұшу, құлаудың бастапқы және үдей түсетін кезеңдерін анықтау және одан шығару, ауа ағысына тап болудың алдын алу;

5) ұшуды өте жоғары әуе жылдамдығында басқару, жоспарлау кезінде оны анықтау және қауіптен шығару, шұғыл бұрылыс пен одан шығару;

6) қалыпты және бүйірлеп жел соғып тұрған кезде ұшу және қону;

7) ӘК ерекше ұшу сипаттамалары (қысқа жолақтан ұшу және кедергілерден өту, шектеулі жолаққа қондыру);

8) құралдар бойынша ұшу, оның ішінде 180^{o} бұрылу;

9) көрінетін бағдарларды пайдалану бойынша маршрутпен ұшу, жолды есептеп шығару, сандық және радионавигациялық құралдарды қолдану;

10) айрықша жағдайда ұшуға әрекет ету, төтенше операциялар, оның ішінде борт жабдығының істен шығуын да қарастыру;

11) бақылау әуеайлағына ұшып келу және кету, соқпай өте шығу, әуе қозғалысына қызмет көрсету ережелерін сақтау, байланыс және фразеологиялар рәсімдері.

Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

84. Оқу-ұшу бағдарламаларының әрбір жаттығулары студент-пилоттан ұшу шеберлігін ұдайы арттырып отыруды талап етеді: нақты жағдайды сезіну және ұшу кезіндегі байқағыштық, келіп жатқан ақпараттарды жан-жақты талдау және оңтайлы шешім қабылдау. Ұшақтарда жеке пилоттарды ұшуға дайындау бойынша жаттығулардың үлгілік мазмұны мен саны Үлгілік бағдармалардың 7-қосымшасында келтірілген.

8-бөлім. Тікұшақтарда ұшатын жеке пилоттарды бастапқы даярлау бағдарламасы – Private pilot licence – PPL (H)

1-параграф. Теориялық даярлау. LAPL және PPL, ұшақтар мен тікұшақтар курсы бойынша теориялық дайындықтың толық тақырыптары

85. Теориялық даярлау оқу сағаттары пәндер мен тақырыптар бойынша бөлінген оқу жоспарына сәйкес жүргізіледі. Оқу сабақтарының жалпы көлемі 150 сағаттан кем емес.

86. Авиациялық оқу орталығы нақты тікұшақ түрінде дайындау Бағдарламасын әзірлеген кезде, егер ол ұшу қауіпсіздігін арттыру талаптарына негізделген болса, оқу сағаттары мен пәндер санын ұлғайтуға құқылы болады. Ұшақтарда ұшатын жеке пилттардың теориялық даярлығы бойынша пәндер тақырыбы осы Үлгілік бағдарламаның 8-қосымшасында келтірілген.

87. Ұшақтар мен тікұшақтар курсы бойынша теориялық дайындық пәнінің толық тақырыбы Үлгілік бағдарламаның 9-қосымшасында келтірілген. 'х' белгісімен белгіленген тақырыптар міндетті түрде оқытылу қажеттігін көрсетеді және нақты тақырыптың барлық тармақшаларына қатысты.

2-параграф. Жаттығу құрылғысында даярлау немесе кабина ішіндегі жаттығу. Жердегі даярлау.

88. Осы бағдарлама, әуе кемесі түрінің кешенді жаттығу құрылғысы болмаған жағдайда, тікұшақ кабинасында жаттығу жүргізу үшін тапсырмалардың неғұрлым аз көлемін анықтайды. Тікұшақ кабинасындағы жалпы жаттығулар көлемі 6 сағаттан кем болмауы тиіс.

89. Тікұшақ кабинасындағы жаттығу бағдарламасы жаттығуларды тапсырмалар бойынша бөліп қарастырады:

№ 1 тапсырма. Тікұшақты пайдалану;

№ 2 тапсырма. Тікұшақта ұшу техникасы;

№ 3 тапсырма. Ұшу кезіндегі айрықша жағдайлар.

90. Ұшу нұсқаушысының тапсырмалар бойынша жаттығу көлемін ұлғайтуға құқы бар.

91. Жердегі даярлықтың ең төменгі көлемі – 16 сағат. Жердегі даярлық жаттығуларының тақырыптары:

1) оқу-ұшу даярлықтары бағдарламасымен танысу;

2) әуеайлақта ұшуларды жүргізу бойынша нұсқаулықты зерттеу;

3) ұшу ауданын зерттеу;

4) ӘҚҚ диспетчерімен арадағы радиоалмасу фразеологияларын өңдеу;

5) Ұшу ауданының метеорологиялық ерекшеліктерін зерттеу;

6) Экипаждың өзара әрекет ету және жұмыс технологиясы бойынша нұсқаулығын зерттеу;

7) Апаттық-құтқару жабдықтары мен оларды қолдану ережелерін зерттеу;

8) Апаттық-құтқару жабдықтары мен оларды қолдану ережелерін зерттеу;

9) Ұшу алдындағы даярлық жүргізу ережелерін зерттеу;

10) Ұшу картасын даярлау. Көзбен шолу арқылы бағыт белгілеу ережелері;

11) Студент-пилоттың жаттығу ұшуларын орындауға шығу даярлығын тексеру .

3-параграф. Ұшуға даярлау

92. Кандидат 1, 2 және 3 – параграфтарда көрсетілген алғашқы ұшу даярлық бағдарламасына теориялық, жаттығу және жердегі даярлықтардан өткеннен кейін ғана жіберіледі.

93. PPL (H)-ға үміткердің тікұшақтарда кемі 45 сағат ұшу даярланады, оның ішінде кем дегенде:

1) Жеке өзінің ұшу даярлығын тексеру үшін тікұшақта ұшу нұсқаушысымен 25 сағат, оның ішінде:

тиісті аспаптармен жабдықталған тікұшақта көлденең жазықтықта 180 бұрылысты қоса қанда, аспаптар бойынша 3 сағаттан кем емес жаттығу;

қауіпті ең төменгі әуе жылдамдығында 1 сағат жаттығу, ротордың айналуының бәсеңдеу кезеңдерін анықтау және одан шығару, бастапқы дәрежеде құйындатып айналуды анықтау және қорытынды жасау;

маршрут бойынша 2 сағат ұшу, оның ішінде 1 (бір) маршруттың қашықтығы 185 км-дан кем болмауы және өзі ұшып шыққан әуеайлақтан айрықша бөлек басқа 2 түрлі әуеайлаққа қонуы және толықтай тоқтауы керек.

2) кемінде 5 сағат өздігінен ұшу (SOLO);

3) маршрут бойынша өздігінен кемінде 5 сағат ұшу, оның ішінде 1 (бір) маршруттың қашықтығы 185 км-дан кем болмауы және өзі ұшып шыққан әуеайлақтан айрықша бөлек басқа 2 түрлі әуеайлаққа қонуы және толықтай тоқтауы керек.

Ескерту. 93-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

94. Осы жағдайда ұшуға даярлықтың 45 сағатының 35 сағаты студент-пилоттың жеке пилот Куәлігін алуға дайындығын тексеру үшін қолданған тікұшақтың сол түрінде аяқталуы тиіс.

95. Ұшу даярлығы қатерлер және қателер факторларын басқару қағидаттарын ескереді, сондай-ақ мыналарды:

1) ұшу алдындағы дайындық, соған қоса салмақ пен ортаны көздеу есебі, ұшар алдындағы тексеру мен тікұшаққа қызмет көрсетуді;

2) қозғалыс пен ұшудың әуеайлақтық кестесін зерттеуді, қақтығысудың алдын алу бойынша іс-шаралары мен тәртіптерін зерттеуді;

3) тікұшақты сыртқы көзге көрінетін бағдарлар бойынша басқаруды;

4) ұшу, қону, салбырау, абайлаушылық, бұрылу, салбырау режиміне қалыпты ауысуды және одан шығуды;

5) авариялық тәртіптер, автоайналымның негіздері, қозғалтқыштың тоқтап қалуын ұқсатуды, егер бұл нақты тікұшақтың түріне сай болса, жердегі резонансынан шығуды;

6) салбырау режимінде жанына және кейін ауысуды, орнында айналуды;

7) бастапқы дәрежеде құйындатып айналуды анықтауды және қорытынды жасауды;

8) автоайналыммен қонуды, қозғалтқыштың тоқтап қалуын ұқсатумен қонуды, амалсыздан қону тәжірибесін орындауды;

9) жабдықтардың тоқтап қалуын ұқсатуды және қозғалтқыштың, басқару, электроникалық және гидровикалық жүйелердің бұзылған жағдайындағы апаттық тәртіптерді;

10) жантаюдың ең үлкен бұрышымен бұрылуды;

11) ауысулар, жылдам тоқтаулар, кума желмен оңтайландыруды, баурайларға қонуды және ұшуды;

12) әртүрлі тапсырмаларды орындау үшін дайындалмаған алаңдарды таңдауды ескере отырып, шектелген кеңістікте және шектелген қуаттылықпен жағдайды оңтайландыруды;

13) тек қана негізгі пилоттық құралдарды қолданумен ұшуды, соның ішінде аяқасты бұлтты жағдайға тап болуды ұқсатумен, 180^{o} бұрылуды орындау және әдеттен тыс жағдайдан шығуды (оқу нұсқаушымен орындалады);

14) көзбен шолып тұспалдауды, жолды есептеу және радионавигациялық құралдарды қолданумен маршрут бойынша ұшуды; ауа-райының бұзылуын ұқсату және сондағы кері қайту немесе амалсыздан қонуды орындау бойынша әрекеттерді;

15) ұшып келу және ұшу, бақыланатын әуеайлақпен транзиттік ұшу, әуе қозғалысына қызмет көрсету ережелерін, байланыс және фразеология тәртіптерін қамтиды.

Ескерту. 95-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

96. Студент-пилоттың бірінші өзіндік ұшуына рұқсат берердің алдында, нұсқаушы студенттің радиобайланысты қолдана алатындығына көз жеткізуі тиіс.

97. Минимумнан төмен жағдайлардағы ұшудың салдарын студентке көрсету үшін мүмкіндік бойынша ұшуды модельдеуді қолданған дұрыс, сол арқылы оның пилоттардың әлеуетті қатерден құтылу түсінігі мен маңыздылығын бекіту.

98. Ұшу-оқу бағдарламасының әрбір жаттығуы студент-пилот үшін ұшу дайындығын үнемі жетілдіру үшін қажетті, олар:

оқиғанын нақты жағдайын түсіну және ұшудағы абайлаушылық;

түскен ақпаратты жан-жақты талдау және оңтайлы шешім қабылдау.

9-бөлім. Ұшақтарда коммерциялық авиация пилоттарын даярлаудың кешенді және модульдік курстар бағдарламасы – Commercial pilot licence CPL (A) 1-параграф. АҰҚ бойынша (IR) (CPL/IR integrated course) ұшақтарда ұшуға рұқсаты бар коммерциялық пилоттарды даярлаудың кешенді курсы

99. Аспаптармен ұшу қағидаты – (АҰҚ) (IR) бойынша ұшақтарда ұшуға рұқсаты бар коммерциялық пилоттарды CPL(A) дайындаудың кешенді курсының мақсаты – аспаптар бойынша ұшуға (IR) рұқсат алу CPL(A) және пилоттарды коммерциялық әуе кеңістігінде бір моторлы немесе көп қозғалтқышты ұшақтарда жалғыз пилот ретінде жұмысқа қажетті біліктілік деңгейіне жеткізу.

100. АҰҚ (IR) рұқсатымен коммерциялық пилоттарды CPL(A) дайындаудың кешенді курсынан өтуге ниетті кандидат АОО әдістемесіне сәйкес бір үзіліссіз оқу үдерісінде барлық дайындау кезеңінен өтуі тиіс.

101. Кандидат ab initio пилоты ретінде немесе Чикаго конвенциясының 1-қосымшасына сәйкес берілген куәлігі бар пилот ретінде немесе PPL(A) ұшақтарының жеке пилоты, немесе PPL(H) ұшақтарының жеке пилоты ретінде немесе Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасы негізінде берілген, LAPL жеңіл ұшағының пилоты

ретінде оқуға жіберіледі. Пилоттар PPL(A), PPL(H) немесе LAPL куәліктерімен оқу оқыған жағдайда ұшу сағатынан бастап оқу басталғанға дейін 50% есептеледі.

Ескерту. 101-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 22.12.2023 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

102. IR біліктілігімен CPL алу үшін оқудың кешенді курсы 9 айдан 30 айға дейін созылады. Егер қосымша ұшу даярлығы немесе жердегі оқу АОО-мен қамтамасыз етілсе осы мерзім ұзартылады.

Ескерту. 102-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

103. Курсқа төмендегілер енеді:

1) КШҰҚ (IR) рұқсатымен білім деңгейіне сәйкес CPL(A) келетін теориялық дайындық;

2) Ұшуға даярлық – көзбен шолып ұшулары және аспаптар бойынша ұшулар;

104. КШҰҚ-ға (IR) рұқсатымен барлық курсты CPL(A) тапсыруға жағдайы жоқ немесе мүмкіндігі жоқ кандидат барынша төмен деңгейдегі куәлік алуға теория мен біліктілік тестерін тапсыру үшін ҚР АА уәкілетті ұйымына жүгінеді.

Ескерту. 104-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Теориялық даярлау.

105. КШҰҚ (IR) бойынша ұшуға рұқсатымен теориялық курсқа CPL(A) ең аз дегенде 500 сағат оқу кіреді.

106. Теориялық оқуға сыныптағы оқу, интерактивті видео, слайдтық немесе магнитофондық презентациялар, оқу кабиналары, компьютерлік оқу, сол сияқты уәкілетті ұйым немесе уәкілетті орган тиісті пропорциядағы келіскен басқа да құралдар кіреді. Оқу бағдарламасы әр оқу пәні бойынша төмендегі ең аз сағат санын бөлу ретінде бөлінеді:

1) әуе заңдылығы (Airlaw) – 30 сағат;

2) ӘК туралы жалпы мәлімет Aircraft general knowledge) – 50 сағат;

3) ұшу сиапттамасы мен жоспарлау (Flight performance and planning) – 60 сағат;

4) адам мүмкіндігі мен шектеулер (Human performance and limitations) – 15 сағат;

5) метеорология (Meteorology) – 40 сағат;

6) навигация (Navigation) – 100 сағат;

7) пайдалану тәртіптері (Operational procedures) – 10 сағат;

8) ұшу принциптері (Principles of flight) – 25 сағат;

9) радиобайланыс(Communications) – 30 сағат;

Ескерту. 106-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

107. Қалған сағаттарды бөлу уәкілетті ұйым мен АОО арасында келіседі.

Ескерту. 107-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

108. Үміткер КШҰҚ (IR)-ға рұқсатымен CPL(A) куәлігін ұстаушыларға ұсынылатын, құқықтарға сәйкес келетін, білім деңгейін көрсетуі тиіс.

109. Теориялық дайындық бойынша пәннің толық тақырыбы Үлгілік бағдарламаның 10-қосымшасында келтірілген. 'X' белгісімен белгіленген тақырып оны зерттеудің міндеттілігін көрсетіп, осы тақырыптың барлық тармақшаларына қатысты болады.

3-параграф. Ұшуға даярлау

110. Ұшақ түрі бойынша (Type Rating) рұқсат алуға дайындықты есептемегенде, барлық ағымдағы тестілерді қоса алғанда, ұшу дайындығы жалпы алғанда ең төменгі 200 сағатты құрайды, оның 40 сағатқа дейін жерде аспаптар бойынша ұшу оқуына қолданылады.

Ескерту. 110-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

111. Кандидаттар осы 200 сағаттың ең аз уақытын төмендегілерге жұмсайды:

1) 80 сағаты нұсқаушымен оқуға, оның 40 сағатқа дейін сертификатталған жаттығу құрылғысында аспаптар бойынша ұшу оқуда қолдануға рұқсат етіледі;

2) ұшудың 70 сағаты көзбен шолып ұшуды және ӘК (SPIC) студент-командирі ретінде аспаптар бойынша ұшуды қосқанда, ӘК (PIC) командирі ретінде ұшулар. SPIC ретінде аспаптар бойынша ұшу 20 сағаттан аспайтын көлемде PIC уақыты ретінде есептеледі;

3) ұшып шығу әуеайлағынан ерекше ұшу барысында екі әуеайлаққа қону жүргізілетін кемінде 540 км (300 теңіз милі) қашықтықтағы көзбен шолу ұшуын қосқанда, PIC ретінде маршрут бойынша 50 сағат ұшу;

4) Түнгі уақытта 5 сағат ұшу, оның ішінде нұсқаушымен (DUAL) 3 сағат, оған белгіленген маршрут бойынша кем дегенде 1 сағат ұшу кіреді, 5 өздігінен (solo) ұшу және толық тоқтағанға дейін 5 өздігінен (solo) қону;

5) аспаптар бойынша 100 сағат ұшу, оған ең аз дегенде:

SPIC ретінде 20 сағат кіреді;

Аспаптар бойынша ұшуға оқыту 50 сағат, оның ішінде:

25 сағатқа дейін FNPT I бірінші деңгейдегі жаттығу құрылғысында оқыту немесе;

40 сағатқа дейін жаттығу құрылғыларында FNPT II/FTD 1/FTD 2 немесе FFS жерде оқыту болуы мүмкін. Оның ішінде 40 сағаттың 10 сағатына дейін FNPT I өтуі мүмкін.

Ескерту. 111-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

112. Аспаптар ("Basic Instrument Flight Module") бойынша ұшу дайындығының базалық модулін аяқтағаны туралы куәлігі бар кандидат аспаптар бойынша ұшуға оқу үшін қажетті уақыт есебіне ұшуға 10 сағатқа дейін есептейді. "BITD" жаттығу құрылғысына өткен сағат есептелмейді.

Кемінде 4 адамды тасымалдау үшін сертификатталған ұшақта 5 сағат орындалуы тиіс, оның айналымы реттелетін винті және жиналмалы шассиі болуы тиіс.

Ескерту. 112-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

113. Ұшу дайындығы кезеңдерінің үлгілік мазмұны мен дайындау бағасының критерийлері Үлгілік бағдарламаның 11-қосымшасында келтірілген.

10-бөлім. АҰҚ (CPL integrated course) бойынша ұшуларды орындауға құқығы жоқ ұшақтарда ұшуға коммерциялық пилоттарды дайындаудың кешенді курсы 1-параграф. Жалпы мәлімет

114. Курстың мақсаты пилоттарды коммерциялық әуе кеңістігінде бір моторлы немесе көп қозғалтқышты ұшақтарда жалғыз пилот ретінде жұмысқа қажетті біліктілік деңгейіне дейін дайындау және CPL(A) куәлігін алу.

115. CPL(A) ұшақтарының коммерциялық пилот куәлігін алу үшін кешенді дайындық курсынан өтуге ниетті кандидат АОО әдістемесіне сәйкес бір үзіліссіз оқу үдерісінде барлық дайындау кезеңінен өтуі тиіс.

116. Кандидат ab initio пилоты ретінде немесе Чикаго конвенциясының 1-қосымшасына сәйкес берілген куәлігі бар пилот ретінде немесе PPL(A) ұшақтарының жеке пилоты, немесе PPL(H) ұшақтарының жеке пилоты ретінде немесе ҚР ұлттық заңнамасы негізінде берілген, LAPL жеңіл ұшағының пилоты ретінде оқуға жіберіледі. Пилоттар PPL(A), PPL(H) немесе LAPL куәліктерімен оқу оқыған жағдайда ұшу сағатынан бастап оқу басталғанға дейін 50% есептеледі.

Ескерту. 116-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 22.12.2023 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

117. CPL алу үшін кешенді оқу курсы 9 айдан 24 айға дейін созылуы тиіс. Егер қосымша ұшу даярлығы немесе жердегі оқу УУО (АТО)-мен қамтамасыз етілсе осы мерзім ұзартылады.

Ескерту. 117-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

118. Курсқа төмендегілер енеді:

1) CPL(A) білім деңгейіне сәйкес келетін теориялық оқу;

2) Ұшуға даярлық – көзбен шолып ұшулар және аспаптар бойынша ұшулар.

119. CPL(A) барлық курсын тапсыруға жағдайы жоқ немесе мүмкіндігі жоқ кандидат барынша төмен деңгейдегі куәлік алуға теориялық және практикалық емтихандар тапсыру үшін ҚР АА уәкілетті ұйымына жүгінеді.

Ескерту. 119-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Теориялық даярлау

120. Теориялық курсқа CPL (A) ең аз дегенде 350 сағат оқу кіреді.

121. Өтініш беруші CPL(A) иесіне ұсынылатын құқықтарға сәйкес келетін білім деңгейін көрсетуі тиіс.

122. Теориялық дайындық бойынша пәннің толық тақырыбы Үлгілік бағдарламаның 10-қосымшасында келтірілген. 'X' белгісімен белгіленген тақырып оны зерттеудің міндеттілігін көрсетіп, осы тақырыптың барлық тармақшаларына қатысты болады.

3-параграф. Ұшуға даярлау

123. Ұшақ түрі бойынша рұқсат алуға дайындықты есептемегенде ұшу дайындығы жалпы алғанда ең төменгі 150 сағатты құрайды, оған ағымдағы барлық тестер кіреді, оның 5-ке дейінгі сағаты жерде аспаптар бойынша ұшу оқуына қолданылады. Кандидаттар осы 150 сағаттың ең аз уақытын төмендегілерге жұмсайды:

1) 80 сағаты нұсқаушымен оқуға, оған мыналар кіреді:

Аспаптар бойынша ұшуға 10 сағат, оның 5-ке дейінгі сағаты FNPT-I/II, FTD-1/2, немесе FFS жаттығу құрылғыларында өткізілуі мүмкін. Аспаптар ("Basic Instrument Flight Module") бойынша ұшу дайындығының базалық модулін аяқтағаны туралы сертификаты бар кандидат аспаптар бойынша ұшуға оқу үшін қажетті уақыт есебіне ұшуға 10 сағатқа дейін есептейді. "BITD" жаттығу құрылғысына өткен сағат есептелмейді;

2) қауіпті ең төменгі және ең жоғарғы әуе жылдамдығында кем дегенде 3 сағат ұшу, құлаудың бастапқы және үдей түсетін кезеңдерін анықтау және одан шығару, ауа ағысына тап болудың алдын алу, ең жоғарғы қисаю жағында шұғыл бұрылыстан шығару;

3) SPIC ретінде 20 сағат маршрут бойынша ұшу, оның ішінде кемі 540 км (300 теңіз милі) қашықтықта көзбен шолып ұшу, ұшу барысында өзі ұшып шыққан әуеайлақтан айрықша бөлек басқа 2 әуежайға қону;

4) КӘК (PIC) командирі ретінде 70 сағат ұшу, оның ішінде 20 сағат ӘКК ретінде маршрут бойынша ұшу және өзі ұшып шыққан әуеайлақтан айрықша бөлек басқа 2 әуеайлаққа қонуы және толықтай тоқтауы арқылы кемінде 540 км қашықтықта КШҰҚ-мен маршрут бойынша ұшу;

5) егер түнгі жағдайда ұшу шамаланатын болса, онда түнгі уақытта 5 сағат, оның ішінде 3 сағат нұсқаушымен, оған кемі 1 сағат белгіленген маршрут бойынша ұшу, 5 өздігінен (solo) ұшу және 5 толық тоқтағанға дейін (solo) қону кіреді.

Ескерту. 123-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

124. Ұшу дайындығы кезеңдерінің үлгілік мазмұны мен дайындау бағасының критерийлері Үлгілік бағдарламаның 12-қосымшасында келтірілген.

11-бөлім. АҰҚ (CPL modular course) бойынша ұшуларды орындау құқығынсыз коммерциялық пилоттарды дайындаудың модульдік курсы 1-параграф. Жалпы мәлімет

125. Модульдік оқу курсының мақсаты CPL(A) – PPL(A) немесе LAPL(A) куәліктері бар пилоттарды CPL(A) куәлігін алуға қажетті біліктілік деңгейіне дейін жеткізу.

126. Кандидат, егер оның Чикаго конвенциясының 1-қосымшасына сәйкес, берілген PPL(A) ұшақтарының жеке пилотының куәлігі болса немесе ҚР заңнамасы негізінде берілген, LAPL жеңіл ұшағы куәлігінің иегері болып табылса және төмендегілер болса модульдік курсқа оқуға жіберіледі:

1) Ұшақтарда жалпы 150 сағат ұшқан болса, оның кем дегенде 100 сағаты дайындық басталмас бұрын бір қозғалтқышты немесе көп қозғалтқышты ұшақтарда ӘКК ретінде, оның 20 сағаты өзі ұшып шыққан әуеайлақтан айрықша бөлек басқа 2 әуежайға қонуы және толықтай тоқтауы арқылы кемінде 540 км қашықтықта (300 теңіз милі) маршрут бойынша ұшулар енетін ӘКК ретінде;

2) Егер ұшу кезінде тексеру (skill test) жүргізгенде көп қозғалтқышты ұшақ қолданылатын болса, сынапқа немесе ұшақ түріне жіберу үшін біліктілік талаптарына сәйкес, көп қозғалтқышты ұшақтың түрі немесе сыныбы бойынша рұқсат алудың (rating) алдын ала талабымен қанағаттандыру қажет.

127. CPL модульдік курсы 9 – дан 18 айға дейін созылады. Бұл мерзім, егер АОО-да қосымша оқу жүргізілетін болса ұзартылады. Ұшу даярлығы және ұшу дағдыларын тексеру теориялық емтихандарды тапсыру туралы құжаттың әрекет ету мерзімі ішінде аяқталуы тиіс.

Ескерту. 127-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

128. Бекітілген курс сыныпта сабақ жүргізу арқылы жүргізіледі және оған уәкілетті ұйыммен немесе уәкілетті органмен келіскен интерактивті видео, слайдтарда немесе магнитофон таспаларында презентациялар, оқу кабиналары, компьютерлік оқу және қашықтан оқытудың (сырттай курстар) басқа да құралдарын қолдану қамтамасыз етеді.

Ескерту. 128-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

129. Модульдік курстан CPL(A) өтуге ниетті кандидат АОО әдістемесіне сәйкес үзіліссіз бір оқу үдерісінде барлық дайындау кезеңінен өтуі тиіс. Теориялық дайындық АОО тиісті бағдарламасына қатаң сәйкестіндіріліп оқытылады.

130. Курсқа төмендегілер енеді:

1) CPL(A) білім деңгейіне сәйкес келетін теориялық оқу;

2) ұшуға даярлық – көзбен шолып ұшулар және аспаптар бойынша ұшулар.

2-параграф. Теориялық даярлық.

131.Теориялық курсқа CPL(A) ең аз дегенде 250 сағат оқу кіреді.

132. Өтініш беруші CPL(A) куәлігін ұстаушыға ұсынылатын құқықтарға сәйкес келетін білім деңгейін көрсетеді.

133. Теориялық даярлық бойынша пәннің толық тақырыбы Үлгілік бағдарламаның 10-қосымшасында келтірілген. 'X' белгісімен белгіленген тақырып оны зерттеудің міндеттілігін көрсетіп, осы тақырыптың барлық тармақшаларына қатысты болады.

3-параграф. Ұшу даярлығы.

134. Үміткерді модульдік курста құрал-саймансыз (IR) ұшуға даярлау төмендегіні қоскқанда нұсқаушымен ең аз дегенде 25 сағатты құрайды:

1) аспаптар бойынша кем дегенде 10 сағат ұшу, оның ішінде 5 сағатқа дейін процедуралық жаттығу құрылғысында (FNPT I немесе II, FTDII) немесе ұшу жаттығу құрылғысында (FFS) аспаптар бойынша дайындық болуы тиіс. Тиісті жаттығу құрылғылары болмаған кезде осы талап ұшақта орындалады;

2) қауіпті ең төменгі және ең жоғарғы әуе жылдамдығында кем дегенде 3 сағат ұшу, құлаудың бастапқы және үдей түсетін кезеңдерін анықтау және одан шығару, ауа ағысына тап болудың алдын алу, ең жоғарғы қисаю жағында шұғыл бұрылыстан шығару;

3) ӘКК ретінде КШҰҚ бойынша маршрутпен 2 ұшу, өзі ұшып шыққан әуеайлақтан айрықша бөлек 2 әуеайлаққа қонуы және толықтай тоқтауы арқылы кемінде 540 км қашықтықта КШҰҚ маршруты бойынша ұшу;

4) өзі ұшып шыққан әуеайлақтан айрықша бөлек басқа 2 әуеайлаққа қозғалтқыштардың толықтай тоқтауы арқылы қонуымен кемінде 540 км қашықтықта КШҰҚ-мен маршрут бойынша өздігінен 1 ұшу;

5) егер түнгі жағдайда ұшу шамаланатын болса, онда түнгі уақытта 5 сағат ұшу, оның ішінде 3 сағат нұсқаушымен, оның 1 сағаты маршрут бойынша және 5 сағаты өздігінен (solo) ұшу және толық тоқтағанға дейін (solo) қону кіреді.

Ескерту. 134-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

135. IR(A) ұшақтары үшін аспаптар бойынша ұшуға қолданыстағы рұқсаты бар үміткерлердің нұсқаушымен аспаптар бойынша ұшу уақыты толық есептейді.

Ескерту. 135-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

136. IR(H) тікұшақтары үшін аспаптар бойынша ұшуға қолданыстағы рұқсаты бар үміткерлердің нұсқаушымен аспаптар бойынша ұшу уақыты 5 сағатқа дейінгі көлемде есептейді, бұл жағдайда нұсқаушымен кем дегенде 5 сағат оқу уақыты ұшақта өткізілген.

Ескерту. 136-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

137. АҰҚ (IR) бойынша ұшуға қолданыстағы рұқсаттамасы бар кандидаттарға кем дегенде 15 сағат нұсқаушымен көзбен шолып ұшу қажет;

138. Ұшуға даярлық барысында кемінде 4 адамды тасымалдау үшін сертификатталған ұшақта кем дегенде 5 сағат өтуі тиіс, оның айналымы реттелетін винті және жиналмалы шассиі болуы тиіс.

139. Ұшуға даярлық жаттығуларының үлгілік мазмұны мен саны Үлгілік бағдарламаның 13-қосымшасында келтірілген.

12-бөлім. Тікұшақтарда коммерциялық авиация пилоттарын даярлаудың кешенді және модульдік курстарының бағдарламасы – Commercial pilot licence CPL (H) 1-параграф. АҰҚ (CPL(H) integrated course) бойынша ұшуларды орындау құқығынсыз тікұшақтардың коммерциялық пилоттарын даярлаудың кешенді курсы

140. Курстың мақсаты пилоттарды коммерциялық әуе көлігінде бір қозғалтқышты немесе көп қозғалтқышты ұшақтарда жалғыз пилот ретінде жұмысқа қажетті біліктілік деңгейіне жеткізу және CPL(H) алу.

141. CPL(H) тікұшақтарда коммерциялық пилоттың куәлігін алу үшін кешенді даярлау курсынан өтуге ниетті кандидат АОО әдістемесіне сәйкес үзіліссіз бір оқу үдерісінде барлық дайындау кезеңінен өтуі тиіс.

142. CPL алу үшін кешенді оқу курсы 9-дан 24 айға дейін ұзартылуы тиіс. Егер қосымша ұшу даярлығы немесе жердегі оқуды АОО қамтамасыз ететін болса, бұл мерзім ұзартылады.

Ескерту. 142-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

143. Курсқа төмендегілер енеді:

CPL(H) білім деңгейіне сәйкес келетін теориялық оқу;

ұшуға даярлық – көзбен шолып ұшулар және аспаптар бойынша ұшулар.

144. CPL(H) бүкіл курсын тапсыруға жағдайы емес немесе мүмкіндігі жоқ үміткер, егер ол үміткерге ұсынылатын талаптарды қанағаттандыратын болса, барынша төменгі деңгейдегі құқықтарымен куәлік алуға теориялық және практикалық емтихандар тапсыру үшін уәкілетті ұйымға жүгінеді.

Ескерту. 144-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Теориялық даярлық

145. Теориялық курсқа CPL(H) ең аз дегенде 350 сағат оқу кіреді.

146. Өтініш беруші CPL(H) иегеріне ұсынылатын құқықтарға сәйкес келетін білім деңгейін көрсетуі тиіс.

147. Теориялық даярлық пәнінің толық тақырыбы осы үлгілік бағдарламаның 10-қосымшасында келтірілген. 'X' белгісімен белгіленген тақырып оны зерттеудің міндеттілігін көрсетіп, осы тақырыптың барлық тармақшаларына қатысты болады.

3-параграф. Ұшу даярлығы

148. Ұшу даярлығы ең аз дегенде 135 сағаттан тұруы тиіс. Үміткер осы 135 сағаттың ішінде ең аз дегенде төмендегіні орындайды:

1) ұшу даярлығының 85 сағаты нұсқаушымен, оның 75-ке дейінгі сағаты КШҰҚ бойынша ұшу, оған төмендегілер кіреді:

30 сағаты ұшу жаттығу құрылғысында (FFS, C/D деңгейі) немесе;

25 сағаты процедуралық жаттығу құрылғысында (FTD 2, 3) немесе;

20 сағаты процедуралық жаттығу құрылғысында (FNPT II/III);

10 сағаты аспаптар бойынша ұшуға, 5 сағаты процедуралық жаттығу құрылғысында (FNPT I) болады;

Ескертпе. Тиісті жаттығу құрылғылары болмаған кезде ұшуға даярлау барысында даярлау тікұшақта жүзеге асырылады.

10 сағаты КШҰҚ бойынша маршрут бойынша ұшу, оның ішінде өзі ұшып шыққан әуеайлақтан айрықша бөлек басқа 2 әуеайлаққа қозғалтқыштарының толықтай тоқтағанына дейін қонуы арқылы кемінде 185 км қашықтықта КШҰҚ-мен маршрут бойынша бір рет ұшу;

2) 50 сағат ӘКК ретінде өздігінен ұшу, оның ішінде:

кемінде 35 сағат ӘКК ретінде (SPIC) бақылауда болады;

кемінде 14 сағат өздігінен ұшу (SOLO);

10 сағаты ӘКК ретінде маршрут бойынша өздігінен ұшу, оның ішінде өзі ұшып шыққан әуеайлақтан айрықша бөлек 2 әуеайлаққа қозғалтқыштарының толықтай тоқтағанына дейін қонуы арқылы кемінде 185 км қашықтықта КШҰҚ-мен маршрут бойынша бір рет ұшу.

Ескерту. 148-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-бөлім. АҰҚ (CPL(H) modular course) бойынша ұшуларды орындау құқығынсыз тікұшақтардың коммерциялық пилоттарын даярлаудың модульдік курсы 1-параграф. Жалпы мәлімет

149. Модульдік оқыту курсының мақсаты CPL(H) – PPL(H) куәлігі бар пилоттарды CPL(H) алуға қажетті біліктілік деңгейіне дейін даярлау.

150. Үміткер, егер оның тікұшақ пилоты ретінде жалпы 155 сағат ұшқан, оған қоса ӘКК ретінде 100 сағат ұшқан, одан 20 сағат маршрут бойынша ұшқан, PPL(H) ұшақтарының жеке пилотының куәлігі болса модульдік курсқа оқуға жіберіледі.

151. Модульдік курстың CPL(H) ұзақтығы 9 айдан 18 айға дейін. Егер АОО қосымша оқу жүргізетін болса осы мерзім ұзартылады. Ұшу даярлығы мен ұшу дағдыларын тексеру теориялық емтихандарды тапсыру туралы құжаттың қолданылуы мерзімі ішінде аяқталуы тиіс.

Ескерту. 151-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

152. Бекітілген курс сыныпта сабақ жүргізу арқылы жүргізіледі және оған уәкілетті ұйыммен немесе уәкілетті органмен келіскен интерактивті видео, слайдтарда немесе магнитофон таспаларында презентациялар, оқу кабиналары, компьютерлік оқу және қашықтан оқытудың (сырттай курстар) басқа да ақпарат құралдарын қолдануды қамтиды. Курс шектерінде қашықтан оқыту (сырттай) ұсынылады.

Ескерту. 152-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

153. Модульдік курстан CPL(H) өтуге ниетті үміткер АОО әдістемесіне сәйкес үзіліссіз бір оқу үдерісінде барлық дайындау кезеңінен өтуі тиіс.

154. Курсқа төмендегілер енеді:

1) CPL(H) білім деңгейіне сәйкес Теориялық даярлық;

2) ұшуға даярлық – көзбен шолып ұшулар және аспаптар бойынша ұшулар.

2-параграф. Теориялық даярлық

155. Теориялық курсқа CPL(H) ең аз дегенде 250 сағат оқу кіреді.

156. Өтініш беруші CPL(H) иегеріне ұсынылатын құқықтарға сәйкес келетін білім деңгейін көрсетуі тиіс.

157. Теориялық даярлық бойынша пәннің толық тақырыбы Үлгілік бағдарламаның 10-қосымшасында келтірілген. 'X' белгісімен белгіленген тақырып оны зерттеудің міндеттілігін көрсетіп, осы тақырыптың барлық тармақшаларына қатысты болады.

3-параграф. Ұшу даярлығы

158. Модульдік курста ұшуға даярлау төмендегіні қоскқанда нұсқаушымен 30 сағат дайындықты құрайды:

КШҰҚ бойынша 20 сағат ұшу, оның ішінде өзі ұшып шыққан әуеайлақтан айрықша бөлек басқа 2 әуеайлаққа қозғалтқыштарының толық тоқтауы арқылы қонуымен кемінде 185 км қашықтықта КШҰҚ бойынша маршрут бойынша 1 рет ұшу;

10 сағат аспаптар бойынша ұшу, оның ішінде 5-ке дейінгі сағаты процедуралық жаттығу құрылғысында (FTD 1 немесе FNPT I) дайындықта болған жағдайда;

Ескертпе. Тиісті жаттығу құрылғылары болмаған кезде даярлау, ұшуға даярлау барысында тікұшақта жүзеге асырылады;

өзі ұшып шыққан әуеайлақтан айрықша бөлек басқа 2 әуеайлаққа қозғалтқыштарының толық тоқтауы арқылы қонуымен кемінде 185 км қашықтықта КШҰҚ бойынша маршрут бойынша ӘКК ретінде өздігінен 1 рет ұшу;

егер түнгі жағдайда ұшу шамаланатын болса, онда түнгі уақытта 5 сағат ұшу, оның ішінде 3 сағат нұсқаушымен, оның 1 сағаты маршрут бойынша және 5 сағаты өздігінен (solo) айналып ұшу және толық тоқтағанға дейін (solo) қону кіреді. Әр айналып ұшуға ұшып көтерілу мен қону кіреді.

14-бөлім. Ұшақтардың – (ATPL(A) integrated course) желілік пилоттарын бастапқы даярлау бағдарламасы 1-параграф. Ұшақтардың – (ATPL(A) integrated course) желілік пилоттарын даярлаудың кешенді курсы

159. ATPL (A) курсының мақсаты – коммерциялық көлік авиациясында көп қозғалтқышты ұшақтардың көп мүшелі экипажында екінші пилот ретінде жұмыс істеу және ATPL (A) алу үшін қажетті жалпы 1500 ұшу сағатына дейін IR – CPL(A)/IR біліктілік белгісімен CPL алу үшін қажетті біліктілік деңгейіне дейін пилоттарды даярлау.

160. ATPL (A) кешенді курсынан өтуге ниетті үміткер АОО әдістемесіне сәйкес үзіліссіз бір оқу үдерісінде барлық дайындау кезеңінен өтуі тиіс.

161. Кандидат ab initio пилоты ретінде немесе Чикаго конвенциясының 1-қосымшасына сәйкес берілген куәлігі бар пилот ретінде немесе PPL(A) ұшақтарының жеке пилоты, немесе PPL(H) тікұшақтарының жеке пилоты ретінде немесе Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы ұлттық заңнамасы негізінде берілген LAPL жеңіл ұшағының пилоты ретінде оқуға жіберіледі. Пилоттар PPL(A), PPL(H) немесе LAPL куәліктерімен оқу оқыған жағдайда оларға ұшу сағатынан бастап оқу басталғанға дейін 50% есептеледі.

Ескерту. 161-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 22.12.2023 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

162. Курсқа төмендегілер енеді:

1) ATPL (A) білім деңгейіне сәйкес Теориялық даярлық;

2) ұшуға даярлық – көзбен шолып ұшулар және аспаптар бойынша ұшулар;

3) экипаж көп болған жағдайда пилоттарды өзара әрекет етуге оқыту (MCC).

163. ATPL (A) бүкіл курсын тапсыруға жағдайы немесе мүмкіндігі жоқ кандидат барынша төменгі деңгейдегі куәлік алуға теориялық және практикалық емтихандар тапсыру үшін уәкілетті ұйымға жүгінеді.

Ескерту. 163-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Теориялық даярлау

164. Теориялық курсқа ATPL (A) ең аз дегенде 750 сағат оқу кіреді.

165. MCC курсына ең аз дегенде 25 сағат теориялық және 20 сағат практикалық сабақтар кіреді.

166. 750 сағат оқуға сыныптағы жұмыс, интерактивті видео, слайдты немесе магнитофондағы презентациялар, оқу кабиналарындағы жұмыс, компьютерлік оқу, сонымен бірге уәкілетті ұйыммен немесе уәкілетті органмен келіскен басқа да ақпарат құралдары кіреді. Оқу бағдарламасы әр пән бойынша ең төменгі сағат саны төмендегідей құрайтындай бөлінеді:

1) әуе заңнамасы бойынша (Air Law) – 40 сағат;

2) ӘК туралы жалпы мәлімет (Aircraft general knowledge) – 80 сағат;

3) ұшу сипаттамалары мен жоспарлау (Flight performance and planning) – 90 сағат;

4) адам мүмкіндіктері мен шектеулері, адами фактор (Human performance and limitations) – 50 сағат;

5) метеорология (Meteorology) – 60 сағат;

6) навигация (Navigation) – 150 сағат;

7) пайдалану процедуралары (Operational procedures) – 20 сағат

8) ұшу принциптері (Principles of flight) – 30 сағат;

9) радиобайланыс (Communications) – 30 сағат.

Ескерту. 166-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

167. Кандидат ATPL (A) куәлігін ұстаушының деңгейіне сәйкес келетін білім деңгейін көрсетеді.

168. Теориялық даярлау бойынша пәннің толық тақырыбы Үлгілік бағдарламаның 10-қосымшасында келтірілген. 'X' белгісімен белгіленген тақырып оны зерттеудің міндеттілігін көрсетіп, осы тақырыптың барлық тармақшаларына қатысты болады.

3-параграф. Ұшу даярлығы

169. Ұшақ (Type Rating) түрі бойынша ұшуға жіберу дайындығын қоспағанда ұшу даярлығы, жалпы алғанда, кем дегенде 195 сағаттан тұрады, оған барлық ағымдағы тесттер кіреді, оның 55-ке дейінгі сағаты аспаптар бойынша ұшуға жердегі оқу болады. Осы 195 сағаттың ішінен үміткерлер ең аз дегенде:

1) 95 сағат нұсқаушымен оқу (DUAL), оның 55-ке дейінгі сағаты аспаптар бойынша ұшуға жердегі жаттығуды алады;

2) 70 сағат ӘКК (PIC) ретінде ұшу, оның ішінде ӘК (SPIC) студент-командирі ретінде көзбен шолып ұшулар және аспаптар бойынша ұшулар. SPIC ретінде аспаптар бойынша ұшу уақыты 20 сағаттан аспайтын көлемде PIC уақыты ретінде есептеледі;

3) ӘКК командирі ретінде маршрут бойынша 50 сағат ұшу, оның ішінде өзі ұшып шыққан әуеайлақтан айрықша бөлек 2 әуеайлаққа қону жүргізілетін, кемінде 540 км (300 теңіз милі) қашықтықта көзбен шолып ұшу;

4) 5 сағат түнгі уақытта ұшу, оның ішінде 3 сағаты нұсқаушымен (DUAL), бұған берілген маршрут бойынша кем дегенде 1 сағат ұшу, 5 өздігінен ұшу (solo) және толық тоқтағанға дейін қону кіреді.

5) аспаптар бойынша 115 сағат ұшу, оған ең аз дегенде:

SPIC ретінде 20 сағат ұшу кіреді;

FFS деңгейіндегі кешенді жаттығу құрылғылары немесе FNPTII/FTD 1/FTD 2 деңгейіндегі жаттығу құрылғылары қолданылады, көп экипажбен (MCC) өзара әрекет ету бойынша жаттығу дайындығы 15 сағат;

6) аспаптар бойынша ұшу оқулары 50 сағат, оның ішінде:

немесе 25 сағатқа дейін FNPT I бірінші деңгейлі жаттығу құрылғысында жерде оқыту болады;

немесе 40 сағатқа дейін FNPTII/FTD 1/FTD 2 жаттығу құрылғыларында немесе FFS жаттығу құрылғысында жерде оқыту жүргізіледі. Осы 40 сағаттың 10 сағатына дейін FNPTI өтуі мүмкін. Аспаптар ("Basic Instrument Flight Module") бойынша ұшуға дайындықтың базалық модулін аяқтағаны туралы куәлігі бар кандидат аспаптар бойынша оқуға қажетті уақыт есебіне оқу үшін 10 сағатқа дейін есептеуге құқылы. " BITD" жаттығу құрылғысында өткізілген сағаттар есептелмейді.

7) 5 сағат кемінде 4 адамды тасымалдау үшін сертификатталған ұшақта орындалуы тиіс, оның айналымы реттелетін винті және жиналмалы шассиі болуы тиіс.

Ескерту. 169-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

170. Ұшуға даярлық жаттығуларының үлгілік мазмұны мен саны Үлгілік бағдарламаның 14-қосымшасында келтірілген.

4-параграф. Ұшақтардың – ATPL(A) желілік пилоттарын даярлаудың модульдік курсы

171. Модульдік курс бойынша теориялық білім алған, ATPL(A) желілік пилоты куәлігін алатын үміткерлердің ең аз дегенде Чикаго конвенциясының 1-қосымшасына сәйкес берілген жеке PPL(A) пилот куәлігі немесе ҚР ұлттық заңнамасы негізінде берілген LAPL жеңіл ұшағының куәлігі болуы және ең аз дегенде теориялық оқудың төмендегідей сағат саны болуы тиіс:

1) PPL(A) ұшақтарының жеке пилот куәлігі немесе LAPL жеңіл ұшақ пилотының куәлігі бар кандидаттар үшін – 650 сағат;

2)CPL(A) ұшақтарының коммерциялық пилотының куәлігі бар кандидаттар үшін – 400 сағат;

3) (IR(A)) ұшақтары үшін аспаптар бойынша ұшуға біліктілігі бар кандидаттар үшін – 500 сағат;

4)CPL(A) және IR(A) бар кандидаттар үшін – 250 сағат.

172. Теорияны оқыту ATPL(A) үшін ұшу кезінде тексеру (Skill Test) алдында аяқталады. ATPL(A) алу үшін қажетті жалпы 1500 ұшу сағаты толғанға дейін PPL (A), PPL (H) немесе LAPL куәліктері бар пилоттарды оқытқан жағдайда оларға ұшу сағаттарының 50% есептеледі, CPL(A) немесе IR(A) бар үміткерлер үшін CPL(A) және IR(A) бойынша ұшу кезінде ұшу сағаттарының 100% есептеледі.

15-бөлім. Ұшақтар мен тікұшақтарда – IR(A)&(H) аспаптар бойынша (АҰҚ) ұшу құқығы туралы біліктілік белгісін алуға даярлау бағдарламасы 1-параграф. Жалпы ережелер

173. Ұшақта, тікұшақта, дирижабльде немесе көтергіш күшін ұлғайту жүйесімен ӘК-де АҰҚ бойынша ұшулар АҰҚ бойынша ұшуға жіберілген және жабдықталған әуе кемелерінде PPL, CPL, MPL немесе ATPL куәліктерінің иегерлері үшін ғана жүргізілуі тиіс.

174. АҰҚ (Instrument rating) бойынша ұшуға жіберілгені туралы біліктілік белгісін алу үшін бағдарламаның мақсаты (IFR) аспапты метеорологиялық жағдайларда (IMC) АҰҚ бойынша ӘК қолдануға жіберу үшін пилоттарды даярлау болып табылады.

175. Модульдік оқу курсының IR(A)&(H) кандидаты PPL(A) немесе (H) жеке пилотының немесе CPL(A) немесе (H) коммерциялық пилоты куәлігінің иегері болуы тиіс.

176. АҰҚ бойынша ұшуға дайындаудың процедуралық модулі бойынша даярлықтан өтуге ниетті кандидаттан, оның үзіліссіз бір бекітілген курстың барлық оқу кезеңінен өтуі талап етіледі. Процедуралық модуль бойынша даярлықты бастағанға дейін АОО пилот дағдысының аспаптар бойынша ұшудың базалық модулі талаптарына сәйкес келетіндігін куәландырады. Егер талап етілетін болса, қосымша даярлық жүргізіледі.

177. Теориялық даярлық курсы 18 айдың ішінде аяқталуы тиіс.

178. Процедуралық модуль мен ұшу кезінде тексеру теориялық емтихандарды тапсыру туралы Сертификаттың жарамдылық мерзімі ішінде аяқталуы тиіс.

179. Бұрын аспаптар бойынша ұшу құқығы туралы біліктілік белгісін алмаған кандидат, сертификатталған АОО-да толық оқу курсынан өтеді.

180. Курсқа төмендегілер кіреді:

1) біліктілік белгісі – IR иегерінің деңгейіне сәйкес келетін теориялық даярлық;

2) аспаптар бойынша ұшуға даярлық;

3) көп экипажды пилоттың немесе авиакомпаниялардың желілік пилоттарының куәлігін алуға кандидаттарды Теориялық даярлық аспаптар бойынша ұшу құқығына біліктілік белгісі үшін қажетті теориялық білім алуды қарастырады.

2-параграф. Ұшақтар мен тікұшақтарда теориялық даярлық

181. Теориялық даярлыққа 150 сағат кіреді. ATPL(H) иегері үшін – 100 сағаттан кем емес.

182. Кандидат аспаптар бойынша ұшу құқығы туралы біліктілік белгісінің иегеріне ұсынылатын құқыққа сәйкес келетін білім деңгейін көрсетеді.

183. Теориялық даярлық тақырыбы Үлгілік бағдарламаның 15-қосымшасында келтірілген.

3-параграф. Ұшақтарда ұшу даярлығы

184. Авиациялық оқу орталығы көп қозғалтқышты ұшақтар үшін курсқа IR(A) жіберілетін кандидаттың, көп қозғалтқышты ұшақтар үшін типі мен сыныбына рұқсаты жоқ, IR(A) курсы бойынша ұшу дайындығы басталғанға дейін сыныбы немесе ұшақ түріне жіберу үшін біліктілік талабында келтірілген көп қозғалтқышты ұшақтар бойынша дайындықтан өткенін куәландыруы тиіс.

185. Ұшу даярлығы екі модульден тұрады, ол жеке немесе үйлесімді түрде өтуі мүмкін:

1) АҰҚ (Basic Instrument Flight Module) бойынша ұшуға даярлықтың базалық модуліне аспаптар бойынша ұшу оқуының 10 сағаты кіреді, оның 5-ке дейінгі сағаты BITD, FNPT-I/II, FTD-1/2 немесе FFS жаттығу құрылғыларын пайдалана отырып, жерде АҰҚ (Instrument ground training) бойынша жердегі даярлықты құрайды. Базалық модульді аяқтағаннан кейін кандидатқа осы курсты аяқтағаны туралы сертификат беріледі.

2) АҰҚ (Procedural Instrument Fligh tModule) бойынша ұшуға даярлықтың процедуралық модуліне АҰҚ (А) (IR(A)) бойынша ұшуға жіберу үшін оқу бағдарламасының қалған бөлігі кіреді, аспаптар бойынша ұшу оқуының 40 сағаты бір моторлы немесе 45 сағаты көп қозғалтқышты ұшақта өтеді.

Ескерту. 185-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

186. Бір моторлы ұшақтар үшін оқу курсы IR(A) аспаптар бойынша ұшу оқуының ең аз дегенде 50 сағатын қамтиды, оның ішінде 20 сағатқа дейін FNPT-I жаттығу құрылғыларында аспаптар бойынша ұшулардың жердегі жаттығу уақыты немесе 35-ке дейінгі сағат FFS, FTD-1/2 немесе FNPT-II жаттығу құрылғыларында болуы тиіс. FFS, FTD-1/2 немесе FNPT-II жаттығу құрылғыларында аспаптар бойынша жердегі ұшу жаттығулары 10 сағаттан аспауы тиіс немесе FNPT-I жаттығу құрылғысымен ауыстырылады.

Ескерту. 186-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

187. Көп қозғалтқышты ұшақтар үшін оқу курсы IR(A) аспаптар бойынша ұшу оқуының ең аз дегенде 55 сағатын қамтуы тиіс, оның ішінде 25 сағатқа дейін FNPT-I жаттығу құрылғыларында аспаптар бойынша ұшулардың жердегі жаттығу уақыты немесе 40-қа дейінгі сағат FFS, FTD-1/2 немесе FNPT-II жаттығу құрылғыларында болуы тиіс. FFS, FTD-1/2 немесе FNPT-II жаттығу құрылғыларында аспаптар бойынша жердегі ұшу жаттығулары 10 сағаттан аспауы тиіс немесе FNPT-I жаттығу құрылғысымен ауыстырылады. Аспаптар бойынша ұшу оқуының қалған уақыты көп қозғалтқышты ұшақтарда 15 сағаттан кем болмауы тиіс.

Ескерту. 187-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

188. Бір қозғалтқышты ұшақта IR (A) біліктілігі бар және көп қозғалтқышты ұшақ сыныбы біліктілігін алған, (ME IR (A)) көп қозғалтқышты ұшағында аспаптар бойынша ұшу біліктілігін алғаш рет алуға ниетті АОО-дан курстан өтеді, бірнеше қозғалтқышы бар ұшақтарда аспаптар бойынша ұшу 5 сағат, оның 3 сағаты ұшу жаттығу құрылғысында (FFS) немесе (FNPT II) процедуралық жаттығу құрылғысында орындалуы тиіс.

Ескерту. 188-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

189. Үлгілік мазмұны, жаттығулар саны мен кезеңдерін оқу аспаптар бойынша ұшу осы Үлгілік бағдарламаның 16-қосымшасында келтірілген.

3-параграф. Тікұшақтарда ұшуға даярлық

190. Тікұшақ үшін аспаптар бойынша ұшу оқуының модуліне төмендегілер кіреді:

1) бір қозғалтқышты тікұшақтың IR (H) аспаптар бойынша ұшу оқуы кем дегенде 50 сағат, оның ішінде:

(FNPT I (H) немесе (A)) процедуралық жаттығу құрылғысында 20 сағатқа дейін. Осы FNPT (H) немесе (A) 20 сағат оқу уақыты осы курс үшін бекітілген ұшақтағы IR (H) үшін 20 сағаттық ұшу оқуымен алмастырылады; немесе

35 сағатқа дейін тікұшақтың (FTD 2/3, FNPT II / III) процедуралық жаттығу құрылғысында немесе тікұшақтың (FFS) ұшу жаттығу құрылғысында болады;

АҰҚ бойынша сертификатталған тікұшақтағы аспаптар бойынша ұшу оқулары 10 сағаттан кем болмайды;

2) көп қозғалтқышты ұшақтағы IR (H) қосымша ұшу курсы аспаптар бойынша ұшу оқуының кем дегенде 55 сағатын құрайды, оның ішінде:

20 сағатқа дейін FNPT I (H) немесе (A)-да болады. Осы FNPT (H) немесе (A)-ғы 20 сағат оқу уақыты ME IR (H) үшін осы курс үшін бекітілген ұшақтағы 20 сағаттық ұшу оқуымен алмастырылады; немесе 40 сағатқа дейін тікұшақтың (FTD 2/3, FNPT II / III) процедуралық жаттығу құрылғысында немесе тікұшақтың (FFS) ұшу жаттығу құрылғысында болады;

3) АҰҚ бойынша сертификатталған тікұшақтағы аспаптар бойынша ұшу оқулары 10 сағаттан кем болмайды;

4) IR (A) біліктілігі бар пилоттарға бағдарлама 10 сағатқа қысқартылады.

Ескерту. 190-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

191. Куәлік немесе біліктілік белгісін алу үшін шеберлігін көрсеткен кезде талап етілетін, тәжірибе алу немесе кез келген маневрді орындау үшін ұшуды айнытпай көрсететін жаттығу құрылғысын қолдануды ұшуды айнытпай көрсететін жаттығу құрылғысының қойылған тапсырмаға сәйкес келетіндігіне кепілдік беретін, куәлік беру бойынша уәкілетті ұйым бекітеді.

Ескерту. 191-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

192. Қосарлы басқарылатын ұшақтар мен тікұшақтарда ұшу даярлығынан өту уақытында білікті нұсқаушы кандидаттың төмендегі салаларда аспаптар бойынша ұшу құқығы туралы біліктілік белгісі иегеріне қойылатын талап деңгейінде пайдалану тәжірибесін алуын қамтамасыз етеді:

1) ұшу алдындағы даярлық, оның ішінде АҰҚ бойынша ұшу жоспарын дайындаған кезде ұшуды пайдалану бойынша нұсқаулықты немесе соған балама құжатты және әуе қозғалысына қызмет көрсету бойынша тиісті құжаттарды пайдалану;

2) ұшу алдында тексеру, бақылау тізбелерін қолдану, рульдеу және ұшу алдында тексеру;

3) қалыпты, ерекше және апатты жағдайларда АҰҚ бойынша ұшуларды орындаған кезде әрекет ету тәртібі мен маневрлер, оның ішінде төмендегілерді қоса:

ұшып шыққаннан кейін аспаптар бойынша ұшуға ауысу;

аспаптар бойынша ұшып шығудың және ұшып келудің стандарттық сұлбалары;

маршрут бойынша АҰҚ бойынша ұшу сұлбалары;

күту аймағында ұшу;

белгіленген минимумдар кезінде аспаптар бойынша ұшуға кіру;

екінші айналымға өту тәртібі;

аспаптар бойынша қонуға кіруді орындағаннан кейінгі қонулар;

4) ұшудағы маневрлер және нақты ұшу сипаттамалары.

193. Егер біліктілік белгісімен аспаптар бойынша ұшуды бірнеше қозғалтқышты әуе кемесінде жүзеге асыруға құқық беру шамаланатын болса, онда кандидат ұшу нұсқаушысының басшылығымен қосарлы басқарылатын тиісті түрдегі осындай әуе кемесінде ұшу дайындығынан өтеді. Нұсқаушы кандидаттың бір жұмыс істемейтін қозғалтқышты аспап бойынша тиісті түрдегі әуе кемесін басқару немесе бір жұмыс істемейтін қозғалтқышқа ұқсату бойынша пайдалану тәжірибесін алуын қамтамасыз етеді.

194. Кандидат даярлықтан өткеннен кейін әуе кемесінде аспаптар бойынша ұшу құқығы туралы біліктілік белгісінің иегеріне қойылатын құқыққа сәйкес келетін, аспаптар бойынша ұшу құқығы туралы біліктілік белгісін алуға талаптанғанын, құзыреттілі дәрежесімен берілген ұшу сұлбасы мен маневрлерді орындау қабілетін көрсетуі, оның ішінде шеберлігін:

1) қауіпті факторлар мен қателерді анықтау және бақылау.

Ескертпе. Қауіпті факторлар мен қателерді бақылау әдістерін қолдану туралы нұсқамалық материал "Персоналды даярлау" (PANS-TRG, Doc 9868) Аэронавигациялық қызмет көрсету қағидаларында және Адами фактор саласында оқыту жөніндегі нұсқаулықтың (Doc 9683) II бөлімінің 2-тарауында қамтылады;

2) шектеуі шегінде әуе кемесінің сұратылған түрін басқару;

3) барлық маневрді қалыпты жән дәл орындау;

4) дұрыс шешім қабылдау және ұшуда бақылауды білікті түрде жүзеге асыру;

5) аэронавигация саласында білімді қолдану;

6) ұшу сұлбасының немесе маневрдің дұрыс орындалуын қамтамасыз ету үшін әуе кемесінің басқарылуын тұрақты жүзеге асыру.

16-бөлім. Ұшу нұсқаушыларын даярлау бағдарламасы 1-параграф. Жалпы ережелер

195. Ұшу нұсқаушыларын (FI, TRI/SFI, CRI,) бастапқы даярлау бағдарламасының мақсаты азаматтық авиацияның пилоттарды оқыту нұсқаушылары қызметі саласындағы әлемдік тәжірибеге сәйкес біліктілік деңгейіне дейін пилот куәлігін ұстаушыларды даярлау болып табылады. Курс бағдарламасы ізденушілерде тиісті білім мен дағдыны игеру, сонымен қоса нұсқаушы міндеттерін табысты шешуді ынталандыру жолымен қауіпсіз ұшуды орындау әдістерін меңгерген нұсқаушы біліктілігін дамытуға бағытталған.

196. Біліктілік (FI, TRI/SFI, CRI,) алуға кандидаттар нұсқаушыларды дайындау курсына түсу үшін тиісті нұсқау алу мақсатында курстың алдындағы 6 ай ішінде, олардың нұсқаушылық жұмысқа қабілетін бағалау үшін ӘК-де немесе жаттығу құрылғысында білікті нұсқаушымен немесе емтихан алушымен алдын ала ұшу тексеруінен өтеді. Тексеру ӘК-нің тиісті типі мен класы біліктілігін тексеру көлемінде жүргізіледі.

197. Ұшу нұсқаушысы сертификатын алуға үміткерлер АОО-да теориялық және ұшуға даярлау курсынан өтеді.

198. Ұшу нұсқаушыларын даярлау бағдарламасы адам мен машинаның өзара іс-қимыл жасауы кезінде, экипаж ресурсын, қауіп және қателер факторларын басқаруда адами фактордың маңыздылығын, әрбір индивидуумның маңызын ерекше көрсетеді. Ересек адамдардың түсінігі мен олардың мінез-құлықтық ұстанымын, білім деңгейінің айырмашылығын қоса алғанда, ізденушілердің ой-пікірінің жетілгендігіне ерекше назар аударады.

199. Нұсқаушыларды даярлау бағдарламасының міндеттері:

1) нұсқаушының техникалық білімін бағдарламаға сәйкес қайталау және толықтыру ;

2) нұсқаушыға жердегі тәртіптермен ұшу жаттығуларын үйретуге оқыту;

3) нұсқаушылардың ұшу дағдыларының жоғары деңгейде екеніне кепілдік беру;

4) нұсқаушыны нұсқама негіздерінің қағидаттарына үйрету және оларды өзінің біліктілігіне (FI, TRI/SFI, CRI,) сәйкес қолдану.

200. Бағдарламаны оқу нәтижесінде тиісті нұсқаушы біліктілігі белгісін алуға үміткер сәйкес типті әуе кемесінің нұсқаушысы ретінде ұшу қауіпсіздігі деңгейі жарамды студент-пилоттарды оқыта алады және төмендегілерді көрсетеді:

1) келесі саладағы білімін:

тәжірибелік оқыту әдістемесі;

даярлау бағдарламасын әзірлеу;

сабақты жоспарлау;

аудиториялық оқыту әдістемесі;

материалды игеру үдерісі;

тиімді оқыту элементтері;

ұшуды имитациялайтын жаттығу құрылғыларын қоса алғанда оқу құралдарын пайдалану;

жердегі дайындық жүргізілетін үш пән бойынша студент-пилоттардың үлгерімін бағалау;

студент-пилоттардың білім деңгейін бағалау және тексеру;

талдау жүргізу және студент-пилоттардың қателерін түзету;

ұшу дайындығына қатысты адамның мүмкіндіктері, қауіп және қателер факторын бақылау принциптерін қоса алғанда;

әуе кемесінде жүйелердің істен шығуын имитациялаумен байланысты қауіп-қатерлер;

2) ұшу-әдістемелік дағдылар:

студент-пилотты дайындау барысында қауіп және қателер факторларын анықтау, талдау және бақылау;

әуе кемесін оның сипаттамаларын шектеу шегінде басқару және студент-пилоттарды ұшу қауіпсіздігі жарамды деңгейде әдістемелік тұрғыдан сауатты оқыту;

барлық маневрларды бірсарынды және дәл орындай білу және оларды студент-пилотқа көрсете білу;

дер кезінде шешім қабылдау және ұшу кезінде бақылауды білікті жүргізу;

оқушылардың қателерін талдау және түзету;

әуе кемесін студент-пилотқа ұшу сұлбасы мен маневрларды дәл орындау және көрсетуді қамтамасыз ететіндей басқару;

оқыту кезінде қауіп және қателер факторын анықтау және бақылау;

әуе кемелерін оның сипаттамаларын шектеу шегінде басқару;

маневрларды бірсарынды және дәл орындау, студент-пилотқа әуе кемесін басқару кезінде қозғалысты үйлестіруді әдістемелік тұрғыда дұрыс түсіндіру;

дер кезінде шешім қабылдау және ұшу кезінде студент-пилоттың әрекетін білікті бақылау;

аэронавигация (ұшақты жүргізу) саласындағы білімін қолдану және студент-пилотқа үйрету;

студент-пилотты әдістемелік тұрғыда сауатты және қауіпсіз оқыту.

2-параграф. Теориялық даярлық

201. Нұсқаушыларды арнайы теориялық даярлау жеке әдіспен немесе жинау арқылы, сонымен бірге жоспарлы сабақтар жүйесінде ұйымдастырылады. Ол білікті оқу процесі үшін қажетті пәндерді оқытуды (ұшуға оқыту әдістемесі, педагогика, психология негіздері және т.б.) және қалған пәндер бойынша білімін жетілдіруді қарастырады.

202. Нұсқаушыларды Теориялық даярлау бойынша пәндер тақырыбы мен құзыреті Үлгілік бағдарламаның 17-қосымшасында берілген.

203. FI(A) және FI(H) санаттары үшін теориялық даярлау тестілеуді қоса алғанда 125 сағат сыныптағы оқу сабақтары кіреді, соның ішінде:

1) 25 сағат оқытудың педагогикалық әдістері:

жалпы оқыту әдістеріндегі заманауи тәсілдер;

оқытудағы жеке тұлғаға бағытталған тәсіл;

сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы;

оқу нәтижесін бағалау жүйесі.

2) келесі пәндерге кемінде 50 сағат:

авиациялық психология;

педагогика негіздері;

ұшуға оқыту әдістемесі.

3) ӘК-нің басқа түрінде FI рейтингіне ие немесе ие болған пилот үшін теориялық бағдарлама кемінде 50 сағатты құрайды.

204. FI (MHG), FI(AG), FI(S) және FI(B) ұшу нұсқаушылары үшін Теориялық даярлау тестілеуді қоса алғанда кемінде 90 сағат сыныптағы сабақтардан тұрады, оның ішінде:

1) 25 сағат оқыту әдістері:

жалпы оқыту әдістеріндегі заманауи тәсілдер;

оқытудағы жеке тұлғаға бағытталған тәсіл;

сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы;

оқу нәтижесін бағалау жүйесі.

2) келесі пәндерге кемінде 20 сағат:

авиациялық психология;

педагогика негіздері;

ұшуға оқыту әдістемесі.

205. ӘК (TRI/SFI) типі бойынша нұсқаушыларға арналған теориялық даярлау:

1) FI ұшу нұсқаушыларының бағдарламасы бойынша оқыту әдістемесі бойынша кемінде 25 сағат сыныптағы сабақ;

2) техникалық білімін қайталау, сабақ жоспарын дайындау және нақты ӘК типі бойынша сыныпта оқыту дағдысын дамыту бойынша кемінде 10 сағат болатын сабақ;

3) экипаж саны көп ӘК-де дайындауда экипаждағы стандарттық пайдалану процедураларына және бір пилотты ӘК-дегі пилоттың міндеттеріне ерекше назар аударылады.

206. Ұшақтың кез келген класы бойынша (CRI) нұсқаушыларға арналған Теориялық даярлау:

1) FI ұшу нұсқаушыларының бағдарламасы бойынша оқыту әдістемесі бойынша кемінде 25 сағат сыныптағы сабақ;

2) техникалық білімін қайталау, сабақ жоспарын дайындау және нақты ӘК типі бойынша сыныпта оқыту дағдысын дамыту бойынша 25 оқу сағаты.

207. Бағдарлама FI оқу курсының теориялық бөлігінде толық берілген оқыту әдістемесі негізінде, ізденушілердің бір орынды көпқозғалтқышты ӘК-ге, немесе сол үшін ізденуші дайындық өтетін бірқозғалтқышты ӘК-ге, арналған класс немесе тип бойынша, нұсқаушы біліктілігін алу бағдарламасы бойынша оқыту саласында теориялық білімі жағынан жеткілікті дайындығын қамтамасыз ету үшін әзірленеді.

208. Төменде берілген рейтингтердің иесі болып табылатын немесе болған пилоттарға оқыту процестеріне қатысты CRI курсының теориялық бағдарламасының бөлігі есептеледі: FI(A), TRI(A), SFI(A), STI(A), MCCI(A) FI(H), TRI(H), IRI(H), SFI(H).

209. Аспаптар бойынша ұшу нұсқаушысы (IRI) біліктілік белгісін алуға арналған теориялық даярлыққа оқыту әдістемесі бойынша (нұсқаушыларды алмағанда) кемінде 25 сағат, сонымен бірге арнайы пәндер бойынша кемінде 10 сағат кіреді.

210. Бағдарлама FI оқу курсының теориялық бөлігінде толық берілген оқыту әдістері негізінде әзірленеді.

211. Құрал-саймандық біліктілік оқу бағдарламасына толық көлемде сәйкес келетін арнайы пәндер бойынша білім студент-нұсқаушыға таныс болуы тиіс, сондықтан бағдарламаның техникалық бөлігінің мақсаты тек осы білімді еске салу.

212. Курстың теориялық дайындығын аяқтау нәтижесінде кандидат келесі білімге ие болады:

1) теориялық және тәжірибелік оқыту әдістемесі;

2) студенттерді, оқушыларды және тыңдаушыларды жердегі дайындық жүргізілетін пәндер бойынша үлгерімін бағалау;

3) материалды игеру үдерісі;

4) тиімді оқыту элементтері;

5) студенттердің, оқушылардың және тыңдаушылардың білім деңгейін бағалау және тексеру, оқыту теориясыбойынша;

6) даярлау бағдарламасын әзірлеу;

7) сабақты жоспарлау;

8) аудиториялық оқыту әдістемесі;

9) ұшуды имитациялау жаттығу құрылғыларын қоса алғанда оқу құралдарын пайдалану;

10) студенттердің, оқушылардың және тыңдаушылардың қателерін түзету және талдау жасау бойынша;

11) ұшу дайындығына қатысты, қауіп және қателер факторын бақылау принциптерін қоса алғанда, адамның мүмкіндіктері;

12) әуе кемесінде жүйелердің істен шығуын имитациялауға қатысты қауіп-қатерлер.

3-параграф. Әуе кемесінің кабинасындағы (гондоладағы) жаттығу жүргізу әдістемесі

213. Осы бағдарлама әуе кемесінің тиісті түрінің кешенді жаттығу құрылғысы болмаған жағдайда, студент-нұсқаушыны әуе кемесінің тиісті түрінің кабинасында жаттықтыру әдісі бойынша дайындау міндеттерінің аз көлемін анықтайды.

214. Осы бағдарлама ӘК-нің тиісті түрінің ұшу нұсқаушыларын дайындау үшін ортақ болып табылады.

215. Әуе кемесінің тиісті түрінің кабинасында жаттықтыру әдістемесі бойынша дайындаудың (ұшуға жаттығу құрылғысы болмаған жағдайда) жалпы уақыты кемінде 6 сағатты құрайды.

216. Әуе кемесінің тиісті түрінің кабинасында жаттықтыру бағдарламасы әдістемелік дайындықты міндеттер бойынша бөліп таратады:

№1 міндет. "ӘК пайдалану" кабинасында жаттығу жүргізу әдістемесі;

№2 міндет. "ӘК басқару техникасы" кабинасында жаттығу жүргізу әдістемесі;

№ 3 міндет. "Ұшу кезіндегі ерекше жағдайлар" кабинасында жаттығу жүргізу әдістемесі;

217. Егер студент-пилот осы тараудың 216-тармағында көрсетілген міндеттерді игермеген жағдайда, нұсқаушы жаттығу көлемін ұлғайтады.

4-параграф. Жерде даярлық жүргізу әдістемесі

218. Жердегі даярлау бағдарламасыӘК-нің тиісті түрінің ұшу нұсқаушыларын дайындау үшін ортақ болып табылады және студент-пилотпен жердегі даярлық өткізу әдістемесі бойынша студент-нұсқаушыны дайындауға арналған.

219. Даярлаудың ең төмен көлемі – 16 сағат. Жердегі даярлау жүргізу әдістемесі бойынша жаттығулар тақырыбы:

1) оқу-ұшу даярлығы бағдарламасымен танысу әдістемесі;

2) ӘК, қозғалтқыш құрылымын, кабина жабдығын және оларды жерде және әуеде пайдалану ережелерін, ұшақ тұрақтарында жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік бойынша білімін тексеру әдістемесі;

3) ұшу алды және ұшудан кейінгі процедуралар бойынша, ұшу салмағы және центрлігін анықтауды, ұшақты тексеру және қызмет көрсетуді қоса алғанда, әрекеттің реттілігін жасау әдістемесі;

4) әуеайлақтық операциялар әдістемесі және қозғалыс сұлбасын ұйымдастыру, қақтығысты болдырмау және қауіпсіздік шаралары;

5) қозғалтқыштың түрлі жұмыс режимінде көлденең ұшуды, бұрылыстарды, биіктік алуды және төмендеуді орындауға дайындау әдістемесі;

6) ұшуды орындауға, тік бұрышты бағытты құру, қонуды есептеу және қонуды орындауға дайындау әдістемесі;

7) оталдыру, қыздыру, байқап көру және қозғалтқышты тоқтатуға жаттықтыру әдістемесі, рульдеу және радиобайланыс жүргізу;

8) әуеайлақта, 100 км радиустағы әуеайлақ ауданында ұшуды орындау бойынша нұсқауды оқу әдістемесі;

9) ұшу аудандарының метеорологиялық ерекшеліктерін оқу әдістемесі;

10) ұшақтың апаттық-құтқару жабдықтарын және оны пайдалану тәртібін оқу әдістемесі;

11) ұшаққа жердегі және техникалық қызмет көрсетуді оқу әдістемесі;

12) кандидат-пилоттың оқу ұшуларын орындауға дайындығын тексеру әдістемесі.

220. Жердегі даярлықты жүргізетін ұшу нұсқаушысы орынды мөлшерде сағат санын ұлғайтуға құқылы.

5-параграф. Ұшу даярлығы

221. Ұшу даярлығы бағдарламасы бойынша оқуға теориялық дайындықтан, ӘК-нің тиісті түрінің кабинасында жаттығу жүргізу әдістемесін және жердегі даярлық жүргізу әдістемесінен өткен тыңдаушы-нұсқаушы жіберіледі.

222. ӘК-нің бір түрінде "ұшу нұсқаушысы" деген біліктілік белгісі бар пилот ӘК-нің басқа түріне қайта даярланған кезде, ӘК-нің бір түрінде ӘКК ретінде 100 сағат ұшқаннан кейін және сертификатталған АОО-да емтихан алушымен ұшуға тексеруден кейін ӘК-нің осы түрінде ұшу нұсқаушысы қызметін атқарады.

Ескерту. 222-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

223. Тыңдаушы-нұсқаушы кең таралған қателерді, оларды түзету әдістері мен тәсілдерін анықтай алуы тиіс. Ұшу шеберлігі және сақтық барлық ұшулардың маңызды компоненті екенін атап өту керек. Осылайша, жерде және әуеде әрбір жаттығуды орындау кезінде ұшу шеберлігінің тиісті аспектілеріне ерекше назар аударады.

Ескерту. 223-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

224. Ұшуға шектеу қойылған аймақта ұшуды пайдалану Нұсқаулығына немесе басқа тең дәрежелі құжатқа сілтеме жасай отырып, ӘК-нің салмағы мен центрлігін және ұшудың қалыпты режимін қалпына келтіру үшін қауіпсіздікті жеткілікті қамтамасыз ету үшін, маневрлеу жаттығуларына тиісті мән беріледі.

225. Сабақ жоспарын дайындау жақсы оқытудың қажетті талабы болып табылады, және студент-нұсқаушы ұшу жаттығуларын оңтайлы және қауіпсіз орындау үшін сабақ жоспарын жоспарлауда және тәжірибеде қолдануда жақсы тәжірибе алуы тиіс.

226. Ұшу даярлығынан өту барысында тыңдаушы-нұсқаушы әдетте FI болатын орынды алады.

227. Ұшу (тәжірибелік) даярлау бағдарламасы ұшу нұсқаушыларының әр санаты және ӘК-нің әр түрі үшін жеке әзірленеді.

228. FI(A) және FI(H) ұшу нұсқаушылары үшін – 15 сағат оқу ұшулары, оның ішінде 5 сағаты басқа үміткермен ұшу, 4 сағаты аспаптар бойынша дайындық және кемінде 2 сағат қиын ұшу режимінде болады.

Ескерту. 228-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

229. Ұшуға даярлау бағдарламасы LAPL(A), CPL(A) немесе сәйкесінше CPL(H) тиісті бастапқы даярлау курсы бағдарламасының жаттығулар базасында әзірленеді.

230. FI(S) ұшу нұсқаушылары үшін – ұшуға оқытудың 6 сағаты немесе 20 ұшып көтерілу-қонуы.

231. Ұшуға даярлау бағдарламасы LAPL(S)тиісті бастапқы даярлау курсы бағдарламасының жаттығулар базасында әзірленеді.

232. FI(MHG) және FI(AG) ұшу нұсқаушылары үшін – 10 сағат ұшуға оқыту, соның ішінде кедергіленген қозғалтқышпен 10 қону және "ұшқыш нұсқаушы" біліктілік белгісіне дайындау кезінде қиын режимде ұшуға кемінде 2 сағат.

233. Ұшуға даярлау бағдарламасы сәйкесінше LAPL(MHG) және LAPL(AG) бастапқы даярлау тиісті бастапқы даярлау курсы бағдарламасының жаттығулар базасында әзірленеді.

234. FI(B) ұшу нұсқаушылары үшін – 3 стартты қоса алғанда 3 сағат.

235. Ұшуға даярлау бағдарламасы LAPL(B) тиісті бастапқы даярлау курсы бағдарламасының жаттығулар базасында әзірленеді.

236. ӘК-нің кез келген түрі бойынша ұшу нұсқаушылары/жаттығу құрылғысы нұсқаушылары үшін (TRI/SFI):

1) бір пилот басқаратын ӘК тиісті түрінде немесе осы ӘК тұріне ұқсас жаттығу құрылғысында 5 сағат немесе экипаж саны көп ӘК түрінде немесе осы ӘК түріне ұқсас жаттығу құрылғысында 10 сағат ұшуға оқыту;

2) жаттығулар мазмұны ӘК-нің нақты түрі үшін бекітілген қайта оқыту бағдарламасының жаттығуларына сәйкес болуы тиіс;

3) TEM, CRM және ұшу шеберлігін тиісті түрде қолдану барлық жағынан біріктірілуі тиіс;

4) оқу бағдарламасының мазмұны ӘК-нің түріне қолданылатын барлық маңызды жаттығуларды қамтуы тиіс.

237. Бағдарламаны өту барысында тыңдаушы-нұсқаушы нақты жаттығу құрылғысын, оның шектеулерін, мүмкіндіктерін және қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметін, соның ішінде шұғыл эвакуациялау құралдарын қолдануды оқиды.

238. Үміткер тәжірибелік сабақтар өткізу бойынша дағдыны жаттығу құрылғысының нұсқаушысы жұмыс орнында алады.

239. Сонымен бірге, ӘК-де ұшуға тексеруге дейін, тыңдаушы-нұсқаушы ӘК кабинасында кез келген пилот орнынан ұшуға оқытуды орындау тәжірибесін алады.

240. MP TRI бағдарламасы бойынша дайындықтан өту кезінде экипаждың өзара әрекеті тәртібіне ерекше назар аударған дұрыс. SP TRI бағдарламасы бойынша дайындықтан өту кезінде, пайдалану операцияларының SP ерекшеліктеріне назар аударылуы тиіс.

241. Нұсқаушылар үшін кез келген ұшақ класы бойынша (CRI) тәжірибелік және ұшу даярлығы: тыңдаушы-нұсқаушы бірқозғалтқышты немесе көпқозғалтқышты класта SP пайдалануда біліктілік белгісін алу үшін қауіпсіз және тиімді оқыту дағдысын алуға бағытталған.

242. Ұшу даярлығы ұшақта да, сертификатталған ұшуға жаттығу құрылғысында да өткізіледі.

Ескерту. 242-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

243. Ұшу шеберлігі барлық оқу бағдарламасының маңызды компоненті болып табылады. Тыңдаушы-нұсқаушының негізгі міндеті студент-пилотқа тән қателерді танып, тиісті түрде түзету болып табылады.

244. Бір пилот басқаруға сертификатталған ӘК-де IRI біліктілігін алу үшін ұшуға даярлау төмендегі көлемде орындалады:

IRI (A) үшін – ұшақты кемінде 10 сағат ұшу, FFS, FTD 2/3 немесе FPNT II. FI (A) сертификаты бар өтініш берушілер үшін бұл сағаттар 5 сағатқа дейін қысқарады;

IRI (H) үшін тікұшақта кем дегенде 10 сағат ұшу, FFS, FTD 2/3 немесе FNPT II / III;

Бұл даярлау төмендегі мақсаттарда орындалады:

1) аспаптар мен радионавигация бойынша ұшуға оқытуға қажетті нұсқаушылық дағдыны дамыту;

2) үміткердің құрал-саймандық ұшуды орындау бойынша ұшу дағдысы қауіпсіз ұшуды орындауды қамтамасыз ететін деңгейде болуын қамтамасыз ету.

17-бөлім. Ұшу экипажы мүшелерінің куәлігін беру үшін кәсіби даярлаудың үлгілік бағдарламасы

1-параграф. Штурман куәлігін беру үшін кәсіби даярлаудың үлгілік бағдарламасы

245. Ұшқыштар құрамының куәлігі бар авиация персоналы ішінен штурмандарды даярлау кезінде даярлау көлемі кемінде 200 сағат болады.

246. Кандидатты оқыту штурман куәлігінің иегеріне ұсынылатын құқықтарға сәйкес келетін білім деңгейін игеруді және көрсетуді қамтамасыз етеді, Үлгілік бағдарламаның 18-қосымшасында келтірілген.

2-параграф. Бортинженер (бортмеханик) куәлігін беру үшін кәсіби даярлаудың үлгілік бағдарламасы

247. Теориялық даярлау көлемі – кемінде 200 сағат.

248. Ұшуға даярлау көлемі – кемінде 100 сағат.

249. Кандидатты оқыту бортинженер (бортмеханик) куәлігінің иегеріне берілетін құқықтарға сәйкес келетін теориялық білім деңгейін игеруді және көрсетуді қамтамасыз етеді, Үлгілік барғдарламаның 19-қосымшасы.

250. Кандидат бортинженер куәлігі иегеріне, тым болмағанда келесі салаларда, берілетін құқықтарға сәйкес келетін білім деңгейін көрсетеді:

1) навигация негіздері, ӘК жүйелерінің жұмыс және пайдалану тәртібі;

2) метеорологияның пайдалану аспектілері;

3) адами фактор, қауіп және қателерді басқару.

3-параграф. Бортрадист куәлігін беру үшін кәсіби даярлаудың үлгілік бағдарламасы

251. Бортрадисті кәсіби даярлаудың жалпы көлемі сәйкес біліктілік талаптарымен анықталады және оны АОО немесе азаматтық авиация кәсіпорны әзірлейді.

252. Радиотелефон байланысын жүргізу және фразеология ережелерін білу және қолдану талаптары ӘК пилоттары куәлігін беру талаптарына ұқсас.

18-бөлім. Қайта даярлаудың және кәсіби деңгейді қолдаудың үлгілік бағдарламасы 1-параграф. LAPL (MHG) немесе (Ag) куәлігін алу үшін пилоттарды қайта даярлау

253. LAPL (MHG) немесе (Ag) куәлігін беру үшін ӘК-нің басқа түрі куәлігінің иегеріне төмендегілерді қоса алғанда, егер олардың қолдану мерзімі аяқталмаған болса жалпы пәндер бойынша теориялық сабақтар мен емтихандары есептеледі:

1) әуе заңнамасы;

2) авиациядағы адами фактор;

3) авиациялық метеорология;

4) байланыс құралдары. Радиоалмасу жүргізу және VFR фразеология ережелері;

5) авариялық құтқаруға даярлау.

254. Жоғарыда келтірілген тармақтың әрекетін шектемей, LAPL (MHG) немесе (Ag) куәлігін беру үшін, ӘК-нің басқа түрі куәлігінің иегері төмендегі арнайы пәндер бойынша емтихандарды қоса алғанда, кемінде 25 сағат көлемінде теориялық даярлықтан өтеді:

1) ӘК-нің практикалық аэродинамикасы;

2) әуе навигациясы;

3) ӘК құрылымы және оны ұшуда пайдалану;

4) күштік қондырғының құрылымы және оны ұшуда пайдалану;

5) әуе кемесінің электрлік, аспаптық және радионавигациялық жабдықтары және оларды ұшуда пайдалану;

6) пайдалану процедурасы. Ұшуда пайдалану жөніндегі нұсқаулық;

7) ӘК-ні техникалық дайындау және пайдалануды ұйымдастыру ережелері.

Ескерту. 254-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

255. Ұшуға даярлау 8 сағаты нұсқаушымен және кемінде 2 сағаты өз бетінше ұшудан тұратын кемінде 10 сағаттан тұрады.

256. Қайта даярлау бойынша сынақтар мен емтихандар қорытындысы пилот куәлігіндегі біліктілік (рейтинг) және ерекше белгілерді ұзартуға негіз бола алмайды.

2-параграф. LAPL(A) және PPL(A)&(H) куәліктерін алу үшін пилоттарды қайта даярлау

257. LAPL немесе PPL санатты куәлікті беру үшін, ӘК-нің басқа түрі куәлігінің иегеріне жалпы пәндер бойынша теориялық сабақтары мен емтихандары, егер олардың қолдану мерзімі төмендегілерді қоса алғанда аяқталмаса, толығымен есептеледі:

1) әуе заңнамасы;

2) авиациядағы адами фактор;

3) авиациялық метеорология;

4) байланыс құралдары. Радиоалмасу жүргізу және VFR фразеология ережелері;

5) авариялық құтқаруға даярлау.

258. Жоғарыда көрсетілген тармақтың қолданысын шектемей, LAPL немесе PPL санатты куәлікті беру үшін әуе кемесінің басқа түрі куәлігінің иегері төмендегі арнайы пәндер бойынша емтихандарды қоса алғанда, кемінде 50 сағат көлемінде теориялық даярлықтан өтеді:

1) әуе кемесінің практикалық аэродинамикасы;

2) әуе навигациясы;

3) әуе кемесінің құрылымы және оны ұшуда пайдалану;

4) күштік қондырғының құрылымы және оны ұшуда пайдалану;

5) әуе кемесінің электрлік, аспаптық және радионавигациялық жабдықтары және оларды ұшуда пайдалану;

6) пайдалану процедурасы. Ұшуда пайдалану жөніндегі нұсқаулық;

7) ӘК-ні техникалық дайындау және пайдалануды ұйымдастыру ережелері.

Ескерту. 258-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

259. PPL (A) санатты куәлікті беру үшін LAPL(A) санатының иегеріне теориялық сабақтар мен емтихан бағалары толығымен есептеледі. Ұшуға даярлыққа кемінде 5 сағат, оның ішінде өз бетінше ұшу – 2 сағат.

262. LAPL(A), PPL (A) немесе PPL(H) санатты куәлігін беру үшін LAPL (MHG) немесе (Ag) куәлігі иегерінің ӘК-нің басқа түріне ұшу даярлығы кемінде 25 сағат ұшудан тұрады, соның ішінде:

1) қиын режимдер мен аспаптар бойынша ұшуларды қоса алғанда нұсқаушымен кемінде 15 сағат;

2) кемінде 5 сағат өз бетінше ұшу, және

3) бағыттар бойынша кемінде 2 ұшу, соның ішінде қашықтығы кемінде 270 км болатын бағыт бойынша ұшу әуеайлағы болып табылмайтын 2 түрлі әуеайлақта толық тоқтауға дейін қону арқылы 1 (бір) өз бетінше (solo) ұшу.

261. Басқару үшін екі пилоттың болуын талап ететін ұшу салмағы 5 700 кг және одан төмен болатын поршенді қозғалтқышты ашық жеңіл ұшаққа LAPL(A) куәлігі иегерін дайындау кемінде 50 сағат көлемінде теориялық дайындықтан және сертификатталған АОО-да 8 сағат көлемінде ұшу даярлығынан тұрады, соның ішінде:

1) кемінде 6 сағат нұсқаушымен және

2) өз бетінше 10 ұшу мен қонуды қоса алғанда кемінде 2 сағат өз бетінше ұшу.

262. Ұшу шеберлігін тексергеннен кейін кандидат ұшу салмағы 5 700 кг және одан төмен болатын бірқозғалтқышты поршенді ұшақта пилот міндеттерін орындай алады.

Ескерту. 262-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

263. LAPL(A) немесе PPL (A) санаты куәлігінің иегерін ұшақтың бір түрінен бір поршенді қозғалтқышпен екінші түріне ұшу даярлығына нұсқаушымен кемінде 10 ұшу мен қонуды, және өз бетінше 10 ұшу мен қонуды қоса алғанда, кемінде 3 сағат жатады.

264. "Бірқозғалтқышты поршенді ұшақ – SEP" біліктілік белгісі бар LAPL(A) немесе PPL (A) куәлігі бар кандидат бір пилотты жеңіл ұшақтарда "көпқозғалтқышты

поршенді ұшақ – MEP" біліктілік белгісін алу үшін ұзақтығы кемінде 5 сағат болатын ұшу даярлығынан өтеді, соның ішінде нұсқаушымен:

1) көпқозғалтқышты ұшақтың қиын режимде ұшуы кемінде 1 сағат; және

2) қозғалтқыштың істен шығу тәртібі мен ассиметриялық ұшу әдістемесі бойынша ұшу даярлығы кемінде 3 сағат;

3) шеңбер бойынша өз бетінше кемінде 1 сағат ұшу.

265. Бұл жағдайда арнайы пәндер бойынша теориялық дайындық кемінде 8 сағатты құрауы тиіс.

266. "Бірқозғалтқышты поршенді ұшақ – SEP" біліктілік белгісі бар LAPL(A), PPL (A) немесе CPL(A) куәлігі иегерінің бірқозғалтқышты поршенді ұшақтың жаңа түріне қайта даярлау кезіндегі ұшу даярлығы кемінде 3 сағаттан тұрады. Бұл жағдайда арнайы пәндер бойынша теориялық даярлау ұшақ құрылымының және қозғалтқышының модификациясына байланысты болады және кемінде 6 сағатты құрайды.

267. "Көпқозғалтқышты поршенді ұшақ – MEP" біліктілік белгісі бар LAPL(A), PPL (A) немесе CPL(A) куәлігі иегерінің көпқозғалтқышты поршенді ұшақтың жаңа түріне қайта даярлау кезіндегі ұшу даярлығы кемінде 3 сағаттан тұрады. Бұл жағдайда арнайы пәндер бойынша теориялық даярлау ұшақ құрылымының және қозғалтқышының модификациясына байланысты болады және кемінде 6 сағатты құрайды.

268. PPL(H) санаты куәлігі иегерінің тікұшақтың басқа түріне ұшу даярлығы кемінде 10 сағатты құрайды, соның ішінде, кем дегенде, нұсқаушымен 7 сағат және кемінде өз бетінше 2 сағат.

269. ӘК-нің жеңіл және аса жеңіл түрінің бірінде "ұшу нұсқаушысы" біліктілік белгісінің иегері жеңіл және аса жеңіл ӘК-нің басқа түріне қайта даярланғаннан кейін, ӘКК ретінде кемінде 100 сағат ұшудан кейін және сертификатталған АОО-да осы ӘК түрінде тиісті ұшу тексеруінен өткеннен кейін, ӘК-нің осы түрінде ұшу нұсқаушысы қызметін атқарады.

270. Бұдан бұрын Қазақстан аумағында қолданылмаған жеңіл және аса жеңіл әуе кемелері түрлерін өз бетінше игеруге әрекеттегі ұшу нұсқаушылары жіберіледі, оларда:

1) ӘКК ретінде кемінде 1000 сағат ұшу және қолданыстағы кемінде 3 жыл болған " ұшу нұсқаушысы" біліктілік белгісі болуы тиіс;

2) ӘК-нің кемінде үш түрін игеруі тиіс.

271. Бұл жағдайда ұшу даярлығына кемінде 5 сағат, соның ішінде қиын режимде кемінде 2 сағат ұшу уақыты кіруі тиіс.

272. Қайта даярлау бойынша сынақ пен емтихан қорытындылары пилот куәлігіндегі біліктілік (рейтингтік) және ерекше белгілердің мерзімін ұзартуға негіз бола алмайды.

3-параграф. Ұшу экипажы мүшелерін қайта даярлау

273. Әуе кемесінің басқа түрін басқару құқығын алу үшін әуе кемелерінің түрлері арасындағы айырмашылықты ескере отырып, бекітілген бағдарламаларға сәйкес теориялық пәндер бойынша қайта даярлаудан өту қажет.

274. Кандидат Үлгілік бағдарламаның 20-қосымшасында көрсетілген арнайы пәндер бойынша әуе кемесінің жаңа түрінде (класында) теориялық даярлықтан өтеді. Теориялық даярлау көлемін Авиациялық оқу орталығы ӘК түріне (класына) байланысты анықтайды.

Ескертпе. Бағдарлама ӘК әзірлеушінің талаптарын ескере отырып, әрбір ӘК түрі (класы) бойынша жасалады.

275. Жабдықтар (training and differences familiarisation training) әртүрлі болған жағдайда, қосымша даярлау тиісті ӘК немесе жаттығу құрылғысында жүргізіледі:

1) ӘК түрлері немесе нұсқалары бойынша жабдық және / немесе процедуралар айтарлықтай өзгерген кезде;

2) ұшақтың сол түріндегі басқа нұсқасын немесе басқа сол класындағы басқа түрін пайдаланған кезде; немесе

3) пайдаланылатын тікұшақтардың түрлі нұсқаларын пайдалану кезінде.

276. Таныстыру курсы жүргізіледі, егер:

1) сол түрдегі түрлі тікұшақтар немесе ұшақтар пайдаланылса; немесе

2) қазіргі уақытта пайдаланатын ӘК түрлері немесе нұсқалары бойынша жабдық және / немесе процедураларға айтарлықтай өзгеріс енгізілген болса.

277. Жаттығу құрылғысында даярлау және ұшуға даярлау көлемі ӘК нақты түріне немесе класына және жаттығу құрылғысының сипаттамаларына байланысты ұшудың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін даярлау деңгейіне қол жеткізу үшін өз бетінше анықталады.

278. ӘК ұшу дайындығы болмаған жағдайда басқа ӘК түрлеріне (жаңа) қайта дайындау барысында (ZFTT – zero flight time training рәсімін қолдану кезінде), дайындық бағдарламасына сәйкес, ИКАО біліктілігі бойынша IV түрдегі ұшу жағдайындағы жаттығу құрылғыларында дайындау рұқсат етіледі (EASACSFSTD (A) құжатында өзгерістерімен көрсетілген, сондай-ақ FAA AC 120-40B құжатында өзгерістерімен көрсетілген, (AMOC) AC 120-40B құжатында рұқсат етілетін сәйкестенудің альтернативтік қамтамасыз ету құралдарын қоса минимум C деңгейі және D деңгейінің (FFS) жаттықтыру құрылғысының талаптарына жауап беретін кешендік ұшу оқыту-жаттықтыру құрылғысы).

279. Сертификатталған ұшу массасы 10 тонна немесе 19 жолаушыдан асатын кескіндемелі көп қозғалтқышты әуе кемелері көп мүшелі экипаж ұшқыштары ZFTT рәсімін қолдана отырып жаттығу құрылғысында ұшу дайындығының курстарынан өтеді, егер:

1) ұшу дайындығы курсы үшін FFS пайдаланылса, CG, C деңгейі үшін білікті немесе C деңгейі үшін аралық, 1 500 сағат немесе 250 бағыттық секторлар үшін ұшу сағаты болса;

2) ұшу дайындығы курсы үшін FFS пайдаланылса, DG немесе D деңгейі үшін білікті, 500 сағат немесе 100 бағыттық секторлар үшін ұшу сағаты болуы тиіс.

Ескерту. 279-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

280. Коммерциялық әуе тасымалдау үшін пайдаланушы сертификаты бар немесе азаматтық әуе кемелерінің пайдаланушыларымен келісімі бар АБО ғана (ZFTT) пайдалана отырып ұшу дайындығы рәсімдерін бекіте алады.

281. ZFTT пайдалана отырып ұшу дайындығы бағдарламасы бойынша ұшқыштарды дайындауға келісім осы түрдегі ӘК пайдалануда 90-күндік тәжрибесі бар пайдаланушыларға беріледі.

АБО – да ZFTT бағдарламасы бойынша ұшу дайындығы рәсімдерін қолдану жағдайында, осы түрдегі ӘК пайдалануда тәжірибесі бар, қосымша ұшу және қону бойынша (TRI (A)) түрдегі нұсқаушы қатысатын болса, пайдаланушымен ӘК пайдалануда 90-күндік тәжірибесінің болуын талап ететін ерекше келісімі қолданылмайды.

282. ZFTT рәсімін бастапқы мақұлдауы үшін, пайдаланушының коммерциялық әуе тасымалдарын орындауға 1 жылдан кем емес пайдалану сертификаты болады.

Егер пайдаланушы және АА АБО-ның біліктілік бағасын беру бағдарламасы бойынша оқыту тәжірибесі болған жағдайда бұл кезең қысқартылады.

Ескерту. 282-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

283. Қайта дайындау бағдарламасында әуеайлақтық жаттығуға ұқсату енгізіледі, бұл курс аяқталған кезде өткізіледі және ұшу дайындығы болып есептеледі.

Ұшқыш турбиналы винтті ұшақтан турбореактивті ұшаққа ауысқан кезде немесе турбореактивті ұшақтан турбиналы винтті ұшаққа ауысқан кезде, жаттықтыру құрылғысында қосымша жаттығу қажет.

Ескерту. 283-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

284. Осы ӘК жаттықтыру құрылғысын пайдалану мүмкін болмаса, кейбір жағдайларда, уакілетті ұйыммен келісілген бағдарлама бойынша ӘК кабинасында жаттығу өткізіледі.

Ескерту. 284-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

285. Ұшу дайындығын (base training) ұшу экипажының мүшелерін шектеулердің барлық аспектілерімен және қалыпты рәсімдерімен, әуе кемесімен байланысты ерекше жағдайлармен және апаттық рәсімдермен жан-жақты таныстыру үшін, түріне сәйкес білікті нұсқаушы және/ немесе емтихан алушы жүргізеді.

286. Екі ұшқыштан немесе одан көп ұшқыштан тұратын ұшақтарда CRM акцентімен LOFT тәжрибесіне және экипаждың бір мүшесінің жұмысқа қабілетсіз болған жағдайда экипаждың координация рәсімдерін пайдалану тәжрибесіне ерекше көңіл бөлінеді.

287. КТС (FFS) ұшу дайындығының аяқталуы және ұшақтағы ұшу дайындығынығың басталуы арасындағы үзіліс қатаң бақыланады.

288. КТС (FFS) ұшу дайындығының аяқталуы және ұшақтағы ұшу дайындығынығың басталуы арасындағы 90 күннен аса үзілісте тыңдаушы ұшуды пайдалану білімі бойынша емтихан тапсырады, және тренажер (FFS) кешендік жаттықтыру құрылғысында нұсқаушы белгілеген көлемде ұшу дайындығынан өтеді.

289. 1 жылдан аса үзіліс кезінде тыңдаушы (FFS) кешендік жаттықтыру құрылғысында толық көлемде теориялық және ұшу дайындығынан өтеді.

290. ("ZFTT") жаттығу құрылғысында ұшу дайындығы негізіндегі біліктілік белгісі берілген ұшқыштар:

1) ұшу дайындығын нұсқаушының бақылауында істей білу тестін аяқтаған соң немесе қайта дайындық курсын аяқтаған соң, 21 күннен кешіктірмей бастайды. Қайта дайындау курсының мазмұны пайдаланушының ұшуды өндіру басшылығына енгізіледі ;

2) істей білу тестін аяқтаған соң, 21 күннен кешіктірмей нұсқаушының бақылауында FSTD-да алты ұшу мен қонуды аяқтайды "TRI (A)").

Егер ұшу және қону 21 күн ішінде орындалмаған жағдайда, тыңдаушы нұсқаушының қарауына қарай қосымша жер үсті дайындығынан өтеді;

3) ұшақта TRI (A) бақылауында алғашқы төрт LIFUS ұшу және қону жүргізу.

4-параграф. Кәсіби деңгейді қолдау

291. Пайдаланушы уәкілетті ұйыммен келісілетін және өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін ұшу экипажының барлық мүшелерінің тиісті даярлығына кепілдік беретін жер үсті және ұшу дайындығы бағдарламасын жасайды және орындайды.

Ескерту. 291-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

292. Кәсіби даярлық бағдарламасын осы Үлгілік бағдарламалар негізінде пайдаланушы немесе АУЦ жасайды және өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін ұшу экипажының барлық мүшелерінің тиісті даярлығын қамтамасыз етеді, сонымен қатар:

1) тиісті біліктілігі бар оқытушылардың және нұсқаушылардың жер үсті және ұшу даярлығы құралдарын қарастырады;

2) ұшу экипажының мүшелері жұмыс істейтін әуе кемелерінің түрінде (типтерінде) жер үсті, жаттығу құрылғысы, және ұшу даярлығынан түзіледі;

3) ұшу экипажы мүшелерінің өзара әрекеттерінің жұмыспен өтелуін, сонымен қатар күш қондырғыларының, планерлер немесе жүйелердің істен шығуынан, өрт немесе басқа да жағымсыз факторлардан болған ерекше жағдайлар немесе режимдердің және апаттың барлық түрлерінде әрекет түрінде оқытуды қамтиды;

4) ауыр кеңістік жағдайларын алдын алу бойынша даярлықты және одан шығаруды қамтиды;

5) көзбен шолу ұшуына және ұшуды іске асырудың болжамды ауданында құралдар бойынша ұшудың сызбаларына, карталарды жасауға, қауіп және қателер факторларына және қауіпті жүктерді тасымалдауды бақылауды қоса алғанда адамның жұмысқа қабілеттілігі мінездемесіне қатысты білім мен дағдыларды иелену мақсатындағы даярлықты қамтиды;

6) оқыту мына есеппен жүргізіледі: әуе кемелерінің ұшуын орындау жөніндегі барлық персонал өзі жүзеге асыратын қызметтерді және бұл қызметі әуе кемесі экипажының басқа мүшелерінің қызметтерімен штаттан тыс немесе апаттық рәсімдерді орындау барысын қоса алғанда қалай байланысатынын білуі қажет;

7) ұшу экипажының жұмысқа жаңа қабылданған мүшесіне міндеттерін және қызметтерін, ұшуды жүзеге асыру бойынша эксплуатант талаптарын таныстыруды қарастырады;

8) уәкілетті ұйымдар белгілеген белгілеген белгілі кезенде мерзімде қайталанады және даярлықты бағалауды өткізуді қарастырады.

Ескерту. 292-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

293. Жыл сайынғы жер үсті даярлығы бағдарламасы модульдік принцип бойынша үш жыл мерзім ішінде Үлгілік бағдарламаның 20-қосымшасында келтірілген әуе кемелері жүйелерін міндетті зерттеумен жасалады, сонымен қатар:

1) ӘК жердегі мұз басуға қарсы өңдеуді қоса алғанда, ӘК нақты түрінде ұшуды орындау ерекшелігін;

2) жаңа борттық жабдықты пайдалану ережелерін (қажет болған жағдайда);

3) эксплуатациялық рәсімдерді қайталауды (SOP);

4) авиациялық техниканың істен шығуы немесе адами фактор себебінен болған ұшу оқиғаларын талдауды;

5) ұшу барысында ұшқыштың әрекет қабілеттілігін жоғалту кезіндегі әрекеттерін;

6) жаңа қабылданған отандық және халықаралық стандарттарды және ережелерді үйренуді міндетті оқыта отырып, тәжірибеге бағытталады.

294. Ұшу экипажы мүшелерінің кәсіби деңгейлерін қолдау бойынша бағдарламалардың қосымша тізімі осы Үлгілік бағдарламалардың 21 қосымшасына сәйкес оқу курстарына арналған Үлгілік бағдарламалардың негізінде жасалады.

295. Ұшу экипажы мүшелерінің кәсіби деңгейлерін қолдау курстарын өту мерзімі осы Үлгілік бағдарламалардың 21-қосымшасында көрсетілген.

296. Кәсіби деңгейлерін қолдау бойынша талаптар күндізгі немесе қашықтықтағы оқытудан әрі қарай сынып аудиториясында дисциплиналар бойынша сынақтарды және емтихандарды (тестілерді) тапсырып өту арқылы қанағаттандырылады.

297. Тиісті шарттар бар болса АА АОО-ның (азаматтық авиация ұйымының) нақты маманды даярлау сапасына міндетті жауапкершілігі болған жағдайда бөтен ұйымдарды оқыту үшін мүмкіндіктерді пайдалануға болады.

298. Кәсіби даярлау курсын аяқтау туралы құжат тыңдаушыларға бекітіліген бағдарламаға сәйкес барлық кезеңдерді бітіргеннен соң беріледі. Даярлықтың бір ғана кезеңін аяқтау туралы құжат жарамсыз болып табылады.

299. ӘК нақты түрінде қайтадан ұшу даярлығынан өтуге қатысты талаптар мына жағдайларда орындалған болып есептеледі:

1) егер уәкілетті ұйым осы мақсат үшін бекіткен ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғылары уәкілетті ұйымның мақсатқа сәйкес деп табылатын дәрежесі деңгейінде қолданылса; немесе

2) ӘК-нің осы түрінде белгілі бір мерзімнен кейін даярлық деңгейін тексеру өткізілген болса.

Ескерту. 299-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

300. Ұшу экипажының әр мүшесі қалыпты, штаттан тыс және апаттық рәсімдерде өзінің құзіреттілігін көрсетіп шығу үшін мерзімді тексеріліп отырады.

301. Кешенді пилотаждық жаттығу құрылғысында жатығу даярлығы бір реттен кем емес орындалады:

1) 6 айда +/– жылына 1 айда 2 рет, жылына жалпы көлемі 16 сағат;

2) 3 айда +/– жылына 1 айда 4 рет, жылына жалпы көлемі 12 сағат.

Барлық басқа жағдайларда жаттығу құрылғыларында даярлау 12 айдан аспайды, егер мерзім 1 айға ұзартылған болса келесі даярлау мерзімі 1 айға қысқартылады.

302. Үш жылдық кезең үшін өткізілетін жаттығу құрылғысындағы даярлық CFIT элементтерін қоса отырып оңтайлы өзара әрекет жасауға жетуге негізгі бағытталуымен,

іс жүзіндегі ұшу жағдайын қоса (LOFT), барлық айрықша және авариялық жағдайлар бойынша әзірленген сценарийлер бойынша және күш құрылғыларының әртүрлі істен шығулары, ұшақты басқару мен қанат механизмі жүйелеріндегі істен шығулар, өрт шыққан кезде әрекеттерді міндетті түрде орындаумен жүргізіледі.

303. Әуе кемелерінің бірнеше типтерінде ұшуды орындайтын ұшу экипажының мүшелері үшін 3 жылдан жиі емес мерзім сайын әуе кемелерінің барлық типтеріндегі жаттығу құрылғысында жаттығудан өтуі міндетті.

304. Әуе кемесінің нақты түріндегі ұшу даярлығына қатысты талаптар орындалған болып саналады, егер:

1) осы мақсат үшін уәкілетті ұйым немесе уәкілетті орган рұқсат еткен ұшу жағдайларын имитациялаудың тренажерлік құрылғысы қолданылса;

2) әуе кемесінің осы түріндегі даярлық деңгейіне белгіленген уақыттан кейін тексеру жүргізілген болса (әуедегі практикалық жұмысты және авариялық жағдайда әрекет ете білуді тексеру).

Ескерту. 304-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

305. Аталған тексерулер уәкілетті ұйымда немесе уәкілетті органда бекітілген (FFS) кешенді жаттығу құрылғысындағы бір тексеру жіберіледі) 120 күннен кем емес аралықта кез-келген кезекті 12 ай ішінде екі рет жүзеге асырылады. FFS тексеру көлемі 2 сағаттан кем емес.

Ескерту. 305-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

306. Ұшу экипажы мүшелерінің біліктілігін тексеру бағдарламасы (type rating) мынадай тәртіпте:

1) тексеру алдында ӘК-де FFS жаттығу құрылғысында жаттығу орындалады, FFS жаттығудың өту мерзімі ұшу кезінде тексеру өткізілгенге дейін 6 айдан немесе 3 айдан аспауы тиіс (пайдаланушының РПП-сына сәйкес);

2) пилоттар мен штурмандар үшін біліктілігін тексеруді пилот-емтихан алушы өткізеді (азаматтық авиация ұйымында штурман-емтихан алушы болатын болса, штурман үшін біліктілігін тексеруді штурман-емтихан алушының өткізуіне рұқсат етіледі), бортрадистті ӘК командирі тексереді, экипаждық ұшу және кабинадағы басқа да мүшелері үшін тексеруді мамандығы бойынша тиісті емтихан алушылар өткізеді;

3) аспаптар бойынша ұшу мен түнгі ұшуға жіберілген ӘК-де біліктілікті тексеру күндізгі және түнгі ұшуларда орындалады. Тексеруді орындау рейстер жағдайында 2 ұшуда (1 күндізгі және 1 түнгі), әуеайлақтық жағдайларда 2 ұшуда (күндіз және түнде 2 кіру немесе тек қана түнде) орындау рұқсат етіледі. Тексерудің жалпы уақыты 1 сағат 30 минуттан кем емес, метеожағдайлар кезінде тексерушінің минимумынан төмен емес;

4) аспаптар бойынша ұшуды және түнгі ұшуды орындауға жіберілмеген ӘК-де біліктілікті тексеру жоғарыда аталған әдістемеге сәйкес, тексерушінің минимумынан төмен емес метеожағдайлар кезінде күндіз орындалады (көрінімді шектеуді көрсетудің қажеттігіне қарай);

5) бір орынды, басқарудың барлық түрі бар, моторлы және моторсыз емес өте жеңіл ӘК-де пилотты басқарушы мен нұсқаушының екі жаққа бірдей көрінетін жерде тұрып тексеруді пилот-нұсқаушы өткізеді (тексерудің жалпы уақыты тексеруді орындауды қамтамасыз ететін метеожағдайлар кезінде, күндіз, 1 сағаттан кем емес, ұшу санын нұсқаушы белгілейді), екі орынды

ӘК-де тексеру кабина ішінде өткізіледі;

6) тексеру түріне байланысты ұшу кітапшасына жазба ресімделеді, біліктілікті тексеру актісі немесе жаттығуға арналған тапсырмаға жазба ресімделеді (қажетіне қарай).

307. Кәсіби деңгейді қолдау курстарында жыл сайынғы теориялық даярлықтан өту кезінде алынған бағалар, авиация персоналының куәліктерінде 12 ай + 1 ай ішінде біліктілік (рейтинг) және айрықша бағалар мерзімін ұзарту үшін жарамды.

308. FI немесе IRI ұшу нұсқаушысының сертификатын дәлелдеу үшін сертификат иесі 3 талаптың мынадай 2-уін орындайды:

1) FI (A) және (H) үшін сертификаттың жарамдылық мерзімінің ішінде FI, TRI, CRI, IRI немесе емтихан алушы ретінде әуе кемесінің тиісті санатында ұшуды оқыту бағдарламасы бойынша 50 сағаттан кем емес орындау.

Егер өтініш берушінің (IR) аспаптар бойынша ұшуға рұқсаттамасы болса, онда ол FI куәлігінің жарамдылық мерзімі өтетін күннің алдындағы соңғы 12 айдың ішінде IR үшін ұшуды оқыту бағдарламасы бойынша 10 сағаттан кем емес ұшуға ие болады;

2) FI (As) үшін дирижабльдерде FI, IRI ретінде немесе емтихан алушы ретінде сертификаттың жарамдылық мерзімі ішінде 20 сағаттан кем емес ұшуға ие болуы.

Егер өтініш берушінің (IR) аспаптар бойынша ұшуға рұқсаттамасы болса, онда ол FI куәлігінің жарамдылық мерзімі өтетін күннің алдындағы соңғы 12 айдың ішінде IR үшін ұшуды оқыту бағдарламасы бойынша 10 сағаттан кем емес ұшуға ие болады;

3) FI (S) үшін сертификаттың жарамдылық мерзімі ішінде FI ретінде немесе емтихан алушы ретінде планерларда ұшуды оқыту бағдарламасы бойынша 30 сағаттан кем емес ұшуға немесе 60 әуелеп ұшуға ие болуы;

4) FI (B) үшін сертификаттың жарамдылық мерзімі ішінде FI ретінде немесе емтихан алушы ретінде әуе шарларында ұшуды оқыту бағдарламасы бойынша 6 сағаттан кем емес ұшуға ие болуы.

Нұсқаушылардың семинар-практикумына FI сертификатының жарамдылық мерзімі ішінде қатысады.

Осы Үлгілік бағдарламалардың 16-тарауының 4, 5 параграфтарының талаптарына сәйкес, FI куәлігінің жарамдылық мерзімі өткен күннің алдындағы 12 ай ішінде ӘК-де немесе жаттығу құрылғысында (кәсіби деңгейді қолдау) құзіреттілік бағасынан өтеді.

5) FI нұсқаушысының сертификатын ұзарту үшін, өтініш беруші ұзартқанға дейін 12 ай ішінде:

Нұсқаушыларға арналған семинарға қатысады;

Осы Үлгілік бағдарламалардың 16-тарауының 4, 5 параграфтарының талаптарына сәйкес, FI куәлігінің жарамдылық мерзімі өткен күннің алдындағы 12 ай ішінде ӘК-де немесе жаттығу құрылғысында (кәсіби деңгейді қолдау) құзіреттілік бағасынан өтеді.

FI, TRI/ SFI, CRI, IR нұсқаушы сертификаты 3 жыл ішінде жарамды.

Ескерту. 308-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

309. Ұшақтың түрі (TRI (A)) бойынша нұсқаушы сертификатын растау үшін өтініш беруші сертификаттың қолданылу мерзімі өткен күннің алдындағы соңғы 12 ай ішінде төмендегі 3 талаптың бірін орындайды:

1) оқу курсының төмендегі бөлімдерінің бірін жүргізеді:

ұзақтығы 3 сағаттан кем емес жаттықтыру құрылғысында дайындық сессиясын немесе кем дегенде 2 ұшуды және қонуды қамтитын ӘК-де

1 сағаттан кем емес бір жаттығу;

2) сертификатталған (танылған) АОО-да (авиациялық оқу орны) TRI ретінде нұсқаушылардың біліктілігін арттыруды алады;

3) осы Үлгілік бағдарламаның 16-тарауы 4, 5 параграфтарының талаптарына сәйкес біліктілігін бағалаудан өтеді.

310. Тікұшақтың (TRI (H)) немесе көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемесінің (TRI (PL)) түрі бойынша нұсқаушы сертификатын растау үшін өтініш беруші TRI сертификатының қолданылу мерзімі ішінде төмендегі 3 талаптың 2-уін орындайды:

1) ұшу даярлығы бағдарламасы бойынша оқу бағдарламасында қарастырылған әуе кемелерінің әрбір түрінде немесе тиісті FSTD жаттықтыру құрылғысының түрінде 50 сағат ұшу уақытының, оның 15 сағаттан кем болмайтыны TRI сертификатының қолданылу мерзімі өтетін күннің алдындағы 12 ай ішінде болуы.

TRI (PL) нұсқаушысы үшін бұл ұшу даярлығының сағаттары TRI не (TRE) түрінде емтихан қабылдаушы немесе SFI пилотаждық жаттықтыру құрылғысы жөнінде нұсқаушы не (SFE) емтихан қабылдаушы ретінде орындалады;

2) сертификатталған (танылған) АОО-ның уәкілетті ұйымында немесе уәкілетті органда TRI ретінде нұсқаушыларды қайта даярлаудан өтеді;

3) осы Үлгілік бағдарламаның 16-тарауы 4, 5 параграфтарының талаптарына сәйкес кәсіби деңгейін қолдау бойынша біліктілігін бағалаудан өтеді.

Ескерту. 310-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

311. Егер TRI (A) түрі бойынша нұсқаушы сертификатының мерзімі өтсе, өтініш беруші :

1) өтінімнің алдындағы соңғы 12 ай ішінде тиісті ұшақ түрінде ұшу және қонуды қамтитын 30 маршруттық секторды орындайды, оның 15 аспайтын ұшу секторы жаттықтыру құрылғысында орындалуы мүмкін;

2) сертификатталған (танылған) АОО-ның уәкілетті ұйымында неме уәкілетті органда TRI курсының тиісті бөлімін аяқтайды;

3) біліктілігін тексеру бағдарламасы бойынша 3 ұшу сағатынан кем болмайтын көлемде қолданылатын ұшақ түрінде TRI (A) қадағалауымен жаттығу жүргізеді.

Ескерту. 311-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

312. Тікұшақтың TRI (H) немесе TRI (PL) (көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемесінің) түрі бойынша нұсқаушы сертификатын ұзарту үшін өтініш беруші ұзартуға дейін 12 ай ішінде:

1) сертификатталған (танылған) АОО-ның уәкілетті ұйымында немесе уәкілетті органда TRI ретінде нұсқаушыларды қайта даярлауды алады, бұл TRI оқу курсының сәйкес элементтерін қамтиды;

2) осы Үлгілік бағдарламаның 15-тарауы 4, 5 параграфтарының талаптарына сәйкес кәсіби деңгейін қолдау бойынша біліктілігін бағалаудан өтеді.

Ескерту. 312-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

313. CRI класы бойынша сертификатын растау үшін өтініш беруші CRI сертификатының қолданылу мерзімі өтетін күннің алдындағы 12 ай ішінде:

1) CRI рөлінде 10 сағаттан кем болмайтын көлемде ұшу дайындығын өткізеді. Егер CRI өтінім берушінің бір моторлы ұшақтарға да, көп моторлы ұшақтарға да рұқсаты болса, 10 сағат ұшу дайындығы бір моторлы және көп моторлы ұшақтар арасында бірдей бөлінеді; немесе

2) сертификатталған (танылған) АОО-ның уәкілетті ұйымында немесе уәкілетті органда CRI ретінде нұсқаушылар бағдарламасы бойынша қайта даярлаудан өтеді, бұл CRI оқу курсының тиісті элементтерін қамтиды;

3) осы Үлгілік бағдарламаның 16-тарауы 4, 5 параграфтарының талаптарына сәйкес көп қозғалтқышты не бір қозғалтқышты ӘК үшін кәсіби деңгейін қолдау бойынша біліктілігін бағалаудан өтеді.

Ескерту. 313-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

314. CRI класы бойынша нұсқаушы сертификатын ұзарту үшін өтініш беруші ұзартуға дейін 12 ай ішінде:

1) сертификатталған (танылған) АОО-ның уәкілетті ұйымында немесе уәкілетті органда CRI ретінде нұсқаушылар бағдарламасы бойынша қайта даярлау алады, бұл CRI оқу курсының тиісті элементтерін қамтиды;

2) осы Үлгілік бағдарламаның 16-тарауы 4, 5 параграфтарының талаптарына сәйкес ӘК-де немесе жаттықтыру құрылғысында (кәсіби деңгейін қолдау) біліктілігін бағалаудан өтеді.

Ескерту. 314-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

315. SFI пилотаждық жаттықтыру құрылғысы жөніндегі нұсқаушы сертификатын растау үшін өтініш беруші SFI қолданылу мерзімі ішінде төмендегі 3 талаптың 2-уін орындайды:

1) нұсқаушы немесе емтихан қабылдаушы ретінде FSTD 50 сағат ұшу уақытының, оның 15 сағаттан кем болмайтыны SFI сертификатының қолданылу мерзімі өтетін күннің алдындағы 12 ай ішінде болуы;

2) сертификатталған (танылған) АОО-ның уәкілетті ұйымында SFI ретінде қайта даярлаудан өтеді;

3) осы Үлгілік бағдарламаның 17-тарауының талаптарына сәйкес кәсіби деңгейін қолдау бойынша біліктілігін бағалаудан өтеді.

Қосымша өтініш беруші әуе кемелерінің нақты түрлеріне біліктілік белгілерін беру үшін FFS біліктілігін тексеру өткізеді.

SFI сертификатын әрбір балама қайта аттестаттау үшін иесі осы тармақтың 3-тармақшасының талаптарын сақтайды.

Ескерту. 315-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

316. SFI пилотаждық жаттықтыру құрылғысы жөніндегі нұсқаушы сертификатын ұзарту үшін өтініш беруші өтініштің алдындағы 12 ай ішінде:

1) SFI жаттықтыру құрылғысында дайындық курсы бойынша қайта даярлау алады;

2) сертификатталған (танылған) АОО-ның уәкілетті ұйымында немесе уәкілетті органда SFI ретінде қайта даярлаудан өтеді;

3) осы Үлгілік бағдарламаның 16-тарауы 4, 5 параграфтарының талаптарына сәйкес жаттықтыру құрылғысында (кәсіби деңгейін қолдау) біліктілігін бағалаудан өтеді.

Ескерту. 316-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19-бөлім. ӘК және оның құрамдас бөліктеріне техникалық қызмет көрсету персоналын, ӘК ұшуға жарамдылығын қолдауға жұмылдырылған персоналды кәсіби даярлаудың үлгілік бағдарламасы

317. ӘК техниалық қызмет көрсету персоналын бастапқы даярлаудың үлгілік бағдарламасы (бұдан әрі осы кіші бөлім шегінде – "Үлгілік бағдарлама") аталған персонал үшін бстапқы даярлаудың ең төменгі көлемін регламенттейді, қажет болған жағдайда және негіздеме бойынша оны ұлғайтады. Пәндердің модульдері мен тақырыбы осы Үлгілік бағдарламаның 21-қосымшасында берілген ("Модульдерді үйлестіру").

Ескерту. 317-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

318. "A", "B1", "B2" және "B3" санатты/қосымша санатты ӘК ТҚ бойынша маманның куәлігін алуға кандидаттар үшін бастапқы даярлау көлемі/теориялық оқу пайызы Үлгілік бағдарламаның 23-қосымшасына сәйкес анықталады.

319. АОО-да оқу кезінде теориялық оқудың практикалық оқуға қатынасы (пропорциясы) осы тармақ кестесінің талаптары шегінде қалады, ал бағдарламаны және оның жеке модульдерін өз бетінше оқу кезінде практикалық оқудың ұзақтығына талап қойылмайды.

320. "A", "B1", "B2" және "B3" санатты/қосымша санатты ӘК ТҚ маманы куәлігін алуға кандидаттарға бастапқы даярлау бағдарламасын (модульдерін) одан кейін емтихан алуға құқығы бар уәкілетті ұйымда немесе АОО-да емтихан тапсыра отырып, өз бетінше игеруге болады.

Ескерту. 320-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

321. ӘК ТҚ жөніндегі маман куәлігінің бір санаты/қосымша санатынан екіншісіне ауысқан кезде, маман:

1) АОО-да дайындықтан өтеді немесе куәліктің сұратылған санаты/қосымша санатына арналған бағдарлама модульдерін осы Үлгілік бағдарламаның 22-қосымшасына сәйкес осы санат/қосымша санат үшін міндетті модулі шегінде деңгей айырмашылығының көлемін, сонымен қоса куәліктің өзі үміттенген санатында жеткіліксіз модульдерді өз бетінше оқиды, содан кейін емтихан тапсырады; және

2) "Авиация персоналы куәлігін беру және мерзімін ұзарту қағидаларының" талаптарында берілген ӘК ТҚ практикалық тәжірибесін алады және дәлелдейді, ал

оның алу талаптары "Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі мамандарға қойылатын біліктілік талаптары" арқылы алады.

322. Пәндердің оқу ұзақтығы белгіленген осы Ережелердің келесі тармағындағы модульдерден басқа, АОО әрбір модуль шегінде, оқу ұзақтығын анықтайды және пәндерді белгілейді.

323. Кейбір модульдер үшін оқыту ұзақтығы келесі талаптармен анықталады:

1) "10RK модулі. Қазақстандық және халықаралық авиациялық заңнама" / "Module 10 RK. Kazakhstan and International Aviation Legislation" – 4 күн (21 сағат) /емтиханмен

2) "9-модуль. ӘК-ге техникалық қызмет көрсетуге қарай адамның мүмкіндіктері" / " Module 9. Human Factors" – 2 күн (12 сағат) / емтиханмен.

324. Осы Үлгілік бағдарламада ӘК ТҚ жөніндегі маман куәлігін алуға кандидаттың біліктілік деңгейі және осындай куәлікке біліктілік белгісін енгізу үшін ӘК ТҚ жөніндегі маманның куәлігі иегерінің біліктілік деңгейі анықталады.

325. Осы Үлгілік бағдарламада ӘК ТҚ жөніндегі маманды бастапқы даярлау үшін оқытудың басқа түрлеріне арналған оқу бағдарламасын әзірлеуде өзгертілмейтін модульдік қағидат ұсынылады.

Ескерту. 325-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

326. Осы Үлгілік бағдарламада "A", "B1", "B2" санатты /қосымша санатты ӘК ТҚ жөніндегі маман куәлігін алуға кандидаттар үшін практикалық оқыту болып табылатын осы Үлгілік бағдарламаның 24-қосымшасында баяндалған базалық дағдылардың (" Basic Skills) сипаттамасы келтіріледі.

327. Осы Үлгілік бағдарламаның 25-қосымшасында "Бастапқы даярлау емтихандарының стандарты" баяндалған.

328. Осы Үлгілік бағдарламада "A", "B1", "B2" және "B3" санатты (қосымша санат) авиациялық қызметкерлердің куәлігін алу мақсатында бастапқы дайындауды аяқтағаннан кейін оқушы сәйкес келуі тиіс базалық білім (индикатор) немесе осындай куәлікке "B1", "B2", "B3", "C" санатты біліктілік белгісі бар білім деңгейімен белгіленеді (1,2 және 3). ӘК түріне оқыту кезінде білім деңгейін анықтау кезінде, сонымен бірге "A" санатты механик міндеттерін орындауға оқыту кезіндегі теориялық бөлімінде осы Үлгілік бағдарламаның 26-қосымшасында "ӘК түрі бойынша оқыту деңгейі" анықталған, ал бастапқы даярлау үшін – осы Үлгілік бағдарламаның 329-тармақ қолданылады.

329. Бастапқы даярлаудың базалық білім индикаторы сәйкес белгілері және мақсаттарымен ажыратылады:

1) 1-деңгей – оқу пәнінің негізгі элементтерімен танысу, бұл жағдайда кандидат:

оқу пәнінің базалық элементтерімен танысуы тиіс;

жалпы сөздер мен мысалдарды қолдана отырып, оқу пәніне қарапайым сипаттама бере алады;

оқу пәніне тән терминдерді пайдалана алады;

2) 2-деңгей – оқу пәнінің теориялық және практикалық аспектілері бойынша жалпы білімі және осы білімін қолдана алу қабілеті, бұл жағдайда кандидат:

оқу пәнінің теориялық негіздерін түсіне алуы тиіс;

қолданылатын оқу пәніне мысал келтіре отырып, жалпы сипаттама бере алуы тиіс;

оқу пәнін сипаттау кезінде математикалық формулаларды физикалық заңдармен байланыстыра отырып, қолдану;

оқу пәнін сипаттау кезінде эскиз, суреттерді және сызбаларды оқып, түсіне алуы тиіс;

егжей-тегжейлі процедураларды пайдалана отырып, өз білімін тәжірибеде қолдана алуы тиіс;

3) 3-деңгей – оқу пәнінің теориялық және практикалық аспектілері бойынша білімін тереңдету және білімінің жеке элементтерін логикалық және жан-жақты үлгіде біріктіріп, қолдану, бұл жағдайда кандидат:

оқу пәнінің теориясын және басқа пәндермен байланысын білуі тиіс;

теориялық негіздерді және өзіндік мысалдарды қолдана отырып, оқу пәнін егжей-тегжейлі сипаттай алуы тиіс;

оқу пәніне қатысты математикалық формулаларды түсініп, қолдана алуы тиіс;

оқу пәнін сипаттайтын эскиз, қарапайым суреттерді және сызбаларды оқып, түсініп, дайындай алады;

өндірушінің нұсқаулығын қолдана отырып, өз білімін тәжірибеде қолдана алады;

түрлі дереккөзден және өлшем түрінен алған өз әрекетінің нәтижесін түсініп, қажетінше өз әрекетін түзете алады.

330. Әуе кемелерінің ұшу жарамдылығын қолдаумен айналысатын авиация қызметкерлерін оқыту және емтихан алу стандарттары осы Үлгілік бағдарламаның тиісті қосымшаларында берілген және оған төмендегілер кіреді:

1) "Бастапқы даярлау емтиханының стандарты" осы Үлгілік бағдарламаның 25-қосымшасында берілген;

2) "ӘК түріне оқыту, емтихан жүргізу – тәжірибелік тағылымдамадан өту" осы " Үлгілік бағдарламаның" 26-қосымшасында берілген;

3) Әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығын қолдаумен айналысатын авиация персоналын "Қайта дайындау және кәсіптік деңгейін қолдау курстарының стандарты" 27-қосымшада берілген.

331. ӘК-нің ұшуға жарамдылығын қолдау жөніндегі персоналға арналған курс бағдарламасы осы Үлгілік бағдарламаның тиісті қосымшаларында берілген және оған төмендегілер кіреді:

1) "Отын бактары қауіпсіздігі / CDCCL - 1 және 2-фазалар / Fuel Tank Safety / CDCCL – Phases 1 and 2" осы Үлгілік бағдарламаның 28-қосымшасына сәйкес;

2) "Электр сымдары және электрлік қосылыстар жүйесі – EWIS" / "Electrical Wiring Interconnection System, EWIS" осы Үлгілік бағдарламаның 29-қосымшасына сәйкес;

3) "Адамның ӘК-ге техникалық қызмет көрсетуге қатысты мүмкіндіктері – бастапқы дайындық" / "Initial Human Factors" – осы Үлгілік бағдарламаның 30-қосымшасына сәйкес;

4) "ETOPS ережелері бойынша ұшуларды орындайтын ӘК-ні техникалық пайдалану" / "ETOPS maintenance" осы Үлгілік бағдарламаның 31-қосымшасына;

5) "Шетелдік ӘК қауіпсіздігін бағалау (SAFA)" / "Safety Assessment of Foreign Aircraft, SAFA" осы Үлгілік бағдарламаның 32-қосымшасына сәйкес;

6) "ӘК-ге сервистік қызмет көрсету міндеттеріне оқыту" / "ACFT Service Tasks Training" осы Үлгілік бағдарламаның 33-қосымшасына сәйкес;

7) "А" санатты куәлік иегеріне орындауға анықталған міндеттерді практикалық орындауға оқыту" / "Cat A Tasks Training" осы Үлгілік бағдарламаның 34-қосымшасына сәйкес;

8) "Адамның ӘК-ге техникалық қызмет көрсетуге қатысты мүмкіндіктері – кәсіптік деңгейді қолдау" / "Human Factors – Continuation Training" осы Үлгілік бағдарламаның 35-қосымшасына сәйкес;

9) "Авиациялық заңнама – кәсіптік деңгейді қолдау" / "Aviation Legislation – Continuation Training" осы Үлгілік бағдарламаның 36-қосымшасына сәйкес;

10) "Отын багының қауіпсіздігі / CDCCL – кәсіптік деңгейді қолдау" / "Fuel Tank Safety / CDCCL Continuation Training" осы Үлгілік бағдарламаның 37-қосымшасына сәйкес;

11) "ӘК-ге ТҚ және Ж жөніндегі ұйымдардың аудиті кезінде анықталған ӘК-ге ТҚ және Ж-дегі қателер, ескертулер, ӘК-ге ТҚ және Ж-ге қатысты авиациялық оқиғалар мен жағдайлар материалдары және оларда жасалған ұсыныстар" осы Үлгілік бағдарламаның 38-қосымшасына сәйкес;

12) "Электр сымдары және электрлік қосылыстар жүйесі (EWIS) – кәсіптік деңгейді қолдау" / "Electrical Wiring Interconnection System (EWIS) – Continuation Training" осы Үлгілік бағдарламаның 39-қосымшасына сәйкес;

13) "ӘК-мен (XXXXX –ӘК түрі көрсетіледі) қозғалтқыштармен (YYYYY – қозғалтқыш түрі көрсетіледі) жалпы танысу курсы" / "General Aircraft Familiarization Course XXXXX (YYYYY)" осы Үлгілік бағдарламаның 40-қосымшасына сәйкес;

14) "ӘК-ге сервистік қызмет және/немесе техникалық қызмет көрсететін мамандардың, сондай-ақ ӘК ұшуға жарамдылығын қолдайтын персоналдың кәсіби деңгейін қолдау / Continuation Training for Servesing, Maintenance and Continuing Airworthiness Staff" осы Үлгілік бағдарламаның 41-қосымшасына сәйкес;

15) "ӘК ТҚ мамандарының кәсіби деңгейін қолдау курстарының минималды тізбесі және олардың алғашқы даярлау курстарының тізбесі" осы Үлгілік бағдарламаның 42-қосымшасына сәйкес;

16) "АТЖ және ТКЖ ұйымының персоналы мен ӘК ұшу жарамдылығына қолдау көрсету персоналы біліктілігінің үлгілік бағдарламасы" осы Үлгілік бағдарламаның 43-қосымшасына сәйкес;

17) "Авиациялық ішкі аудитор / Aviation Internal Auditor" осы Үлгілік бағдарламаның 44-қосымшасына сәйкес;

18) "B1 санатындағы персонал үшін ТВ2-117 қозғалтқыштары бар МИ-8Т; ТВ3-117ВМ қозғалтқыштары бар МИ-8МТВ-1 (Ми-172) ӘК бойынша оқыту бағдарламасы" осы Үлгілік бағдарламаның 45-қосымшасына сәйкес;

19) "B1 санатындағы персонал үшін ТВ2-117 қозғалтқыштары бар Ми-8Т; ТВ3-117ВМ қозғалтқыштары бар Ми-8МТВ-1 (Ми-172) ӘК-де жүргізілетін тәжірибелік тағылымдама бағдарламасы" осы Үлгілік бағдарламаның 46-қосымшасына сәйкес;

20) "B2 санатындағы персонал үшін ТВ2-117 қозғалтқыштары бар МИ-8Т; ТВ3-117ВМ қозғалтқыштары бар МИ-8МТВ-1 (Ми-172) ӘК бойынша оқыту бағдарламасы" осы Үлгілік бағдарламаның 47-қосымшасына сәйкес;

21) "B2 санатындағы персонал үшін ТВ2-117 қозғалтқыштары бар МИ-8Т; ТВ3-117ВМ қозғалтқыштары бар Ми-8МТВ-1 (Ми-172) ӘК-де жүргізілетін тәжірибелік тағылымдама бағдарламасы" осы Үлгілік бағдарламаның 48-қосымшасына сәйкес;

22) "B1 санатындағы персонал үшін ГТД-350 қозғалтқышы бар МИ-2 ӘК бойынша оқыту бағдарламасы" осы Үлгілік бағдарламаның 49-қосымшасына сәйкес;

23) "B1 санатындағы персонал үшін ГТД-350 қозғалтқышы бар МИ-2 ӘК-де жүргізілетін тәжірибелік тағылымдама бағдарламасы" осы Үлгілік бағдарламаның 50-қосымшасына сәйкес;

24) B2 санатындағы персонал үшін ГТД-350 қозғалтқышы бар МИ-2 ӘК бойынша оқыту бағдарламасы" осы Үлгілік бағдарламаның 51-қосымшасына сәйкес;

25) "B2 санатындағы персонал үшін ГТД-350 қозғалтқышы бар МИ-2 ӘК-де жүргізілетін тәжірибелік тағылымдама бағдарламасы осы Үлгілік бағдарламаның 52-қосымшасына сәйкес";

26) "B1 санатындағы персонал үшін ТВ3-117ВМА қозғалтқыштары бар КА-32А11ВС ӘК бойынша оқыту бағдарламасы осы Үлгілік бағдарламаның 53-қосымшасына сәйкес";

27) "B1 санатындағы персонал үшін ТВ3-117ВМА қозғалтқыштары бар КА-32А11ВС ӘК-де жүргізілетін тәжірибелік тағылымдама бағдарламасы осы Үлгілік бағдарламаның 54-қосымшасына сәйкес";

28) "B2 санатындағы персонал үшін ТВ3-117ВМА қозғалтқыштары бар КА-32А11ВС ӘК бойынша оқыту бағдарламасы" осы Үлгілік бағдарламаның 55-қосымшасына сәйкес;

29) "B2 санатындағы КА-32А11ВС ӘК-де жүргізілетін тәжірибелік тағылымдама бағдарламасы осы Үлгілік бағдарламаның 56-қосымшасына сәйкес;

30) "B1 санатындағы персонал үшін ТВ2-117 қозғалтқыштары бар МИ-8Т; ТВ3-117ВМ қозғалтқыштары бар Ми-171; ТВ3-117ВМ қозғалтқыштары бар Ми-171Е ӘК бойынша оқыту бағдарламасы осы Үлгілік бағдарламаның 57-қосымшасына сәйкес;

31) "B1 санатындағы персонал үшін ТВ2-117 қозғалтқыштары бар МИ-8Т; ТВ3-117ВМ қозғалтқыштары бар Ми-171; ТВ3-117ВМ қозғалтқыштары бар Ми-171Е ӘК-де жүргізілетін тәжірибелік тағылымдама бағдарламасы" осы Үлгілік бағдарламаның 58-қосымшасына сәйкес;

32) "B2 санатындағы персонал үшін ТВ2-117 қозғалтқыштары бар МИ-8Т; ТВ3-117ВМ қозғалтқыштары бар Ми-171; ТВ3-117ВМ қозғалтқыштары бар МИ-171Е ӘК бойынша оқыту бағдарламасы" осы Үлгілік бағдарламаның 59-қосымшасына сәйкес;

33) "B2 санатындағы персонал үшін ТВ2-117 қозғалтқыштары бар МИ-8Т; ТВ3-117ВМ қозғалтқыштары бар МИ-171; ТВ3-117ВМ қозғалтқыштары бар МИ-171Е ӘК-де жүргізілетін тәжірибелік тағылымдама бағдарламасы" осы Үлгілік бағдарламаның 60-қосымшасына сәйкес;

34) "B1 санатындағы персонал үшін Д-136 қозғалтқыштары бар МИ-26Т ӘК бойынша оқыту бағдарламасы" осы Үлгілік бағдарламаның 61-қосымшасына сәйкес;

35) "B1 санатындағы персонал үшін Д-136 қозғалтқыштары бар МИ-26Т ӘК-де жүргізілетін тәжірибелік тағылымдама бағдарламасы" осы Үлгілік бағдарламаның 62-қосымшасына сәйкес;

36) "B2 санатындағы персонал үшін Д-136 қозғалтқыштары бар МИ-26Т ӘК бойынша оқыту бағдарламасы" осы Үлгілік бағдарламаның 63-қосымшасына сәйкес;

37) "B2 санатындағы персонал үшін Д-136 қозғалтқыштары бар МИ-26Т ӘК-де жүргізілетін тәжірибелік тағылымдама бағдарламасы" осы Үлгілік бағдарламаның 64-қосымшасына сәйкес;

38) "B1 және B3 санаттарындағы персонал үшін АШ-62ир қозғалтқышы бар АН-2 ӘК бойынша оқыту бағдарламасы" осы Үлгілік бағдарламаның 65-қосымшасына сәйкес;

39) "B1 және B3 санаттарындағы персонал үшін АШ-62ир қозғалтқышы бар АН-2 ӘК-де жүргізілетін тәжірибелік тағылымдама бағдарламасы" осы Үлгілік бағдарламаның 66-қосымшасына сәйкес;

40) "B2 санатындағы персонал үшін АШ-62ир қозғалтқышы бар АН-2 ӘК бойынша оқыту бағдарламасы" осы Үлгілік бағдарламаның 67-қосымшасына сәйкес;

41) "B2 санатындағы персонал үшін АШ-62ир қозғалтқышы бар АН-2 ӘК-де жүргізілетін тәжірибелік тағылымдама бағдарламасы" осы Үлгілік бағдарламаның 68-қосымшасына сәйкес;

42) "B1 санатындағы персонал үшін АИ-24 қозғалтқышы бар АН-24 / АН-26 ӘК бойынша оқыту бағдарламасы" осы Үлгілік бағдарламаның 69-қосымшасына сәйкес;

43) "B1 санатындағы персонал үшін АИ-24 қозғалтқышы бар АН-24 / АН-26 ӘК-де жүргізілетін тәжірибелік тағылымдама бағдарламасы" осы Үлгілік бағдарламаның 70-қосымшасына сәйкес;

44) "B2 санатындағы персонал үшін АИ-24 қозғалтқышы бар АН-24 / Ан-26 ӘК бойынша оқыту бағдарламасы" осы Үлгілік бағдарламаның 71-қосымшасына сәйкес;

45) "B2 санатындағы персонал үшін АИ-24 қозғалтқышы бар АН-24 / АН-26 ӘК-де жүргізілетін тәжірибелік тағылымдама бағдарламасы" осы Үлгілік бағдарламаның 72-қосымшасына сәйкес;

46) "B1 санатындағы персонал үшін М-601Е қозғалтқышы бар Л-410 УВП-Э ӘК бойынша оқыту бағдарламасы" осы Үлгілік бағдарламаның 73-қосымшасына сәйкес;

47) "B1 санатындағы персонал үшін М-601Е қозғалтқыштары бар Л-410 УВП-Э ӘК-де жүргізілетін тәжірибелік тағылымдама бағдарламасы" осы Үлгілік бағдарламаның 74-қосымшасына сәйкес;

48) "B2 санатындағы персонал үшін М-601Е қозғалтқыштары бар Л-410 УВП-Э ӘК бойынша оқыту бағдарламасы" осы Үлгілік бағдарламаның 75-қосымшасына сәйкес;

49) "B2 санатындағы персонал үшін М-601Е қозғалтқыштары бар Л-410 УВП-Э ӘК-де жүргізілетін тәжірибелік тағылымдама бағдарламасы" осы Үлгілік бағдарламаның 76-қосымшасына сәйкес.

332. Бастапқы дайындықты немесе ӘК түріне оқуды аяқтағаннан кейін, тиісті емтихандарды тапсырғаннан кейін және, қажет болған жағдайда, бағалаудан кейін, оқушыға әрбір игерген модуль немесе ӘК түріне / қозғалтқышқа "Recognition Cerificate"бағалау сертификаты беріледі, және де игерген ӘК түрі және қозғалтқышы бойынша сертификаттағы жазба қабылданған халықаралық қысқартуларға сәйкес келеді. "A", "B1", "B2", "B3" санаттары бойынша бастапқы дайындық бағдарламасын игеру нәтижесі бойынша сертификатта емтихан арқылы маманның игерген модульдерін көрсете отырып, бірыңғай сертификатты беруге рұқсат етіледі.

333. Осы үлгі бағдарламасының 338-тармақтың анықтауына жатпайтын курстарды аяқтағаннан кейін қатысушыға мынадай сертификат беріледі:

1) егер курс емтихан тапсыруды қарастыратын болса, сонымен қоса практикалық тағылымдамадан өту қорытындысы бойынша (On the Job Training) оны беру уәкілетті ұйыммен келісілетін "Certificate of Completion" курсын аяқтағаны туралы сертификат. Практикалық тағылымдамадан өту қорытындысы жөніндегі (On the Job Training) уәклетті ұйыммен келісіліп берілетін балама сертификатқа практикалық тағылымдамада меңгерілген міндеттер бойынша жазба және бағалаушының біліктілік, тағайындалған бағасы жөніндегі жазба болып табылады.

2) егер курс емтихан тапсыруды қарастырмайтын болса, "Cerificate of Attendance" қатысқаны туралы сертификат беріледі.

Ескерту. 333-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

334. Емтиханды әрбір қайта тапсырудан кейін өту балынан асатын нәтижеге қарамастан аталған курс үшін анықталған ең аз өту балының (мысалы "75%") нәтижесі сертификатта жазылады.

335. ӘК ТҚ жөніндегі персоналды кәсібидаярлау түрлерін жіктеу осы Үлгілік бағдарламаның 77-қосымшасында көрсетілген.

336. Оқушылардың білімін емтихан арқылы тексеру кезінде олардың емтиханда ақпарат көздері мен әдебиетті қолдану бөлігінде осы Үлгілік бағдарламаның 78-қосымшасында көрсетілген қағидаттар қолданылады.

337. 9А және 10RK бағдарлама модульдері ӘК сервистік қызмет көрсетуші механиктерге, "А", "В1", "В2", "В3", "С" санатты ӘК ТҚК бойынша куәлік иелеріне немесе куәлікке иелік етуге үміткер мамандарға қолданылады, атап айтқанда:

1) ТҚ және ТКЖ ұйымдастыру жөніндегі басшылық құрам және персонал;

2) ӘК ұшу жарамдылығын қолдаумен айналысатын персонал;

3) ӘК ТҚК айналысатын авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін анықтауға құқылы жеке тұлғалар;

4) "А", "В1", "В2", "В3" және "С" санатты мамандарды кәсібидаярлаумен айналысатын қызметкерлер, оның ішінде ӘК сервистік қызмет көрсету бойынша механиктер және ӘК ТҚК ұйымдастыру қызметкерлерін оқытумен айналысатын қызметкерлер.

338. 9В және 10RK бағдарлама модульдері "В3" санатты ӘК ТҚК бойынша куәлігі бар немесе куәлікке иелік етуге үміткер мамандарға (кестеде "басқа қызметкер" деп белгіленген) қолданылады, соның ішінде:

1) жеңіл және аса жеңіл авиация ӘК ТҚ және ТКЖ ұйымдастыру бойынша басқарушы құрам және персонал;

2) жеңіл және аса жеңіл авиация ӘК ұшу жарамдылығын қолдаумен айналысатын персонал;

3) жеңіл және аса жеңіл авиация ӘК ТҚК айналысатын авиациялық қызметкердің біліктілік деңгейін анықтауға құқылы жеке тұлғалар;

4) "В3"" санатты жеңіл және аса жеңіл авиацияды ӘК ТҚК және ТКЖ бойынша куәлік иесі немесе куәлікке иелік етуге үміткер мамандарды оқыту мен емтихан қабылдаумен айналысатын персонал.

339. "Практикалық элемент", "практикалық оқыту", "практикалық даярлық" терминдерінің мағынасы тең дәрежеде, алайда төмендегі ескеру қажет:

1) "Практикалық элемент" термині бастапқы даярлықта оқыту бөліктерінің белгілерінде, сол сияқты ӘК түріне оқытуда қолданылады;

2) "Практикалық даярлық" немесе "Практикалық оқыту" – оқытылушыға ӘК немесе оның компоненттерінде операциялар немесе нақты міндеттемелерді орындауды үйретуге дағдыландыруды қарастыратын оқу түрі. Практикалық тағылымдама (On the Job Training) практикалық даярлық немесе практикалық оқыту түрі ретінде қарастырылады, жаңа "Rating" бағанына 1 жазба жазуға қажетті ӘК ТҚК бойынша маман куәлігі санатына жататын ауыр ӘК ТҚК көрсетуші мамандарға қатысты және ол ӘК ТҚК нақты жағдайында жүргізіледі. (Task Training) практикалық даярлық немесе практикалық оқыту "А" санатты ӘК сервистік қызмет көрсетуші механикке, зертханалар мен шеберханаларда ӘК компонентеріне қызмет көрсетуші мамандарға міндеттемелерді орындауға үйрету кезінде, сол сияқты супервайзерлер немесе нұсқаушыларға операциялар мен міндеттемелерді оқыту барысында дағдыландыру үшін қарастырылған;

3) осы Үлгілік бағдарламаның 24-қосымшасына сәйкес базалық дағдылар ("Basic Skills) бірыңғай оқу бағдарламасында практикалық сабақтар болып табылады және "А", "В1", "В2" санатына қызмет көрсету бойынша мамандарға міндетті болып табылатын тастапқы оқытудың бөлігі болып табылады.

20-бөлім. Әуе қозғалысына қызмет көрсету жөніндегі персоналды, аэронавигациялық ақпарат қызметінің маманын, әуе кеңістігінің дизайны/ұшу процедуралары және және картография саласындағы маманды, маманды кәсіби даярлаудың үлгілік бағдарламасы

1-параграф. Жалпы ереже

340. Осы Әуе қозғалысына қызмет көрсету жөніндегі персоналды, аэронавигациялық ақпарат қызметінің маманын, әуе кеңістігінің дизайны/ұшу процедуралары және және картография саласындағы маманды, маманды кәсіби даярлаудың үлгілік бағдарламасы кәсібидаярлау және дербес жұмысқа жіберу қағидаттарын, тәртібін, минималды көлемін жіберуді анықтайды:

1) әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерлері, диспетчер-нұсқаушылар, жаттығу құрылғысының нұсқаушылары, ұшу басшылары (ауысымның аға диспетчерлері) (бұдан әрі – ӘҚҚ);

2) ұшу ақпараты орталықтары немесе әуеайлақтық ұшу-ақпарттық қызмет көрсету органдары үшін ұшу-ақпараттық қызмет көрсету (ҰАҚ) мамандары;

3) әуе қозғалысын жоспарлау, бақылау және үйлестіру бойынша диспетчерлер (бұдан әрі – ӘҚЖ);

4) Брифинг диспетчерлері (бұдан әрі – Брифинг);

5) ӘҚҚ емтихан алушылары;

6) аэронавигациялық ақпаратты қамтамасыз (бұдан әрі – АНА) ету жөніндегі маман (аэронавигациялық ақпарат қызметінің мамандары, әуе кеңістігінің дизайны/ұшу процедуралары және картография саласындағы маман, маман).

341. Әуе қозғалысын ұйымдастыру (бұдан әрі – ӘҚҰ) және қызмет көрсету жөніндегі мамандарды кәсіби даярлау қызметтік міндеттерін орындау кезін қажетті біліктілік талаптарына сәйкес келуді қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі, кәсіби даярлау процесіне даярлау және бағалауңдың біліктілік жүйесін енгізу кезінде ИКАО 9868 PANS-TRG және 10056 құжаттарының ұсыныстары қолданылады.

342. Бастапқы даярлық тиісті санатты мамандардың алғашқы біліктілік білімдерін, дағдыларын алуды, сол сияқты біліктілік талаптарына сай болуын дамытуды қамтамасыз етеді.

343. Мамандарды қайта даярлау жұмыс сипаты мен жағдайы, мамандықтың жүйе конструкциясы, мамандық, жұмыс профилі (жаңғырту немесе ауыстыру) өзгерген жағдайда, сол сияқты біліктілік белгілерін алу үшін жүргізіледі.

344. Мамандардың кәсібидеңгейін қолдау ұжымдық жұмыстарды қоса алғандағы білімі мен бейімділіктерін қайта қарау, пысықтау, кеңейту жүйелер мен жабдықтардағы өзгерістермен таныстыру, жаңа процедуралар мен тәжірибелерді үйрету, апаттық, қауіпті және штаттан тыс жағдайлардағы әрекеттерге үйрету, сол сияқты жұмыстан 6 айдан аса уақытқа қол үзген жағдайда кәсібидағдысын қалпына келтіруді қамтамасыз етеді.

345. Ағылшын тілі саласындағы элементтер нақты диспетчерлік пункт мамандарын даярлау қажеттілігіне байланысты кәсібидаярлау бағдарламаларына қосымша енгізіледі
.

346. Ағылшын тілі саласындағы бағдарламалар тыңдаушыларға олардың өздігінше білімдері мен дағдыларын ИКАО шкалалары бойынша жұмыс деңгейінде қалыптастыруды қамтамасыз етуі тиіс:

1) жалпы, нақты және жұмысқа қатысты сұрақтарға екі ұшты емес нақты жауап бере алу;

2) хабарлама алмасуда түсінбеушілікті тану және жою үшін барлық байланыс әдістерін пайдалану (мысалы, ақпаратты тексеру, растау немесе анықтау арқылы);

3) штаттық жұмыс жағдайында немесе белгілі байланыс міндеттемелерін орындау барысында жағдайдың қиындауы немесе болжанбаған өзгерістер орын алғанда лингвистикалық мәселелерді оңтайлы және барынша жеңіл шешу;

4) авиация қауымдастығына түсінікті диалект немесе акцентті қолдану.

2-параграф. ӘҚҚ, ҰАҚ, ӘҚЖ және Брифинг мамандарын бастапқы даярлау және қайта даярлау

347. ӘҚҚ, ӘҚЖ және Брифинг мамандарын бастапқы даярлау келесі кезеңдерден тұрады:

1) теориялық даярлық;

2) жаттығу құрылғысында даярлық;

3) практикалық даярлық.

348.Теориялық даярлық келесі негізгі оқыту нысандары арқылы жүзеге асырылады:

1) күндізгі стационарлық (кешенді, типтік);

2) модульдік;

3) сырттай;

4) қашықтан;

5) құрамдас.

Ескерту. 348-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

349.Жаттығу құрылғысында даярлық келесі негізгі оқыту нысандары арқылы жүзеге асырылады:

1) күндізгі стационарлық (кешенді, типтік);

2) модульдік.

Ескерту. 349-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

350. Бастапқы даярлау бағдарламасы мынадай өлшемшарттарға сәйкес:

1) ұшу құрамындағы адамдардан ӘҚҚ диспетчерлерін бастапқы даярлау кезінде жалпы даярлық көлемі осы Үлгілік бағдарламаларға 79-қосымшаға сәйкес кемінде 360 оқу сағатын құрайды;

2) авиациялық білімі жоқ адамдардан ӘҚҚ диспетчерлерін бастапқы даярлау кезінде жалпы даярлық көлемі осы Үлгілік бағдарламаларға 79-қосымшаға сәйкес кемінде 600 оқу сағатын құрайды;

3) ӘҚҚ диспетчерлерін бастапқы даярлау барлық біліктілік белгілері бойынша базалық даярлық пен даярлықты қамтитын кешенді бағдарлама бойынша, сондай-ақ әрбір біліктілік белгісі бойынша базалық даярлық пен даярлықты бөлуге мүмкіндік беретін модульдік бағдарлама бойынша жүргізіледі;

4) ӘҚЖ мамандарын бастапқы даярлау кезінде немесе ұшу құрамындағы адамдардан Брифинг, жалпы даярлық көлемі осы Үлгілік бағдармаларға 79-1-қосымшаға сәйкес диспетчерлердің кәсіби деңгейін қолдау бағдарламасы үшін Брифингке және/немесе ӘҚЖ-ге келтірілген дайындық бағыттарына сәйкес кемінде 80 оқу сағатын құрайды.

5) ӘҚҚ мамандарын бастапқы даярлау кезінде немесе ӘҚҚ диспетчері, ӘҚА маманы, АОО-да немесе авиациялық оқу орнында ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкер немесе ұшу диспетчері ретінде даярлаудан өткен адамдардан Брифинг, даярлаудың жалпы көлемі диспетчерлердің кәсіби деңгейін қолдау бағдарламасы үшін келтірілген даярлау бағыттары бойынша кемінде 36 оқу сағатын құрайды Брифинг және / немесе ЖҚҚ осы Үлгілік бағдарламаларға 79-1-қосымшаға сәйкес.

6) авиация персоналының басқа санаттарына жататын тұлғалардан ӘҚЖ мамандарын немесе брифингті бастапқы даярлау кезінде даярлаудың жалпы көлемі осы Үлгілік бағдарламаларға 79-1-қосымшаға сәйкес диспетчерлердің кәсіби деңгейін қолдау бағдарламасы үшін келтірілген дайындық бағыттары бойынша кемінде 160 оқу сағатын құрайды.

7) ӘҚЖ мамандарын бастапқы даярлау кезінде, немесе авиациялық білімі жоқ адамдардан Брифинг, даярлаудың жалпы көлемі осы Үлгілік бағдарламаларға 79-1-қосымшаға сәйкес диспетчерлердің кәсіби деңгейін қолдау бағдарламасы үшін келтірілген дайындық бағыттары бойынша кемінде 320 оқу сағатын құрайды.

8) ұшу құрамындағы адамдардан ПИО мамандарын бастапқы даярлау кезінде жалпы даярлау көлемі осы Үлгілік бағдарламаларға 79-қосымшаға сәйкес кемінде 60 оқу сағатын құрайды;

Бұл ретте ӘҚҚ диспетчерлері ретінде даярлаудан өткен адамдардан АНА мамандарын бастапқы даярлаудан өту талап етілмейді;

9) авиация персоналының басқа санаттарына жататын адамдардан АНА мамандарын бастапқы даярлау кезінде жалпы даярлық көлемі осы Үлгілік бағдарламаларға 79-қосымшаға сәйкес кемінде 160 оқу сағатын құрайды;

10) ӘҚҚ диспетчерлерін бастапқы даярлау кезінде тренажерлік даярлық көлемі осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында белгіленген жалпы көлемінен кемінде 240 оқу сағатын құрайды;

11) бастапқы даярлау кезінде ӘҚҚ диспетчерлердің практикалық даярлауында іске асырылатын тренажерлік даярлық көлемі болып табылады;

12) жұмыс орнындағы тағылымдама бастапқы даярлау аяқталғаннан кейін жүргізіледі, тағылымдамалардың ең аз көлемі осы Үлгілік бағдарламаларға 80-қосымшада келтірілген және үміткердің (тағылымдамадан өтушінің) кәсіби қызметін жүзеге асыру көзделетін ұшу ақпараты орталығының немесе әуеайлақтық ұшу-ақпараттық қызмет көрсету органының диспетчерлік пунктімен (жұмыс орнымен) не жұмыс орнымен, сондай-ақ тағылымдамашының осы бағдарламаны игеру қабілетімен айқындалады қызмет түрі;

13) Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы нормативтік-құқықтық актілерімен айқындалынатын ӘҚҚ, ӘҚЖ персоналын кәсіптік даярлауға жаңа және қосымша талаптар мен Брифингті енгізу кезінде оларды кәсіптік даярлау бағдарламаларында іске асыру міндетті болып табылады, ал оқу жоспарының жалпы саны түзетіледі

14) оқу процесін қамтамасыз ететін көмекші мамандарды қоспағанда ӘҚҚ диспетчерлерінің кәсіби даярлығына байланысты рәсімдерге қатысатын персоналдың тиісті білімі бар: авиациялық және/немесе кәсіби даярлығы, немесе тиісті кәсіби

даярлығы, сондай-ақ кемінде 2 жыл меңгерген мамандығы бойынша азаматтық авиация ұйымдарында (пайдалану кәсіпорындарында) пайдалану тәжірибесі, ал даярлау жүйесі ИКАО 9868 PANS-TRG және 10056 құжаттарының ұсынымдарына сәйкес құрылады.

Ескерту. 350-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.11.2024 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

351. ӘҚҚ диспетчерлерін бастапқы даярлау кезінде жаттығу құрылғысында даярлау міндетті болып табылады және әуе жағдайын бейнелейтін арнайы диспетчерлік жаттығу құрылғыларында іске асырылады.

352. ӘҚҚ диспетчерлерін бастапқы даярлау кезінде жаттығу құрылғысында даярлау бір мезгілде екі білім алушымен жұмыс жасайтын ӘҚҚ нұқсаушысының жетекшілігімен жүргізіледі.

353. Осы Үлгілік бағдарламаның 81-қосымшасына сәйкес қайта даярлау қажеттілігіне қарай жүргізіледі және біліктілік белгісін алу немесе қосымша функцияларды орындау үшін ұйымдастырылады.

354. Персоналды арнайы даярлау мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) ережелерді (процедураларды) өзгерту немесе енгізу;

2) жаңа жүйелерді пайдалануға енгізу;

3) аэронавигациялық қызмет көрсетушінің шешімі бойынша.

355. ӘҚҚ персоналын арнайы даярлау аэронавигациялық ұйымның өзінде практикалық және жаттығу құрылғысында даярлау түрінде, сонымен қатар бөлек курс, тренинг түрінде авиациялық оқу орталығында да өткізіледі. Бұл жағдайда уәкілетті ұйымның даярлау бағдарламасын (жоспарын) бекітуі талап етілмейді.

Ескерту. 355-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Жұмысқа рұқсат алу үшін тағылымдамадан өтуді ұйымдастыру

356. Диспетчерлік пунктте (жұмыс орнында), Ұшу ақпараты орталағында және әуеайлақтық ұшу-ақпараттық қызмет көрсету органында дербес жұмысқа рұқсат алу үшін тағылымдамадан өтуге тиісті кәсіби даярлаудан өткен және бекітілген бағдарлама бойынша оқуды аяқтағанын растайтын құжаты бар тұлғалар жіберіледі.

357. Тағылымдама аталған диспетчерлік пунктте (жұмыс орнында) жұмыс істеуге рұқсаты бар нұқсаушының жетекшілігімен және үнемі бақылауында жүргізіледі.

Әуеайлақтық ұшу-ақпараттық қызмет көрсету органы үшін маманның тағылымдамадан өтуін көрсетілген органда жұмысқа рұқсаты бар маман жүзеге асырады.

Ескерту. 357-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

358.Жаңа диспетчерлік пунктте (жұмыс орнында), Ушу ақпараты орталағында және әуеайлақтық ұшу-ақпараттық қызмет көрсету органын ұйымдастыру кезінде аталған диспетчерлік пунктте (жұмыс орнында) рұқсаты бар маман болмаған жағдайда тағылымдамадан өту кемінде 10 сағат көлемінде жаттығу құрылғысында ұқсастару жолымен немесе басқа да үлгілеу әдістері бойынша ұйымдастрылады.

Бұл жағдайда тағылымдамадан өтуді осы Үлгілік бағдарламаның 361) тармағының 1) – 11) тармақшаларына сәйкес жаңа диспетчерлік пункттің ерекшеліктерімен алдын ала танысып, ұқсас функцияны орындауды көздейтін жұмыс орнында жұмыс істеуге рұқсаты бар нұсқаушы жүзеге асырады.

359.Нұсқаушы тағылымдамадан өтуші туралы объективті деректердің және жеке әңгімелесу негізінде тағылымдамадан өтуге қажетті құжаттарды оқу мерзімі, жаттығу құрылғысында даярлау мерзімі мен мазмұны, ӘҚҚ практикасының басталу уақыты (жұмыс орнындағы процедуралар) қамтылған жеке жоспар құрады. Қажеттілік туындаған жағдайда нұсқаушы тағылымдамадан өту жоспарына қажетті өзгерістер енгізеді.

360. Тағылымдамадан өтуге жеке жоспар дайындау барысында тағылымдамашыдан қосымша тестер алуға рұқсат етіледі.

361. ӘҚҚ диспетчерлік пунктінде тағылымдамадан өту жоспарына мыналар кіреді:

1) әуеайлақтың бас жоспарын және оның физикалық сипаттамаларын зерделеу;

2) ӘҚҚ қызметінің ұйымдастыру құрылымын зерделеу;

3) әуе кеңістігінің құрылымын зерделеу;

4) диспетчерлік пункттерде ӘҚҚ жалпы технологиялық процесін зерделеу (ҰАО, әуеайлақтық ұшу-ақапараттық қызмет көрсету органдары);

5) әуеайлақ бойынша деректерді оқу;

6) нақты диспетчерлік пункттерде пайдаланылатын анықтамалық материалдармен танысу;

7) іргелес диспетчерлік пункттермен, ҰАО, әуеайлақтық ұшу-ақапараттық қызмет көрсету органдармен ұшуды бақылау және үйлестіру органдарымен өзара іс-қимыл жасау тәртібі мен ерекшеліктерін зерделеу;

8) диспетчерлік пункттердің (ҰАО, әуеайлақтық ұшу-ақапараттық қызмет көрсету органдары) метеорологиялық қамтамасыз етуімен танысу;

9) әуе қозғалысына қызмет көрсету барысында ұшу қауіпсіздігінің радиотехникалық жүйелерімен танысу (ҰАО, әуеайлақтық ұшу-ақапараттық қызмет көрсету органдары);

10) жер үсті байланыс құралдарымен танысу;

11) диспетчерлік пункттерді (ҰАО, әуеайлақтық ұшу-ақапараттық қызмет көрсету органдары) және ӘҚҚ ерекшеліктерін зерделеу (жабдықтар және оларды пайдалану);

12) нақты диспетчерлік пункттерде (ҰАО, әуеайлақтық ұшу-ақапараттық қызмет көрсету органдары) ӘҚҚ диспетчерінің жұмыс технологиясын және фразеологиялық радиоалмасу ережелерін қолдануды зерделеу;

13) практикалық қызмет (даярлау).

Басқа жұмыс орындарында тағылымдамадан өту жоспары олардың функциялары мен міндеттеріне қарай әзірленеді.

362.Тағылымдамадан өту барысында негізгі жұмыс орнынан басқа өз әуежайындағы іргелес диспетчерлік пункттердегі диспетчерлердің жұмысымен танысу қамтамасыз етіледі.

363. Осы Үлгілік бағдарламаның 361) тармағының 1) – 12) тармақшаларымен көзделген алдын ала даярaудан өткеннен кейін нұсқаушы тағылымдамдан өтушінің білімін тексеріп, практикалық даярлауды бастау туралы шешім қабылдайды.

364. Практикалық даярлыққа нұсқаушының әуе қозғалысына қызмет көрсетудің (жұмыс орнында) нұсқаулық көрсетілімі және тағылымдамадан өтуші аттестатталған нұсқаушының бақылауында болып ӘҚҚ диспетчері (жоспарлаушы диспетчер, әуе қозғалысын үйлестіруші және бақылаушы диспетчер ӘҚЖ), Брифинг диспетчері, ұшу жетекшісі (ауысымның аға диспетчері), ӘҚҚ нұсқаушысы ретінде жұмыс істеуі кіреді.

365. Нұсқаушылық көрсету тағылымдамадан өтушінің қатысуымен нұсқаушы көрсететін ӘҚҚ диспетчерінің практикалық қызметін қамтамасыз етеді, мыналармен қоса жүреді:

1) әуе жағдайының сипаттық мысалдарының түсініктемелері;

2) әуе жағдайын бақылау әдістері мен процедураларының түсініктемелері;

3) диспетчерлік шешімдерді қабылдау және беру себептерінің түсініктемелері;

4) ӘҚҚ барысында зейін бөлу мәселесі бойынша ұсыныстар;

5) ӘҚҚ РТС пайдалану туралы ұсыныстары;

6) іргелес диспетчерлік пункттермен қарым-қатынастарының тәртіптерінің ұсыныстары;

7) нақты жұмыс орнының басқа да ерекшеліктерін түсіндіру.

Басқа жұмыс орындары үшін нұсқаушылық көрсетуге нақты жұмыс орны үшін өзіне тән функцияларды (технологиялық міндеттерді) орындау кіреді.

366. Нұсқаушының қадағалауымен тағылымдамадан өтушінің ӘҚҚК диспетчері (жоспарлаушы диспетчер, әуе қозғалысын үйлестіруші және бақылаушы диспетчер ӘҚЖ), Брифинг диспетчері, ұшу жетекшісі (ауысымның аға диспетчері), ӘҚҚ нұсқаушысы ретінде жартылай немесе толығымен диспетчердің міндеттерін атқаруы қарастырылады және төменде көрсетілгендермен қоса жүреді:

1) нұсқаушының тағылымдамадан өтушінің іс-әрекеттері мен жағдайы дамуын үзіліссіз қадағалауымен;

2) тағылымдамадан өтушінің нұсқаудың болдырмауына немесе жаңа нұсқауларды орындау туралы әрекеттеріне уақытылы араласуына нұсқаушының үнемі дайын болуы;

3) нұсқаушының түсініктемелер, ұсыныстар беруі және тағылымдамадан өтушіде қиындықтар туындаған жағдайда жәрдем беруі.

367. Нұсқаушы тағылымдама аяқталғаннан кейін тиісті түрде тексеріс жүргізіп, тағылымдамадан өтушінің өздігінен жұмысқа кірісуіне дайындығы туралы шешім қабылдайды.

368. Осы диспетчерлік пункттің іргелес секторын қоспағанда басқа диспетчерлік пункттеріне ӘҚҚ кезекті рұқсатнама алу үшін тағылылымдама ӘҚҚ бастапқы рұқсатнама алғаннан кейін 6 ай уақыттан бұрын болмауы тиіс.

369. Қолданыстағы біліктілік белгісі шеңберінде жұмысқа кейіннен рұқсат алған кезде тағылымдама көлемін төмендетуге жол беріледі, бірақ 70%-дан аспайды.

Ескерту. 369-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.11.2024 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

370. ӘҚҚК уақытша біріктірілген диспетчерлік пункттеріне жұмысқа рұқсатнама әр диспетчерлік пункттерден ӘҚҚ рұқсатнамасын алғаннан соң ғана рәсімделінеді. ӘҚҚ тұрақты біріктірілген диспетчерлік пункттеріне жұмысқа рұқсатнама біріктілген ӘҚҚК диспетчерлік пунктте тағылымдамадан өткеннен кейін ғана рәсімделінеді.

4-параграф. ӘҚҚ диспетчер-нұсқаушыларын (on the job training instructor – OJTI) және ұшу басшыларын (ауысымның аға диспетчерлері) даярлау

371. ӘҚҚ диспетчер-нұсқаушыларын-OJTI (On job training instructor), жаттығу құрылғысы нұсқаушыларын – STDI (Synthetic training device instructor) даярлау бағдарламасы келесі салалардағы қажетті білімді игеруін қамтамасыз ету осы Үлгілік бағдарламаның 82-қосымшасында берілген.

372. ӘҚҚ диспетчер-нұсқаушыларды (on-the-job-training instructor – OJTI), жаттығу құрылғысы нұсқаушыларын – STDI (Synthetic training device instructor) даярлау бағдарламасы бойынша жалпы Теориялық даярлық көлемі 60 сағаттан кем болмауы керек, оның ішінде 30 сағат теориялық блок және диспетчерлік жаттығу құрылғысында кемінде 30 сағат практикалық блок.

ӘҚҚ диспетчер-нұсқаушыларының (on-the-job-training instructor – OJTI), жаттығу құрылғысы нұсқаушыларының – STDI (Synthetic training device instructor) кәсіби деңгейін қолдау бағдарламасы кемінде 26 оқу сағатынан тұрады.

373. Ұшу жетекшісін (ауысымның аға диспетчері) Теориялық даярлау бағдарламасы келесі салалардағы қажетті білімді игеруін қамтамасыз ету осы Үлгілік бағдарламаның 83-қосымшасында келтірілген.

374. Ұшу жетекшісін (ауысымның аға диспетчері) Теориялық даярлық бағдарламасы бойынша жалпы Теориялық даярлау көлемі 36 сағаттан кем болмауы керек.

375. Осы Үлгілік бағдарламаның 83-қосымшасында көрсетілген көлемде теориялық даярлаудың аяқталуына қарай ұшу жетекшісінің қызметіне (ауысымның аға диспетчері) үміткер немесе ӘҚҚК нұсқаушысының (on the job training instructor – OJTI), біліктілік белгісін алуға үміткер тиісті тағылымдамадан өтуі қажет.

5-параграф. ӘҚҚ емтихан алушыларын даярлау және кәсібидеңгейін қолдау (бұдан әрі – КДҚ)

376. ӘҚҚ емтихан алушыларын кәсіби даярлауды азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым немесе уәкілетті орган авиациялық қызметкерлердің біліктілік деңгейін анықтау үшін тағайындалатын жеке тұлғаларға қойылатын талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында іске асырады.

Ескерту. 376-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

377. ӘҚҚ емтихан алушыларын кәсіби даярлау осы мамандық бойынша біліктілігі жоқ ӘҚҚ диспетчері куәлігінің иесін қайта даярлау және уәкілетті ұйым немесе уәкілетті орган тағайындаған ӘҚҚ емтихан алушыларының кәсіби деңгейін қолдау ретінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 377-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

378. Қайта даярлау кем дегенде төмендегідей біліктілігі бар тұлғаларға жүргізіледі:

1) әрекетті диспетчер-нұсқаушы біліктілік белгісі бар тұлға;

2) диспетчер-нұсқаушы ретіндегі үзіліссіз жұмыс өтілі оқу кезеңінде 3 жылдан кем емес.

379. Қайта даярлау сол сияқты бұрын осы оқуды бітірген, бірақ емтихан алушы ретінде қызмет атқармаған немесе оқу бітіргеннен кейінгі бес жыл ішінде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым немесе уәкілетті орган ӘҚҚ емтихан алушы ретінде тағайындамаған тұлға. Осының өзінде алдыңғы тармақтың талаптары сақталуы тиіс.

Ескерту. 379-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

380. Қайта даярлауға теориялық және практикалық даярлау түрлері кіреді.

381. ӘҚҚК емтихан алушысын Теориялық даярлық АОО-да стационарлық оқу үлгісінде жүргізіледі және оған 84-қосымшада көрсетілген бағыттарға сәйкес оқу кіреді

. Теориялық даярлық бағдарламасы бойынша жалпы Теориялық даярлық көлемі 30 сағаттан кем болмауы керек.

382. Практикалық даярлау жұмыс орнында және/немесе ӘҚҚ тренажерінде іске асырылады және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйыммен немесе уәкілетті органмен белгіленетін ӘҚҚ емтихан алушыларымен немесе аэронавигациялық қызмет провайдерлерімен немесе осындай өкілетті тағайындаған жағдайда АОО-мен жүргізіледі.

Ескерту. 382-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

383. ӘҚҚ емтихан алушыларды практикалық даярлауға:

1) емтихан алушы болуға үміткерге нұсқау беру, білім деңгейін, дағдысы мен бейімін тексеру;

2) ӘҚҚ емтихан алушы болуға үміткерге ұйымдастыру, даярлау, жүргізу, құжаттарды ресімдеу және т.б. сияқты барлық бағалау процедураларын жариялау;

3) ӘҚҚ емтихан алушы болуға үміткерге ұйымдастыру, даярлау, жүргізу, құжаттарды ресімдеу және т.б. сияқты барлық бағалау процедураларын көрсету.

384. Практикалық даярлау көлемі ӘҚҚ емтихан алушымен өздігінен реттелмейді және белгіленіп бекітілмейді.

385. ӘҚҚ емтихан алушының КДҚ курстарында теориялық даярлығы АОО-да немесе аэронавигациялық қызметтер провайдерімен келесі бағыттарда жүргізіледі:

1) тест және тестік тапсырмалар (әзірлемелер, сүйемелдеу, сақтау, құпияны қамтамасыз ету, мысалдар және с.с.);

2) нормативтік құжаттар (емтихан алушының, куәлік иелері мен оған үміткерлердің қызмет аясына қатысты реттеуші заңдарға, құжаттарға өзекті өзгерістер енгізілуі);

3) құжаттаманы жүргізу (ресімделетін құжаттаманың белгіленген түрлерін ресімдеу , сүйемелдеу, сақтау, бүтіндігін сақтау және т.с.с;

4) адами фактор: адамның мүмкіндігі мен шектеулігі (алынған ақпаратты қабылдау, өңдеу және интерпретациялау, демалыс, ұйқы, жұмыс жүктемесі, күйзелу, қауіп төну және қателесу және с.с. факторлар).

386. ӘҚҚ емтихан алушының КДҚ курстарында теориялық даярлығының жалпы көлемі 12 оқу сағатынан кем болмауы тиіс.

387. ӘҚҚ емтихан алушының КДҚ барысындағы практикалық даярлығы жұмыс орнында және/немесе ӘҚҚ тренажерінде уәкілетті ұйым немесе уәкілетті орган тағайындаған ӘҚҚ жетекші емтихан алушысының қадағалауымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 387-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

388. ӘҚҚ емтихан алушысының КДҚ барысындағы практикалық даярлығына төмендегілер кіреді:

1) КДҚ бағдарламасын оқу курсынан өтушіден емтихан алушы қызметінің негізін салушы аспектілер мен біліктілік жүйесі қағидарларына байланысты сұрақтар бойынша ӘҚҚК емтихан алушысының уәкілеттігін бағалау;

2) тест тапсырмаларын анықтық пен сенімділік қағидаларына сәйкес әзірлеу және талдау;

3) КДҚ бағдарламасын оқу курсынан өтушіге тест тапсырмаларын сақтауды қамтамасыз етуге, құжаттарды жүргізу және сақтауға байланысты процедураларды көрсету;

4) практикалық даярлық жетекшісінің қалауы бойынша басқа да сұрақтар.

6-параграф. ӘҚҚ, ӘҚЖ, Брифинг және диспетчер-нұсқаушылардың кәсібиденгейін қолдау

389. ӘҚҚ, ӘҚЖ, Брифинг, АОҰ және диспетчер-нұсқаушылардың КДҚ барысындағы кәсібиденгейін қолдау бағдарламасына бастапқы даярлық барысында алынған білімдері мен дағдыларын және келесі қызмет үрдісінде кезігетін стандарттан тыс жағдайларды қарастыруға зер салу, авиациялық жүйедегі өзекті өзгерістерді анықтау және болуы мүмкін жағдайларда шешім қабылдауға қатысты мәселелерді талқылау кіруі қамтамасыз етілуі қажет.

390. Бұл жағдайда бағдарламаның жалпы көлемінің 36 оқу сағатынан кем емес уақыты негізгі мазмұнға құралуы тиіс және қажет жағдайда мұнда ағылшын тілінің бөлек аспектілері қамтылуы мүмкін.

391. КДҚ барысындағы оқыту курстар, тренингтер, семинарлар, жаттығулар, тағылымдамалар және тағы с.с түрінде, алдыңғы даярлықты есепке ала отырып, осы үлгілік нысанда көрсетілген кезеңге сәйкес ұйымдастырылуы тиіс және белгіленген кезең мерзімінде бірге жүргізілетін бір ғана курс түрінде де, жеке модуль түрінде де жүзеге асырады.

Ескерту. 391-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

392. Кәсібиденгейді қолдау кезеңдері:

1) ӘҚҚ диспетчерлерінің, ұшу басшыларының (ауысымның аға диспетчерлері), ӘҚҚ диспетчер-нұсқаушылары, жаттығу құрылғысының нұсқаушылары, ӘҚҚ емтихан алушылары, ӘҚҚ диспетчерінің қолданыстағы куәлігі бар басқа да мамандар әр үш жылда бір реттен кем емес (жеке модульдерді зерделеу нысаны бойынша – 3 жылдың ішінде);

2) Ұшу-ақпараттық қызмет көрсету мамандығы бойынша ұшу-ақпараттық қызмет көрсету мамандары әр үш жылда бір реттен кем емес (жеке модульдерді зерделеу нысаны бойынша – 3 жылдың ішінде);

3) Брифинг мамандары, диспетчерлері, әуе қозғалысын жоспарлау, бақылау және үйлестіру диспетчерлері, ӘҚЖ БО аусым бастығы мамандықтары бойынша әр бес жылда бір реттен кем емес (жеке модульдерді зерделеу нысаны бойынша – 5 жылдың ішінде);

4) ӘҚҚ қызметінің және диспетчерлік пункттердің басшылары әр бес жылда бір реттен кем емес (жеке модульдерді зерделеу нысаны бойынша – 5 жылдың ішінде).

393. ИКАО шкаласы бойынша ағылшын тілін меңгеру өз еркімен жүзеге асырылады, жеке және жүйелендірілген курстар, тренингтер, курстың бір бөлігі кәсібидеңгейді қолдау бойынша болғандықтан радиотелефондық байланыстарда тілді меңгеру талаптарын орындалуы аэронавигациялық ұйымдардың саясатымен ұйымдастырылады, ал апаттық, қауіпті және штаттан тыс жағдайларда радиотелефондық байланыс жасау аспектілері кәсібидеңгейді қолдау курсының элементтері ретінде қосылады.

394. Кәсібидеңгейді қолдау мақсатында жаттығу құрылғысында даярлау ӘҚҚ жаттығу орталығында да, сондай-ақ АОО курстарынан өту кезінде немесе басқа да ұйымдарда іске асырады.

Ескерту. 394-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

395. Жеке жағдайларда және шұғыл қажет болған жағдайында осы кәсібидаярлау түрі жоспардан тыс, бірақ кезекті кезеңнен кеш емес мерзімде өткізеді.

Ескерту. 395-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

396. ӘҚҚ мамандарының кәсіби дағдысын қайта қалпына келтіру мынадай ретте жүзеге асырылады:

1) жұмыста алты айдан он екі айға дейінгі үзілістер кезінде – тренажерлік даярлықтан өту және жұмысқа рұқсаты бар жұмыс орындарында практикалық дағдыларды тексеру кезінде;

2) жұмыста бір жылдан астам үзілістер болған кезде – кәсіби деңгейді ұстап тұру бойынша курстардан өту, тағылымдамадан, тренажерлік даярлықтан өту, теориялық және практикалық дағдыларды тексеру туралы қолданыстағы сертификат болмаған кезде кәсіптік деңгейді қолдау бағдарламасы бойынша оқыту арқылы жүзеге асырылады. Маманның даярлық деңгейіне байланысты тағылымдама көлемін төмендетуге жол беріледі, бірақ осы диспетчерлік пунктте бастапқы рұқсат беру үшін белгіленген көлемнен 70% - дан аспайды;

3) бастапқы даярлықтан өткеннен кейін жеті жылдың ішінде біліктілік белгісін алмаған жағдайда нақты біліктілік белгісі үшін (rating training) бастапқы даярлау бағдарламасы бойынша оқудан өту.

Ескерту. 396-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.11.2024 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

397. Басқа диспетчерлік пунктте дербес жұмысқа кейіннен рұқсат алу кезіндежаттығу құрылғысында даярлау уақыты жоғарыда көрсетілгеннен 70% азайтады .

Ескерту. 397-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

398. ӘҚЖ, Брифинг, ҰАҚ мамандарының кәсіби дағдысын қайта қалпына келтіру мынадай ретте жүзеге асырылады:

1) 6 айдан 12 айға дейін жұмыстан үзіліс болғанда – жұмыс орнында практикалық дағдыларды тексеру;

2) жұмыста бір жылдан астам үзілістер болған кезде – кәсіби деңгейді ұстап тұру бойынша курстардан өту, тағылымдамадан өту, теориялық және практикалық дағдыларды тексеру туралы қолданыстағы сертификат болмаған кезде кәсіптік деңгейді қолдау бағдарламасы бойынша оқыту арқылы жүзеге асырылады. Маманның даярлық деңгейіне байланысты тағылымдама көлемін төмендетуге жол беріледі, бірақ осы диспетчерлік пунктте бастапқы рұқсат беру үшін белгіленген көлемнен 70% -дан аспайды.

Ескерту. 398-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.11.2024 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

399. Жаттығу құрылғысындағы дайындық ӘҚҚ мамандарының практикалық дағдылары мен шеберлігін тексерудің ажырамас бөлігі болып табылады және мерзімді түрде жылына бір рет, сонымен қоса төмендегі жағдайларда жүргізіледі:

1) диспетчерлік пункттерде төмендегі көлемде дербес жұмысқа жіберілгенде:

рульдеу диспетчерлік пункті (РДП) – кемінде 10 сағат;

старттық диспетчерлік пункті (СДП) – кемінде 10 сағат;

жақындау диспетчерлік пункті (ЖДП) – кемінде 40 сағат;

шеңбер диспетчерлік пункті (ШДП) – кемінде 40 сағат;

мұнара диспетчерлік пункті (МДП) – кемінде 40 сағат;

аудандық диспетчерлік орталық (АДО немесе ӘҚКА) – кемінде 40 сағат;

жергілікті диспетчерлік пункт (ЖДП) – кемінде 20 сағат;

2) келесі біліктілік белгісін тағайындаған кезде немесе келесі дербес жұмысқа рұқсаттама алу кезінде жаттықтыру құрылғысында дайындау мерзімі қысқартылады, алайда жоғарыда аталған мерзімнің 70% аспайтын мерзімге;

3) куәліктің қолдану мерзімін ұзарту (біліктілік белгісін (рұқсаттама) растау) кезінде кемінде 6 сағат көлемде;

4) авиациялық оқиға немесе авиациялық оқыс оқиғаға алып келген бұзушылық кезінде кемінде 6 сағат көлемде;

5) жаңа ӘҚҚ рәсімдерін енгізу, әуе кеңістігі құрылымындағы өзгерістер кезінде рәсімнің күрделілігіне байланысты, алайда 3 сағаттан кем болмайтын, ӘҚҚ қызметі басшысымен белгіленетін көлемде жүргізіледі;

6) ұшу басшысының шешімі бойынша.

Ескерту. 399-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

400. Көпсекторлы диспетчерлік пункттер үшін жаттығу құрылғысындағы дайындық секторлардың бірінде жүргізеді.

Ескерту. 400-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

401. ӘҚҚ ережелерін үнемі бұзуы немесе осы диспетчерлік пунктте жұмыс істеуге төселмегені анықталған жағдайда ұшу басшысы ӘҚҚ диспетчерін қосымша жаттығу құрылғысында дайындыққа жібереді.

Ескерту. 401-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-параграф. Аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету жөніндегі мамандарды (бұдан әрі – АНА) бастапқы дайындау және дербес жұмысқа жіберу

402. АНА жөніндегі мамандарды бастапқы теориялық дайындау бағдарламасы ең кемінде 85-қосымшада берілген элементтерді жүзеге асыруды қамтамасыз етуі тиіс.

403. АНА маманы ретінде жұмысқа жаңадан қабылданған кандидаттар өздігімен жұмысқа жіберілмес бұрын жұмыс орнында бастапқы теориялық дайындықтан және тағылымдамадан өтеді. Авиациялық білім болған жағдайда, АНА жөніндегі маман ретінде жұмысқа жаңадан қабылданатын кандидаттар өздігімен жұмысқа жіберу алдында кемінде 160 сағат (4 апта) көлемінде қайта даярлаудан өтеді және осы Үлгілік бағдарламаларға 85-қосымшада көрсетілген көлемде тақырыптарды зерделеуді қамтиды.

Ескерту. 403-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.11.2024 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

404. АНА жөніндегі маман ретінде жұмыс жасау үшін кандидаттардың теориялық дайындығы арнайы бекітілген бағдарлама бойынша жүргізіледі, және де бұл жағдайда қолданыстағы автоматтандырылған жүйені оқуға ерекше назар аударылады.

405. АНА жөніндегі мамандар мен кандидаттарды тағылымдаман өткізу дербес жұмысқа жіберуі жоспарланып отырған АНА органының жұмыс орнында олардың тікелей жетекшісімен жүргізіледі.

406. АНА жөніндегі маман ретінде кандидаттарды дайындау сапасы мен толыққандығы, АНА жөніндегі мамандар мен кандидаттарды дербес жұмысқа жіберу үшін жауапкершілік аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету үшін жауапты орган басшысына жүктеледі.

407. АНА жөніндегі мамандарды кәсібидайындау бағдарламалары ИКАО стандарттары мен ұсынатын тәжірибесіне сәйкес келуі тиіс.

408. АНА жөніндегі мамандардың техникалық оқуы жүргізілуі авиациялық ұйымдармен анықталған тәртіпте регламенттелген нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

409. Ұшуды АНА-мен қамтамасыз етуді жақсарту және тәжірибемен алмасу мақсатында, басшылық құрамы тұлғаларының және АНА жөніндегі мамандардың ИКАО, МАК, Еуробақылау және басқа халықаралық ұйымдар өткізетін семинарларға қатысуы ұсынылады.

410. Белгіленген салада кәсіби қызметтің жаңа түрін орындау үшін орта немесе жоғары кәсіби білімі бар мамандарды кәсіби қайта даярлау уәкілетті ұйым немесе уәкілетті орган бекіткен азаматтық авиацияның орта және жоғары кәсіби білім беру мекемелерінде және авиациялық оқу орталықтарында қосымша кәсіби білім беру шеңберінде жүргізіледі.

Ескерту. 410-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

411. АНА жөніндегі мамандардың кәсіби деңгейін қолдау Қазақстан Республикасының азаматтық авиацияның сертификаттандырылған мекемелерінде және арнайы бағдарламалар бойынша авиациялық оқу орталықтарында (халықаралық) үш жылда кемінде бір рет жүргізіледі.

412. Азаматтық авиацияның орта және жоғары кәсібибілім берудің білім беру мекемелеріне кәсібидаярлау бойынша авиациялық білімі бар тұлғалар, сол сияқты орта немесе жоғары кәсібибілімі бар авиациялық емес мамандар ішінен авиациялық білімі бар адамдар жіберіледі. Жолдаманы әңгімелесу өткеннен кейін ұсыныс беру арқылы жұмыс беруші береді.

413. АНА жөніндегі мамандарды қайта даярлау төмендегі жағдайларда арнайы даярлық түрінде жүзеге асырылуы тиіс:

1) аэронавигациялық ақпаратты өңдеудің жаңа автоматтандырылған жүйесін пайдалануға енгізу (АНА қамтамасыз ету бойынша бағдарламалық жасақтама, әуе кеңістігінің дизайны және картография/ұшу рәсімдері жүйелері);

2) аэронавигациялық ақпаратты өңдеудің автоматтандырылған жүйелерінің қосымша модулдерін жаңарту немесе орнату ақпараттар (АНА қамтамасыз ету бойынша бағдарламалық жасақтама, әуе кеңістігінің дизайны және картография/ұшу рәсім жүйелері);

3) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайларда жүргізіледі.

Ескерту. 413-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.04.2021 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

413-1. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары, аэронавигациялық ақпарат қызметтерінің қызметін регламенттейтін ИКАО стандарттары мен ұсынылатын практикасы өзгерген жағдайларда, AIS құрылымдық бөлімшелерінің басшылары АНИ мамандарын көрсетілген өзгерістермен таныстыруды қамтамасыз етеді.

Ескерту. Үлгілік бағдарлама 413-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.04.2021 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

414. АНА мамандарын арнайы даярлау азаматтық авиацияның арнайы оқу мекемелерінде, оқу орталықтарында, сол сияқты автоматтандырылған жүйелерді (АНА қамтамасыз ету бойынша бағдарламалық жасақтама, әуе кеңістігінің дизайны және картография/ұшу процедуралары жүйелері) өндірушілер базасында жүргізіледі.

415. АНА мамандарын арнайы даярлау азаматтық авиацияның арнайы оқу мекемелері, оқу орталықтары және автоматтандырылған жүйелерді (АНА қамтамасыз ету бойынша бағдарламалық жасақтама, әуе кеңістігінің дизайны және картография/ ұшу процедуралары жүйелері) өндірушілер әзірлеген арнайы бағдарлама бойынша жүргізіледі.

416. Аэронавигациялық рәсімдер дизайнерлері "ӘК ұшуларын жүргізу" (Doc 8168 OPS/611 (PANS-OPS) "Көзбен шолып ұшу және аспаптар бойынша ұшу сұлбаларын жасау") II том ИКАО құжатының талаптарына сәйкес, авиациялық оқу орталығында аэронавигациялық рәсімдерді әзірлеу бойынша дайындықтан өткен, дайындықтан өткені туралы сертификатпен расталған, кәсібі бойынша пилот, штурман немесе әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчері, АНА жөніндегі мамандығы бойынша авиациялық мамандар болып табылады.

417. Аэронавигациялық рәсімдер дизайнерлерін даярлау бағдарламасы "Ұшу сұлбаларын әзірлеу кезінде сапамен қамтамасыз ету жөніндегі нұсқау" (Doc9906) "Ұшу сұлбаларының жобалаушыларын дайындау" (Ұшу сұлбаларының жобалаушыларын дайындау бағдарламасын әзірлеу) 2-том ИКАО құжатының талаптарына сәйкес жүргізіледі және оған төмендегілер кіреді:

1) "ӘК ұшуларын жүргізу" (Doc 8168 OPS/611 (PANS-OPS) "Көзбен шолып ұшу және аспаптар бойынша ұшу сұлбаларын жасау") II том ИКАО құжатының және әуеайлақ сұлбаларын жасау бөлігі бойынша ИКАО қосымшаларының мазмұнын білу;

2) "ӘК ұшуларын жүргізу" (Doc 8168 OPS/611 (PANS-OPS) "Көзбен шолып ұшу және аспаптар бойынша ұшу сұлбаларын жасау") II том ИКАО құжаттарының талаптарына сәйкес Азаматтық авиацияда аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету қағидалары Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 420 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15427 болып тіркелген) курсы бойынша арнайы теориялық даярлықтан өту, соның ішінде "Аэронавигациялық карталар" халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияның 4-қосымшасына сәйкес жариялауға аэронавигациялық карталарды ресімдеу;

3) секторда (ағылшын тілінде аббревиатура – MSA) төменгі абсолюттік биіктік есебінде, кедергілерді аралап ұшудың абсолюттік/қатыстылық биіктігі (ағылшын тілінде аббревиатура – OCH/OCA), ұшып шығудың (SID) және аспаптар бойынша ұшып келудің (STAR) стандартты маршруттарында, аспаптар бойынша (NDB, VOR, VOR/DME, ILS, ILS/DME, 2NDB) қонуға кірудің құрал-саймандық сұлбасында, әуеайлақ ауданында қонуға көзбен шолып кіру және /немесе маневрлеу (CIRCLE TO LAND) аймағында (сұлба), схем с применением RNAV (аймақтық навигация) қолдану сұлбасында және спутниктік жүйелер негізіндегі сұлбаларда практикалық дағдылардың болуы.

Ескерту. 417-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

418. Аэронавигациялық рәсімдер дизайнерлерін қайта даярлау бағдарламасына төмендегілер кіреді:

1) көзбен шолып ұшу және аспаптар бойынша ұшудың әуеайлақтық сұлбаларын салу мен ресімдеуге қатысты ИКАО құжаттарына түзету енгізу және соңғы нақтылықтарды білу ;

2) көзбен шолып ұшу және аспаптар бойынша ұшудың әуеайлақтық сұлбаларын салу дағдылары мен білімдерін тереңдету және қолдау.

419. Аэронавигациялық тәртіп дизайнерлерінің кәсібидеңгейін қолдау үш жылда кемінде бір рет жүргізіледі.

21-бөлім. Ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету жөніндегі персоналды (авиациялық метеоролог-болжамдаушы, авиациялық метеоролог-бақылаушы және/немесе техник-метеоролог, метеорологиялық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету жөніндегі инженер-техник қызметкерлер) кәсібидайындаудың үлгілік бағдарламасы 1-параграф. Жалпы ережелер

420. Ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету жөніндегі персоналды кәсібидайындаудың осы Үлгілік бағдарламасы авиациялық метеорологиялық персоналдың (құрылымдық бөлімшелердің) кәсібидайындығының қағидаларын, негізгі қызметін және дербес жұмысқа жіберу тәртібін анықтайды.

421. Ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету жөніндегі персоналды кәсібидайындаудың осы Үлгілік бағдарламасына сәйкес жүргізілетін оқу мамандардың төмендегідей лауазымдық міндеттерін (функционалдық міндеттеріне және орындайтын жұмыстарына байланысты) орындауын қамтамасыз етеді:

1) Авиациялық метеоролог-болжамдаушы:

метеорологиялық жағдайды талдау және үздіксіз мониторингін жүзеге асыру;

авиация қызметі үшін маңызды метеорологиялық құбылыстар мен параметрлерді болжау;

қауіпті құбылыстар туралы ескерту;

метеорологиялық ақпарат және қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету;

метеорологиялық құбылыстар мен параметрлердің авиация қызметіне әсерін ескере отырып, және авиация пайдаланушыларының қажеттілігіне, халықаралық ережелерге, жергілікті тәртіп пен басымдылықтарға сәйкес, өзінің жауапкершілігі аймағына кіретін аудан мен әуе кеңістігі үшін ішкі және сыртқы пайдаланушыларға метеорологиялық ақпарат беру;

2) Авиациялық метеоролог-бақылаушы және/немесе техник-метеоролог:

метеорологиялық жағдайдың үздіксіз мониторингін жүргізу;

авиация қызметі үшін маңызды метеорологиялық құбылыстар мен параметрлерге бақылау жүргізу және оларды тіркеу;

метеорологиялық ақпарат сапасын қамтамасыз ету;

метеорологиялық құбылыстар мен параметрлердің авиация қызметіне әсерін ескере отырып, және авиация пайдаланушыларының қажеттілігіне, халықаралық ережелерге, жергілікті тәртіп пен басымдылықтарға сәйкес, өзінің жауапкершілігі аймағына кіретін аудан мен әуе кеңістігі үшін ішкі және сыртқы пайдаланушыларға метеорологиялық ақпарат беру;

3) метеорологиялық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету жөніндегі инженер-техник қызметкерлер:

метеорологиялық жабдық (бастапқы датчик, аспаптар, метеорологиялық ақпаратты жинау, өңдеу және көрсету жүйелері) жұмысын мониторингілеу;

төмендегілерді қоса алғанда метеорологиялық жүйелер мен жабдықтарға техникалық қызмет көрсету:

түзету бойынша техникалық қызмет көрсетуді орындау;

сақтандыру бойынша техникалық қызмет көрсетуді орындау;

бастапқы датчиктер мен аспаптарды калибрлеу;

метеорологиялық жабдықтарды тексеру алдында дайындық жұмыстарын жүргізу;

метеорологиялық жүйелер мен жабдықтарды орнату;

метеорологиялық жабдықтарды пайдалануға дайындау;

жүйелер мен жабдықтардың жұмысқа жарамдылығын және жаңарту қажеттілігін бағалау.

422. Бастапқы дайындық мамандандыруды және, жауапкершілік аймағына кіретін аудан мен әуе кеңістігін ескере отырып оқыту, метеорологиялық құбылыстар мен параметрлердің авиация қызметіне әсерін, сонымен қоса авиациялық метеорологиялық персоналға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келуі үшін авиация пайдаланушыларының қажеттілігін, халықаралық ережелер, жергілікті тәртіп пен басымдылықтарды ескере отырып, базалық бастапқы біліктілік білімі мен дағдыларын алуды және дамытуды қамтамасыз етеді.

423. Ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету персоналының кәсібидеңгейін қолдау ұжымдық жұмыс дағдысын, жаңа процедураларды, технологиялар мен тәжірибені оқу, жүйелер мен жабдықтардағы өзгерістермен танысу, апаттық, қауіпті және штаттан тыс жағдайлардағы іс-әрекетке оқыту, сонымен қоса жұмыстағы 6 айдан асатын үзілістен кейін кәсібидағдыларын қалпына келтіруді қоса алғанда, бар білімі мен дағдыларын қайта қарауды, бекітуді, кеңейтуді қамтамасыз етеді.

424. Ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету персоналын қайта даярлау жұмыс сипаты (лауазымдық міндеттер бейіні өзгеру), жұмыс жағдайы (жаңа тәртіп енгізу), жүйе құрылымы (жаңарту немесе ауыстыру), мамандығы, мамандандыруы, жұмыс бағыты өзгерген кезде, сонымен қоса жүйелерді, жабдықтарды пайдалануға рұқсат алу және біліктілігі туралы жазба алу үшін жүргізіледі.

2-параграф. Ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету жөніндегі персоналды бастапқы дайындау

425. Ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету жөніндегі персоналды бастапқы дайындау олардың бейімделуі, азаматтық авиацияның метеорологиялық персоналына қойылатын талаптарға жауап беретін (№ 1083 БМҰ құжаты, 1-том – Метеорология, № 49 БМҰ техникалық регламенті, 1-ТОМ) кәсібибілім мен практикалық дағдылар алуы мақсатында жүргізіледі.

426. Авиациялық метеоролог-болжамдаушыларды бастапқы дайындау " метеорология" және "гидрометеорология" (бакалавриат, магистратура) мамандығы бойынша жоғары білімі туралы дипломы бар тұлғаларға жүргізіледі.

427. Осы Үлгілік бағдарламаны бекіткенге дейін сол кездегі белгіленген талаптарға сәйкес дербес жұмысқа рұқсаттама алған және метеорология саласында арнайы жоғары білімі туралы дипломы жоқ авиациялық метеоролог-болжамдаушылар тек Техникалық регламенттің, БМҚ-№49, 1-томына сәйкес диплом алуға байланысты оқу бағдарламасы

үлгілік оқу нәтижесін қамтамасыз ететін оқу мекемелерінде метеорологтарға арналған міндетті бағдарламалар пакетіне сәйкес келетін курстарда оқығаннан кейін ғана кәсібидеңгейді қолдау курсына (бастапқы кәсібидайындау ретінде) жіберіледі.

428. Авиациялық метеоролог-бақылаушыларды және/немесе техник-метеорологтарды бастапқы дайындау "метеорология" мамандығы бойынша арнайы орта білімі туралы дипломы бар тұлғаларға жүргізіледі.

429. Осы Үлгілік бағдарламаны бекіткенге дейін сол кездегі белгіленген талаптарға сәйкес дербес жұмысқа рұқсаттама алған және метеорология саласында арнайы орта білімі туралы дипломы жоқ авиациялық метеоролог-бақылаушылар (техник-метеорологтар) тек Техникалық регламенттің, БМҚ-№49, 1-томына сәйкес диплом алуға байланысты оқу бағдарламасы үлгілік оқу нәтижесін қамтамасыз ететін оқу мекемелерінде техник-метеорологтарға арналған міндетті бағдарламалар пакетіне сәйкес келетін курстарда оқығаннан кейін ғана кәсібидеңгейді қолдау курсына (бастапқы дайындау ретінде) жіберіледі.

430. Техникалық (арнайы орта, жоғары техникалық білім, бакалавриат, магистратура) немесе электронды техника саласында кемінде 1000 сағат көлемінде мамандандырылған жоғары әскери білімі бар тұлғалар үшін бастапқы дайындық мамандарды бейімдеу, олардың метеорологиялық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету персоналына қойылатын талаптарды қанағаттандыратын кәсібибілім мен практикалық дағды алуы мақсатында жүргізіледі.

431. Бастапқы білім, білік және дағдыны, мамандандыруды және, қажет болған жағдайда, жабдық пен жүйелердің нақты түрін оқуды қоса алғанда, метеорологиялық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету жөніндегі авиациялық маманға арналған бастапқы дайындау электронды техника саласында техникалық білімі жоқ тұлғалар үшін жүргізіледі.

432. Осы Үлгілік бағдарламада кәсіби дайындыққа қойылатын талаптарды бекіткенге дейін дербес жұмысқа рұқсаттама алған және метеорология саласында жоғары/орта арнайы білімі туралы тиісті дипломы, ал метеорологиялық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету жөніндегі инженер-техник персоналы үшін – жоғары/орта техникалық білім туралы дипломы бар авиациялық метеоролог-болжамдаушы, авиациялық метеоролог-бақылаушы және/немесе техник-метеорологтар мен метеорологиялық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету жөніндегі инженер-техник персоналы үшін бастапқы теориялық дайындау кәсібидеңгейді қолдау курстарында жүргізіледі.

433. Бастапқы дайындық келесі кезеңдерден тұрады:

1) теориялық дайындық;

2) практикалық дайындық.

Теориялық дайындық оқытудың келесі түрлері бойынша жүзеге асырылады:

күндізгі стационарлық (кешенді, типтік);

модульдік;

сырттай;

қашықтықтан;

құрамдастырылған.

Ескерту. 433-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

434. Бастапқы дайындық көлемі келесі өлшемдерге сәйкес келуі тиіс:

1) "метеорология", "гидрометеорология" (бакалавр, магистратура) мамандығы бойынша жоғары білімі туралы дипломы бар авиациялық метеоролог-болжамдаушыларды бастапқы дайындау кезінде 86-қосымшада берілген салаларда дайындаудың жалпы көлемі кемінде 120 сағатты құрайды;

2) метеорология бойынша арнайы орта білімі туралы дипломы бар авиациялық метеоролог-бақылаушыларды және/немесе техник-метеорологтарды бастапқы дайындау кезінде 87-қосымшада берілген салаларда жалпы дайындық көлемі кемінде 100 сағатты құрайды;

3) электронды техника саласында кемінде 1000 сағат көлемінде мамандандырылған техникалық немесе әскери білімі бар метеорологиялық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету мамандарын бастапқы дайындау кезінде 88-қосымшада берілген салаларда жалпы дайындық көлемі кемінде 72 сағатты құрайды;

4) техникалық білімі жоқ тұлғалардан тұратын метеорологиялық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету мамандарын бастапқы дайындау кезінде жалпы дайындық көлемі электронды техника саласында мамандандыру қажеттілігінен белгіленеді;

5) бастапқы дайындық бағдарламасына ағылшын тілі қажеттілігіне, стандарттардың болуына қарай, оқушылардың санатына және оларға авиациялық метеорологиялық деректерді түсіндіруге, метеорологиялық брифингтер жүргізу және пайдаланушылардың нақты қажеттілігін қанағаттандыру үшін кеңес беру үшін жеткілікті көлемде қойылатын біліктілік талаптарына байланысты енгізіледі;

6) ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету персоналын бастапқы дайындауға Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы нормативтік-құқықтық актілермен белгіленетін жаңа және қосымша талаптарды енгізу кезінде, олардың кәсібидайындау бағдарламасында жүзеге асырылуы міндетті болып табылады, ал жалпы сағат саны анықталып жатыр;

435. Тыңдаушылардың үлгерімін бақылау ағымдағы, аралық және қорытынды болуы мүмкін және техникалық құралдарды қолданумен, соның ішінде компьютерлік техниканы, сауалнама әдісін, тестілеу, ауызша сұрау, жазбаша бақылау жұмыстарын және т.б. пайдалана отырып, жүргізіледі.

Ескерту. 435-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

436. Теориялық дайындық аяқталғаннан кейін білікті тағылымдама жүргізетін нұсқаушының қадағалауымен іс жүзінде бұрын алған білімі мен дағдылары нақты біріктірілетін практикалық дайындыққа (тағылымдама) ауысу жүзеге асырылады.

3-параграф. Ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету персоналын тағылымдамадан өткізу

437. Әуеайлақтық метеорологиялық орган нысандарында дербес жұмысқа тиісті кәсібидайындықтан және кейін жұмыс орнында тағылымдамадан өткен ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету персоналы жіберіледі.

438. Тағылымдама әуеайлақтық метеорологиялық орган нысандарында жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, лауазымдық міндеттерін орындау үшін кәсібибілімі, білігі мен дағдысын қалыптастыруға және тәжірибеде бекітуге бағытталған және төмендегі жағдайларда жүргізіледі:

1) дербес жұмысқа рұқсаттама алу үшін;

2) бір әуеайлақтық метеорологиялық органнан/нысаннан екіншісіне ауысқан кезде;

3) жұмыста 6 (алты) айдан астам үзіліс болған кезде;

4) авиациялық оқиғаға немесе авиациялық оқыс оқиғаға әкеп соқтырған бұзушылықтардан кейін.

439. Тағылымдама басшысы (нұсқаушы) тағылымдаманың мақсатын, нысанын, басталу және аяқталу мерзімдерін белгілейді. Бір тағылымдама басшысына бөлінетін тағылымдамадан өтушілер саны екі адамнан аспауға тиіс.

440. Тағылымдама басшысы (нұсқаушы)тағылымдамадан өтуші туралы объективті деректер және онымен жеке әңгімелесу негізінде тағылымдама өткізудің жеке жоспарын жасайды, оған қажеттілігіне қарай тиісті түзетулер енгізеді.

441. Тағылымдаманы өткізудің жеке жоспарын жасау кезінде нұсқаушығатағылымдамадан өтушіні қосымша тестілеуге (білімдерін тексеруге) рұқсат етіледі.

442. Тағылымдама барысында:

1) лауазымдық нұсқаулық, техника қауіпсіздігі, өртке қарсы, авиациялық қауіпсіздік , объектішілік жұмыс режимі мен тәртібі бойынша нұсқаулықтар;

2) азаматтық авиацияны метеорологиялық қамтамасыз етуді және метеорологиялық жабдыққа техникалық қызмет көрсетуді реттейтін нормативтік құжаттама;

3) әуеайлақта ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық және метеорологиялық кодтар;

4) Сапа Менеджменті Жүйесінің (СМЖ) құжаттамасы және технологиялық үдерістер;

5) аралас қызметтермен өзара әрекет ету тәртібі мен ерекшеліктері зерделенеді.

443. Бұдан кейін тағылымдама басшысы тағылымдамадан өтушінің білімін тексереді және тәжірибелік жұмыстың бастауға оның дайын екендігі туралы шешім қабылдайды.

444. Ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету жөніндегі персоналдың тағылымдамадан өту ұзақтығы кемінде 320 сағат болып белгіленеді, ал осы бейін бойынша жұмыс өтілі бар персоналға 40 сағат болып белгіленеді.

445. Тағылымдамадан өтуші теориялық білім мен тәжірибелік дағдыны өзінің функционалдық міндеттерін өз бетінше атқару үшін жеткіліксіз меңгерген және үйренген кезде, сондай-ақ оны дәлелді себептермен 2 айдан артық емес мерзімге үзген жағдайда тағылымдама мерзімі тағылымдама басшысының (нұсқаушының) баяндамасы бойынша ұзартылуы мүмкін.

446. Персоналдың тағылымдамадан өтуі азаматтық авиацияның ұшуларын метеорологиялық қамтамасыз ету үшін қажетті теориялық білім мен тәжірибелік дағдыны тексерумен аяқталады.

4-параграф. Ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету жөніндегі персоналдың кәсібидеңгейін қолдау

447. Құзыретті бағалау элементтерін қоса алғанда, кәсібидеңгейді қолдау бойынша бағдарламаның мазмұны бастапқы даярлаудан алынған және кемінде 36 сағат көлемінде жаңадан қалыптастырылған білім мен дағдыны растауды қамтамасыз етеді. Кәсібидеңгейді қолдау курстарында оқитын мамандар үшін бастапқы кәсіптікдаярлау ретінде бағдарламаның мазмұны 50 сағаттан кем емес көлемінде іске асырылады.

448. Кәсібидеңгейді қолдау бастапқы даярлаудың осы үлгілік бағдарламасында көрсетілген мерзімділік пен тақырыптарға сәйкес оқу курстары, тренингтер және семинарлар түрінде, оның ішінде қашықтықтан оқыту түрінде ұйымдастырылады және белгіленген мерзім ішінде бір рет өткізілетін біртұтас курс түрінде, сондай-ақ жекеленген модульдер түрінде де іске асырылады.

Ескерту. 448-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

449. Ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету жөніндегі персоналдың және қызметтер мен бөлімшелер басшыларының кәсібидеңгейін қолдау мерзімділігі әрбір 3 (үш) жылда жүзеге асырылады.

450. Кәсібидеңгейді қолдау мынадай мақсаттарда өткізіледі:

1) мамандандыру бойынша кәсібидеңгейді мерзімді қолдау;

2) ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету бойынша жаңа рәсімдерді игеру;

3) авариялық, қауіпті және штаттан тыс іс-әрекеттерді үйрету;

4) жұмыста 6 айдан астам үзіліс болған жағдайда мамандардың кәсібидағдыларын қалпына келтіру.

451. Осы Үлгілік бағдарламаның 450) тармағы 1) және 4) тармақшаларында көрсетілген мақсаттар кәсіби деңгейді қолдау бағдарламасындағы міндетті түрде іске асырылатын талаптар болып табылады.

452. Аэронавигациялық ұйымның даму жоспарларымен айқындалған ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету жүйесін дамыту жоспарларына және бағдарламаларына сәйкес ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру жөніндегі жаңа рәсімдер, тұжырымдамалар қажеттілігіне қарайаэронавигациялық ұйымның өзінде техникалық оқу, тәжірибелік дайындық түрінде, авиациялық оқу орталығында жекеленген курс, тренинг түрінде іске асырылады. Осы ретте даярлау бағдарламасын (жоспарын) уәкілетті ұйыммен келісу талап етілмейді.

Ескерту. 452-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

453. Ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету жөніндегі персоналдың кәсібидеңгейін қолдау ағылшын тілін авиациялық метеорологиялық деректерді түсіндіруге, метеорологиялық брифингтерді жүргізуге және пайдаланушылардың нақты мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін кеңес беруге жеткілікті көлемде оқытуды қамтиды (қажет болған кезде), ол кәсібидеңгейді қолдау курсына енгізілуі мүмкін, не өз бетінше іске асырады.

Ескерту. 453-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-параграф. Ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету жөніндегі персоналды қайта даярлау

454. Метеорологиялық қамтамасыз ету жөніндегі персонал жұмысының бейіні айтарлықтай өзгерген жағдайда кәсіби даярлаудың осы түрі жаңа жабдық енгізілгенде және қолданыстағы жабдық жаңғыртылғанда, жекеленген бөлімшелердің қызмет көрсету рәсімдері мен бейіні өзгергенде, мамандарды қосымша даярлау деңгейі мен мамандандыруды талап ететін лауазымдарға ауыстырғанда білікті маманды қамтамасыз ету үшін жүргізіледі.

455. Арнайы дайындық орнатылған жабдықты әзірлеушінің бағдарламаларына сәйкес және солардың мамандары тарапынан жүзеге асырылады. Бұл ретте арнайы даярлау бағдарламалары уәкілетті ұйыммен келісілмейді, ал оқытуды жүзеге асыратын адамдарда АОО-да нұсқаушы ретінде даярлығының болуы талап етілмейді.

Ескерту. 455-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

456. Ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету жөніндегі персоналды арнайы даярлауда не қызметтің нақты саласына, не персоналдың міндеттеріне негізгі көңіл бөлінеді және мыналар жүзеге асырылады:

1) жаңа техникалық құралдар мен бағдарламаларды меңгеру үшін;

2) ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету бойынша қызметті реттейтін нормативтік құқықтық құжаттардың талаптары айтарлықтай өзгерген кезде;

3) авариялық, штаттан тыс және төтенше жағдайлардағы іс-қимылды пысықтау кезінде және авиациялық оқиғаға немесе авиациялық оқыс оқиғаға әкеп соқтырған бұзушылықтардан кейін;

4) метеорологиялық жабдықтың жаңа үлгісіне қайта оқыту және нақты жүйелер мен жабдықтарға қызмет көрсету құқығын алу үшін;

5) жаңа пайдалану технологияларын меңгеру үшін;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа жағдайларда жүзеге асырылады.

457. Ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету жөніндегі персоналдың арнайы даярлығы (қажеттілігіне қарай) аэронавигациялық ұйымның өзінде тәжірибелік дайындық түрінде, Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымда жекеленген курс, тренинг түрінде өткізіледі. Осы ретте даярлау бағдарламасын уәкілетті ұйымда бекіту талап етілмейді.

Ескерту. 457-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22-бөлім. Ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкерді/ұшу диспетчерін кәсіби даярлаудың үлгілік бағдарламасы

458. Бастапқы даярлау (қайта даярлау) жаңа мамандықты және/немесе мамандандыруды игерген, қызметтің бейіні мен бағыты өзгерген кезде, сондай-ақ ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкерге/ұшу диспетчеріне қойылатын біліктілік талаптарға сәйкес болу үшін қосымша мамандық алу мақсатымен бастапқы және/немесе кәсібибілім, дағды мен машық алуды және/немесе дамытуды қамтамасыз етеді.

459. Ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкердің/ұшу диспетчерінің кәсібибіліктілігін қолдау ұжымдық жұмыс дағдыларын, жүйелер мен жабдықтардың өзгерістерімен таныстыруды, жаңа рәсімдер мен тәжірибелерді зерделеуді, авариялық, қауіпті және штаттан тыс жағдайлардағы іс-әрекеттерге үйретуді қоса алғанда, қолданыстағы білім мен дағдыларды қайта қарауды, бекітуді және кеңейтуді, сондай-ақ жұмыста 6 айдан артық, бірақ үш жылдан аспайтын үзіліс болғаннан кейін кәсібидағдыны қалпына келтіруді қамтамасыз етеді.

460. Ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкердің/ұшу диспетчерінің кәсібибіліктілігін қолдау даярлаудың теориялық және тәжірибелік түрлерін қамтиды.

Бастапқы даярлау (қайта даярлау) кезінде Теориялық даярлық авиациялық оқу орталықтарында, ал тәжірибелік даярлау пайдалану кәсіпорындарында немесе сертификатталған техникалық және авиациялық оқу орталықтарында техникалық мүмкіндік болған жағдайда іске асырылады. Осы ретте тәжірибелік даярлау пайдалану кәсіпорнының рәсімдеріне сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтық авиация саласының уәкілетті ұйымымен немесе уәкілетті органмен келісілген меншікті бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 460-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

461. Кәсібидеңгейді қолдау Теориялық даярлық түрінде кемінде үш жылда бір рет авиациялық оқу орталығында немесе пайдалану кәсіпорнында технологиялық мүмкіндік болған кезде іске асырылады. Егер, осы ретте пайдалану кәсіпорны тәжірибелік даярлауды өткізе алатын болса, онда ол пайдалану кәсіпорнының рәсімдеріне сәйкес уәкілетті ұйымымен немесе уәкілетті органмен келісілген меншікті бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 461-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

462. Пайдалану кәсіпорнының бағдарламалары олардың операциялық және/немесе рәсімдік нұсқаулықтарының құрамдас бөлігі болуы мүмкін.

463. Бастапқы Теориялық даярлау көлемі оқытылатын персоналдың бастапқы білімімен, сондай-ақ біліктілігімен айқындалады және ол:

1) сала бойынша оқу алдындағы жұмыс өтілі алты айдан артық үзілмеген және:

ӘК-ні ұшуда пайдалану (ұшқыш, штурман), ӘК-ге диспетчерлік қызмет көрсету (ӘҚҚ, ПВД, Брифинг диспетчері) мамандықтары бойынша базалық авиациялық білімі (арнайы орта, жоғары, бакалавр, магистратура, әскери оқу мекемесі) бар;

мамандандырылған бастапқы даярлаудан өткен және авиация персоналы (ұшқыш, штурман, ӘҚҚ, ПВД, Брифинг диспетчері) куәлігін алған;

азаматтық авиация мамандары үшін, құзыретті бағалау элементтерін қоса алғанда, кемінде 60 оқу сағатын құрайды;

2) сала бойынша оқу алдындағы жұмыс өтілі алты айдан артық үзілмеген және:

метеорологиялық қамтамасыз етуге байланысты мамандықтар бойынша базалық авиациялық білімі және ӘК-нің ұшуын метеорологиялық қамтамасыз ету саласында кемінде үш жыл жұмыс өтілі бар немесе;

ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкер/ұшу диспетчері ретінде мамандандырылған даярлығы бар, мамандығы бойынша үш жылдан астам жұмыс істемеген немесе;

оқу алдындағы жыл бойы ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкердің/ұшу диспетчерінің міндеттерін жүзеге асырған маман ретіндегі жұмыс тәжірибесі бар азаматтық авиация мамандары үшін, құзыретті бағалау элементтерін қоса алғанда, кемінде 80 оқу сағатын құрайды;

3) сала бойынша оқу алдындағы жұмыс өтілі алты айдан артық үзілмеген және:

бортоператор, борт инженер, бортсерік, авиациялық станция операторы, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі маман секілді авиациялық мамандықтар бойынша базалық білімі немесе мамандандырылған бастапқы даярлығы (кәсібидаярлау курстары және т.б.)бар немесе;

ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкер/ұшу диспетчері ретінде мамандандырылған даярлығы бар, мамандығы бойынша бес жылдан астам жұмыс істемеген азаматтық авиация мамандары үшін, құзыретті бағалау элементтерін қоса алғанда, кемінде 150 оқу сағатын құрайды;

4) арыз берушілердің барлық қалған санаттары үшін құзіретті бағалау элементтерін қоса алғанда, кемінде 360 оқу сағатын құрайды.

464. Бастапқы даярлау ең кемінде осы Үлгілік бағдарламаға 89-қосымшада келтірілген салалардағы білімді игеру мен көрсетуді қамтамасыз етеді.

465. Құзыретті бағалау элементтерін қоса алғанда, кәсібидеңгейді қолдау бойынша бағдарламаның мазмұны бастапқы даярлаудан (қайта даярлаудан) алынған, сондай-ақ жаңадан қалыптастырылған білім мен дағдыны растауды қамтамасыз етеді және кемінде 30 сағат көлемінде іске асырылады.

466. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

467. Осы параграфта айтылған ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкер/ұшу диспетчері кәсібидаярлаудың барлық бағдарламаларының жалпы көлеміне ағылшын тілінің аспектілерін және АОО-ның қарауы бойынша, не оқытуға тапсырыс беруші қажет еткен кезде АА субъектілерінің басқа қызметтерін зерделеу енгізіледі.

Ескерту. 467-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

468. Алты айдан екі жылға дейін мамандығы бойынша жұмыс істемеген ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкер/ұшу диспетчері кәсіби деңгейді қолдау курстарында оқуға тиіс.

469. Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы саласындағы нормативтік-құқықтық актілер белгілейтін кәсібидаярлауға жаңа және қосымша талаптар енгізілген кезде, оларды кәсібидаярлау бағдарламаларында іске асыру міндетті болып болып табылады, ал сағаттардың жалпы саны нақтыланады.

22-1-тарау. Ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкерді-нұсқаушыны (ұшу диспетчерін) FDI (flight dispatch instructor) кәсіби даярлаудың үлгілік бағдарламасы

Ескерту. Үлгілік бағдарлама 22-1-тараумен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

469-1. Ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкерді-нұсқаушыны (ұшу диспетчерін) FDI (flight dispatch instructor) кәсіби даярлаудың үлгілік бағдарламалары мынадай нұсқаушылар үшін кәсіби даярлықтың ең аз көлемін айқындайды:

1) теориялық және практикалық даярлыққа қатысатын нұсқаушы;

2) жұмыс орнында тағылымдамадан өтетін нұсқаушы (OJTI - on the job training instructor).

469-2. Теориялық және немесе практикалық даярлыққа қатысатын, сондай-ақ ұшу / ұшу диспетчерлерін қамтамасыз ету бойынша жұмыс орнында (OJTI - on the job training instructor) тағылымдаманы жүзеге асыратын нұсқаушыларды кәсіптік даярлық бағдарламасы кем дегенде осы Үлгілік бағдарламаларға 89-1-қосымшада келтірілген бағыттар бойынша оқытуды қамтиды.

469-3. Бастапқы дайындықтың жалпы көлемі кемінде 60 сағатты құрайды, оның ішінде практикалық дайындық кемінде 18 сағатты құрайды.

Кәсіби деңгейді ұстап тұру үш жылда бір рет кезеңділікпен және кемінде 8 сағаттық практикалық дайындықты қамтитын кемінде 20 сағат көлемінде іске асырылады.

469-4. Жұмыс орнында тағылымдаманы жүзеге асыратын нұсқаушы (OJTI - on the job training instructor) азаматтық авиация ұйымының жұмыс орнында тағылымдамадан өтеді.

23-бөлім. Теңіз қондырғыларының авиациялық станцияларының операторларын және оператор-нұсқаушыларын кәсіби даярлаудың үлгілік бағдарламасы 1-параграф. Теңіз қондырғыларының авиациялық станцияларының операторларынкәсібидаярлау

470. Теңіз қондырғыларының авиациялық станцияларының операторларын кәсіби даярлаудың осы үлгілік бағдарламасы кәсіби даярлаудың қағидатын, ұйымдастырылуын, тәртібі мен ең аз көлемін, сондай-ақ төмендегі мамандар ретінде дербес жұмысқа рұқсат беруді белгілейді:

1) теңіз қондырғыларының авиациялық станциясының операторы (бұдан әрі – ТҚ АСО);

2) теңіз қондырғыларының авиациялық станциясының оператор-нұсқаушысы (бұдан әрі – ТҚ АСОН).

471. ТҚ АСО кәсіби даярлау мамандықты меңгеру, жаңа технологияларды зерделеу, қызмет аясы өзгерген немесе кеңейген, авариялық, штаттан тыс жағдайларда

іс-әрекеттерді пысықтаған кезде және жүйелердің жұмысқа қабілеттілігі нашарлаған жағдайларда орындалатын қызметтік міндеттерге сәйкес болуы үшін жүргізіледі.

472. ТҚ АСО бастапқы даярлау, қайта даярлау және кәсібидеңгейді қолдау келесі сатыларды қамтиды:

1) теориялық даярлық;

2) тәжірибелік даярлық.

473. Бастапқы даярлау және қайта даярлау аталған мамандарға арналған біліктілік талаптарына сәйкес келетін тұлғаларға жүргізіледі және кемінде 88 сағат құрайтын даярлаудың жалпы көлемінде жүргізіледі.

474. Кәсіби деңгейді қолдау 24 айда бір рет мерзімділікпен өткізіледі және жалпы көлемі 40 сағаттан кем болмайды.

475. Құзыретті бағалау элементтерін қоса алғанда, кәсіби деңгейді қолдау бойынша бағдарламаның мазмұны бастапқы даярлаудан, қайта даярлаудан алынған және кемінде 40 сағат көлемінде жаңадан қалыптастырылған білім мен дағдыны растауды қамтамасыз етеді.

476. Бастапқы даярлау, қайта даярлау және кәсіби деңгейді қолдау көлемі уәкілетті ұйыммен немесен уәкілетті органмен келісетін АОО-ның бағдарламаларына сәйкес регламенттеледі.

Ескерту. 476-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

477. Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы саласындағы нормативтік-құқықтық актілер белгілейтін кәсіби даярлауға жаңа және қосымша талаптар енгізілген кезде, оларды кәсібидаярлау бағдарламаларында іске асыру міндетті болып болып табылады, ал сағаттардың жалпы саны барабар өзгереді.

478.ТҚ АСО бастапқы даярлау, қайта даярлау және кәсібидеңгейлерін қолдау осы Үлгілік бағдарламаға 90-қосымшада келтірілген келесі салаларда қажетті білімді зерделеуді және көрсетуді қамтиды.

479.Тәжірибелік даярлау білікті нұсқаушылардың басшылығымен бекітілген бағдарлама бойынша жаттығу құрылғысын немесе арнайы жабдықты пайдалану арқылы жүргізіледі.

480.Тыңдаушылардың сабақ үлгерімі ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау түрінде болуы мүмкін және техникалық құралдарды, оның ішінде компьютерлік техниканы, сауалнама жүргізу, тест жүргізу, ауызша сұрақ-жауап, жазбаша бақылау жұмыстары әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырыда.

Ескерту. 480-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

481. Теориялық және тәжірибелік даярлау сәтті аяқталған соң білікті ТҚ АСОН басшылығымен дербес жұмыс рұқсат алу үшін тиісті өндірістік тағылымдама жүргізіледі.

482. Білікті ТҚ АСОН басшылығымен теңіз қондырғысында тағылымдамадан өтудің ең аз көлемі біліктілік белгісін алуға өтініш берер алдындағы6 ай бойғы кемінде 60 жұмыс күнін құрайды.

Авиациялық персоналдың өндірістік тәжірибеден өтуі мақсатында айында кемінде 15 (он бес) ұшу/рейс жиілігімен қолданыстағы тікұшақ айлақтары пайдаланылады.

483. Тағылымдама:

1) тікұшақ айлағының бас жоспарын және оның физикалық сипаттамаларын зерделеу;

2) объектіде ұйымдастыру құрылымын зерделеу;

3) әуе кеңістігінің құрылымын зерделеу;

4) жұмыс орнында ӘҚҰ жалпы технологиялық үдерісін зерделеу;

5) ұшуды орындау жөніндегі нұсқаулықты (тікұшақ айлағының аэронавигациялық паспортын) зерделеу;

6) нақты жұмыс орнында пайдаланылатын анықтамалық материалмен және рәсімдермен танысу;

7) аралас жұмыс пункттерімен, ұшуды бақылау және үйлестіру органдарымен өзара әрекет ету тәртібі мен ерекшеліктерін зерделеу;

8) жұмыс пунктін метеорологиялық қамтамасыз етумен танысу;

9) әуе қозғалысына қызмет көрсеткен кезде ұшуды қамтамасыз етудің радиотехникалық жүйелерімен танысу;

10) жердегі байланыс құралдарымен танысу;

11) жұмыс пунктін (жабдық пен оны пайдалану) және ӘҚҰ ерекшеліктерін зерделеу ;

12) нақты жұмыс орнында авиациялық станция операторының жұмыс істеу технологиясын және радиоалмасу қағидалары мен фразеологиясын тәжірибелік қолдану;

13) практикалық қызмет сияқты білімді, дағдыны және машықты қамтуға тиіс.

484. ТҚ АСОН тағылымдамадан өтушінің білімін тексереді және тағылымдадан өтушінің өндірістік тәжірибені(даярлауды) бастауға дайын екендігі туралы шешім қабылдайды.

485. Өндірістік тәжірибе (даярлау) ТҚ АСОН жұмыс орнында өткізіледі.

486. Өндірістік тәжірибе (даярлау) ТҚ АСО әуе қозғалысына қызмет көрсетуді (жұмыс орнындағы рәсімдерді) нұсқаушылық көрсетуді және ТҚ АСОН бақылауымен тағылымдамадан өтушінің авиациялық станция операторы ретіндегі жұмысын қамтиды .

487. Авиациялық станция операторының нұсқаушылық көрсетуі тағылымдамадан өтушінің көзінше авиациялық станция оператор-нұсқаушысының әуе қозғалысына тәжірибелік қызмет көрсетуін көздейді және ол:

1) әуе ахуалына тән мысалдармен түсіндіру арқылы;

2) әуе ахуалын бақылау әдістері мен рәсімдерін түсіндіру арқылы;

3) тиісті ақпарат пен шешімдерді қабылдау және беру себептерін түсіндіру арқылы;

4) ӘҚҚ кезінде назар аударуға байланысты ұсыныстар арқылы;

5) ӘҚҰ РТҚ пайдалану жөніндегі ұсыныстар арқылы;

6) Аралас жұмыс пункттерімен өзара әрекет ету жөніндегі ұсыныстар арқылы сүйемелденеді.

488. Тағылымдамадан өтушінің авиациялық станция операторы ретіндегі жұмысы ТҚ АСОН бақылауымен авиациялық станция операторының міндеттерін ішінара немесе толық орындауын көздейді және ол:

1) ахуалдың дамуы және тағылымдамадан өтушінің іс-әрекетін ТҚ АСОН үздіксіз бақылауы арқылы;

2) тағылымдамадан өтушінің іс-әрекетіне уақтылы араласуға ТҚ АСОН әрдайым дайын болуы арқылы;

3) тағылымдамадан өтушіде қиындықтар туындаған кезде ТҚ АСОН түсініктемелер , ұсыныстар беруі және көмек көрсетуі арқылы сүйемелденеді.

489. Өндірістік тағылымдама аяқталған соң авиациялық станцияның оператор-нұсқаушысы алынған білімді, дағдыны және машықты тексереді және тағылымдамадан өтушінің жұмыс пунктіндегі дербес жұмысқа дайын екендігі туралы шешім қабылдайды.

2-параграф. Авиациялық станциялардың оператор-нұсқаушыларын кәсібидаярлау

490. ТҚ АСОН кәсіби даярлаудың осы Үлгілік бағдарламасы кәсіби даярлаудың қағидатын, ұйымдастырылуын, тәртібі мен ең аз көлемін, сондай-ақ дербес жұмысқа рұқсат беруді белгілейді.

491. ТҚ АСОН кәсіби даярлау мамандықты меңгеру, жаңа технологияларды зерделеу, қызмет аясы өзгерген немесе кеңейген, авариялық, штаттан тыс жағдайларда іс-әрекеттерді пысықтаған кезде және жүйелердің жұмысқа қабілеттілігі нашарлаған жағдайларда орындалатын қызметтік міндеттерге сәйкес болуы үшін жүргізіледі.

492. ТҚ АСОН бастапқы даярлау, қайта даярлау және кәсіби деңгейді қолдау келесі сатыларды қамтиды:

1) теориялық даярлық;

2) тәжірибелік даярлық;

ТҚ АСОН қайта даярлау және кәсіби деңгейін қолдау кезінде мынадай критерилер ескеріледі:

авиациялық станция ТҚ АСОН біліктілік талаптарына сай тұлғалардың ішінен авиациялық станцияның операторын қайта даярлау және кәсіби деңгейін қолдау 24 сағаттан кем емес жалпы көлемде жүргізіледі;

авиациялық станция операторының қолданыстағы куәлігі бар тұлғалардың ішінен авиациялық станцияның оператор-нұсқаушысын қайта даярлау және кәсіби деңгейін қолдау кезінде екі және одан да артық тікұшақ айлағындағы қосынды жұмыс өтілі екі жылдан кем болмайды;

авиациялық станцияның оператор-нұсқаушысын қайта даярлау және кәсіби деңгейін қолдау кезінде үміткерде 4-ші (жұмыс) деңгеден төмен емес ИКАО тілді білу шкаласы бойынша меңгеру деңгейін растайтын қолданыстағы сертификат болуға тиіс.

493. Кәсібидеңгейді қолдау 36 айда бір рет мезімділікпен өткізіледі және көлем жағынан 24 сағаттан кем болмайды.

494. Құзыретті бағалау элементтерін қоса алғанда, кәсібидеңгейді қолдау бойынша бағдарламаның мазмұны бастапқы даярлаудан, қайта даярлаудан алынған және кемінде 24 сағат көлемінде жаңадан қалыптастырылған білім мен дағдыны растауды қамтамасыз етеді.

495. Қайта даярлау және кәсіби деңгейді қолдау көлемі уәкілетті ұйыммен немесе уәкілетті органмен бекітетін АОО-ның бағдарламаларына сәйкес регламенттеледі.

Ескерту. 495-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

496. Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы саласындағы нормативтік-құқықтық актілер белгілейтін кәсібидаярлауға жаңа және қосымша талаптар енгізілген кезде, оларды кәсібидаярлау бағдарламаларында іске асыру міндетті болып болып табылады, ал сағаттардың жалпы саны барабар өзгереді.

497. Авиациялық станциялардың оператор-нұсқаушыларын бастапқы даярлау, қайта даярлау және кәсібидеңгейлерін қолдау осы Үлгілік бағдарламаға 91-қосымшада келтірілген келесі салаларда қажетті білімді зерделеуді және көрсетуді қамтиды.

498. Тәжірибелік даярлау білікті нұсқаушылардың басшылығымен бекітілген бағдарлама бойынша жаттығу құрылғысын немесе арнайы жабдықты пайдалану арқылы жүргізіледі.

499. Тыңдаушылардың сабақ үлгерімі ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау түрінде болуы мүмкін және техникалық құралдарды, оның ішінде компьютерлік техниканы, сауалнама жүргізу, тест жүргізу, ауызша сұрақ-жауап, жазбаша бақылау жұмыстары әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырыды.

Ескерту. 499-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

500. ТҚ АСОН теориялық және тәжірибелік даярлау сәтті аяқталғаннан кейін тағылымдама өткізілмейді.

24-бөлім. Ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету және авиациялық электр байланысы жөніндегі мамандарды (радиотехникалық жабдықты және электр байланысын пайдалану жөніндегі мамандарды, инженерлік-техникалық персоналды) кәсіби даярлаудың үлгілік бағдарламасы 1-параграф. Жалпы ережелер.

501. Ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету және авиациялық электр байланысы жөніндегі мамандарды кәсіби даярлаудың осы үлгілік бағдарламасы ұшуды қамтамасыз етудің радиотехникалық жабдықтарын және электр байланысын пайдалану (бұдан әрі – РТЖБП) жөніндегі инженерлік-техникалық персоналды, ИКАО терминологиясы бойынша – әуе қозғалының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған электрондық құралдар жөніндегі персоналды (ATSEP) кәсіби даярлаудың қағидатын, негізгі функцияларын, дербес жұмысқа рұқсат берудің тәртібін айқындайды. Даярлау мен бағалаудың біліктілік жүйесін кәсіби даярлау процестеріне енгізу кезінде ИКАО Doc 9868 (PANS-TRG) және Doc 10057 AN/520. құжаттарының ұсынымдары қолданылады.

Ескерту. 501-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

502. Ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету және авиациялық электр байланысы жөніндегі мамандарды кәсібидаярлаудың осы үлгілік бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқыту РТЖБП жөніндегі мамандардың төмендегі лауазымдық міндеттерді атқаруларын қамтамасыз етеді (функционалдық міндеттері мен орындайтын жұмысына байланысты):

1) ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету жүйелері мен жабдықтарына (бұдан әрі – ҰРТҚ, ИКАО терминологиясына сәйкес – CNS/ATM) техникалық қызмет көрсету, оған қоса:

жердегі радионавигациялық құралдарды калибрлеу;

ҰРТҚ жүйелері мен жабдықтарын сертификаттау;

пайдаланымдағы ҰРТҚ жабдықтарын жетілдіру;

түзетушілік техникалық қызмет көрсетуді орындау;

превентивті техникалық қызмет көрсетуді орындау;

ҰРТҚ жүйелері мен жабдықтарын орнату;

ҰРТҚ жүйелері мен жабдықтарын пайдалану басқару және жұмысқа қабілеттілігін бақылау;

ҰРТҚ жүйелері мен жабдықтарын пайдалануға даярлау, жұмысқа қабілеттілігін бағалау, жаңарту, техникалық қызмет көрсету қағидалары мен стандарттарын әзірлеу.

503. Бастапқы даярлық РТЖБТ мамандарына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестендіру үшін базалық, бастауыш, біліктілік білімдері мен дағдыларын, оның ішінде мамандандыруды және қажет болған жағдайда жабдықтар мен жүйелердің нақты түрлерін зерделеуді алуды, сондай-ақ дамытуды қамтамасыз етеді. Электрондық техника немесе техникалық білім (арнаулы орта, жоғары техникалық білім, бакалавриат, магистратура) саласында электроника/электрбайланыс, компьютерлік жүйелер немесе салыстырмалы пән саласында мамандanған әскери білімі бар адамдардан РТЖБТ бойынша мамандарды бастапқы даярлау аэронавигациялық ұйымда пайдаланылатын авиациялық ерекшеліктер мен жабдықтарды зерделеуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 503-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.11.2024 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

504. Электронды техника саласында даярлау (мамандандыру) осы құжаттың мақсатында қосынды көлемі 1600 сағаттан тұратын:

1) физика, электротехника, радиотехника, электроника, микроэлектроника және т.б. ; радиотехникалық тізбектер мен сигналдар; электромагнит өрістері және радиотолқынның таралуы;

2) аналогты және сандық техника; мамандандырылған аспаптар мен жабдықтар; өлшеу жүйелері, метрология және өлшеу құралдары; электр энергиясының көздері; басқару жүйелері, автоматика, телемеханика, есептеу техникасы, бағдарламалау, операциялық жүйелер;

Бұл ретте көрсетілген атаулар нақты пәндердің (тақырыптардың, модульдердің) атауы болып табылмайды, ғылым, техника, технология, оқу бағдарламаларына қатыстылығын білдіреді.

505. РТЖБП жөніндегі мамандардың кәсібибіліктілігін қолдау ұжымдық жұмыс дағдыларын, жүйелер мен жабдықтардың өзгерістерімен таныстыруды, жаңа рәсімдер мен тәжірибелерді зерделеуді, авариялық, қауіпті және штаттан тыс жағдайлардағы іс-әрекеттерге үйретуді қоса алғанда, қолданыстағы білім мен дағдыны қайта қарауды, бекітуді және кеңейтуді, сондай-ақ жұмыста 6 айдан артық үзіліс болғаннан кейін кәсібидағдыны қалпына келтіруді қамтамасыз етеді.

506. РТЖБП жөніндегі мамандарды қайта даярлау жұмыс сипаты (лауазымдық міндеттердің бейіні), жұмыс жағдайлары (жаңа рәсімдерді енгізу), жүйенің құралымы (жаңарту немесе ауыстыру), мамандықтар, мамандандырулар, жұмыс бейіні өзгергенде, сондай-ақ жүйелерді, жабдықтарды пайдалануға рұқсатттама алу және біліктілік туралы жазбалар алу үшін жүргізіледі.

2-параграф. РТЖБП жөніндегі мамандарды бастапқы даярлау

507. Бастауыш, кәсібибілім, дағды мен машық алуға, сондай-ақ дамытуға, оған қоса мамандандыруға және қажет болған кезде, жабдықтар мен жүйелердің нақты түрлерін зерделеуге бағытталған бастапқы даярлау электронды техника саласындағы техникалық білімі жоқ тұлғаларға жүргізіледі.

508. Осы үлгілік бағдарламалар бекітілген мезетке дейіндербес жұмысқа рұқсаттаманы сол мезетте белгіленген талаптарға сәйкес алған РТЖБП жөніндегі мамандар бастапқы Теориялық даярлық дан кәсібидеңгейді қолдау курстарында өтеді.

509. Бастапқы даярлау мына сатыларды қамтиды:

1) теориялық даярлық;

2) тәжірибелік даярлау.

510. Теориялық даярлық мынадай негізгі оқыту нысандарында жүзеге асырады:

1) күндізгі стационарлық (кешенді, үлгілік);

2) модульдік;

3) сырттай;

4) қашықтықтан;

5) құрамдастырылған.

Ескерту. 510-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

511. Бастапқы даярлау көлемі келесі белгілерге сәйкес болуға тиіс:

1) электрондық техника немесе техникалық білім (арнаулы орта, жоғары техникалық білім, бакалавриат, магистратура) саласында электроника/электр байланыс, компьютерлік жүйелер немесе салыстырмалы пән саласында мамандanған әскери білімі бар адамдардан РТЖБП бойынша мамандарды бастапқы теориялық даярлау кезінде жалпы даярлық көлемі кемінде 200 сағатты құрайды;

2) электроника/электр байланыс, компьютерлік жүйелер немесе салыстырмалы пән саласында білімі жоқ адамдардан РТЖБП бойынша мамандарды бастапқы даярлау кезінде жалпы даярлық көлемі электрондық техника саласындағы мамандanудың қажеттілігі негізге алына отырып, кемінде 1600 сағат көлемінде белгіленеді;

3) тәжірибелік даярлау АОО-да оқыту аяқталғаннан кейін, аэронавигациялық ұйымда тағылымдама нысанында өткізіледі;

4) ағылшын тілі бастапқы даярлау бағдарламасының жалпы көлеміне қажет болған кезде, стандарттар болғанда оқушылардың санатына және оларға қойылатын біліктілік талаптарына байланысты пайдалану құжаттарын қолдану және қатынасу үшін жеткілікті көлемде енгізіледі;

5) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы саласындағы нормативтік-құқықтық актілер белгілейтін кәсібидаярлауға жаңа және қосымша талаптар енгізілген кезде, оларды кәсібидаярлау бағдарламаларында іске асыру міндетті болып болып табылады, ал сағаттардың жалпы саны нақтыланады;

6) бастапқы Теориялық даярлық осы Үлгілік бағдарламаға 52-қосымшада келтірілген келесі салаларда қажетті білімді зерделеуді және көрсетуді қамтиды.

Ескерту. 511-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.11.2024 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

512. Теориялық даярлық аяқталған соң, тәжірибелік даярлауға (тағылымдамаға) ауысу жүзеге асырылады, онда бұрын алынған білім мен дағдыны тағылымдама бойынша білікті нұсқаушының қадағалауымен нақты біріктіру шынайы жағдайларда өтеді.

3-параграф. РТЖБП жөніндегі маманды тағылымдамадан өткізу

513. ҰРТҚ және байланыс объектілерінде дербес жұмысқа тиісті кәсібидаярлаудан және жұмыс орнында келесі тағылымдамадан (ИКАО терминологиясы бойынша – жұмыс орнында оқыту бойынша білікті маманның қадағалауымен жұмыс орнында оқыту) өткен мамандарға рұқсат беріледі.

514. Тағылымдама жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, ҰРТҚ және электр байланысы объектілерінде лауазымдық міндеттерді орындау үшін қажет кәсібибілімді, машықты және дағдыны тәжірибеде қалыптастыру мен бекітуге бағытталады және:

1) дербес жұмысқа рұқсаттама алу үшін;

2) ҰРТҚ және байланысты, не аэронавигациялық ұйымның бөлімшесін бір объектіден басқа объектіге, бөлімшеге ауыстырған кезде;

3) кезекті біліктілік деңгейін берген (растаған) кезде;

4) жұмыста 6 (алты) айдан астам үзіліс болған кезде;

5) авариялық, штаттан тыс және төтенше жағдайлардағы іс-әрекеттерді пысықтаған кезде;

6) авиациялық оқиғаға немесе авиациялық оқыс оқиғаға әкеп соқтырған бұзушылықтардан кейін;

7) өзінің функционалдық міндеттерін орындауға маманның қабілеттігін тексеру үшін қажет өзге жағдайларда жүргізіледі.

515. Тағылымдама басшысы (нұсқаушы) тағылымдаманың мақсатын, нысанын, басталу және аяқталу мерзімдерін белгілейді. Бір тағылымдама басшысына бөлінетін тағылымдамадан өтушілер саны алты адамнан аспауға тиіс.

516. Тағылымдама басшысы (нұсқаушы) тағылымдамадан өтуші туралы объективті деректер және онымен жеке әңгімелесу негізінде тағылымдама өткізудің жеке жоспарын жасайды, оған қажеттілігіне қарай тиісті түзетулер енгізеді.

517.Тағылымдаманы өткізудің жеке жоспарын жасау кезінде нұсқаушыға тағылымдамадан өтушіні қосымша тестілеуге (білімдерін тексеруге) рұқсат етіледі.

518. Тағылымдама барысында:

лауазымдық нұсқаулық, техника қауіпсіздігі, өртке қарсы, авиациялық қауіпсіздік, объектішілік жұмыс режимі мен тәртібі бойынша нұсқаулықтар;

нормативтік құжаттаманың маманға қатысты бөлігі;

объектінің жұмыс істеуінің, электрмен жабдықталуының, басқарылуымен байланысының құрылымдық схемалары, техникалық пайдаланудың сипаттамалары, қағидалары, нұсқаулықтары және объектіде орнатылған жабдыққа техникалық қызмет көрсету регламенттері;

объектінің негізгі жабдығын резервтеу тәртібі,пайдалану уақыты ішінде аппаратуралар мен жабдықтардың құрастырылымдарына жасалған электрмен жабдықтауды өзгерту көздері;

жабдықты тәжірибелік пайдалану, объектіде пайдаланылатын бақылау-өлшеу аппаратурасы, объектінің пайдалану құжаттамасы және оны жүргізу тәртібі;

ҰРТҚ және байланыс объектісінің құралдарын метрологиялық қамтамасыз ету бойынша талаптар;

тағылымдама жоспарында көзделген, жергілікті жағдай ерекшеліктеріне немесе тағылымдамадан өтуші мамандығының ерекшелігіне қатысты басқа ережелер мен талаптар зерделенеді.

519. Осыдан кейін тағылымдама басшысы тағылымдамадан өтушінің білімін тексереді және тәжірибелік жұмысты бастауға дайындығы туралы шешім қабылдайды.

520. РТЖБП жөніндегі персонал тағылымдамасының ұзақтығына 3 ай мерзім, ал осы бейін бойынша жұмыс өтілі бар персоналға 1 айға дейінгі мерзім белгіленеді.

521. Тағылымдамадан өтуші теориялық білім мен тәжірибелік дағдыны өзінің функционалдық міндеттерін өз бетінше атқару немесе ҰРТҚ және байланыс жабдықтарының жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру үшін жеткіліксіз дәрежеде меңгерген және үйренген кезде, сондай-ақ оны дәлелді себептерге байланысты 2 айдан аспайтын мерзімге үзген жағдайларда тағылымдама мерзімі тағылымдама басшысының (нұсқаушының) баяндамасы бойынша ұзартылуы мүмкін.

522. Персоналдың тағылымдамадан өтуі ҰРТҚ және байланыс жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру үшін қажетті теориялық білімі мен тәжірибелік дағдыны тексерумен аяқталады.

4-параграф.РТЖБП жөніндегі мамандардың кәсіби деңгейін қолдау

523. Құзыретті бағалау элементтерін қоса алғанда, кәсібидеңгейді қолдау бойынша бағдарламаның (ИКАО терминологиясына сәйкес – құзыретті қолдау үшін даярлау) мазмұны бастапқы даярлаудан алынған және кемінде 36 сағат көлемінде жаңадан қалыптастырылған білім мен дағдыны растауды қамтамасыз етеді.

524. Кәсібидеңгейді қолдау бастапқы даярлаудың осы үлгілік бағдарламасында көрсетілген мерзімділік пен тақырыптарға сәйкес оқу курстары, тренингтер және семинарлар түрінде, оның ішінде қашықтықтан оқыту түрінде ұйымдастырылады және

белгіленген мерзім ішінде бір-ақ рет өткізілетін біртұтас курс түрінде, сондай-ақ жекеленген модульдер түрінде де іске асырылад.

Ескерту. 524-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

525. Инженерлік-техникалық персоналдың және қызметтер мен бөлімшелер басшыларының кәсібидеңгейін қолдау мерзімділігі әрбір үш жыл сайын жүзеге асырылады.

526. Кәсібидеңгейді қолдау, ең кемінде, осы Үлгілік бағдарламаға 53-қосымшада келтірілген тарауларды қамтиды және:

1) мамандандыру бойынша кәсібидеңгейді мерзімді қолдау;

2) CNS/ATM дамыту бағдарламаларына сәйкес ҰРТҚ және байланыс жабдықтарын техникалық пайдаланудың жаңа рәсімдерін, жүйелерді жетілдіру жөніндегі тұжырымдамаларды меңгеру;

3) ҰРТҚ жүйелерінің жұмысқа қабілеттілігі нашарлаған жағдайда авариялық, қауіпті және штаттан тыс іс-әрекеттерге үйрету;

4) жұмыста 6 айдан астам үзілістерден кейін мамандардың кәсібидағдыларын қалпына келтіру мақсатымен жүргізіледі.

527. Алдыңғы тармақтың 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген мақсаттар кәсібидеңгейді қолдау бағдарламасындағы міндетті түрде іске асырылатын талаптар болып табылады.

528. ҰРТҚ және байланыс жабдықтарын техникалық пайдаланудың жаңа рәсімдерін, жүйелерді жетілдіру жөніндегі тұжырымдамаларды меңгеру аэронавигациялық ұйымның даму жоспарларымен айқындалған мерзімде CNS/ATM жүйелерін дамыту бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады және қажет болған кезде аэронавигациялық ұйымның өзінде техникалық оқу, тәжірибелік дайындық түрінде, авиациялық оқу орталығында жекеленген курс, тренинг түрінде іске асырылады. Осы ретте даярлау бағдарламасын (жоспарын) уәкілетті ұйыммен келісу талап етілмейді.

Ескерту. 528-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

529. Жекеленген жағдайларда және жедел қажет болған кезде кәсібидаярлаудың осы түрі жоспардан тыс, бірақ кезекті мерзімнен кешіктірілмей өткізіледі.

Ескерту. 529-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

530. Жұмыста 6 айдан астам үзіліс болғаннан кейін кәсібидағдыларын қайта қалпына келтіру:

1) жұмыста алты және он екі айға дейін үзіліс болған кезде тәжірбиелік дағдыларын жұмыс орнында тексеру;

2) жұмыста бір жылдан астам үзіліс болған кезде кәсібидеңгейді қолдау бойынша оқыту және тағыламдамадан өткізу арқылы жүзеге асырылады. Тағылымдама көлемін маманның даярлық деңгейіне байланысты төмендетуге, бірақ бастапқы рұқсатнама үшін белгіленген көлемнің70%-нан аспайтын көлемге төмендетуге рұқсат етіледі.

5-параграф. РТЖБП жөніндегі мамандарды қайта даярлау

531. Кәсібидаярлаудың осы түрі РТЖБП жөніндегі персонал жұмысының бейіні айтарлықтай өзгерген жағдайда жаңа жабдық енгізген және қолданыстағы жабдық жаңартылған, жекеленген бөлімшелердің қызмет көрсету рәсімдері мен бейіні өзгерген, мамандарды қосымша дайындық деңгейі мен мамандандыруды талап ететін лауазымдарға ауыстырған кезде білікті маманды қамтамасыз ету үшін жүргізіледі.

532. Қайта даярлау бағдарламалары терияны және тиісті құрылғылар мен жүйелерді зерделеуді, тиісті құжаттамаларды пайдалануды және ұшу қауіпсіздігіне ықпал ететін тәжірибелік әдістерді қамтуға тиіс.

533. Қайта даярлау бағдарламасы игерілген соң тиісті тағылымдама өткізіледі.

534. РТЖБП жөніндегі персоналды қайта даярлау арнайы дайындық түрінде жүргізіледі, осы ретте негізгі көңіл не қызметтің нақты саласына, не персоналдың міндеттеріне бөлінеді және:

1) РТЖБП жабдығының жаңа үлгісіне қайта оқыту және ҰРТҚ және байланыстың нақты жүйелері мен жабдықтарына қызмет көрсету құқығын алу үшін;

2) жаңа пайдалану технологияларын меңгеру үшін;

3) авариялық, штаттан тыс және төтенше жағдайлардағы іс-қимылды пысықтау кезінде және авиациялық оқиғаға немесе авиациялық оқыс оқиғаға әкеп соқтырған бұзушылықтардан кейін;

4) РТЖБП бойынша қызметті реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттардың талаптары айтарлықтай өзгерген кезде;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа жағдайларда жүзеге асырылады.

535. Арнайы даярлықжұмыс орнында оқыта отырып, лауазымдық міндеттерді орындауға арналған нақты білімді, машық пен дағдыны тәжірибеде қалыптастыру мен бекітуге бағытталған, оның барысында жұмыс орнында оқыту жөніндегі білікті нұсқаушының қадағалауымен бұрын алынған білім мен дағды шынайы жағдайларда нақтыбірігеді. Осы даярлық жүйелер мен жабдықтарға қатысты білім мен дағды алудың соңғы сатысы болып табылады және ҰРТҚ және байланыстың нақты құралдарын пайдалануға рұқсаттама оның қорытындысы болып саналады.

536. РТЖБП жөніндегі персоналдың арнайы даярлығы (қажеттілігіне қарай) аэронавигациялық ұйымның өзінде тәжірибелік дайындық түрінде, авиациялық оқу

орталығында жекеленген курс, тренинг түрінде өткізіледі. Осы ретте даярлау бағдарламасын уәкілетті ұйымда келісу талап етілмейді.

Ескерту. 536-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

537. Арнайы даярлау ҰРТҚ және байланыс жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру үшін қажетті теориялық білімдер мен тәжірибелік дағдыларды тексерумен аяқталады.

25-бөлім. Ұшуды электржарықтехникалық қамтамасыз ету жөніндегі мамандарды (Әуежайлар мен әуеайлақтардың электрожарықтехникалық жабдығын пайдалану жөніндегі маман, инженерлік техникалық персонал) кәсібидаярлаудың үлгілік бағдарламасы

538. Ұшуды электржарықтехникалық қамтамасыз ету жөніндегі мамандарды кәсіби даярлаудың осы үлгілік бағдарламалары қызметі "Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясындағы ұшуларды электржарықтехникалық қамтамасыз ету қағидаларымен" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 350 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11637 тіркелген) реттелетін, ұшуды жарықтехникалық қамтамасыз ету бойынша қызметті тікелей жүзеге асыратын мамандарға кәсібидаярлау жүргізуге арналған және "Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей қатысатын авиация персоналын кәсібидаярлау қағидаларына" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 159 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10562 тіркелген) сәйкес іске асырылатын оқыту бағдарламасы мазмұнының ең аз көлемін қамтиды.

Ескерту. 538-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

539. Қосымша және мамандандырылған курстар мен тренингтер, қажет болған кезде, азаматтық авиация кәсіпорнының қарауы бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы саласындағынормативтік-құқықтық актілер белгілейтін кәсібидаярлауға жаңа және қосымша талаптар енгізілген кезде өткізіледі.

540. Алғаш рет қабылданған немесе жұмысында 12 айдан астам үзіліс болған адамдар ұшуды электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз ету бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін бастапқы даярлықтан өтеді. Бұрын азаматтық авиация саласында осындай мамандану бойынша жұмыс істеген адамдар бастапқы даярлықтан өтпейді.

Ескерту. 540-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

541. "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес әзірленген нормативтік-құқықтық актілері реттейтін оқыту уақытына қарамастан, бастапқы даярлау көлемі кемінде 30 сағатты құрайды.

542. Ұшуды электр жарығымен техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мамандарды қайта даярлау АОО бағдарламалары бойынша жаңа жүйелер мен технологияларды пайдалануға беру шеңберінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 542-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

543. Кәсіби деңгейді қолдау осы Үлгілік бағдарламаларда көрсетілген бастапқы даярлық тақырыбына сәйкес курстардан, тренингтер мен семинарлардан, оның ішінде қашықтықтан өтуді қамтиды және кемінде үш жылда бір рет кезеңділікпен іске асырылады.

Ескерту. 543-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.11.2024 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

544. Кәсіптік деңгейді қолдау курсының көлемі "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес әзірленген нормативтік-құқықтық актілері реттейтін оқыту уақытына қарамастан, кемінде 24 сағатты құрайды.

545. Кәсіптік даярлаудың іске асырылатын түріне қарамастан, оқыту аяқталғаннан кейін оқытылатын маманның біліміне қорытынды бақылау жүргізіледі және соның қорытындысы бойынша тиісті құжат беріледі.

546. Бастапқы даярлау және қайта даярлау аяқталған соң, жұмыс орнында азаматтық авиация кәсіпорнының ішкі қағидаларымен реттелетін тағылымдама өткізіледі.

547.Бастапқы даярлау, ең кемінде, осы Үлгілік бағдарламаға 94-қосымшада келтірілген салалардағы қажетті білімді алуды қамтамасыз етеді.

548. Құзыретті бағалау элементтерін қоса алғанда, кәсіптік деңгейді қолдау бойынша бағдарламалардың мазмұны бастапқы даярлау кезінде және жаңадан алынған білім мен дағдыны растауды қамтамасыз етеді.

549. Кәсіптік деңгейді қолдау мына мақсаттарда өткізіледі:

1) мамандандыру бойынша кәсіптік деңгейді мерзімді қолдау;

2) авариялық, қауіпті және штаттан тыс іс-әрекеттерді үйрету;

3) жұмыста 6 айдан астам үзіліс болғаннан кейін мамандардың кәсіптік дағдыларын қалпына келтіру.

26-бөлім. Азаматтық авиация ұйымдары мен авиациялық оқу орталықтары басшыларын кәсіптік даярлаудың үлгілік бағдарламалары

550. Азаматтық авиация ұйымдары басшыларын кәсіптік даярлаудың осы үлгілік бағдарламалары оқыту мазмұнының ең аз көлемін қамтиды.

551. Азаматтық авиация ұйымдарының басшылары кәсіпорынның өндірістік үдерістеріндегі және сала қызметінің басқа да өрістеріндегі білімді кеңейту үшін өз қарауы бойынша қосымша және мамандандырылған курстар мен тренингтерден өтеді.

552. Кәсіптік даярлаудың толық циклі осы үлгілік бағдарламаларда көрсетілген тақырыптарға сәйкес курстарды, тренингтерді және семинарларды, оның ішінде қашықтықтан оқыту түрлерін қамтиды және 5 жылды құрайды.

Ескерту. 552-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

553. Авиациялық білімі жоқ басшылар лауазымға тағайындалған күннен бастап бір жыл ішінде кәсіптік даярлаудан өтуге тиіс.

554. Оқыту үш жылда бір рет өткізілетін біртұтас курс түрінде де, 5 жыл бойы өткізілетін жекеленген модульдер түрінде де ұйымдастырылуы мүмкін.

555. Басқа басшылық жұмысқа тағайындалған кезде, өтілген курс немесе модульдер тиісті оқыту аяқталған күннен бастап бес жыл бойы жарамды болады.

556. Азаматтық авиация ұйымының жоғарғы буыны басшыларының санатына бірінші басшылар (бас директор, директор, президент, вице-президент) және олардың штаттық орынбасарлары, сондай-ақ АА АОО-ның азаматтық авиация мамандарын даярлауды жүзеге асыратын басшы жұмыскерлері жатады;

557. Авиациялық білімі бар азаматтық авиация ұйымының басшылары үшін осы Үлгілік бағдарламалар көлемінде оқыту міндетті болып табылмайды.

558. Азаматтық авиация саласының басшыларын оқыту бағдарламасы кем дегенде осы Үлгілік бағдарламаларға 5-қосымшада келтірілген аспектілерді қамтиды.

27-бөлім. Теңіз қондырғыларына тікұшақты қондыру жөніндегі маманды және нұсқаушыны кәсіптік даярлаудың үлгілік бағдарламалары 1-параграф. Теңіз қондырғысына тікұшақты қондыру жөніндегі маманды кәсіптік даярлау бағдарламасы

559. Теңіз қондырғыларына тікұшақты қондыру жөніндегі маманды кәсіптік даярлаудың осы үлгілік бағдарламалары кәсіптік даярлаудың қағидаттарын, ұйымдастыруды, тәртібі мен ең аз көлемін, сондай-ақ төмендегі маман ретінде дербес жұмысқа рұқсат беруді белгілейді:

1) теңіз қондырғыларына тікұшақты қондыру жөніндегі маман (бұдан әрі – ТҚ ТҚМ);

2) теңіз қондырғыларына тікұшақты қондыру жөніндегі маман-нұсқаушы (бұдан әрі – ТҚ ТҚМН).

560. ТҚ ТҚМ кәсіптік даярлау мамандықты меңгеру, жаңа технологияларды зерделеу, қызмет аясы өзгерген немесе кеңейген, авариялық, штаттан тыс жағдайларда іс-әрекеттерді пысықтаған кезде және жүйелердің жұмысқа қабілеттілігі нашарлаған жағдайларда орындалатын қызметтік міндеттерге сәйкес болуы үшін жүргізіледі.

561. ТҚ ТҚМ бастапқы даярлау, қайта даярлау және кәсіптік деңгейін қолдау келесі сатыларды қамтиды:

1) теориялық даярлық;

2) тәжірибелік даярлық.

562. Бастапқы даярлауды және қайта даярлауды аталған мамандарға арналған біліктілік талаптарға сәйкес тұлғалар өткізеді және кемінде 76 сағат жалпы даярлау көлемінде жасалады.

563. Кәсіптік деңгейді қолдау 24 айда бір рет мерзімділікпен өткізіледі және жалпы көлемі 40 сағаттан кем болмайды.

564. Бастапқы даярлау, қайта даярлау және кәсіптік деңгейді қолдау көлемі уәкілетті ұйыммен немесе уәкілетті органмен келісетін АОО бағдарламаларына сәйкес регламеттеледі және мына өлшемдерге сәйкес болады:

1) ТҚ ТҚМ бастапқы даярлау кезінде тыңдаушыларда төртінші-деңгейден төмен емес ИКАО-ның тілдік білім шкаласы бойынша меңгеру деңгейі туралы қолданыстағы сертификаты болуға тиіс;

2) ТҚ ТҚМ бастапқы даярлау кезінде тыңдаушыларда АСО қолданыстағы куәлігі мен теңіз қондырғыларында кемінде екі жыл жұмыс тәжірибесі болуға тиіс.

Ескерту. 564-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

565. Құзыретті бағалау элементтерін қоса алғанда, кәсіптік деңгейді қолдау бойынша бағдарламаның мазмұны бастапқы даярлаудан алынған және кемінде 40 сағат көлемінде жаңадан қалыптастырылған білім мен дағдыны растауды қамтамасыз етеді.

566. Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы саласындағы нормативтік-құқықтық актілер белгілейтін кәсіптік даярлауға жаңа және қосымша талаптар енгізілген кезде, оларды кәсіптік даярлау бағдарламаларында іске асыру міндетті болып табылады, ал сағаттардың жалпы саны барабар өзгереді.

567. ТҚ ТҚМ бастапқы даярлау, қайта даярлау және кәсіптік деңгейін қолдау кем дегенде осы Үлгілік бағдарламаларға 96-қосымшада келтірілген келесі салаларда қажетті білімді зерделеуді және көрсетуді қамтиды.

568. Теориялық даярлау аяқталған соң, бекітілген бағдарлама бойынша білікті нұсқаушылардың басшылығымен жаттығу құрылғысы немесе арнайы жабдықты пайдалана отырып, тәжірибелік даярлау жүргізіледі.

569. Теориялық және тәжірибелік даярлау сәтті аяқталған соң дербес жұмыс рұқсат алу үшін білікті ТҚ ТҚМН басшылығымен тиісті өндірістік тағылымдама жүргізіледі.

570. ТҚ ТҚМН басшылығымен тағылымдама өткізудің ең аз көлемі уәкілетті ұйымға дербес жұмысқа жіберуге рұқсат алуға өтініш берудің алдындағы 6 ай бойы қызмет көрсетілетін тікұшақтардың кемінде 75 ұшып көтерілу мен қонуын құрайды.

Ескерту. 570-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

571. Тағылымдама:

1) тікұшақ айлағының бас жоспарын және оның физикалық сипаттамаларын зерделеу;

2) объектіде ұйымдық құрылымды зерделеу;

3) әуе кеңістігінің құрылымын зерделеу;

4) тікұшақ айлағының объектілерін зерделеу;

5) жұмыс орнында жұмыстың жалпы технологиялық үдерісін зерделеу;

6) ұшуды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты (тікұшақ айлағының аэронавигациялық паспортын) зерделеу;

7) нақты жұмыс орнында пайдаланылатын анықтамалық материалмен және рәсімдермен танысу;

8) аралас жұмыс пункттерімен, ұшуды бақылау және үйлестіру органдарымен өзара әрекет ету тәртібі мен ерекшеліктерін зерделеу;

9) жұмыс пунктін метеорологиялық қамтамасыз етумен танысу;

10) жұмыс орнындағы радиотехникалық, жарық, дыбыстық, метеорологиялық, отын құю, өртке қарсы және авариялық-құтқару жабдықтарымен танысу;

11) жердегі байланыс құралдарымен танысу;

12) жұмыс пунктін (жабдық пен оны пайдалану) және жұмыс жағдайларының ерекшеліктерін зерделеу;

13) ТҚ ТҚМ нақты жұмыс пунктіндегі жұмысына қатысты рәсімдерді, нұсқаулықтар мен басқа нормативтік құжаттарды және оларды тәжірибелік пайдалануды зерделеу;

14) тікұшақ айлағында авариялық әрекет ету бойынша процедураларды және іс-қимылды зерделеу;

15) тәжірибелік қызмет (даярлау) сияқты білімді, дағдыны және машықты қамтуға тиіс.

572. Содан соң ТҚ ТҚМН тағылымдамадан өтушінің білімін тексереді және тағылымдамадан өтушінің тәжірибелік даярлауды бастауға дайындығы туралы шешім қабылдайды.

573. Тәжірибелік даярлау ТҚ ТҚМ жұмыс орнында жүргізіледі.

574. Тәжірибелік даярлау нұсқаушының жұмыс орнында рәсімдерді нұсқаушылық көрсетуін және маман-нұсқаушының бақылауымен тағылымдамадан өтушінің ТҚ ТҚМ ретіндегі жұмысын қамтиды.

575. ТҚ ТҚМ арналған нұсқаушылық көрсету тағылымдамадан өтушінің көзінше ТҚ ТҚМН тәжірибелік жұмысын көздейді және ол:

1) жұмыс ахуалына тән мысалдармен түсіндіру арқылы;

2) жұмыс ахуалын бақылау әдістері мен рәсімдерін түсіндіру арқылы;

3) тиісті ақпарат пен шешімдерді қабылдау және беру себептерін түсіндіру арқылы;

4) ӘК-мен жұмыс кезінде назар аударуға байланысты ұсыныстар арқылы;

5) жабдықты пайдалану жөніндегі ұсыныстар арқылы;

6) аралас жұмыс пункттерімен өзара әрекет ету жөніндегі ұсыныстар арқылы сүйемелденеді.

576. Тағылымдамадан өтушінің ТҚ ТҚМ ретіндегі жұмысы ТҚ ТҚМН бақылауымен ТҚ ТҚМ функцияларын ішінара немесе толық орындауын көздейді және ол:

1) ахуалдың дамуын және тағылымдамадан өтушінің іс-әрекетін ТҚ ТҚМН үздіксіз бақылауы арқылы;

2) тағылымдамадан өтушінің іс-әрекетіне уақтылы араласуға ТҚ ТҚМН әрдайым дайын болуы арқылы;

3) тағылымдамадан өтушіде қиындықтар туындаған кезде ТҚ ТҚМН түсініктемелер , ұсыныстар беруі және көмек көрсетуі арқылы сүйемелденеді.

577. Тағылымдама аяқталған соң ТҚ ТҚМН алынған білімді, дағды мен машықты тексереді және тағылымдамадан өтушінің жұмыс объектісіндегі дербес жұмысқа дайын екендігі туралы шешім қабылдайды.

2-параграф. Теңіз қондырғысына тікұшақты қондыру жөніндегі нұсқаушыны кәсіптік даярлау бағдарламасы

578. Осы ТҚ ТҚМН кәсіптік даярлаудың типтік бағдарламалары кәсіптік даярлаудың қағидаларын, ұйымдастырылуын, тәртібі мен ең аз көлемін, сондай-ақ дербес жұмысқа рұқсатын анықтайды.

579. ТҚ ТҚМН кәсіптік даярлау кәсіпті игеру, жаңа технологияларды зерделеу, қызметтің саласын өзгерту немесе кеңейту, апаттық, штаттан тыс жағдайларда және жүйелердің жұмысқа жарамдылығы нашарлаған кезде орындалатын қызметтік міндеттерге сәйкес келу үшін жүргізіледі.

580. ТҚ ТҚМН кәсіптік даярлау, қайта даярлау және кәсіптік деңгейін ұстау келесі кезеңдерден тұрады:

1) теориялық даярлық ;

2) тәжірибелік даярлау.

581. Қайта даярлау көрсетілген мамандар үшін біліктілік талаптарына сәйкес келетін тұлғалар қатарынан жүргізіледі және кемінде 24 сағаттан кем түспейтін даярлаудың жалпы көлемімен жүргізіледі.

582. Кәсіптік деңгейді ұстау 36 айда бір рет кезеңділікпен жүргізіледі және жалпы даярлық көлемі кемінде 40 сағатты құрайды.

583. Бастапқы даярлау, қайта даярлау және кәсіптік деңгейді ұстау көлемі азаматтық авиация саласында уәкілетті ұйыммен немесе уәкілетті органмен келісілетін, АОО тиісті бағдарламаларымен реттеледі және келесі өлшемдерге сәйкес келеді:

авиация персоналы тұлғалары ішінен ТҚ ТҚМН қайта даярлау кезінде даярлаудың жалпы көлемі кемінде 24 сағат болуға тиіс;

ТҚ ТҚМН қайта даярлау кезінде – тыңдаушының ИКАО шкаласы бойынша кем дегенде төртінші-деңгейден кем емес тілді білу (жұмыс) деңгейін растайтын қолданыстағы сертификаты болуы тиіс;

ТҚ ТҚМН қайта даярлау кезінде – тыңдаушының авиациялық станция операторының қолданыстағы куәлігі болуы тиіс;

ТҚ ТҚМН қайта даярлау кезінде – ТҚ ТҚМ ретінде жұмыс тәжірибесі теңізде екі және одан артық тікұшақ айлағында кемінде бір жыл болуы тиіс.

Ескерту. 583-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

584. Құзыреттіліктерді бағалау элементтерін қоса алғанда, кәсіптік деңгейді қолдау бойынша бағдарламалар мазмұны кемінде 24 сағат құрайтын көлеммен бастапқы даярлау, қайта даярлау кезінде алынған және енді игерілген білім мен дағдының расталуын қамтамасыз етеді.

585. Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласында нормативтік-құқықтық актілермен анықталатын кәсіптік даярлауға қойылатын жаңа және қосымша талаптарды енгізу кезінде, оларды кәсіптік даярлау бағдарламаларында іске асыру міндетті болып табылады, ал сағаттардың жалпы саны пропорционалды өзгереді.

586. ТҚ ТҚМН бастапқы даярлау, қайта даярлау және кәсіптік деңгейін қолдау қажетті білімді зерделеу мен көрсету осы Типтік бағдарламаның 57-қосымшасында берілген.

587. Теориялық даярлық аяқталған соң тәжірибелік даярлау білікті нұсқаушылардың басшылығымен бекітілген бағдарлама бойынша жаттығу құралын немесе арнайы жабдықты пайдаланумен жүргізіледі.

588. Тыңдаушылардың сабақ үлгерімін бақылау ағымдағы, аралық және қорытынды бола алады және техникалық құралдарды пайдаланумен, соның ішінде компьютерлік техниканы, сауалнама жүргізу, сынақ жүргізу, ауызша сұрақ-жауап, жазбаша бақылау жұмыстары әдістерін пайдаланумен жүзеге асырады.

Ескерту. 588-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

589. ТҚ ТҚМН теориялық және тәжірибелік даярлау сәтті аяқталған соң, тағылымдама жүргізілмейді.

3-параграф. Теңіз қондырғысына тікұшақты қондыру жөніндегі маманның көмекшісін кәсіптік даярлаудың бағдарламасы

590. Осы Теңіз қондырғысына тікұшақты қондыру жөніндегі маманның көмекшісін (бұдан әрі – ТҚ ТҚМК) кәсіптік даярлаудың типтік бағдарламалары кәсіптік даярлаудың қағидаттарын, ұйымдастырылуын, тәртібі мен ең аз көлемін, сондай-ақ ТҚ ТҚМК дербес жұмысқа рұқсатын анықтайды.

591. ТҚ ТҚМК кәсіптік даярлау кәсіпті игеру, жаңа технологияларды зерделеу, қызметтің саласын өзгерту немесе кеңейту, апаттық, штаттан тыс жағдайларда және жүйелердің жұмысқа жарамдылығы нашарлаған кезде орындалатын қызметтік міндеттерге сәйкес келу үшін жүргізіледі.

592. ТҚ ТҚМК бастапқы даярлау және кәсіптік деңгейін қолдау келесі кезеңдерден тұрады:

теориялық даярлау;

тәжірибелік даярлау.

593. Бастапқы даярлау және кәсіптік деңгейін қолдау кемінде 16 сағат құрайтын жалпы көлеммен жүргізіледі.

594. Кәсіптік деңгейді қолдау 24 айда бір рет мерзімділікпен және кемінде 16 сағат құрайтын жалпы көлеммен жүргізіледі.

595. Бастапқы даярлау және кәсіптік деңгейді қолдау көлемі уәкілетті ұйым немесе уәкілетті орган келісетін АОО тиісті бағдарламаларымен реттеледі.

Ескерту. 595-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

596. Құзыреттіліктерді бағалау элементтерін қоса алғанда, кәсіптік деңгейді қолдау бойынша бағдарламалар мазмұны кемінде 16 сағат құрайтын көлеммен бастапқы даярлау, қайта даярлау кезінде алынған және енді игерілген білім мен дағдының расталуын қамтамасыз етеді.

597. Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласында нормативтік-құқықтық актілерімен анықталатын кәсіптік даярлауға қойылатын жаңа және қосымша талаптарды енгізу кезінде, оларды кәсіптік даярлау бағдарламаларында іске асыру міндетті болып табылады, ал сағаттардың жалпы саны пропорционалды өзгереді.

598. ТҚ ТҚМК бастапқы даярлау және кәсіптік деңгейін қолдау қажетті білімді зерделеу мен көрсету осы Үлгілік бағдарламаның 98-қосымшасында берілген.

599. Теориялық даярлық аяқталған соң тәжірибелік даярлау білікті нұсқаушылардың басшылығымен бекітілген бағдарлама бойынша жаттығу құрылғысын немесе арнайы жабдықты пайдаланумен жүргізіледі.

600. Теориялық және тәжірибелік даярлау сәтті аяқталған соң ТҚ ТҚМН басшылығымен дербес жұмысқа рұқсат алу үшін тиісті өндірістік тағылымдама жүргізіледі.

601. ТҚ ТҚМН басшылығымен теңіз қондырғысында тағылымдаманың минималды көлемі азаматтық авиация ұйымында дербес жұмысқа жіберуге рұқсат алар алдында тікелей 6 ай бойы қызмет көрсетілетін тікұшақтарда кемінде 30 рет ұшып, қонуы тиіс.

602. Тағылымдама келесі сияқты, білімді, дағды мен іскерлікті алуды қамтамасыз етуі тиіс:

1) тікұшақ айлағының бас жоспарын және оның физикалық сипаттамаларын зерделеу;

2) объектінің ұйымдық құрылымын зерделеу;

3) тікұшақ айлағы объектілерін зерделеу;

4) жұмыс орнында жұмыстың жалпы технологиялық үдерісін зерделеу;

5) ұшуды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты зерделеу (аэродромның, тікұшақ айлағының аэронавигациялық төлқұжатын);

6) нақты жұмыс орнында пайдаланылатын анықтамалық материалмен және рәсімдермен танысу;

7) аралас жұмыс пункттерімен, ұшуды бақылау және үйлестіру органдарымен өзара іс-қимыл жасау тәртібі мен ерекшеліктерін зерделеу;

8) жұмыс объектісінде радиотехникалық, жарық-сигналдық, метеорологиялық, отын-май құятын, өртке қарсы және апаттық-құтқару жабдығымен танысу;

9) жұмыс пунктін (жабдық пен оны пайдалану) және жұмыс жағдайларының ерекшеліктерін зерделеу;

10) нақты жұмыс орнында ТҚ ТҚМК жұмысына қатысты рәсімдерді, нұсқаулықтар мен басқа нормативтік құжаттаманы зерделеу және оны тәжірибеде қолдану;

11) тікұшақ айлағында апатты реттеу бойынша рәсімдер мен әрекеттерді зерделеу;

12) тәжірибелік қызмет (даярлау).

603. Осыдан кейін ТҚ ТҚМ тағылымдамадан өтушінің білімін тексеру және тәжірибелік даярлаудың басталуына тағылымдамадан өтушінің дайындығы туралы шешім қабылдайды.

604. Тәжірибелік даярлау теңіз қондырғыларына тікұшақты қондыру жөніндегі маман көмекшісінің жұмыс орнында жүргізіледі.

605. Тәжірибелік даярлау жұмыс орнында нұсқаушының рәсімдерді нұсқаушылық көрсетуден және ТҚ ТҚМН бақылауымен ТҚ ТҚМК ретінде тағылымдамадан өтушінің жұмысынан тұрады.

606. ТҚ ТҚМК үшін нұсқаушылық көрсету келесілермен сүйемелденетін, тағылымдамадан өтуші болған кезде ТҚ ТҚМН тәжірибелік жұмысын көздейді:

1) жұмыс жағдайының сипаттамалық мысалдарын түсіндіру;

2) жұмыс жағдайының бақылаудың тәсілдері мен рәсімдерін түсіндіру;

3) тиісті ақпарат пен шешімдерді қабылдау мен беру себептерін түсіндіру;

4) ӘК-мен жұмыс істеген кезінде назарды бөлу бойынша ұсынымдар;

5) жабдықты пайдалану бойынша ұсынымдар;

607. Тағылымдамадан өтушінің жұмысы ТҚ ТҚМН бақылауымен ТҚ ТҚМК функцияларын ішінара немесе толық орындауды қарастырады және төмендегілермен сүйемелденеді:

1) жағдайдың дамуын және тағылымдамадан өтушінің әрекеттерін ТҚ ТҚМН үздіксіз бақылауы;

2) тағылымдамадан өтушінің әрекеттеріне дер кезінде араласуға ТҚ ТҚМН үнемі дайын болуы;

3) тағылымдамадан өтушіде қиындықтар туындаған кезде ТҚ ТҚМН түсіндірмелерді, ұсынымдарды беруі және көмек көрсетуі.

608. Тағылымдамадан өткен соң ТҚ ТҚМН алынған білімді, дағды мен іскерлікті тиісті тексеруді жүргізіп, тағылымдамадан өтушінің жұмыс орнында өз бетімен қызмет жасауға даярлығы туралы шешім шығарады.

28-бөлім. Кабиналық экипаж мүшелерін (бортсеріктерді) кәсіптік даярлаудың типтік бағдарламалары 1-параграф. Жалпы талаптар

609. Осы кабиналық экипажды кәсіптік даярлау бағдарламасы ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кабиналық экипаж мүшелерінің кәсіптік даярлығын, қауіпсіздік бойынша рәсімдерді және штаттан тыс және авариялық жағдайлардағы іс-әрекеттер бойынша кәсіптік даярлау көлеміне міндетті талаптарды белгілейді.

610. Кабиналық экипаждың мүшелері үміткерлеріне ең төменгі біліктілік талаптары қойылады:

1) 18 жасқа толғаннан кейін;

2) орта білім туралы аттестат немесе эквивалентті диплом (10 жыл немесе одан да көп мектептегі оқыту);

3) экипаж мүшелері және жолаушылармен тиісті өзара әрекет жасауды қамтамасыз ету үшін қабылданған сөйлесу тілін (қазақ, орыс, ағылшын) түсіну, жазу, түсіндіру, оқи білу керек;

4) қабілетін көрсету кезінде әуе кемесінің бортында еденде тұрып авариялық-құтқару жабдықтарын және жоғарғы багаж сөрелерін ашып, жабу және шығару қабілеттілігі;

5) қалыпты жағдайда пайдалануға қатысты пайдаланушының рәсімдерінде көзделгендей қабілеттілігі мен дене күшін жабдықтарды/жүйені пайдалануда қолдану, штаттан тыс және авариялық жағдайлар сол әуе кемесінің ішіндегі осы кабиналық экипаж мүшесіне міндеттерді орындау тапсырылады;

6) сотталмағаны және сауалнама деректерінің тексеруде оң нәтижелер беруі;

7) медициналық қорытындының бар болуы.

Ескерту. 610-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

611. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Заңының 54-бабына сәйкес авиация персоналын кәсіптік даярлау:

1) бастапқы даярлауды қамтитын келесі міндетті модульдер: авиациялық танысу даярлығы;

функциялары мен міндеттері;

қалыпты штаттан тыс және авариялық рәсімдер;

әуе кемесі модификациясын мен пайдаланушы ерекшеліктерін ескере отырып даярлау;

қауіпті жүктер;

адамның мүмкіндіктері;

кабинада денсаулық сақтау, санитария және алғашқы көмек көрсету; авиация қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты функциялары мен міндеттері;

2) ӘК үлгісін ескере отырып даярлаудан тұратын қайта даярлау, модификациялау (егер қолданылатын болса) және пайдаланушының даярлығын ескере отырып қайта даярлау;

3) кәсіптік деңгейін қолдау, жыл сайын және үш жылдық кезеңділікпен қайта даярлаудан тұрады.

612. Осы толық бағдарлама және оқу жоспары осы үлгілік бағдарламалардың және Бортсеріктердің жұмысын ұйымдастыру қағидаларының Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 308 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11063 болып тіркелген) талаптарына сәйкес әуе кемесі салонында, ұшу кезінде, жерде жолаушылар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кабина экипажының орындайтын барлық функционалдық міндеттерін қамту үшін даярлаудың әр түріне пайдаланушы әзірлейді және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым келіседі.

Ескерту. 612-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

613. Әрбір даярлау курсы теориялық және тәжірибелік оқытуды қамтиды.

614. Әрбір даярлау түрі мынадай өлшемдерге сәйкес келеді:

1) жақсы құрастырылған және пайдаланылатын ӘК үлгілерін шынайы пайдалану жағдайына барынша жақындастырылған;

2) даярлаудың осы түрі үшін тиісті біліктілігі бар персоналмен (нұсқаушы/жаттықтырушы) жүргізіледі, ал рәсімдерден өтуге тартылған мамандардың біліктілігін Қазақстан Республикасы азаматтық авиацияның уәкілетті ұйымдары анықтайды.

Ескерту. 614-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

615. Ағылшын тілі даярлау бағдарламасына қажеттілігіне қарай, қажетті құжаттарды пайдалана білу және функционалдық міндеттерді орындау үшін жеткілікті деңгейде игеруді қамтамасыз етуші үйренушілердің санатына және оларға қойылатын пайдаланушының біліктілік талаптарына байланысты енгізіледі.

2-параграф. Әдістері мен даярлау құралдары

616. Даярлау әдістері келесіні ескереді:

1) даярлау оқу модуліне сәйкес оқу жаттығу құрылғысын, дыбыс-бейне презентацияларын, компьютерлік оқыту және даярлаудың басқа түрлерін пайдалануды қамтиды;

2) кабиналық экипаж мүшесі қажетті біліктілік деңгейіне жету үшін, кабиналық экипажға қатысты барлық функциялар мен міндеттерді қауіпсіз орындау үшін даярлаудың әр түрлі әдістері арасында ақылға қонымды баланс қамтамасыз етіледі.

617. Кабиналық экипажды даярлау үшін оқу жаттығу құрылғысын пайдалану кезінде, пайдаланушы мынаны ескереді:

1) оқу жаттығу құрылғысы ұшақтың шынайы баламасы ретінде пайдаланылуы мүмкін немесе талап етілетін жабдықты;

2) кабиналық экипажды кейіннен тексеруі және даярлауға қатысты барлық жеке бұйымдарды ӘК немесе тиісті жабдық дәл анықтайды оған қатысты: кабинаның шығу/есіктеріне, ас үй үй-жайларына қатысты орналасу сәйкестігі, авариялық-құтқару жабдықтарын орналастыруды.

кабиналық экипаждың жұмыс орнының және жолаушы креслоларының орналасуы және түрін;

шығатын/есікттерді пайдаланудың барлық режимдерінде мына әдістеріне қатысты, пайдалану ерекшеліктері, салмағы, баланс және пайдалану күштері, автоматты ашу жүйесі орнатылған есіктердегі жүйенің істен шығу кездерін;

ӘК үлгісіне сәйкес авариялық-құтқару жабдықтарын (тек оқу құралы ретінде жабдықтарды пайдалану мүмкін, пайдаланылатын оттегі және түтіннен қорғайтын жабдықтар оттегімен толтырылған немесе бос болуы мүмкін);

3) келесі факторлар шығу/есігі басқа үлгідегі модификация ма соны анықтайды;

шығудың/есіктердің автоматты жүйесін қосу және өшіру арқылы ашылуын;

ашу тұтқаларының қозғалыс бағытын;

шығудың/есіктердің ашу бағытын;

есіктердің дайындығының автоматты механизімін;

траптар және арқандар (жіп) сияқты қосалқы эвакуациялау құралдарын.

618. Оқу барысында немесе аяқтағаннан кейін оқу бағдарламасына сәйкес барлық оқу модулдерінен кабиналық экипаждың әрбір мүшесі тексеруден өтеді, тек оңтайландыру саласындағы (CRM) экипаж жұмысы бойынша оқыту тексерілмейді. Кабиналық экипаж мүшесі қажетті даярлау деңгейіне сәйкес екендігін растау үшін, тексеруді уәкілетті ұйым тағайындаған тиісті біліктілігі бар персоналдар орындайды.

Ескерту. 618-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

619. Әрбір даярлық курсы үшін талап етілетін тексеру мынаны қамтиды:

1) жаттығу құрылғысында дайындықты

2) компьютерлік тесті;

3) ұшу кезінде тексеруді;

4) ауызша немесе жазбаша тестілерді.

Жеке тәжірибелік қатысуды талап ететін модулдік даярлық тәжірибелік тексерулермен біріктіріледі.

3-параграф. Бастапқы даярлық

620. Әрбір бортсерікке үміткер кабиналық экипаждың ұшу куәлігін алу үшін Бағдарламалардың талаптарына сәйкес:

1) авиациялық оқу орталықтарында азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым немесе уәкілетті орган сертификаттаған, авиациялық ортамен танысу үшін және жеткілікті жалпы білім және негізгі дағдыларын алу үшін, қалыпты штаттық емес және апатты жағдайларда ұшу қауіпсіздігін және жолаушылардың қауіпсіздігіне байланысты талап етілетін міндеттерді және функцияларды орындау үшін, бастапқы даярлық курсынан өтеді.

2) даярлаудың басқа модулінен өту алдында тиісті тексеруді сәтті аяқтайды;

3) осы Үлгілік бағдарламалардың осы тарауының 14-параграфына сәйкес бақылау-тексеру ұшуымен рейстік тағылымдамасын қорытындылай келе, әуе кемесімен таныстыру қарап шығу және таныстыру ұшулары нұсқаушы/емтихан алушының бақылауымен жүзеге асырады.

Ескерту. 620-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

621. Осы даярлау модульдері кабиналық экипаж мүшелерінің тиісті даярлау туралы есептерінде бастапқы даярлау модулі ретінде көрсетіледі.

4-параграф. Бастапқы даярлау курсы және тексеру

622. Бастапқы даярлау курсының толық бағдарламасы кемінде 128 сағат және осы Үлгілік бағдарламалардың 99, 100, 101 және 102-қосымшаларындағы молдульдерден тұрады және жалпы көлемі кемінде 12 сағат болатын теориялық оқыту және жаттығу құрылғысында даярлықты қамтиды.

623. Бастапқы даярлау курсы аяқталғаннан кейін Үлгілік бағдарламалардың 99, 100, 101 және 102-қосымшаларында талап етілетін теориялық білімдерін және тәжірибелік дағдыларын көрсету үшін, оңтайландыру саласындағы экипаждың жұмысын (CRM) оқытуды тексеруді қоспағанда, олар қол жеткізген білімдері мен дағдылары бойынша тексеруден өтеді.

624. Авиациядағы адам факторы тақырыбына кіріспе курсы (HF) және экипаж жұмысын оңтайландыруды (CRM) бортсерік-нұсқаушы CRM жүргізеді.

625. Осы Үлгілік бағдарламаның 99-қосымшасында кабиналық экипажды бастапқы даярлауға кіретін міндетті пәндердің ең төменгі тізбесі көрсетілген.

5-параграф. Экипаж жұмысын оңтайландыру бойынша даярлау (CRM)

626. Оқу курстары мен экипаждың жұмысын оңтайландыру (CRM) бойынша модульдерді бортсерік-нұсқаушы CRM жүргізеді. Бортсерік-нұсқаушы CRM анықтауды және CRM бағдарламасын оқу жоспарына енгізуді оның модульдерін басқа даярлаудың түріне қосқанда оны қадағалайды.

627. Экипаждың жұмысын оңтайландыру (CRM) бойынша даярлау бағдарламалар жасау үшін, ұшу және кабиналық экипаж бөлімдерінің арасында даярлау өзара әрекет тиімді жүзеге асырылады. Ұшу және кабиналық экипаж нұсқаушылары бақылау жүргізу және оқытуға қатысты бір –біріне ескертулер жасай алтындай етіп Бағдарлама жасалады. Ұшу экипажының кабинасында жыл сайынғы кезеңдік даярлау кезінде барлық кабиналық экипаж мүшелеріне авариялық жағдайларды сипаттай отырып видео-сабақтар көрсетіледі, осылайша кабиналық экипаж мүшелеріне, атап айтқанда, кабиналық экипаждың аға мүшелеріне, ұшу экипажына ұшу даярлау (LOFT) бағдарламасының жаттығуларына қатысады.

Ескерту. 627-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

628. Экипаждың жұмысын оңтайландыру (CRM) бойынша әрбір оқу курсының бағдарламасы оның мазмұны және талап етілетін деңгейі осы Үлгілік бағдарламалардың қажетті даярлауға қатысты 100-қосымшасында көрсетілген элементтеріне сәйкес келеді.

629. Кабиналық экипаждың аға мүшелерін CRM курсында оқыту:

1) кабиналық экипаждың аға мүшелерін CRM курсында оқыту алдыңғы оқытудан CRM және кабиналық экипаждың аға мүшелерінің жұмыс тәжірибесінде белгілі бір міндеттері мен функцияларына байланысты алынған білімдеріне негізделеді;

2) кабиналық экипаждың аға мүшесі жұмыс үдерістерін басқару қабілетін және дұрыс басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін тиісті көшбасшылық қасиетін танытады.

6-параграф. CRM нұсқаушысының біліктілігі

630. Экипаждың жұмысын оңтайландыру (CRM) модульдері тиісті біліктілігі бар персоналмен тиісті даярлау түрлерін қамтиды.

631. CRM нұсқаушылары үшін стандарттау және оқыту бағдарламасы әзірленеді, ол мыналарды қамтиды: адамның жұмысқа қабілеттілігіне және мүмкіндік шегіне әсер ететін факторларды зерделеу, экипаж жұмысын оңтайландыру бағдарламасының барлық модульдерін зерделеу (CRM); CRM оқытуын жүргізу үшін нұсқаушылар курсынан өткізу; алғашқы CRM курсын жүргізу кезінде сертификаты бар нұсқаушының тексеруінің бар болуы.

632. Кабиналық экипаж үшін CRM курстарын білікті нұсқаушы CRM, нұсқаушыға CRM қолданылатын талаптарға сәйкес қанағаттанарлық білімді көрсетуді қамтитын: қызмет сипаты, ӘК-нің белгілі бір үлгілеріне және кабиналық экипаждың өндірістік жағдайларына сәйкес өткізеді.

633. CRM модульдері қамтылған ӘК үлгісінде қайта даярлауда, кезеңдік даярлауда немесе кабиналық экипаждың аға мүшелерін даярлауда нұсқаушылардың адам факторы және CRM бойынша даярлауға тиісті білімдері бар.

Ескерту. 633-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-параграф. Экипаж жұмысын оңтайландыру (CRM) бойынша оқу курсын жүргізу

634. Экипаж жұмысын оңтайландыру (бұдан әрі – CRM) тиімді қызметке және қауіпсіздікке қол жеткізу үшін, қолда бар барлық ресурстарды тиімді пайдалану болып табылады (мысалы, экипаж мүшелерін, ӘК жүйелерін және қолдау құралдарын).

635. CRM мақсаты экипаж мүшелерінің басқару дағдыларын және қарым-қатынасын жақсарту үшін және барлық экипаж мүшелерімен екі жақ арасындағы байланысты тиімді үйлестіру маңыздылығынан тұрады.

636. CRM жөніндегі пайдаланушының дайындығы, мәдени ерекшеліктерді, масштабты және жұмыс рәсімдерімен бірге пайдаланушы қызметінің көлемін және ерекше қиындықтар тудыратын салалармен қызметті көрсетеді.

637. CRM оқу барысында егер белгілі бір ӘК үлгісіне тақырыптық зерттеу болмаса, онда масштабына және қызмет көлеміне қатысты басқа тақырыптық зерттеу қарастыру қажет.

638. Кабиналық экипаж үшін CRM оқыту кабиналық экипаждың міндеттеріне байланысты мәселелерге тоқталады, сондықтан ұшу экипажы үшін CRM оқытуда өзгешелік бар. Алайда, ұшу және кабиналық экипаж функциялары мен үйлестіру міндеттеріне назар аудару қажет.

639. Қажет болған жағдайда ұшу және кабиналық экипажды бірлесіп оқыту ұсынылады, атап айтқанда, кабиналық экипаждың аға мүшелеріне. Бұл оқыту кері байланысты қамтиды.

640. CRM қағидалары кабиналық экипажды даярлаудың барлық түрлерінде пайдаланылады.

641. CRM оқыту ұжымдық талқылау және оқиғалар мен инциденттерді шолуды қамтиды.

642. CRM тиісті модульдері арнайы оқу жаттығу құрылғысында немесе ӘК-де жүргізілетін оқытудың құрамдас бөлігі болып табылады.

643. CRM оқыту курстары құрылымдалған және пайдаланылатын ӘК-ні пайдалануда шындыққа жанасымды жағдайда болуы тиіс.

644. CRM дағдыларын бағалау жүргізілмейді. Оқытушылардың немесе топ мүшелерінің пікірі CRM дағдыларын жеке орындауға қатысты оқу барысында кабиналық экипаж мүшелері береді.

645. CRM оқыту модульдері осы Үлгілік бағдарламаның 100-қосымшасында келтірілген даярлаудың әрбір түрінде қамтылған.

8-параграф. Пайдаланушының ерекшеліктері және әуе кемесі модификациясын және үлгісін ескере отырып даярлау

646. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйыммен немесе уәкілетті органмен келісілген және пайдаланушы бекіткен даярлау бағдарламасы бойынша авиациялық оқу орталықтарында әрбір кабиналық экипаж мүшесі азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымы немесе уәкілетті орган сертификаттаған пайдаланушының ерекшеліктері және әуе кемесі модификациясын және үлгісін ескере отырып даярлаудан, сондай-ақ тиісті тексеруден өтеді:

1) пайдаланушының ұшуды орындауға кабиналық экипаж мүшесі ретінде тағайындауына дейін;

2) пайдаланушының ұшуды орындауға басқа ӘК үлгісіне тағайындауына дейін.

Ескерту. 646-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

647. Пайдаланушының ерекшеліктерін және әуе кемесі модификациясын және үлгісін ескере отырып даярлау курсының жалпы көлемі: кемінде 28 сағатты құрайды, оның ішінде тиісті ӘК үлгісіне тренажерлық даярлау кемінде 3 сағат, ол арнайы оқу жаттығу құрылғысында немесе қолданыстағы ӘК-де жүргізіледі.

648. ӘК үлгісіне қайта даярлау кезінде экипаждың жұмысын оңтайландыру (CRM) бойынша даярлауды бортсерік-нұсқаушы CRM жүргізеді.

9-параграф. ӘК модификациясына немесе үлгісіне рұқсат алу үшін негізгі біліктілік талаптары

649. Осы Үлгілік бағдарламаның даярлау талаптарына сәйкес болғанда қолданыстағы ұшу куәлігі бар кабиналық экипаж мүшелері ӘК бортында өзінің функционалдық міндеттерін атқара алады.

650. Кабиналық экипаж мүшелері ӘК модификациясына және үлгісіне рұқсаттама мерзімін ұзартуға немесе алуға:

1) қолданылатын талаптарға сәйкес оқуға, тексеруге және тиісті ӘК үлгісіне даярлау мерзімінің әрекет ету кезінде:

пайдаланушы ерекшеліктерін және әуе кемесі модификациясын, үлгісін ескере отырып даярлау;

ұшумен танысу;

жыл сайынғы кезеңдік қайта даярлау;

2) ұшу қызметінде алты ай үзіліс бар болған жағдайда қалпына келтіру даярлығынан және бортта міндеттерді орындауға дейін тексеруден өтеді.

10-параграф. ӘК үлгісін ескере отырып даярлау бағдарламасы

651. Үлгісін ескере отырып даярлау бағдарламасы тиісті жаттығу құрылғысында немесе қолданыстағы ӘК-де теориялық және тәжірибелік оқытуды және келесі модульдік оқытуды қамтиды:

1) ӘК сипаттамасы (кабиналық экипаждың бөлігіне қатысты);

2) авариялық-құтқару жабдықтары және ӘК жүйелері бортында орнатылған;

3) кабиналық экипаждың әрбір мүшесі штаттық және авариялық режимдерде ӘК модификациясының немесе әрбір үлгісінің негізгі және авариялық шығу жолдарын нақты ашу және пайдалану;

4) басқа да шығу жолдарын пайдалануды көрсету, авариялық шығу жолдарына ұшқыштар кабинасының терезесін де қосу;

5) өртке қарсы және түтіннен қорғайтын жабдықтар;

6) эвакуациялау әдістерін оқыту;

7) ұшқыштар кабинасындағы олардың іс-әрекет қабілеттілігінен айырылған жағдайда белбеулер байланған креслолар және оттегі жүйесін пайдалану.

652. Әрбір кабиналық экипаж мүшесі ӘК үлгісін ескере отырып барлық авариялық-құтқару жабдығын пайдалану және орналастыру, сондай-ақ ӘК түріне тиісті орналастырылған жүйелер бойынша теориялық және практикалық даярлықтан өтеді.

653. Есіктерді және шығу жолдарын пайдалану бойынша тәжірибелік оқыту арнайы оқу жаттығу құрылғысында немесе қолданыстағы ӘК-де автоматты жүйе орнатылған есіктер автоматты түрде ашылмай қалған жағдайда авариялық траптарды дербес ашу үшін тез арада әрекет етіп шешім қабылдап сценарий арқылы өтеу қажет. Даярлық, сондай-ақ ұшу экипажы кабинасының брондалған есіктерін ашу және пайдалану бойынша оқытуды да қамтиды.

654. Әрбір кабиналық экипаж мүшесі өртке қарсы және түтіннен қорғайтын жабдықтарды пайдалану бойынша теориялық және практикалық даярлаудан өтеді.

655. Оқытудың эвакуациялау әдістері мыналарды қамтиды:

1) әрбір кабиналық экипаж мүшесі авариялық траппен ӘК палубаның негізгі шегі арқылы биіктіктен түседі;

2) трап оқу жаттығу құрылғысында немесе қолданыстағы ӘК орналастырылады;

3) ӘК үлгісіне кабиналық экипаж мүшесі рұқсат алу мақсатында траппен эвакуациялық түсіру жасайды, бұрынғы кез-келген ӘК-нің пайдаланылатын үлгісінен палуба шегінің биіктігінің айырмашылығы едәуір.

656. ӘК үлгісін ескере отырып даярлау ұшқыштар әрекет ету қабілеттілігінен айырылған жағдайда кабиналық экипаж іс-әрекеттеріне қатысы барлық факторлар мен жағдайларды қамтиды. Әрбір кабиналық экипаж мүшесі ұшқыштар әрекет ету қабілеттілігінен айырылған жағдайда олармен пайдаланылатын кез келген жабдықтарды пайдалану бойынша оқудан өтеді.

657. ӘК үлгісін ескере отырып кабиналық экипаж даярлау кезінде әрбір кабиналық экипаж мүшесі экипаждың жұмысын оңтайландыру бойынша осы Үлгі бағдарламаның 100-қосымша кестесінің белгілі бір тиісті бағанасындағы деңгейге қолданылатын даярлау элементтері қамтылған оқудан өтіп жатыр.

658. ӘК үлгісін ескере отырып, кабиналық экипаж даярлығына кіретін міндетті пәндердің ең төменгі тізбесі осы Үлгі бағдарламаның 101-қосымшасында ұсынылған .

11-параграф. Пайдаланушыны даярлау бағдарламасы

659. ӘК-нің әрбір пайдаланылатын үлгісіндегі пайдаланушының даярлау бағдарламасы мыналарды қамтиды:

1) тиісті жаттығу құрылғысында немесе қолданыстағы ӘК-де теориялық және практикалық оқыту;

2) алғаш тағайындалған пайдаланушы өзінің қызметтік міндеттерін орындауда кабиналық экипаждың мүшелері үшін пайдаланушының қалыпты жұмыс рәсімдерін оқыту;

3) ұшулар орындалатын ӘК үлгісіне қатысы бар пайдаланушының арнайы оқытудың төмендегі элементтері:

кабина конфигурациясының сипаттамасы;

бортта барлық жылжымалы авариялық-құтқару жабдықтарын пайдалану және алу, орналасқан жері;

барлық стандартты, стандартты емес және авариялық рәсімдер;

жолаушыларды басқару және тасымалдау;

өртке қарсы даярлау, бортта тасымалданатын өртке қарсы және түтіннен қорғайтын жабдықтардың барлық үлгілерін пайдалану;

эвакуациялау процедуралары пайдаланушының дайындалған немесе дайындалмаған эвакуацияға қолданылатын барлық рәсімдері (жерге қону/суға қону), сондай-ақ қажет болған жағдайда кабиналық экипаж мүшелерінен талап етілетін қосымша әрекеттер, эвакуация кезінде қолданылатын жабдықтарды немесе шығу/есіктерінің жарамсыздығын және екі жақты шығу/есіктерді анықтауға жауаптылар;

ұшқыштардың әрекет ету қабілеттілігінен айырылған жағдайына байланысты рәсімдер;

авиациялық қауіпсіздік талаптары және қолданылатын процедуралар;

экипаж жұмысын оңтайландыру (CRM).

660. Даярлау кезінде нұсқау және көпшілікпен басқару (Crowd Control) ӘК кабинасының конфигурациясына сәйкес әр түрлі авариялық жағдайларда осы пайдаланушы үшін өзгеше теориялық және тәжірибелік аспектілері оқытылады.

661. Әрбір кабиналық экипаж мүшесі ӘК бортында қолда бар барлық өртке қарсы жабдықтарды, сонымен қоса түтіннен қорғайтын жабдықтарды пайдалану бойынша барынша жақындатылған жағдайында шынайы тәжірибелік оқудан өтеді.

662. Әрбір кабиналық экипаж мүшесі егер ұшу экипажының құрамы ең аз құрам екі ұшқыштан тұрса, ұшқыштар әрекет ету қабілеттілігінен айырылған жағдайда қолданылатын рәсімдер бойынша даярлықтан өтеді. Егер пайдаланушының стандартты операциялық рәсімдеріне сәйкес қажетті оқыту ұшу экипажының бақылау-тексеру парақтарын пайдалану бойынша болса, онда ол тәжірибелік көрініс ретінде өткізіледі.

663. Пайдаланушыны даярлау кезінде кабиналық экипаждың әрбір мүшесі экипаждың жұмысын оңтайландыру бойынша, деңгейге қолданылатын оқу модулі қамтылған даярлықтан өтеді, осы Үлгі бағдарламаға 100-қосымша кестесінің белгілі бір тиісті бағанасында көрсетілген.

664. Пайдаланушыны даярлауға кіретін міндетті пәндердің ең төменгі тізбесі осы Үлгілік бағдарламаның 62-қосымшасында келтірілген.

12-параграф. Модификацияларды ескере отырып даярлау

665. Үлгісін ескере отырып даярлау және пайдаланушыны даярлау, кабиналық экипаж мүшесін жұмысқа жіберу алдында құрамына барлық ерекшеліктерді оқыту кіретін (егер ондай бар болса) тиісті даярлау және кабиналық экипажды төмендегіге тексерумен аяқталады:

1) пайдаланатын әуе кемесінің үлгісіне модификациясына сол кезеңдегі пайдаланушысы;

2) пайдаланатын сол кезеңдегі әуе кемесінің үлгісі немесе оның модификациясы келесі айырмашылықтармен:

қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жабдық;

қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жабдықтардың және авариялық жабдықтардың орналасқан жері;

стандартты және авариялық рәсімдер.

666. Модификацияларды ескере отырып даярлау бағдарламасы:

1) сәйкес келетін ӘК үлгісі үшін, пайдаланушының даярлау Бағдарламаларын және ӘК үлгісін ескере отырып даярлау Бағдарламаларымен салыстыру негізінде қажеттілігіне қарай әзірленеді;

2) ерекшеліктерді оқыту элементтері енгізілгенде тиісті қолданыстағы ӘК және оқу жаттығу құрығысында теориялық және тәжірибелік даярлықты қамтиды.

667. Пайдаланушы даярлау бағдарламасын әзірлеу кезінде модификацияларды ескеріп және оқу жоспарына тиісті ӘК үлгісі және оның модификациялары үшін осы Бағдарламаларда белгіленген міндетті элементтерді енгізеді.

668. Модификациясын ескере отырып даярлауға кіретін пәндердің тізбесі осы Үлгілік бағдарламаның 101-қосымшасында келтірілген.

13-параграф. ӘК танысу үшін тексеру

669. Әрбір кабиналық экипаж мүшесі ӘК үлгісімен тиісті танысудан, ең аз құрамдағы кабиналық экипаждың мүшесі ретінде ұшуды орындауға тағайындалғанға дейін нұсқаушының бақылауынан өтеді.

670. Кабиналық экипажды ӘК модификациясымен немесе жаңа үлгісімен танысу келесі тәртіппен өтеді, әрбір кабиналық экипаж мүшесі мыналарға қатысады:

1) тиісті ӘК-ні танысу үшін тексеру;

2) таныстыру мақсатындағы ұшулар.

671. ӘК қарап таныстыру тиісті білікті персоналмен жүргізіледі және ӘК ескере отырып жүйесін тексеру және ӘК-нің іші мен сыртын қарау да қамтылады:

1) ішкі және сыртқы байланыс жүйесін:

2) сигнализация жүйесінің эвакуациялау;

3) авариялық жарықтандыру:

4) түтін табу жүйелері;

5) авариялық-құтқару жабдықтары:

6)ұшу экипажының кабинасы;

7) кабиналық экипаждың жұмыс орындары (қайырмалы орындықтар);

8) дәретхана бөлмесі;

9) борттық ас үй үй-жайлардың қауіпсіз жағдайын белгілеу және суағар жүйесін жабу;

10) ұшу кезінде жолаушылар кабинасынан багаж бөліктері, егер олар қол жетімді болса;

11) жолаушылар салонында электр сақтандырғыштармен орналасқан панельдер;

12) экипаж үшін демалыс орындары;

13) шығудың/есіктердің орналасуы.

672. ӘК қарап танысу осы Үлгілік бағдарламаның 27 бөлімнің 8-параграфына сәйкес ӘК үлгісін ескере отырып даярлау курсымен немесе пайдаланушы даярлығымен біріктірілуі мүмкін.

14-параграф. Таныстыру мақсатындағы ұшулар (рейстік тағылымдама)

673. бастапқы даярлау курсын аяқтағаны немесе басқа ӘК үлгісіне қайта үйрену туралы құжатты алған сәттен бастап үш айдан кешіктірмей кабиналық экипаждың әрбір мүшесі ұшуды орындауға тағайындалғанға дейін кабиналық экипаж мүшесі ретінде нұсқаушы/емтихан алушының бақылауымен рейстік тағылымдамадан өтеді. Олай болмаған жағдайда алдыңғы даярлықтың жарамдық мерзімі біткенге дейін кәсіптік деңгейін қолдау бағдарламасы бойынша даярлық қайта өткізіледі.

674. Рейстік тағылымдаманың мақсаты кабиналық экипаж мүшелерінің ұшу қауіпсіздігін және төмендегі ұшу сатыларында орындалатын функциялары мен міндеттерін атқару кезіндегі дағдыларын қамтамасыз етуге байланысты теориялық білімдерін бекіту болып табылады:

1) жердегі және ұшу алдындағы операциялар;

2) тіркеп сүйреу мен рульдеу;

3) ұшу;

4) биіктікке көтерілу;

5) крейсерлік ұшу;

6) төмендету және қонуға бет алу;

7) қону;

8) қонудан кейінгі және ұшудан кейінгі операциялар (соның ішінде транзиттік операциялар).

675. Рейстік тағылымдамада кезінде білім алушы кабиналық экипаж мүшесі кабиналық экипаж мүшелерінің ең аз жұмысшы санына қосымша тағайындалады.

676. Тағылымдама бөлімше басшысының бұйрығы негізінде әрбір тағылымдамадан өтушіге тағылымдама басшысы бекітіледі (нұсқаушы), мақсаты, объектісі, басталу және аяқталу мерзімі белгіленеді. Бір нұсқаушыға тағылымдамадан өтушілердің саны төрт адамнан артық болмауы тиіс.

677. Рейстік тағылымдама кабиналық экипаж мүшесі білім алушының қатысымен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты ұшу алдындағы, ұшу кезіндегі, қону алдындағы және ұшудан кейінгі міндеттерін орындайды. Ұшумен танысу деректері әрбір кабиналық экипаж мүшесінің даярлауды есепке алу карточкасына тіркеледі.

678. Рейстік тағылымдама кезінде кабиналық экипаж мүшелері қызметтік міндеттерін пайдаланушы тағайындаған кабиналық экипаж киімінде орындайды.

679. Таныстыру ұшулары жаттығуларының жалпы саны тағылымдамадан өтушілер үшін:

1) бастапқы оқытуда көп мүшелі экипажбен ӘК-де ұшу 10-нан кем болмау керек, тағылымдама кезінде ӘК бір мүшелі экипажбен ӘК-де ұшу 15-тен кем болмауы керек;

2) әуе кемесінің үлгісін, модификациясын және пайдаланушының даярлығын ескере отырып даярлау кемінде екі ұшуды құрайды, бірінші ұшу таныстыру ретінде, екіншісі біліктілік алу үшін.

680. Кабиналық экипаж мүшесінің ұшуын бақылау–тексеру бортсерікпен – емтихан алушымен тағылымдамадан өтушінің жоспарда көрсетілген көлемде және лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес міндеттерін орындауға тәжірибелік дайындығын және білімін тексеру мақсатында орындалады.

681. Егер тағылымдама жетекшісінің қорытындысы бойынша тағылымдамадан өтуші тиісті жұмыс орнында дербес жұмысқа дайын емес болса, тағылымдама мерзімі ұзартылуы мүмкін, бірақ бастапқы белгіленген көлемнен аспайтын болады.

Ескерту. 681-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

682. Егер тағылымдамадан өтуші қосымша тағылымдамадан кейін шеберлігін, шешім қабылдау қабілетін және лауазымдық міндеттеріне сәйкес қызметін жүзеге асыра алмаса, қызмет басшысына (пайдаланушыға) қортынды ұсына отырып тағылымдама тоқтатылады, ол бұл қызметкерді кабиналық экипаж мүшесі ретінде пайдалану туралы орынды шешім қабылдайды.

683. Кабиналық экипаж мүшесі ретінде дербес жұмысқа рұқсат тағылымдама жетекшісінің (нұсқаушы/емтихан алушы) ұсынымы негізінде жүргізіледі, тағылымдамадан өтушінің кәсіптік қызметке дербес жұмысқа жіберу мүмкіндігі туралы және қызмет басшысының (немесе нұсқаушының) ұсынымы бойынша, қызмет басшысының (немесе пайдаланушының) бұйрығымен рәсімделеді.

684. Персоналды кәсіптік қызметке дербес жұмысқа рұқсат мүмкіндігі туралы дәлелді шешімге жауапкершілікті аттестаттаудан және тағылымдамадан өткізген тұлға алады.

15-параграф. Кәсіптік деңгейді қолдау: Жыл сайынғы кезеңдік даярлау

685. Кәсіптік деңгейін қолдау мына мақсатта жүргізіледі:

1) кәсіптік біліктілік деңгейін қолдау;

2) авариялық және штаттан тыс жағдайлардағы іс-әрекеттер бойынша білімдерін және дағдыларын қолдау;

3) жұмыста 6 айдан 12 айға дейін үзіліс болғанда мамандардың кәсіптік дағдыларын қалпына келтіру.

686. Әрбір кабиналық экипаж мүшесі жыл сайын кезеңдік даярлықтан және тексеруден өтіп, белгіленген үлгідегі құжат алады немесе беру және тіркеу арқылы расталған басқа да түрлерін (электронды жүйе, пайдаланушының ішкі рәсімдерін құжаттандыру немесе құжаттандырудың белгіленген рәсімдеріне сәйкес кәсіптік даярлау туралы жазба).

687. Кезеңдік даярлау қалыпты және авариялық жағдайларда және ӘК-нің әрбір пайдаланылатын үлгісі мен модификациясына сәйкес рәсімдерді әрбір кабиналық экипаж мүшесі орындай алатын іс-әрекеті қамтиды.

688. Кезеңдік даярлау ӘК-нің әрбір пайдаланылатын үлгісі мен модификациясы авариялық шығу жолдарын және әр кабиналық экипаждың мүшелерімен негізгі симуляцияларды пайдалану және іс-әрекеттерді пысықтау бойынша жыл сайынғы тәжірибелік сабақтарды қамтиды.

689. Оқыту кезінде пайдалану бойынша және авариялық-құтқару жабдықтарын орналастыруда тиісті оттегі жүйелерін зерделеуді қосады, сондай-ақ кез келген осындай жабдықтарды, мысалы, егер бортта бар болса дефибриллятор.

690. Даярлау кезінде авариялық процедуралар бойынша көпшілікпен басқару және ұшқыштар әрекет ету қабілетінен айрылған жағдайда қолданылатын рәсімдер қамтылады.

691. Кезеңдік даярлауға кіретін экипаждың жұмысын оңтайландыру бойынша даярлау (CRM) келесі талаптардан тұрады:

1) тиісті даярлау модульдері Үлгілік бағдарламаға 100-қосымшаның бағанында көрсетілген "Жыл сайынғы кезеңдік даярлау" 3 жазғы цикл шегін қамтиды

2) бағдарламаны анықтау және енгізуді CRM бортсерігі-нұсқаушысы жүргізеді.

692. Кәсіптік деңгейді қолдау, сондай-ақ рейстік жағдайларда тұрақты тексерулермен қамтамасыз етіледі, оларды пайдаланушының нұсқаушы құрамы кезеңділікпен жүргізеді:

1) дербес жұмысқа рұқсат алғаннан кейінгі алғашқыда 12 айда 6 айда бір рет;

2) дербес жұмыстың бірінші жылынан кейін 12 айда бір рет;

693. Жыл сайынғы кезеңдік даярлау бағдарламасының мазмұны осы Үлгілік бағдарламаның 103-қосымшасында ұсынылды.

16-параграф. Әрбір 36 ай сайын кезеңдік даярлау

694. Үш жылдық кезеңдік даярлау бағдарламасының мазмұны сондай-ақ осы Үлгілік бағдарламаның 103-қосымшасында ұсынылды.

695. Әрбір 36 ай сайын өткізілетін кезеңдік даярлау бағдарламасының қосымша элементтеріне мыналар кіреді:

1) қалыпты және авариялық шығу/есіктерін пайдалану бойынша оқыту есіктердің автоматты ашылуы және олардың істен шығуы, траптарды ашу және пайдалану кезінде кабиналық экипаждан талап етілетін іс-әрекеттері мен күш-жігерін, сондай-ақ қажет болған жағдайда кабиналық экипаж мүшелері үшін екі жақты шығу/есіктеріне жауаптыға қосымша даярлау жүргізуді қамтиды;

2) бортта үлгісі бар өртке қарсы, түтіннен қорғайтын жабдықтарды пайдалану бойынша оқыту мыналарды қамтиды, салонында әр кабиналық экипаж мүшесі жанудың барлық түрлерін сөндіру бойынша практикалық сабақтар, сонымен қатар оқу мақсатында галонды өрт сөндіргіштердің орнына балама құралдарды пайдалану ұсынылады.

696. Өрт немесе түтіннің нақты көзінен анықтауға бағытталған өрт сөндіру бойынша оқыту.

17-параграф. Кезеңдік даярлаудың қолданылу кезеңі

697. Жыл сайынғы кезеңдік даярлаудың қолданылу мерзімі алдыңғы тексеру жүргізілген айдың аяғынан бастап күнтізбелік 12 айды құрайды.

698. Егер талап етілетін кезеңдік даярлау және тексеру осы Бағдарламаның жоғарыда көрсетілген тармағына сәйкес даярлау мерзімінің аяқталуына соңғы үш күнтізбелік ай ішінде жүргізіледі, дегенмен, бастапқы қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап жаңа қолданылу мерзімі басталады.

699. Үшін қосымша элементтер үшін 3-жылдық даярлау мерзімі күнтізбелік 36 айды құрайды, алдыңғы тексеру жүргізілген айдың аяғынан бастап.

700. Кейбір жағдайларды және шұғыл қажет болғанда кезеңдік даярлау және тексеру жоспардан тыс жүргізілуі мүмкін, бірақ кезекті кезеңнен кеш емес.

18-параграф. Қалпына келтіру мақсатында даярлау

701. Қалпына келтіру даярлығы егер кабиналық экипаж мүшесімен соңғы тиісті кезеңдік даярлау және тексеруден бастап алты ай бойы қатарынан мынандай жағдайлар болғанда жүргізіледі:

1) ұшу қызметінде үзілісі бар. Мұндай жағдайда міндеттерді орындауға қайта тағайындау алдында кабиналық экипаж мүшесі өзі тағайындалатын әрбір ӘК үлгісінен қалпына келтіру даярлығынан және тексеруден өтеді.

2) ӘК-нің белгілі бір үлгісінде ұшу қызметінен үзілісі бар. Мұндай жағдайда міндеттерді орындауға қайта тағайындауда кабиналық экипаж мүшесі сол ӘК үлгісінен қалпына келтіру даярлығынан және тексеруден немесе осы Үлгілік бағдарламаның 27-тарауының 14-параграфына сәйкес екі таныстыру ұшуынан өтеді.

702. Қалпына келтіру даярлығы Бағдарламаларының мазмұны келесі модульдерді зерделеуді қамтиды:

1) авариялық процедуралар;

2) эвакуациялау процедуралары;

3) ӘК-нің әрбір пайдаланылатын үлгісі мен модификациясы нақты пайдалану емес негізгі және авариялық шығу жолдарын пайдалануды көрсету.

4) барлық басқа да шығу жолдарын, оның ішінде ұшу экипажы кабинасының терезесін пайдалануды көрсету.

5) орналасқан жері және барлық бортта орналастырылған немесе тасымалданатын тиісті авариялық – құтқару жабдығын пайдалану.

703. Пайдаланушыға қалпына келтіру даярлығын, жыл сайынғы кезеңдік даярлауға таңдап ауыстыруға рұқсат етіледі, егер кабиналық экипаж мүшесінің қолданылу мерзімі шегінде болса міндеттерін қайта жаңарту тексеру және жыл сайынғы кезеңдік даярлауды бастайды. Егер аталған қолдану мерзімі өтіп кетсе, қалпына келтіру мақсатында тек әуе кемесінің үлгісін, модификациясын және пайдаланушының даярлығы ескерілген даярлаумен ауыстырылады.

704. Ұшу қызметінде бір жылдан астам үзіліс болса, бірақ кабиналық экипаж мүшесі бес жылға дейін әуе кемесінің үлгісін, модификациясын және пайдаланушының даярлығы ескерілген даярлаудан, сондай-ақ қажетті көлемде рейстік тағылымдамадан өтуге міндетті.

705. Ұшу қызметінде бес жылдан астам үзіліс болса, кабиналық экипаж мүшесі бастапқы даярлауды толық көлемде өтеді.

19-параграф. Кабиналық экипаждың аға мүшесін даярлау

706. Аға бортсеріктерді даярлауды тәжірибелік даярлау нысанында пайдаланушының өзі жүзеге асырылуы мүмкін, сондай-ақ авиациялық оқу орталығында жеке курс түрінде (тренинг). Уәкілетті ұйымда даярлау бағдарламасын келісу талап етілмейді, бірақ осы Үлгілік бағдарламаның 27-бөліміне сәйкес пайдаланушы міндетті элементтерді зерделеуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 706-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

707. Тәжірибелік даярлау көлемі кемінде екі ұшу, біріншісі таныстыру ұшуы ретінде, екіншісі біліктілік алу үшін.

708. Кабиналық экипаждың аға мүшесін даярлау бойынша курс кабиналық экипаждың аға мүшелерінің жауапкершілігінің және міндеттерінің барлық түрін қамтиды және келесілерді қосады:

1) ұшу алдындағы брифинг;

2)экипажбен өзара әрекет;

3) пайдаланушы талаптарымен және заң талаптарымен танысу;

4) инциденттер мен оқиғаларды шолу;

5) адами фактор және экипаж жұмысын оңтайландыру (CRM);

6) ұшу және жұмыс уақытын шектеу және экипаж демалысына қойылатын талаптар

.

709. Осы Үлгілік бағдарламаның 104-қосымшасында кабиналық экипаждың аға мүшесін даярлау бағдарламасының мазмұны толық ұсынылған.

20-параграф. Жеке түрде ұшуды орындайтын кабиналық экипажды даярлау

710. Кабиналық экипаж мүшелерін даярлауда ұшуларды жеке орындауда тағайындайтын ерекше қосымша элементтер мыналарды қамтиды:

1) ӘК командирі алдында қалыпты және авариялық рәсімдерді жүргізудегі жауапкершілігі;

2) бортта тыңдамайтын немесе деструктивті жолаушылар болған жағдайда, үйлестіру маңыздылығы және ұшу экипажымен өзара қарым-қатынас;

3) пайдаланушы талаптарын және заң талаптарын шолу;

4) ұшу құжаттамасын жүргізу тәртібі;

5) инциденттер мен оқиғалар бойынша есеп;

6) ұшу және жұмыс уақытын шектеу және экипаж демалысына қойылатын талаптар

.

21-параграф. Даярлау бағдарламаларын бекіту, тексеру және тиісті құжаттама

711. Даярлау бағдарламасы және кабиналық экипаж мүшелерін тексеру азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйыммен немесе уәкілетті орган келісіледі және ұшуды жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың D "Training/Даярлау" бөліміне енгізіледі.

Ескерту. 711-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

712. Оқу курсын кабиналық экипаж сәтті аяқтағаннан кейін және тиісті тексеруден кейін пайдаланушы:

1) кабиналық экипажды даярлау туралы есептегі жазуларды жаңартады;

2) кабиналық экипаж мүшесіне даярлаудан өткен ӘК үлгісінде немесе модификациясында ұшуды орындауға біліктілік рұқсаттарының қолданылу мерзімдері көрсетілген тізімді ұсынады.

22-параграф. Даярлау, тексеру бағдарламалары және тиісті құжаттама. ӘК үлгісіне/ модификациясына біліктілік рұқсаттарын беру тізімі

713. Оқу курсын сәтті аяқтаған және тиісті тексеруден өткен кабиналық экипаж мүшелеріне ӘК үлгісіне немесе модификациясына біліктілік рұқсаттардың қолданылу мерзімдерімен жаңартылған тізімді ұсыну кезінде пайдаланушы осы Үлгілік бағдарламаларға 105-қосымшада келтірілген форматты пайдаланады.

714. Басқа форматты пайдалану кезінде кем дегенде 1-ден 4-ке дейінгі бағаналарда көрсетілген, сондай-ақ біліктілік рұқсаттарының қолданылу мерзімдерін белгілеу үшін 1 және 2-бағандарда көрсетілген мәліметтер көрсетіледі.

29-бөлім. Ұшуды жерде қамтамасыз ету жөніндегі авиациялық персоналды кәсіби даярлаудың үлгілік бағдарламалары 1-параграф. Әуежайлардағы инженерлік-техникалық персоналды, ұшуларды әуеайлақтық қамтамасыз ету жөніндегі мамандарды кәсіби даярлаудың үлгілік бағдарламалары

715. Қызметі "Қазақстан Республикасының азаматтық авиация ұшуларын әуеайлақтық қамтамасыз ету қағидаларымен" (Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 7 қазандағы № 978 бұйрығы. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12360 болып тіркелген). реттелетін әуеайлақтардың техникалық пайдаланумен айналысатын мамандардың (басшылар, инженерлер, әуеайлақ қызметінің шебері, ұшуларға әуеайлақ элементтерінің дайындық жағдайын бақылайтын мамандар), кәсіби даярлаудың үлгілік қағидалары, өзіне "Ұшулардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей қатысатын авиациялық персоналды кәсіби даярлау қағидаларына" сәйкес жүзеге асырылатын оқыту бағдарламаларының минималды көлемін қамтиды.

Ескерту. 715-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

716. Қажеттілік бойынша азаматтық авиация кәсіпорынның шешімімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтық авиация саласында нормативтік-құқықтық актілермен анықталатын кәсіби даярлыққа жаңа немесе қосымша талаптарды ендіргенде қосымша және арнайы курстар мен тренингтер өткізіледі.

717. Әуежайларда ұшуларды әуеайлақтық қамтамасыз ету жөніндегі мамандарды бастапқы даярлау міндетті түрде кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін алғашқы рет

қабылданған тұлғалар үшін өткізіледі. Сонымен бірге азаматтық авиация саласында бірдей мамандық бойынша бұрын жұмыс істегендер үшін бастапқы даярлау қажет етілмейді.

718. Бастапқы даярлау көлемі оқыту уақытына қарамастан 72 сағаттан кем емес сағатты құрайды.

719. Өз бетімен жұмыстарды орындауға рұқсат алу үшін ұшуларды әуеайлақтық қамтамасыз ету жөніндегі мамандар тәжірибелі маман басшылығымен (әуеайлақ ерекшеліктерімен, әуеайлақтағы қауіпсіздік талаптарын, әуеайлақтағы қозғалыс ережесімен, радио байланыс жүргізу тәртібімен, әуеайлақ ұстау бойынша технологиялармен, басқа да қызметтер мен ұйымдармен өзара әрекет тәртібімен, қызмет мамандарының жұмыс технологияларымен, ұшуларды әуеайлақтық қамтамасыз ету бойынша нормативтік құжаттармен танысу және игеру, тағылымдамадан өтіп, тағылымдама аяқталуы бойынша меңгерген білім мен дағдылар бойынша тиісті сынақтар тапсырылады.

720. Ұшуларды әуеайлақтық қамтамасыз ету жөніндегі мамандарды өз бетінше жұмыс орындауға жіберу әуежайдың бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 720-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

721. Ұшуларды әуеайлақтық қамтамасыз ету жөніндегі мамандарды қайта даярлау АОО бағдарламалары бойынша жаңа ресімдер мен технологияларды пайдалануға беру шеңберінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 721-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

722. Ұшуларды әуеайлақтық қамтамасыз ету жөніндегі мамандардың кәсіби деңгейін қолдау кемінде үш жылда бір реттен өткізіледі. Кәсіби деңгейді қолдау бойынша курстың көлемі 24 сағаттан кем емес уақытты құрайды.

723.Кәсіби деңгейді қолдау өзіне курстарды, тренингтерді және семинарларды, оның ішінде көрсетілген бастапқы даярлау тақырыптық үлгілік бағдарламаларына сәйкес қашықтықтық оқудан өтуді қосады.

724.Жүзеге асырылатын кәсіби даярлықтың түріне байланыссыз оқытудың аяқталуы бойынша оқытылатын маман білімінің қорытынды бақылауы өткізіледі, оның нәтижесі бойынша тиісті құжат беріледі.

725. Осы Үлгілік бағдарламаның 106-қосымшасында келтірілген кем дегенде келесі салаларда қажетті білімдерді игеруді бастапқы даярлау өзіне қосады.

726. Бастапқы даярлаудың үлгілік бағдарламасы Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 14-қосымшасының және азаматтық авиация саласындағы ұлттық заңнаманың негізінде әзірленді.

727. Кәсіби деңгейді қолдау мына мақсатта жүргізіледі:

1) мамандық бойынша кәсіби деңгейді мерзімді қолдау;

2) реттелетін құжаттарда жаңа талаптар мен өзгерістерді игеру;

3) жұмыста 6 айдан артық үзілістен кейін мамандардың кәсіби дағдыларын қалпына келтіру.

2-параграф. Әуеайлақта және оған іргелес аумақта азаматтық ӘК ұшуы үшін құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіптерді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын персоналды (құстар мен өзге де жануарларды бақылау жөніндегі аға басшы, үйлестіруші, штаттық маман) кәсіби даярлаудың үлгілік бағдарламалары.

Ескерту. 2-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.11.2024 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

728. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 323 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11724 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында азаматтық әуе кемелерінің ұшуы үшін құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіптерді басқару қағидаларымен реттелетін аға басшыларды, үйлестірушілерді, құстар мен өзге де жануарларды бақылау қызметі жөніндегі мамандарды кәсіби даярлаудың үлгілік қағидалары өзіне Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 159 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10562 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген авиация персоналын кәсіптік даярлау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқыту бағдарламаларының минималды көлемін қамтиды.

Ескерту. 728-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.11.2024 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

729. Қажеттілік бойынша азаматтық авиация кәсіпорнының шешімімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтық авиация саласында нормативтік-құқықтық актілермен анықталатын кәсіби даярлыққа жаңа немесе қосымша талаптарды ендіргенде қосымша және арнайы курстар мен тренингтер өткізіледі.

730. Бастапқы даярлау міндетті түрде құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіптерді басқару бағдарламасын әзірлеуге, іске асыруға және тиімділігіне жауапты аға басшылар мен үйлестірушілер, сондай-ақ кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін алғаш рет қабылданған құстар мен өзге де жануарларды бақылау жөніндегі мамандар үшін

жүргізіледі. Бұл ретте бұрын азаматтық авиация саласында ұқсас мамандану бойынша жұмыс істеген және тиісті бастапқы даярлықтан өткен адамдар үшін осы Үлгілік бағдарламаларда белгіленген кезеңділікпен қайта даярлауды қамтамасыз ету талап етіледі.

Ескерту. 730-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.11.2024 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

731. Құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіптерді басқару бағдарламасын әзірлеуге, іске асыруға және тиімділігіне жауапты аға басшылар мен үйлестірушілерді бастапқы даярлау көлемі кемінде 16 сағатты, ал әуеайлақта және оған іргелес аумақта құстар мен өзге де жануарлардың болуын бақылау жөніндегі мамандарды даярлау көлемі кемінде 24 сағатты құрайды.

Ескерту. 731-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.11.2024 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

732. Өздігімен жұмыстарды атқаруға рұқсат алу үшін құстар мен өзге де жануарларды бақылау жөніндегі мамандар бойынша ең тәжірибелі маманның басшылығымен қажетті теориялық даярлықтан және тағылымдамадан өтеді:

1) әуеайлақтың ерекшеліктерімен танысу және зерделеу;

2) әуеайлақтағы қауіпсіздік талаптары;

3) әуеайлақтағы қозғалыс қағидалары;

4) радиобайланысты жүргізу тәртібі;

5) ҰҚЖ-ға рұқсатсыз шығудың алдын алу;

6) радиомаяк жүйесінің аймақтарын қорғау;

7) әуеайлақта көру мүмкіндігі шектеулі жағдайларда жұмыс рәсімдері;

8) әуеайлақта ұшуды қамтамасыз етуді жүзеге асыратын басқа да қызметтермен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау тәртібі;

9) әуежайдың құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіптерді басқару жөніндегі бағдарламасы;

10) әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін құстардың биологиясы мен экологиясы;

11) тіршілік ету ортасын басқару;

12) қорқыту құралдарын пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету;

13) қоныс аударуы кезеңдері, мекендеу аймақтары, жабайы табиғат саласындағы соңғы оқиғалар, әуежайда қолданылатын шаралар.

Оқу және тағылымдама аяқталғаннан кейін алған білімі мен дағдылары бойынша тиісті сынақтар тапсырылады.

Ескерту. 732-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.11.2024 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

733. Ұшуларды орнитологиялық қамтамасыз ету жөніндегі мамандарды өз бетінше жұмыс орындауға жіберу әуежайдың бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 733-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

734. Құстар мен өзге де жануарларды бақылау жөніндегі мамандарды қайта даярлау әуеайлақтарды пайдаланушылардың бағдарламалары бойынша жаңа рәсімдерді, жабдықтарды пайдалануға беру шеңберінде, сондай-ақ АОО бағдарламалары бойынша екі жылда бір реттен кем емес жүзеге асырылады.

Ескерту. 734-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.11.2024 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

735. Құстар мен өзге де жануарларды бақылау бойынша кәсіби деңгейін қолдау кемінде екі жылда бір реттен сиретпей жүргізіледі. Құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіп-қатерлерді басқару жөніндегі бағдарламаны әзірлеуге, іске асыруға және тиімділігіне жауапты аға басшылар мен үйлестірушілердің кәсіби деңгейін қолдау жөніндегі курстың көлемі кемінде 8 сағатты, ал құстар мен өзге де жануарларды бақылау жөніндегі мамандардың саны кемінде 12 сағатты құрайды.

Ескерту. 735-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.11.2024 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

736. Кәсіби деңгейді қолдау өзіне курстарды, тренингтерді және семинарларды, оның ішінде көрсетілген бастапқы даярлау тақырыптық үлгілік бағдарламаларына сәйкес қашықтықтық оқудан өтуді қосады.

737. Жүзеге асырылатын кәсіби даярлықтың түріне байланыссыз оқытудың аяқталуы бойынша оқытылатын маман білімінің қорытынды бақылауы өткізіледі, оның нәтижесі бойынша тиісті құжат беріледі

738. Осы Үлгілік бағдарламаларға 107-қосымшада келтірілген салаларда қажетті білімдерді игеруді бастапқы даярлау өзіне қосады.

Ескерту. 738-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.11.2024 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

739. Кәсіби деңгейді қолдау келесі мақсатпен өткізіледі:

1) мамандық бойынша кәсіби деңгейді мезімді қолдау мақсатымен;

2) реттелетін құжаттарда жаңа талаптар мен өзгерістерді игеру;

3) жұмыста 6 айдан артық үзілістен кейін мамандардың кәсіби дағдыларын қалпына келтіру.

739-1. Бастапқы дайындық және кәсіби деңгейді қолдауды әуеайлақта құстар мен өзге де жануарларды бақылау бойынша кемінде 2 жыл тәжірибесі бар, уәкілетті ұйым мақұлдаған оқу орталықтарында даярлықтан өткен білікті нұсқаушылар жүргізеді. Нұсқаушы кемінде үш жылда бір рет қайта оқытудан өтеді.

Ескерту. 2-параграф 739-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің 29.11.2024 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Әуежайлардағы әуе ЖЖМ қамтамасыз ету жөніндегі мамандарды кәсіби даярлаудың үлгілік бағдарламалары (ЖЖМ қызметінің басшысы, инженерлік құрам мен сақтауға, құюға беруге дайындауға және авиациялық жанар-жағармай материалдарының сапасын бақылауды өткізуге жауапты мамандар)

740. Қызметі "Қазақстан Республикасының азаматтық авиация мекемелерінде авиациялық жанармай мен арнайы сұйықтықтардың сапасына бақылау жүргізу мен құюға беруге дайындау, сақтау қағидаларымен" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 191 бұйрығы. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11678 болып тіркелген. реттелетін әуежайлардағы ЖЖМ қоймасының басқарумен және техникалық пайдаланумен, авиациялық жанар-жағармай материалдарының сапасын бақылаумен айналысатын мамандардың (басшылар, инженерлер, ЖЖМ қызметінің мамандары) кәсіби даярлығының осы үлгілік бағдарламасы өзіне "Ұшулардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей қатысатын авиациялық персоналды кәсіби даярлау қағидаларына" сәйкес жүзеге асырылатын оқыту бағдарламаларының минималды көлемін қамтиды.

Ескерту. 740-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

741. Қажеттілік бойынша азаматтық авиация кәсіпорынның шешімімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтық авиация саласында нормативтік-құқықтық актілермен анықталатын кәсіби даярлыққа жаңа немесе қосымша талаптарды ендіргенде қосымша және арнайы курстар мен тренингтер өткізіледі.

742. Әуежайларда әуе ЖЖМ-мен қамтамасыз ету жөніндегі кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін алғаш рет қабылданған тұлғалар бастапқы даярлықтан өтеді. Бұрын азаматтық авиация саласында осындай мамандану бойынша жұмыс істеген адамдар бастапқы даярлықтан өтпейді.

Ескерту. 742-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

743. Бастапқы даярлау көлемі оқыту уақытына байланыссыз 72 кем емес сағатты құрайды.

744. Өз бетімен жұмыстарды орындауға рұқсат алу үшін әуежайларда әуе ЖЖМ-мен қамтамасыз ету жөніндегі мамандар тәжірибелі маман басшылығымен (ЖЖМ қоймасының технологиялық жабдығымен, өрт қауіпсіздігі талаптарымен, қауіпсіздік техникасымен, қойманың технологиялық жабдықтарының ресімдері мен пайдалану технологияларымен, әуе ЖЖМ сапасын бақылау, әуе жанармайын қамтамасыз ету бойынша нормативтік құжаттармен танысу және игеру) тағылымдамадан өтіп, тағылымдама аяқталуы бойынша меңгерген білім мен дағдылар бойынша тиісті сынақтар тапсырылады.

745. Әуежайларда авиаЖЖМ қамтамасыз ету жөніндегі мамандарды өз бетінше жұмыс орындауға жіберу әуежайдың бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 745-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

746. Әуе ЖЖМ қамтамасыз ету жөніндегі мамандары қайта даярлау АОО бағдарламалары бойынша жаңа рәсімдер мен технологияларды пайдалануға беру шеңберінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 746-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

747. Әуе ЖЖМ қамтамасыз ету жөніндегі мамандардың кәсіби деңгейін қолдау кемінде үш жылда бір реттен өткізіледі. Кәсіби деңгейді қолдау бойынша курстың көлемі 24 сағаттан кем емес уақытты құрайды.

748. Кәсіби деңгейді қолдау өзіне курстарды, тренингтерді және семинарларды, оның ішінде көрсетілген бастапқы даярлау тақырыптық үлгілік бағдарламаларына сәйкес қашықтықтық оқудан өтуді қосады.

749. Жүзеге асырылатын кәсіби даярлықтың түріне байланыссыз оқытудың аяқталуы бойынша оқытылатын маман білімінің қорытынды бақылауы өткізіледі, оның нәтижесі бойынша тиісті құжат беріледі.

750. Бастапқы даярлау кем дегенде осы Үлгілік бағдарламалардың 108-қосымшасында келтірілген салаларда қажетті білімдерді меңгеруді қамтамасыз етеді.

751. Кәсіби деңгейді қолдау келесі мақсатпен өткізіледі:

1) мамандық бойынша кәсіби деңгейді мерзімдік қолдау мақсатымен;

2) реттелетін құжаттарда жаңа талаптар мен өзгерістерді зерделеу;

3) жұмыста 6 айдан артық үзілістен кейін мамандардың кәсіби дағдыларын қалпына келтіру.

4-параграф. Әуежайларда ұшуларды апаттық-құтқарумен қамтамасыз ету жөніндегі мамандарды кәсіби даярлаудың үлгілік бағдарламалары (ҰАҚҚҚ басшы персоналы)

752. Қызметтері "Қазақстан Республикасының әуежайларында ұшуларды апаттық-құтқарумен қамтамасыз етудің кәсіби даярлау қағидаларымен" реттелетін әуежайлардағы ұшуды апаттық-құтқарумен қамтамасыз етуді басқарумен, ұйымдастырумен және соған үйретумен айналысатын мамандардың кәсіби даярлығының үлгілік бағдарламалары (басшылар, ҰАҚҚҚ басшыларының орынбасарлары, ҰАҚҚҚ АҚК басшылары, ҰАҚҚҚ нұсқаушылары) кәсіби даярлығының осы үлгілік бағдарламасы өзіне "Ұшулардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей қатысатын авиациялық персоналды кәсіби даярлау қағидаларына" сәйкес жүзеге асырылатын оқыту бағдарламаларының минималды көлемін қамтиды.

753. Қажеттілік бойынша азаматтық авиация кәсіпорынның шешімімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтық авиация саласындағы нормативтік-құқықтық актілермен анықталатын кәсіби даярлыққа жаңа немесе қосымша талаптарды ендіргенде қосымша және арнайы курстар мен тренингтер өткізіледі.

754. Алғашқы рет қабылданған тұлғалар ұшуларды авариялық-құтқарумен қамтамасыз ету жөніндегі кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін бастапқы даярлау өткізеді Бұрын азаматтық авиация саласында осындай мамандану бойынша жұмыс істеген адамдар бастапқы даярлықтан өтпейді.

Ескерту. 754-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

755. Бастапқы даярлау көлемі оқыту уақытына қарамастан 72-ден кем емес сағатты құрайды.

756. Өз бетімен жұмыстарды орындауға рұқсат алу үшін ұшуларды апаттық-құтқару бойынша қамтамасыз ететін мамандар тәжірибелі маман басшылығымен (апаттық-құтқару жабдықтары, өрт техникалары, әуеайлақ сызбалары, әуеайлақ қауіпсіздігі талаптары, әуеайлақтағы қозғалысының ережесі, радио байланыс жүргізу тәртібі, басқа қызметтермен өзара әрекеттесу технологиялары, нормативтік құжаттармен танысу және игеру) тағылымдамадан өтіп, тағылымдама аяқталуы бойынша меңгерген білім мен дағдылар бойынша тиісті сынақтар тапсырылады.

757. Ұшуды аппаттық-құтқару қамтамасыз ету жөніндегі мамандарды өз бетінше жұмыс орындауға жіберу әуежайдың бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 757-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

758. Ұшуларды апаттық-құтқарумен қамтамасыз ету жөніндегі мамандарды қайта даярлау АОО бағдарламалары бойынша жаңа рәсімдер мен технологияларды, жаңа жабдықтарды пайдалануға беру шеңберінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 758-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

759. Ұшуларды апаттық-құтқару бойынша қамтамасыз ететін мамандардың кәсіби деңгейін қолдау кемінде үш жылда бір реттен өткізіледі. Кәсіби деңгейді қолдау бойынша курстың көлемі 24 сағаттан кем емес уақытты құрайды.

760. Кәсіби деңгейді қолдау өзіне курстарды, тренингтерді және семинарларды, оның ішінде көрсетілген бастапқы даярлау тақырыптық үлгілік бағдарламаларына сәйкес қашықтықтық оқудан өтуді қамтиды.

761. Жүзеге асырылатын кәсіби даярлықтың түріне байланыссыз оқытудың аяқталуы бойынша оқытылатын маман білімінің қорытынды бақылауы өткізіледі, оның нәтижесі бойынша тиісті құжат беріледі

762. Осы Үлгілік бағдарламалардың 109-қосымшасында келтірілген, ең аз деген келесі салаларда қажетті білімдерді игеруді бастапқы даярлау өзіне қосады.

763. Кәсіби деңгейді қолдау келесі мақсатпен өткізіледі:

1) мамандық бойынша кәсіби деңгейді мерзімді қолдау мақсатымен;

2) реттелетін құжаттарда жаңа талаптар мен өзгерістерді игеру;

3) жұмыста 6 айдан артық үзілістен кейін мамандардың кәсіби дағдыларын қалпына келтіру.

5-параграф. Іздестіру және құтқаруды үйлестіру орталығы персоналын кәсіби даярлаудың үлгілік бағдарламасы

764. Осы Үлгілік бағдарлама іздестіру жән құтқаруды үйлестіру орталығының мамандарын кәсіби даярлауды ұйымдастырудың принциптерін, іске асыру тәртібін және минималды көлемін белгілейді.

765. Осы Үлгілік бағдарламаға сәйкес жүзігі асырылатын кәсіби даярлау іздестіру мен құтқаруды үйлестіру орталығы мамандарының кәсіби қызметінде пайдаланылатын арнайы білім мен дағдыларын алуды және тереңдетуді қамтамасыз етеді.

766. Осы Үлгілік бағдарлама негізінде жүзеге асырылатын іздестіру мен құтқаруды үйлестіру орталығы мамандарын кәсіби даярлау кәсіпті меңгеру (мамандықты немесе мамандандыруды), қызмет аясын өзгерту немесе кеңейту, бұрын алған білімді жаңарту

барысында, сондай-ақ авариялық және штаттан тыс жағдайларда әрекеттерді жүзеге асырумен байланысты шаралар барысында орындалатын қызметтік міндеттерге сәйкес келу үшін жүргізіледі.

767. Бастапқы даярлау тиісті санат мамандарына қойылатын біліктілік талаптарына сай болу үшін бастапқы, біліктіліктік білімді, дағдылар мен қабілеттерді алуды, сондай-ақ дамытуды қамтамасыз етеді.

768. Іздестіру мен құтқаруды үйлестіру орталығы мамандарының кәсіби деңгейін қолдау меңгерген білімі мен дағдыларын кеңейтуді, қайта қарастыруды, бекітуді, жаңа процедуралар мен тәжірибелерді зерделеуді, жұмыстағы үзілістен кейін кәсіби дағдыларын қалпына келтіруді қамтамасыз етеді.

769. Қосымша және мамандандырылған курстар мен тренингтер қажет болған кезде , сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық актілермен және стандарттармен және де Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымы ұсынатын тәжірибемен анықталатын кәсіби даярлыққа қосымша және жаңа талаптар енгізген кезде жүргізіледі.

770. Ағылшын тілі аясындағы элементтер белгілі бір қызметті немесе жұмыс орнын орындау үшін маманды даярлау қажет болған кезде кәсіби даярлау бағдарламасына қосымша енгізіледі.

771. Бұл ретте ағылшын тілі аясындағы бағдарламалар тыңдаушыларды білім беруді және жұмыс деңгейінде өз қабілеттерін өздігінен қалыптастыру үшін дағдыларын пысықтауды қамтамасыз етеді:

1) жалпы, нақты және жұмыспен байланысты мәселелер бойынша тиянақты және анық түсінісу;

2) хабарламалар алмасу үшін, түсініспеушіліктерді анықтау және алдын алу үшін байланыстың сәйкес әдісін қолдану (мысалы, тексеру арқылы ақпаратты растау немесе нақтылау);

772. Жүзеге асырылған кәсіби даярлау түріне қарамастан оқыту аяқталған соң білім алушы маманның білімін қорытынды бақылау жүргізіледі, оның нәтижесі бойынша оқуды аяқтағандығын куәландыратын құжат (куәлік, сертификат) беріледі.

773. Осы үлгілік бағдарлама іздестіру мен құтқаруды үйлестіру орталығы мамандарының кәсіби даярлығының ең төменгі көлемін белгілейді.

6-параграф. Іздестіру мен құтқаруды үйлестіру орталығы мамандарының бастапқы даярлау және дербес жұмысқа жіберу

774. Алғаш рет қабылданған тұлғалар іздестіру мен құтқаруды үйлестіру орталығы бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін бастапқы даярлау өтеді. Бұрын азаматтық авиация саласында осындай мамандану бойынша жұмыс істеген адамдар бастапқы даярлықтан өтпейді.

Ескерту. 774-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

775. Іздестіру мен құтқаруды үйлестіру орталығы мамандарын бастапқы даярлауға авиациялық білімі немесе азаматтық авиация маманының кез-келген санаты (кәсіп, мамандық, мамандандыру) бойынша кәсіби даярлығы бар, сондай-ақ пайдаланушылық қызметте үш жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар жіберіледі.

776. Іздестіру мен құтқаруды үйлестіру орталығы мамандарын бастапқы даярлау оқытудың жалпы көлемін құрайтын келесі сатылардан тұрады:

1) теориялық даярлық;

2) тәжірибелік даярлық.

777. Теориялық даярлық оқытудың келесідей негізгі түрлері барысында жүзеге асырылады:

1) стационарлық күндізгі (кешендік, үлгілік);

2) модульдік;

3) қашықтық;

4) аралас.

Ескерту. 777-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

778. Жұмыс орнындағы тағылымдама бастапқы даярлық аяқталғаннан кейін, дербес жұмысқа жіберу алдында өндірістік бөлімшеде жүргізіледі

779. Іздестіру мен құтқаруды үйлестіру орталығы мамандарын тағылымдамадан өткізуді тағылымдамадан өтуге тағайындалған іздестіру мен құтқаруды үйлестіру орталығының тікелей басшысы және/немесе нұсқаушысы жүзігі асырады.

780. Іздестіру мен құтқаруды үйлестіру орталығы мамандарын бастапқы даярлау осы Үлгілік қағидаларға 110-қосымшада көрсетілген қажетті білімді меңгеруді қамтамасыз етеді.

781. Бастапқы даярлаудың теориялық бөлімінің көлемі кемінде 30 сағатты құрайды. Жұмыс орнындағы тағылымдама көлемін іздестіру мен құтқаруды үйлестіру орталығының басшысы немесе тағылымдама үшін жауапты нұсқаушы анықтайды.

782. Іздестіру мен құтқаруды үйлестіру орталығы мамандарының жұмыс орнындағы тағылымдаманың сапасы мен толықтығы үшін жауапкершілік, оның ішінде дербес жұмысты орындауға рұқсат, тағылымдаманы жүргізген тұлғаға жүктеледі.

7-параграф. Іздестіру және құтқаруды үйлестіру орталығы мамандарының кәсіби деңгейін қолдау мен арнайы даярлығы

783. Іздестіру және құтқаруды үйлестіру орталығының мамандарын арнайы дайындау төмендегі жағдайларда жүзеге асады:

Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымының (ИКАО) және/немесе басқа халықаралық ұйымдардың ұшуды іздестіру-құтқаруды қамтамасыз ету бөлігінде стандарттар талаптарының және ұсынылған практиканың өзгеруі;

ұшуды іздестіру-құтқарумен қамтамасыз етудің қызметін реттейтін ұлттық нормативтік-құқықтық құжаттар талаптарының өзгеруі;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да жағдайларда.

784. Іздестіру және құтқаруды үйлестіру орталығының мамандарының арнайы дайындығы: курстар шеңберінде, жұмыс кеңестері, семинарлар және басқа оқыту нысандары арқылы жүргізіледі.

785. Кәсіби деңгейді қолдауға курстардан, тренингтер мен семинарлардан өту, соның ішінде алғашқы дайындық тақырыбымен осы үлгілік бағдарламада көрсетілген қашықтықтан оқыту жатады, сондай-ақ мерзімділігі 5 жылда бір реттен кем емес уақытта іске асып отырады. Сонымен қатар оқыту бірыңғай курс нысанында, 5 жылда бір рет жүргізіледі және жеке модульдер нысанында, 5 жыл ішінде жүзеге асып ұйымдастырылады.

Ескерту. 785-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

786. Құзыретті бағалау элементтерін енгізе отырып, кәсіби деңгейді қолдау бойынша АОО бағдарламаларын ұстау алғашқы дайындық кезінде және жаңадан алынған білімдерін мен дағдыларын растауды қамтамасыз етеді.

787. Кәсіби деңгейді қолдау бойынша курстың көлемі 24 сағаттан кем емес уақытты құрайды.

788. Ұшуды іздестіру-құтқару арқылы қамтамасыз етуге және тәжірибе алмасуды жақсарту мақсатында Азаматтық авиацияның Халықаралық ұйымымен (ИКАО) және басқа халықаралық ұйымдар мен ассоциациялармен өткізілетін семинарларға басшылық құрамының және іздестіру мен құтқарудың үйлестіру орталығы мамандарының қатысуы ұсынылады.

8-параграф. Іздестіру және құтқаруды үйлестіру орталығы мамандарының біліктілігі мен кәсіби дайындықтары жайлы деректерді есепке алу мен сақтау

789. Сапаны қамтамасыз ету жүйесі талаптарына сәйкес келу мақсатында, қызметтерді басқаратын (ұйымдарды, органдарды) ұшуды іздестіру және құтқаруды қамтамасыз етудегі тұлғалар, іздестіру және құтқарудың үйлестіру орталығы мамандарының біліктіліктерін растайтын тиісті деректерді жиналуын және сақталуын жүзеге асырады.

790. Біліктіліктері мен кәсіби дайындықтарына қатысты персонал бойынша барлық ақпарат, іздестіру және құтқарудың үйлестіру орталығымен белгіленген қағидаларға

сәйкес сақталады, бірақта 5 жылдан кем емес уақытта, сондай-ақ төмендегі ақпараттан тұрады:

1) аты, тегі әкесінің аты;

2) туған күні; білімі; біліктілігі; лауазымы;

3) кәсіби дайындығы туралы ақпарат (түрлері, кезеңдері мен оқу орны, аяқтағаны жайлы куәліктің (сертификаттың) датасы мен нөмірі.

791. Деректерді есепке алу мен сақтау баспа түрінде (мамандар тізілімі, сауалнамалар, файлдар) және электрондық деректер базасында жүзеге асады.

792. Есептік құжаттамаға уақытылы өзгерістерді енгізу Іздестіру мен құтқарудың үйлестіру орталығы басшысына жүктеледі.

9 параграф. Ұшу қауіпсіздігін басқару бойынша мамандарды бастапқы даярлау, қолдау, қайта даярлау

793. Ұшу қауіпсіздігін басқару бойынша мәселелерді шешуге қатысты персоналда кәсіби қызметіне пайдаланатын мамандандырылған білімі мен дағдыларын алу мақсатында оқыту қарастырылған аталған даярлаудан өткені туралы тиісті куәліктермен (сертификаттармен) расталған тиісті арнайы даярлығы болады.

794. Ұшу қауіпсіздігін басқару саласындағы персоналды даярлау, ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесінің (ҰҚБЖ) тиісті функционалдық бағыттары бойынша оларға міндеттердің жүктелетінін ескеріп жүзеге асырылады.

795. Ұшу қауіпсіздігін басқаруға тікелей қатысты персоналды даярлау Қазақстан Республикасының немесе шет елдің сертификатталған авиациялық оқыту орталықтарында ҰҚБЖ негізгі функционалдық бағыты енгізілген бағдарламалар бойынша жүргізіледі:

1) ҰҚБЖ негіздік және қызметтік қағидалары;

2) Авиациялық оқиғаларды немесе оқыс оқиғаларды тексеру;

3) тиісті аудит түрлерін өткізу;

4) қауіп-қатерді бағалау;

5) ұшу қауіпсіздігі көрсеткіштерін анықтау, тексеру және бағалау;

6) адамдық факторын есепке алу;

7) шаршағандықпен байланысты қауіп-қатерді басқару;

8) күйзелу жағдайларын басқару;

9) Қазақстан Республикасының Азаматтық авиация және халықаралық стандарттар саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарындағы өзгерістері ескерілген басқа да бағыттар .

796. Даярлау көлемі персоналға жүктелген қызметтерге қатысты, ұшу қауіпсіздік басқармасы (бұдан әрі –ҰҚБ) үшін жауапты барлық және жекелеген ҰҚБЖ бағыттарын қамтиды.

Ескерту. 796-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

797. Азаматтық авиацияда ұшу қауіпсіздігін басқаруға байланысты қызметті жүзеге асыратын авиациялық персонал емес тұлғаларды кәсіби даярлау үшін жүзеге асырылатын бағдарламалар уәкілетті ұйымдармен арнайы келісуді талап етпейді, бірақ Қазақстан Республикасының Азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің талаптары (Қазақстан Республикасының оқыту орталықтары үшін) және осы бағыттағы қызметке қатысты азаматтық авиация саласындағы халықаралық стандарттар ескеріледі.

Ескерту. 797-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

798. ИКАО, ИАТА, КАНСО, Еуробақылау, EASA және басқа халықаралық ұйымдар өткізетін семинарлар мен тренингтерге ұшу қауіпсіздігін басқару саласында құзыреттілігі мен хабардар болуын қолдау, озық тәжірибені оқыту және енгізу мақсатында ұшу қауіпсіздігін басқаруға қатысты персоналдың қатысуын ұсынады.

Ескерту. 798-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

799. Авиациялық персоналдың құзыреттілігі мен хабардар болуын қамтамасыз ету мақсатында , ҚР оқыту орталықтары және шет ел оқыту орталықтары бастапқы даярлау және персоналдың кәсіби деңгейін қолдау бағдарламаларына бөлімдерді (модульдерді) қосады "Ұшу қауіпсіздігін басқару" мазмұны мен көлемі ұшу қауіпсіздігіге қатысты мәселелерге қатысатын тыңдаушылардың санатына байланысты.

800. Персоналдың кәсіби деңгейін қолдау курсты өтумен қамтамасыз етіледі және өз функционалдық міндеттерін атқаруда персоналдың құзыреттілігін қамтамасыз ету бойынша үздіксіз үдерісі болып табылады.

801. Персоналдың кәсіби деңгейін қолдау бағдарламаларын тыңдаушылардың әр санатын ескеріп оқыту орталықтары әзірлейді:

1) жаңартылған оқыту материалдары;

2) Қазақстан Республикасы Азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық стандарттардың және азаматтық авиация саласындағы ұсынылатын тәжірибенің талаптарындағы өзгерістер;

3) азаматтық авиация ұйымдары қызметінің функционалдық бағыттарындағы өзгерістер;

4) азаматтық авиация/сала ұйымдарының дамуының стратегиялық бағыттары;

5) әлемдік тәжірибе.

802. Ұшу қауіпсіздігін басқарумен байланысты персоналдың кәсіби деңгейін қолдау бойынша даярлықтан өту кезеңділігі 3 жылда бір реттен сирек емес жүзеге асырылады, бұл ретте даярлық ҰҚБЖ барлық функционалдық бағыттары бойынша да, оның жекелеген компоненттері бойынша да жүргізіледі.

803. ҰҚБ бойынша арнайы даярлық мына жағдайларда жүзеге асырылады:

1) азаматтық авиация қызметін регламенттейтін ұлттық нормативтік-құқықтық актілердің күшіне енгеніне дейін олардың талаптарына өзгерістер енгізу;

2) стандарттар мен ИКАО ұсынылатын тәжірибесінің күшіне енгеніне дейін олардың талабына (талаптарына) түзету (түзетулер) енгізу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа жағдайларда.

Ескерту. 803-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30-тарау. Көпмүшелі экипаждың пилотын бастапқы даярлаудың үлгілік бағдарламасы (MPL)

Ескерту. Бағдарлама 30-тараумен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің 22.12.2023 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы ережелер

804. Көпмүшелі экипаждың пилотын (MPL) бастапқы даярлаудың мақсаты – ab initio пилотын коммерциялық көлік авиациясында көпмүшелі ұшақтардың көпмүшелі экипажында екінші пилот ретінде жұмыс істеу үшін қажетті біліктілік деңгейіне дейін аспаптар бойынша ұшу қағидалары – (АҰҚ) (IFR) және визуалды ұшу қағидалары (ВҰҚ) (VFR) және ұшақ түрі бойынша төзімділігімен MPL куәлігін алу болып табылады .

805. Уәкілетті ұйым коммерциялық әуе тасымалдарын орындайтын пайдаланушының құрамына кіретін немесе осындай пайдаланушымен арнайы уағдаластығы бар АОО-на ғана көпмүшелі экипаждың пилотын (MPL) бастапқы даярлау бағдарламасын келіседі.

806. MPL куәлігін алуға кандидат дайындықтың барлық кезеңдерін АОО-да бір үздіксіз оқу процесінде өтеді. Оқыту пилотының құзыретіне негізделуі және көпмүшелі экипажда жұмыс істеу жағдайында жүргізілуі тиіс.

807. MPL сертификатын алуға арналған кәсіптік оқыту бағдарламасы оқу бағдарламасын және уәкілетті ұйым үшін қолайлы бағдарлама бойынша оқытылатын кандидаттарды үздіксіз бағалау процесін қамтиды.

Мұндай бағалау мыналарға кепілдік береді:

1) құзыреттер мен тиісті аттестаттау көпмүшелі экипажда күндізгі және түнгі уақытта визуалды ұшу қағидалары (ВҰҚ) және аспаптар бойынша ұшу қағидалары (АҰҚ) бойынша ұшуларды орындау үшін сертификатталған әуе кемесінің пилоты орындайтын міндеттерге жауап береді;

2) дайындық жоспары кандидаттар сәйкестікке қол жеткізе алатындай етіп жасалған аралық (егер олар анықталса) және түпкілікті ИКАО айқындалған құзыреттілік стандарттарына сәйкес келеді;

3) егер оқу процесінде не даярлық курсы аяқталғаннан кейін оқу бағдарламасы мен кандидаттарға бағалау жүргізу қажеттілігі туындаса, түзету әрекеттері қабылданады.

Кәсіптік даярлық бағдарламасы оған кез келген өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде уәкілетті ұйыммен қайта келісілуге тиіс.

808. Көпмүшелі экипаж пилотының (MPL) алғашқы дайындығы мынадай кезеңдерден тұрады:

1) теориялық даярлығы;

2) ұшу даярлығы;

3) көпмүшелі экипаждағы (MCC) пилоттардың өзара іс-қимылы бойынша даярлығы ;

4) ӘК типіне қайта даярлау (type rating training).

2-параграф. Теориялық дайындық

809. MPL теориялық дайындық курсы мыналарды қамтиды:

1) осы Үлгілік бағдарламалардың 14-тарауының 2-параграфында көзделген талаптарға сәйкес ATPL (a) білім деңгейіне кемінде 750 сағат оқытуға сәйкес теориялық даярлықты;

2) әуе кемесінің үлгісіндегі теориялық даярлық. Көлемі мен пәндері осы Үлгілік бағдарламаларға 20-қосымшада айқындалған;

3) күрделі кеңістіктік жағдайлардың алдын алу және олардан шығару бойынша теориялық даярлықты қамтиды.

3-параграф. Ұшуға дайындық

810. Ұшуды даярлау жалпы алғанда кемінде 240 сағатты қамтиды және оқытудың мынадай кезеңдерін көздейді:

1) негізгі ұшу дағдылары. Бір мүшелі ұшақ пилотының негізгі дайындығы;

2) базалық. Аспаптар бойынша ұшу және көпмүшелі экипажбен ӘК пайдалана отырып танысу;

3) аралық. Көпмүшелі экипажы бар көпмүшелі газ турбиналы ӘК жұмысының технологиясы;

4) жетілдірілген. Авиакомпаниялардағы жұмыс жағдайында жұмысқа бағдарланған ӘК типіне қайта даярлау.

Көпмүшелі экипаж пилотының куәлігін алу үшін дайындық жоспары осы Үлгілік бағдарламаларға 111-қосымшада келтіріледі.

811. Қозғалтқыштардың асимметриялық тартылуын ұшуға үйрету әуе кемесінде немесе ұшуды имитациялайтын тренажер құрылғысында (FFS) жүргізіледі.

812. Нақты әлемдегі ұшу тәжірибесі мыналарды қамтиды:

1) күрделі кеңістіктік жағдайлардың алдын алу және олардан шығару бойынша дайындық (UPRT);

2) түнде ұшу;

3) аспаптар бойынша ұшу.

4-параграф. Көпмүшелі экипаждағы (MCC) ұшқыштардың пилоттардың өзара әрекеттесуі бойынша оқыту

813. Көпмүшелі экипаждың өзара іс-қимыл курсы (MCC) осы Үлгілік бағдарламалардың 810-тармағында көзделген тиісті кезеңдерге біріктіріледі.

5-параграф. ӘК типіне қайта даярлау курсы (type rating)

814. ӘК типіне қайта даярлау қажетті құзыретке қол жеткізу үшін кемінде 12 (он екі) ұшу мен қонуды қамтуы тиіс. Әуеайлақтық жаттығу басталғанға дейін АОО және оператор мыналарды қамтамасыз еткен жағдайда, ұшу және қону саны 6 (алты) дейін қысқартылады:

1) бұл кандидаттың қажетті құзыреттілік деңгейіне қол жеткізуге теріс әсер етпейтінін бағалау рәсімі бар;

2) жүргізілген бағалау нәтижесінде түзету әрекеттерінің орындалуын қамтамасыз ететін рәсім бар.

Бұл ұшулар мен қонулар біліктілік белгісін енгізу болжанатын әк типі бойынша нұсқаушының бақылауымен орындалуы тиіс.

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген рәсімдер уәкілетті ұйыммен келісіледі.

6-параграф. Ұшуды имитациялайтын тренажер құрылғыларында ұшу дайындығы

815. АОО ұшуға даярлықты жүргізу үшін дайындықтың әрбір кезеңінде осындай құрылғыларға мынадай ең төменгі талаптарды қамтамасыз ете отырып ұшуды имитациялаудың тренажер құрылғыларын пайдаланады:

1) негізгі ұшу дағдылары:

мынадай сипаттамаларға электрондық және ішінара басқару құрылғылары:

қозғалтқышты басқару тетігі квадрантының, бүйірлік басқару тұтқасы бақылаушысының немесе FMS (пернетақта) функционалды көшірмелері сияқты жұмыс үстелі компьютерлерімен байланысты басқару элементтерін қосады;

тиісті күш қолдану және жауап беру уақыты бар психомоторлық белсенділікті қамтиды;

2) базалық:

FNPT II MCC, бұл газ турбиналы қозғалтқышы бар негізгі көп қозғалтқышты ұшақ;

3) аралық:

екінші пилот ретінде жұмыс істеуге арналған көпмүшелі көп қозғалтқышты газ турбиналы ұшақ болып табылатын және B деңгейіне сәйкес келетін FSTD және одан әрі:

әр пилотқа көлденең 180° және тігінен 40° көру өрісін қамтамасыз ететін күндізгі / іңірдегі/ түнгі визуалды жүйе, сондай-ақ ӘҚҚ ортасын модельдеу;

4) жетілдірілген:

күндізгі жарықта жақсартылған кескіні бар D немесе C деңгейлеріне сәйкес келетін FFS, оның ішінде ӘҚҚ ортасын модельдеу.

31-бөлім. 3-санаттағы пилотсыз авиациялық жүйелер операторларын бастапқы теориялық және практикалық даярлау бағдарламасы

Ескерту. Үлгілік бағдарлама 31-тараумен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің 29.11.2024 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

816. 3-санаттағы пилотсыз жүйелер операторларын бастапқы теориялық және практикалық даярлау бағдарламасы осы Үлгілік бағдарламаларға 112-қосымшада айқындалған.

Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз
етуге қатысатын авиация
персоналын кәсіптік даярлаудың
үлгілік бағдарламасына
1-қосымша

ҚЫСҚАРТУЛАР

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 22.12.2023 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Осы Үлгілік бағдарламалардың бөлімдері мен кіші бөлімдерінде мынадай қысқартулар пайдаланылады:

АОО – авиациялық оқу орталығы;

ҰРТҚ – ұшуларды радиотехникалық қамтамасыз ету;

ІҚҰО - іздестіру мен құтқаруды үйлестіру орталығы;

ӘҚҰ – әуе қозғалысын ұйымдастыру;

ҰІҚҚ – ұшуларды іздестіру-құтқаруды қамтамасыз ету;

ХАТІҚН - халықаралық авиациялық және теңіздегі іздестіру және құтқару жөніндегі нұсқаулық;

ИКАО – Халықаралық азаматтық авиация ұйымы;

ATSEP – CNS/ATM, ҰРТҚ және байланыс жүйелерін пайдаланумен және орнатумен айналысатын мамандар ішінен әуе қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған электронды құралдар жөніндегі персонал;

CBT (computer-based training) – бекітілген стандарттар мен өңделген бағдарламаларды жүзеге асыру барысында есептеу техникасының мүмкіндіктерін пайдалануға негізделген кәсіптік дайындық элементі;

CNS/ATM – әуе қозғалысын ұйымдастыру мүддесіндегі байланыс, навигация және бақылау;

NOTECHS – техникалық емес ерекшеліктерді бағалау (тәртібі, қатынасы);

SARPs – стандарттар және ИКАО кеңес берген тәжірибе;

SOP – Standard Operation Procedures (Стандартты жұмыс әдісі);

A - ұшақ;

AC – ауыспалы ток;

ACAS - қақтығысуды ескертетін борттық жүйе;

ACFT – әуе кемесі;

ADF – автоматты радиопеленгтеу;

ADS - автоматты тәуелді бақылау;

AFCS - ұшуды басқарудың автоматты жүйесі;

AFM - әуе кемесін ұшырып пайдалану жөніндегі нұсқау;

Ag - автожир;

AGL - жерүсті деңгейінен жоғары;

AIC - аэронавигациялық ақпарат циркуляры;

AIP - аэронавигациялық ақпарат жинағы;

AIRAC - аэронавигациялық ақпаратты регламенттеу және бақылау;

AIS - аэронавигациялық ақпарат қызметі;

AMC - сәйкестілікті бекітудің қабылданған әдістері;

AML – әуе кемесін техникалық қамтамасыз ету жөніндегі маманның куәлігі;

AeMC - авиамедициналық орталық;

AeME - авиамедициналық сарапшы;

AOM - әуе кемесін пайдалану жөніндегі нұсқау;

APU - көмекші күш қондырғысы;

As - дирижабль;

ATC - әуе қозғалысын басқару;

ATIS - әуеайлақ ауданында мәліметтерді автоматты тарату қызметі;

ATO - бекітілген бағдарлама бойынша даярлық курсын ұйымдастыру;
ATP - әуекомпанияның желілік ұшқышы;
ATPL - авиажелілер ұшқышының лицензиясы;
ATS - әуе қозғалысына қызмет көрсету;
AUM - толық ұшу массасы;
B - аэростат;
BCAR - азаматтық ұшақтардың ұшу жарамдылығының Британдық нормалары;
BEM - бос әуе кемесінің бастапқы массасы;
BITD - жаттығуға арналған негізгі аспаптық құрылғы;
BPL - аэростат пилотының лицензиясы;
CAA – авиациялық билік (жалпы атауы);
CAC – Азаматтық авиация комитеті;
CAME – ӘК ұшу жарамдылығын қолдауды басқару жөніндегі нұсқау;
CAMO – ӘК ұшу жарамдылығын қолдауды басқару жөніндегі ұйым;
CAS - индикаторлық жер әуе жылдамдығы;
CAT - ашық аспан кезіндегі турбуленттілік;
CCA – жекелей берілетін сертификатталған рұқсат;
CDI - берілген бағыттан ауытқу индикаторы;
CDCCL - отын бағының ішіндегі компоненттерді түпнұсқалық жағдайына және оларды орналастыруға қойылатын талаптар;
CDL – қалыпты конфигурациядан ауытқу тізбесі;
CFI - ұшу даярлығы бойынша бас нұсқаушы;
CG - ауырлық орталығы;
CGI - жерүсті құралдарын пайдалану жөніндегі аға нұсқаушы;
CP - екінші пилот;
CPL - коммерциялық авиация ұшқышының лицензиясы;
CRE - әуе тасымалдау тарифінің сыныптылығы жөніндегі сарапшы;
CRI - әуе тасымалдау тарифінің сыныптылығы жөніндегі нұсқаушы;
CRM - экипаж қорларын басқару;
CS - сертификаттау стандарттары;
CQB - негізгі мәселелер мен тапсырмалар;
DC - тұрақты ток;
DF - радиопеленгтеу;
DME - қашықтықты өлшейтін радиомаяк;
DPATO - ұшып көтерілуден кейінгі реперлік нүкте;
DPBL - қону алдындағы реперлік нүкте;
DR - жолды есептеп шығару әдісімен аэронавигация;
EASA – еуропалық ұшу қауіпсіздігі агенттігі;
EFIS - электронды пилотаждық аспаптар жүйесі;

EOL - ажыратылған қозғалтқышпен қону;

ERPM - бір минут ішндегі қозғалтқыш айналымының саны;

ETA - ұшып келудің есептік уақыты;

ETOPS - бағыт-бағдары аз берілген жерде көпқозғалтқышты ұшақпен ұшуларды орындауға қойылатын ерекше талаптар;

EWIS – электрлік өткізгіштер мен электрлік қосылыстар жүйесі;

FAF - қонуға кірудің ақырғы кезеңінің бақылау нүктесі;

FAR - федералды авиациялық ережелер;

FCL - ұшу экипажын лицензиялау;

FE - ұшу емтихан қабылдаушысы;

F/E - бортинженер;

FEM - ұшу даярлығы бойынша сарапшының нұсқауы;

FFS - кешенді пилотаждық жаттығу құрылғысы;

FI - ұшу нұсқаушысы;

FIE - ұшу нұсқаушысы емтихан қабылдаушы;

FIS - ұшу-ақпараттық қызмет көрсету;

FMC - ұшуды басқару жүйесінің борттық ЭЕМ;

FMS - ұшуды басқару жүйесі;

FNPT - навигациялық операциялар және ұшуды басқару техникасын өңдеуге арналған жаттығу құрылғысы;

FS - авиациялық жаттығу құрылғысы;

FSTD - ұшу әрекетін имитациялауға (ұқсатуға) арналған құрылғы;

ft - футтар;

FTD - ұшу даярлығына арналған құрылғы;

FTS - жанармай бактарының қауіпсіздігі;

G - тартылыс күші;

GLONASS - жаһандық навигациялық спутниктік жүйе;

GM - инструктивтік материал;

GNSS - жаһандық навигациялық спутниктік жүйе;

GPS - жаһандық навигациялық жүйе;

H - тікұшақ;

HF - жоғары жиілік;

HOFCS - жоғары тәртіптегі ұшу аппаратын басқару жүйесі;

HPA - жоғары ұшу ерекшеліктері бар ұшақ;

hrs - сағат;

HUMS - борттық бақылау және диагностика жүйесі;

HT - оқыту басшысы;

IAS - аспаптық әуе жылдамдығы;

ICAO - халықаралық азаматтық авиация ұйымы;

IGE - жер ықпалы аймағында;
IFR - аспаптар бойынша ұшу қағидалары;
ILS - аспаптар бойынша қону жүйесі;
IMC - аспаптар бойынша ұшуға арналған метеорологиялық жағдайлар;
IR – пилоттың аспаптар бойынша ұшуына рұқсаты;
IRE - аспаптар бойынша ұшу техникасын тексеру жөніндегі инспектор;
IRI - аспаптар бойынша ұшу техникасы бойынша нұсқаушы;
ISA - халықаралық стандартты атмосфера;
kg - килограмм;
LAPL - жеңіл ұшақ пилотының лицензиясы;
LDP - қону кезіндегі шешім қабылдау нүктесі;
LMT - орташа жергілікті уақыт;
LO - оқыту мақсаттары;
LOFT - шынайы жағдайға келтірілген жағдайда ұшу даярлығының бағдарамасы;
m - метр;
MCC – көпмүшелі экипаждың өзара әрекеттесуі;
MCCI – көпмүшелі экипаждың өзара әрекет етуі жөніндегі нұсқаушы;
ME – көп қозғалтқышты ұшу аппараты;
MEL - қажетті борт жабдығының тізімдемесі;
MMEL - ӘК ұшуға рұқсат етілген борттық жабдықтың ең аз үлгілік (үлгілі) тізбесі;
MEP – көп қозғалтқышты поршенді ұшу аппараты;
MET – көп қозғалтқышты турбобұрамалы ұшақ;
MHG - мотодельтаплан;
METAR - ауа райының жүйелі авиациялық мәліметі;
MI - таулы жерде ұшуды бағалау жөніндегі нұсқаушы;
MOE – техникалық қызмет көрсету бойынша ұйымдастыру нұсқауы (EASA терминологиясында);
MP - экипаж мүшелерінің көп саны;
MPA - экипаж мүшелерінің саны көп ұшақ;
MPL- көпмүшелі экипаж ұшқышының лицензиясы;
MPH - экипаж мүшелерінің саны көп тікұшақ;
MRO – ӘК техникалық қызмет көрсету жөніндегі ұйым;
MTOE – ӘК ТО бойынша оқыту персоналын ұйымдастыру нұсқауы (EASA терминологиясында);
MTOM - рұқсат етілген ең ауыр ұшып көтерілу салмағы;
NDB - бағытталмаған радиомаяк;
NM - теңіз милі;
NOTAM - пилоттарға арналған хабарлама;

NOTAR - тірек бұрама мен жолды басқарудың реактивті сәтін теңестірудің ағысты жүйесі;

OAT - сыртқы ауа температурасы;

OBS - барлық жаққа бағытталған бағыт бергіш;

OEI - жалғыз істен шыққан қозғалтқышпен;

OGE - жер ықпалынан тыс аймақта;

OML - пилоттар санын пайдаланып шектеу;

OSL - көмекші пилоттар пайдаланып шектеу;

OTD - оқытудың өзге құрылғылары;

PAPI - қонуға дәл ену траекториясының көрсеткіші;

PF - әуе кемесін басқаратын пилот;

PM - мониторинг жүргізетін пилот;

PIC - әуе кемесінің командирі;

PICUS - бақылауға алынып ұшатын әуе кемесінің командирі;

PL - энергетика жүйесін пайдалану барысындағы көтеру күші;

PNF - ұшпайтын пилот;

PPL - жеке пилот лицензиясы;

QDM - гиромагниттік курс;

QFE - ҰҚЖ табалдырығы деңгейіндегі атмосфералық қысым;

QNH - стандартты атмосфера үшін орташа теңіз деңгейіне келтірілген атмосфералық қысым;

RNAV - радионавигация;

RPM - бір минут ішіндегі айналым саны;

RRPM - бір минут ішіндегі ротор айналымының саны;

R/T - радиотелефония;

RVSM - тік эшелондаудың қысқартылған минимумдары;

S - планер;

SATCOM - спутниктік байланыс;

SAR - іздеу және құтқару;

SE - бірқозғалтқышты ұшу аппараты;

SEP - бірқозғалтқышты поршенді ұшу аппараты;

SET - бірқозғалтқышты турбовинтті ұшақ;

SFE - кешенді жаттықтыру ұшу оқуы жөніндегі сарапшы;

SFI - кешенді жаттықтыру ұшу оқуы жөніндегі нұсқаушы;

SID - әуе кемесінің аспаптар бойынша шығуының стандартты схемасы;

SIGMET - әуе кемелері ұшуының қауіпсіздігіне әсер ете алатын маршруттағы ауа райының жағдайы туралы ақпарат;

SLPC - біриінтіректі басқау;

SOP - стандартты жұмыс әдісі;

SP - бір пилотты әуе кемесі;

SPA - бір пилотты ұшақ;

SPH - бір пилотты тікұшақ;

SPIC нұсқаушымен бірге ұшу барысындағы әуе кемесі командирі ретінде әрекет ететін студент-пилот;

SPL - планер пилот лицензиясы;

SSR - екінші шолу радиолокаторы;

STI - кешенді ұшу даярлығының нұсқаушысы;

TAF - әуеайлақ бойынша болжам;

TAS - ақиқат әуе жылдамдығы;

TAWS - жермен соқтығысуды ескерту жүйесі;

TDP - ұшып көтерілу барысындағы шешім қабылдау нүктесі;

TEM - қауіптер мен қателерді жою;

TMG - туристік мотопланер;

TORA - тиесілі екпін алу ұзындығы;

TODA - тиесілі ұшып көтерілу қашықтығы;

TR – үлгілік сыныптау;

TRE – ӘК типі бойынша ұшу емтихан қабылдаушысы;

TRI - ӘК типі бойынша ұшу нұсқаушысы.

Ұшу қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге қатысатын
авиация персоналын кәсіптік
даярлығының үлгілік
бағдарламасына
2-қосымша

ULAPL(MGH)– мотодельтапланында аса жеңіл әуе кемесі пилоттарға теориялық даярлау бойынша пәндердің тақырыбы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.04.2021 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Сабақтар атауы	Оқу пәндерінің қысқаша мазмұны
		ИКАО конвенциясы. Конвенцияның қосымшалары, ұлттық және халықаралық ұйымдар мен қауымдастықтар, халықаралық стандарттар мен Ұсынылатын практика, ұлттық және халықаралық құқық, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау, ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей қатысатын авиация персоналына

1	Қазақстан Республикасының азаматтық авиация қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілер және әуе құқығы негіздері	қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары. Азаматтық авиацияның ұәкілетті өкілетті орган, Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым: орналасқан орны және ұйымы; азаматтық авиацияқызметін ретке келтіретін қаулылар мен ережелер, ұлттық заңдар. Аса жеңіл авиация ұшқышы куәлігі иесінің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі. Визуалдық ұшу ережелері. Ұшулар қауіпсіздігі және авиациялық уақиғаларды тексеру. Негізгі анықтамалар. Мақсаттар мен тапсырмалар. Ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында қызметті ретке келтіретін нормативтік база. Ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ӘК командирінің міндеттері. Авиациялық оқиғалардың негізгі себептері және оларды тексеру мақсаты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 қарашадағы № 1296 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында ұшуды іздестіру-құтқарумен қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі қағидалар.
2	Авиациядағы адам факторы	Авиациялық физиология және денсаулықты қалыпта ұстау негіздері. Авиациялық психология негіздері. Авиациядағы адам факторының мәселесі. Терминдер және анықтамалар. Адам қателігі. Авиациялық көлік жүйесінің қызмет ету барысында және ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз етуде адам ролін зерделеу. Қауіптерді және қателіктерді басқару. Экипаж қорлары. Авиация персоналы қызметіндегі адам факторы туралы білімді қолдану.
		Негізгі метеорологиялық құбылыстарды және аэросиноптикалық үрдістерді зерделеу, метеорологиялық элементтердің ұшуларды

3	Авиациялық метеорология	орындауға әсер етуі. Әдістерге оқыту: авиацияға қауіпті ауа райы құбылыстарын анықтау, ұшу алдында және ұшу барысында метеорологиялық ақпаратты зерделеу және ұшуды орындау мен ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүдделерінде білімін пайдалану.
4	Әуе навигациясы	Әуе навигациясының теориясы, ұшуларды аэронавигациялық қамтамасыз ету және штурмандық қатынаста ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету негізгі ережелерін зерделеу.
5	Аэродинамика негіздері және иілгіш қанат тәжірибелік аэродинамикасы	Аэродинамиканың және иілгіш қанат тәжірибелік аэродинамикасы теориялық негіздерін, ұшып көтерілу, көлденеңінен ұшу, маневрлер орындау, төмендеу, қону уақытында ауамен өзара әрекет ету барысында ұшу аппаратымен болатын үрдістерді зерделеу.
6	Мотодельтаплан конструкциясы және оны ұшып пайдалану	Мотоарба конструкциясын, иілгіш қанаттың бекіту түйіндері мен агрегаттарын және ұшып пайдалану ережелерін зерделеу.
7	Қозғалтқыш конструкциясы және оны ұшып пайдалану	Консрукцияны және қамтамасыз ету жүйелерін, ішкі жану авиациялық мікбасты қозғалтқышты ұшып пайдалану ережелерін оқып білу.
8	Электротехникалық, аспаптық және радиоэлектрондық жабдықтар және оларды ұшып пайдалану	Аспаптық, электротехникалық және радиоэлетрондық жабдықтарды зерделеу, олардың қандай қызмет атқаратынын, жиынтығын, ЖДП-да орналасуын, қызмет ету принциптерін, аспаптар мен жүйелердің, қуат құрылғыларының жұмысын бақылайтын аспаптар қызметін, ұшып пайдалану ережелерін зерделеу.
9	Пайдалану рәсімдері. Ұшып пайдалану жөніндегі нұсқау.	Пайдалану және шектеулер ережелерін зерделеу және ұшу барысында ерекше жағдайлар орын алған жағдайда ұшқыш әрекеті.
		"Ұшуды орындау және әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде радиоалмасу

10	VFR байланыс құралдары. Фразеология және радиоалмасуды жүргізу ережелері	фразеологиясының қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 15 қазандағы № 454 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6635 болып тіркелген) бекітілген ұшуды орындау және әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде радиоалмасу терминдерін, белгілерін зерделеу және фразеология қағидаларын оқыту.
11	Апаттық-құтқару құралдары және оларды қолдану	Әуе кемесінің апаттық-құтқару жабдығы бойынша даярлық, еріксіз қону бойынша рәсімдері. Қону орнында дербес аман қалу бойынша жаттығу.
12	Мотодельтапланды техникалық пайдалану және қолданылатын ЖЖМ	Ұшу алдындағы және ұшудан кейінгі техникалық қызмет көрсету рәсімдері, оперативті және кезеңдік қызмет көрсету, жөндеу, техникалық құжаттаманы жүргізу. Пайдалану барысында қолданылатын авиациялық жанар-жағар материалдарының және арнайы сұйықтықтардың негізгі түрлері.

Ұшу қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге қатысатын
авиация персоналын кәсіптік
даярлаудың үлгілік
бағдарламасына
3-қосымша

ULAPL(AG) – автожирдағы аса жеңіл әуе кемесі пилоттарға теориялық даярлығы бойынша пәндер тақырыптары

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.04.2021 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Сабақтар атауы	Оқу пәндерінің қысқаша мазмұны
		ИКАО конвенциясы. Конвенцияның қосымшалары, ұлттық және халықаралық ұйымдар мен қауымдастықтар, халықаралық стандарттар мен Ұсынылатын практика, ұлттық және халықаралық құқық, еңбек

		заңнамасы, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау, ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей қатысатын авиация персоналына қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары.
1	Қазақстан Республикасының азаматтық авиация қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілер және әуе құқығы негіздері	Азаматтық авиацияның уәкілетті өкілетті орган, Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым: орналасқан орны және ұйымы; азаматтық авиацияқызметін ретке келтіретін қаулылар мен ережелер, ұлттық заңдар. Аса жеңіл авиация ұшқышы куәлігі иесінің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі. Визуалдық ұшу ережелері. Ұшулар қауіпсіздігі және авиациялық уақиғаларды тексеру. Негізгі анықтамалар. Мақсаттар мен тапсырмалар. Ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында қызметті ретке келтіретін нормативтік база. Ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ӘК командирінің міндеттері. Авиациялық оқиғалардың негізгі себептері және оларды тексеру мақсаты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 қарашадағы № 1296 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында ұшуды іздестіру-құтқарумен қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі қағидалар.
2	Авиациядағы адам факторы	Авиациялық физиология және денсаулықты қалыпта ұстау негіздері. Авиациялық психология негіздері. Авиациядағы адам факторының мәселесі. Терминдер және анықтамалар. Адам қателігі. Авиациялық көлік жүйесінің қызмету барысында және ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз етуде адам ролін зерделеу. Қауіптерді және қателіктерді басқару. Экипаж қорлары. Авиация персоналы қызметіндегі адам факторы туралы білімді қолдану.

3	Авиациялық метеорология	Негізгі метеорологиялық құбылыстарды және аэросиноптикалық үрдістерді зерделеу, метеорологиялық элементтердің ұшуларды орындауға әсер етуі. Әдістерге оқыту: авиацияға қауіпті ауа райы құбылыстарын анықтау, ұшу алдында және ұшу барысында метеорологиялық ақпаратты зерделеу және ұшуды орындау мен ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүдделерінде білімін пайдалану.
4	Әуе навигациясы	Әуе навигациясының теориясы, ұшуларды аэронавигациялық қамтамасыз ету және штурмандық қатынаста ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету негізгі ережелерін зерделеу.
5	Аэродинамика негіздері және автожир тәжірибелік аэродинамикасы	Аэродинамиканың және көтрілу күшін роторлық жүйемен жасайтын әуе кемесі тәжірибелік аэродинамикасы теориялық негіздерін, ұшып көтерілу, көлденеңінен ұшу, маневрлер орындау, төмендеу, қону уақытында ауамен өзара әрекет ету барысында ұшу аппаратымен болатын үрдістерді зерделеу.
6	Автожир конструкциясы және оны ұшып пайдалану	Конструкциясын, ротор және қозғалтқыштың бекіту түйіндері мен агрегаттарын, отын және май жүйесін, ұшып пайдалану ережелерін зерделеу.
7	Қозғалтқыш конструкциясы және оны ұшып пайдалану	Консрукциясын және қамтамасыз ету жүйелерін, ішкі жану авиациялық мікбасты қозғалтқышты ұшып пайдалану ережелерін оқып білу.
8	Электротехникалық, аспаптық және радиоэлектрондық жабдықтар және оларды ұшып пайдалану	Аспаптық, электротехникалық және радиоэлектрондық жабдықтарды зерделеу, олардың қандай қызмет атқаратынын, жиынтығын, автожирде орналасуын, қызмет ету принциптерін, аспаптар мен жүйелердің, қуат құрылғыларының жұмысын бақылайтын аспаптар қызметін, ұшып пайдалану ережелерін зерделеу.

9	Пайдлану рәсімдері. Ұшып пайдалану жөніндегі нұсқау.	Пайдалану және шектеулер ережелерін зерделеу және ұшу барысында ерекше жағдайлар орын алған жағдайда ұшқыш әрекеті.
10	VFR байланыс құралдары. Фразеология және радиоалмасуды жүргізу ережелері	"Ұшуды орындау және әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде радиоалмасу фразеологиясының қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 15 қазандағы № 454 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6635 болып тіркелген) бекітілген ұшуды орындау және әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде радиоалмасу терминдерін, белгілерін зерделеу және фразеология қағидаларын оқыту.
11	Апаттық-құтқару құралдары және оларды қолдану	Әуе кемесін апаттық-құтқару жабдығы бойынша даярлау, еріксіз қону жөніндегі рәсімдері. Қону орнында дербес аман қалу бойынша жаттығу.
12	Автожирды техникалық пайдалану және қолданылатын ЖЖМ	Ұшу алдындағы және ұшудан кейінгі техникалық қызмет көрсету рәсімдері, оперативті және кезеңдік қызмет көрсету, жөндеу, техникалық құжаттаманы жүргізу. Пайдалану барысында қолданылатын авиациялық жанар-жағар материалдарының және арнайы сұйықтықтардың негізгі түрлері.

Ұшу қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге қатысатын
авиация персоналын кәсіптік
даярлаудың үлгілік
бағдарламасына
4-қосымша

GPL – планер пилоттарды теориялық даярлығы бойынша пәндер тақырыптары

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.04.2021 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Сабақтар атауы	Оқу пәндерінің қысқаша мазмұны

1	Қазақстан Республикасының азаматтық авиация қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілер және әуе құқығы негіздері	ИКАО конвенциясы. Конвенцияның қосымшалары, ұлттық және халықаралық ұйымдар мен қауымдастықтар, халықаралық стандарттар мен Ұсынылатын практика, ұлттық және халықаралық құқық, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау, ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей қатысатын авиация персоналына қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары. Азаматтық авиацияның ұәкілетті өкілетті орган, Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым: орналасқан орны және ұйымы; азаматтық авиацияқызметін ретке келтіретін қаулылар мен ережелер, ұлттық заңдар. Аса жеңіл авиация ұшқышы куәлігі иесінің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі. Визуалдық ұшу ережелері. Ұшулар қауіпсіздігі және авиациялық уақиғаларды тексеру. Негізгі анықтамалар. Мақсаттар мен тапсырмалар. Ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында қызметті ретке келтіретін нормативтік база. Ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ӘК командирінің міндеттері. Авиациялық оқиғалардың негізгі себептері және оларды тексеру мақсаты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 қарашадағы № 1296 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында ұшуды іздестіру-құтқарумен қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі қағидалар.
2	Авиациядағы адам факторы	Авиациялық физиология және денсаулықты қалыпта ұстау негіздері. Авиациялық психология негіздері. Авиациядағы адам факторының мәселесі. Терминдер және анықтамалар. Адам қателігі. Авиациялық көлік жүйесінің қызмету барысында және ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз етуде

		адам ролін зерделеу. Қауіптерді және қателіктерді басқару. Экипаж қорлары. Авиация персоналы қызметіндегі адам факторы туралы білімді қолдану.
3	Авиациялық метеорология	Негізгі метеорологиялық құбылыстарды және аэросиноптикалық үрдістерді зерделеу, метеорологиялық элементтердің ұшуларды орындауға әсер етуі. Термиялық көтерілген ағымдардың пайда болу шарттары және оларды қолдану. Тік термиялық және динамикалық ағымдар. Әдістерге оқыту: авиацияға қауіпті ауа райы құбылыстарын анықтау, ұшу алдында және ұшу барысында метеорологиялық ақпаратты зерделеу және ұшуды орындау мен ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүдделерінде білімін пайдалану.
4	Әуенавигациясы және ұшуларды аэронавигациялық қамтамасыз ету	Әуе навигациясының теориясы, ұшуларды аэронавигациялық қамтамасыз ету және штурмандық қатынаста ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету негізгі ережелерін зерделеу.
5	Аэродинамика негіздері және планер тәжірибелік аэродинамикасы	Аэродинамиканың және планер тәжірибелік аэродинамикасы теориялық негіздерін, ұшып көтерілу, көлденеңінен ұшу, маневрлер орындау, төмендеу, қону уақытында ауамен өзара әрекет ету барысында ұшу аппаратымен болатын үрдістерді зерделеу.
6	Қалықтап ұшу техникасы және теориясы	Қалықтаудың теориялық негіздері. Көтерілген термиялық ағымда қалықтау негіздері. Қалықтап ұшудың классикалық теориясы (МАК-КРЕДИ теориясы) және оның қосымшалары. "Дельфин" стилінде ұшудың стационарлық теориясы және қалықтап ұшудың стационарлық емес негіздері. Көтерілген термиялық және таулы толқынды ағымдарда орама ағымдарында қалықтау. Бағыт бойынша қалықтап ұшу негіздері және бұлт тізбектерін қолдану. Алынған бағытқа тура келмейтін

		көтерілген ағымдар тізбектерін пайдалану.
7	Планер конструкциясы және оны ұшып пайдалану	Конструкциясын, планердің беріктігін және планерді ұшып пайдалану ережелерін зерделеу. Әуе кемесінің негізгі түйіндері мен агрегаттарын зерделеу.
8	Мотопланерлерге арналған авиациялық қозғалтқыштардың конструкциясы және оны ұшып пайдалану	Консрукциясын және ішкі жану авиациялық мікбасты қозғалтқышты ұшып пайдалану ережелерін оқып білу. Авиациялық жанар-жағар материалдардың жәнеарнайы сұйықтықтардың негізгі түрлерін, олардың физика-химиялық қасиеттерін зерделеу.
9	Электротехникалық,, аспаптық және радиоэлектронды жабдықтар және оларды ұшып пайдалану	Аспаптық, электротехникалық және радиоэлектрондық жабдықтарды зерделеу, олардың қандай қызмет атқаратынын, жиынтығын, ұшақта орналасуын, қызмет ету принциптерін, аспаптар мен жүйелердің, қуат құрылғыларының жұмысын бақылайтын аспаптар қызметін, ұшып пайдалану ережелерін зерделеу.
10	Пайдалану рәсімдері. Ұшып пайдалану жөніндегі нұсқау.	Планерді пайдалану ережелерін және шектеулерді зерделеу және ұшу барысында ерекше жағдайлар орын алған жағдайда экипаж әрекеті.
11	VFR байланыс құралдары. Фразеология және радиоалмасуды жүргізу ережелері	Терминдерді, белгілерді зерделеу, әуе кемесі экипажы мен әуе қозғалысына қызмет көрсететін органдар арасындағы радиоалмасуды жүргізу ережелерін оқу.
12	Апаттық-құтқару даярлығы	Әуе кемесін апаттық-құтқару жабдығымен жабдықтау жөніндегі даярлық, еріксіз қону және жолаушылар мен экипаж мүшелерін эвакуациялау бойынша рәсімдері. Қону орнында дербес аман қалу бойынша жаттығу.
13	Планерді техникалық пайдалану	Ұшу алдындағы және ұшудан кейінгі технкалық қызмет көрсету рәсімдері, оперативтік және кезеңдік техникалық қызмет көрсету, жөндеу, техникалық құжаттаманы жүргізу.

қамтамасыз етуге қатысатын
авиация персоналын кәсіптік
даярлаудың үлгілік
бағдарламасына
5-қосымша

FBPL – еркін аэростатын пилоттарды теориялық даярлау бойынша пәндер тақырыптары

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.04.2021 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Сабақтар атауы	Оқу пәндерінің қысқаша мазмұны
1	Қазақстан Республикасының азаматтық авиация қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілер және әуе құқығы негіздері	ИКАО конвенциясы. Конвенцияның қосымшалары, ұлттық және халықаралық ұйымдар мен қауымдастықтар, халықаралық стандарттар мен Ұсынылатын практика, ұлттық және халықаралық құқық, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау, ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей қатысатын авиация персоналына қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары. Азаматтық авиацияның ұәкілетті өкілетті орган, Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым: орналасқан орны және ұйымы; азаматтық авиацияқызметін ретке келтіретін қаулылар мен ережелер, ұлттық заңдар. Аса жеңіл авиация ұшқышы куәлігі иесінің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі. Визуалдық ұшу ережелері. Ұшулар қауіпсіздігі және авиациялық уақиғаларды тексеру. Негізгі анықтамалар. Мақсаттар мен тапсырмалар. Ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында қызметті ретке келтіретін нормативтік база. Ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ӘК командирінің міндеттері. Авиациялық оқиғалардың негізгі себептері және оларды тексеру мақсаты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 қарашадағы № 1296 қаулысымен

		бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында ұшуды іздестіру-құтқарумен қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі қағидалар.
2	Авиациядағы адам факторы	Авиациялық физиология және денсаулықты қалыпта ұстау негіздері. Авиациялық психология негіздері. Авиациядағы адам факторының мәселесі. Терминдер және анықтамалар. Адам қателігі. Авиациялық көлік жүйесінің қызмету барысында және ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз етуде адам ролін зерделеу. Қауіптерді және қателіктерді басқару. Экипаж қорлары. Авиация персоналы қызметіндегі адам факторы туралы білімді қолдану.
3	Авиациялық метеорология	Негізгі метеорологиялық құбылыстарды және аэросиноптикалық үрдістерді зерделеу, метеорологиялық элементтердің ұшуларды орындауға әсер етуі. Әдістерге оқыту: авиацияға қауіпті ауа райы құбылыстарын анықтау, ұшу алдында және ұшу барысында метеорологиялық ақпаратты зерделеу және ұшуды орындау мен ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүдделерінде білімін пайдалану.
4	Әуе навигациясы және ұшуларды аэронавигациялық қамтамасыз ету	Әуе навигациясының теориясы, ұшуларды аэронавигациялық қамтамасыз ету және штурмандық қатынаста ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету негізгі ережелерін зерделеу.
		Аэростатика және аэростаттың көтерілу күші. Халықаралық стандартты атмосфера. Биіктік, қысым және температура арасындағы тәуелділік. Сыртқы ауа температурасы 150 С және теңіз деңгейінен Н=0 м биіктікте түрлі газдар үшін көтерілу күшінің үлесті мәндері. Көтерілу күшін ньютоннан килограммға алмастыру. Аэростат қабығының ішкі қысымы. Сыртқы ауа температурасы мен қабықтағы ауа температурасы арасындағы

5	Еркін аэростаты ұшуының теориялық негіздері	айырмашылықтан аэростаттың толық көтерілу күшінің тәуелділігі . Үлесті көтерілу күшінің мөлшері . Жылу аэростаттары мен газды аэростаттардың бір текше метр түрлі газдардың көтерілу күшінен үлесті мәні бойынша салыстырмалы нәтижелілігі. Ұшудың түрлі режімінде аэростатқа әсер ететін күштер. Жүктеу есебі. Аэростаттың жылу балансы. Аэростаттың жылу балансын теңестіру. Жылу өткізу коэфициенті және ауаның кинематикалық жабысқақтығы. Жылу шығындары. Ра толық көтерілу күші мен сыртқы ауа температурасынан отын шығынының (пропан бутан қоспасы) теориялық тәуелділігі. Аэростатикалық және қабық көлемі бойынша шынайы температура арасындағы айырмашылық.
6	Еркін аэростат конструкциясы және оны ұшып пайдалану. Жер үсті жабдықтар	Аэростат классификациясы. Қабық. Шілтер. Газ жабдығы және баллондар. Гондолдар (әуе шарындағы адам отыратын орын). Аспаптық блок. Жерүсті жабдық. Жерде және ауада пайдалану ережелері.
7	Электротехникалық,, аспаптық және радиоэлектронды жабдықтар және оларды ұшып пайдалану	Аспаптық, электротехникалық және радиоэлектрондық жабдықтарды зерделеу, олардың қандай қызмет атқаратынын, жиынтығын, ұшақта орналасуын, қызмет ету принциптерін, аспаптар мен жүйелердің, қуат құрылғыларының жұмысын бақылайтын аспаптар қызметін, ұшып пайдалану ережелерін зерделеу.
8	Пайдлану рәсімдері. Ұшып пайдалану жөніндегі нұсқау.	Пайдалану шектеулері және олардың физикалық маңызы. Ұшуға даярлық және есептеу. Ұшуды орындау. Ерекше жағдайларда ұшуды орындау техникасы. СТА жабдықтары мен жүйелерін пайдалану. Ұшу барысында ерекше жағдай орын алған кездегі ұшқыштың әрекеті.
		Терминдерді, белгілерді зерделеу, әуе кемесі экипажы мен әуе

9	VFR байланыс құралдары. Фразеология және радиоалмасуды жүргізу ережелері	қозғалысына қызмет көрсететін органдар арасындағы радиоалмасуды жүргізу ережелерін оқу.
10	Апаттық-құтқару даярлығы	Әуе кемесін апаттық-құтқару жабдығымен жабдықтау жөніндегі даярлық, еріксіз қону және жолаушылар мен экипаж мүшелерін эвакуациялау бойынша рәсімдері. Қону орнында дербес аман қалу бойынша жаттығу.
11	Планерді техникалық пайдалану	Ұшу алдындағы және ұшудан кейінгі техникалық қызмет көрсету рәсімдері, оперативті және кезеңдік қызмет көрсету, жөндеу, техникалық құжаттаманы жүргізу.

Ұшу қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге қатысатын
авиация персоналын кәсіптік
даярлаудың үлгілік
бағдарламасына
6-қосымша

LAPL(A) – ұшағындағы жеңіл әуе кемесі ұшқышының теориялық даярлау бойынша пәндер тақырыптары

№	Сабақтар атауы	Оқу пәндерінің қысқаша мазмұны
1	Қазақстан Республикасының азаматтық авиация қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілер және әуе құқығы негіздері	ИКАО конвенциясы. Конвенция қосымшалары, Ұлттық және халықаралық ұйымдар және ассоциациялар, халықаралық стандарттар және кеңес етілген тәжірибе, ұлттық және халықаралық құқық, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау, ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей қатысатын авиация персоналға қатысты ережелер мен қағидалар. Азаматтық авиацияның ұлттық өкілетті органы: орналасқан орны және ұйымы; азаматтық авиацияқызметін ретке келтіретін қаулылар мен ережелер, ұлттық заңдар. Аса жеңіл авиация ұшқышы куәлігі иесінің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі. Көзбен шолып ұшу ережелері.

		Ұшулар қауіпсіздігі және авиациялық уақиғаларды тексеру. Негізгі анықтамалар. Мақсаттар мен тапсырмалар. Ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында қызметті ретке келтіретін нормативтік база. Ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ӘК командирінің міндеттері. Авиациялық уақиғалардың негізгі себептері және оларды зерттеу мақсаты. Іздеу және құтқару ережелері.
2	Авиациядағы адам факторы	Авиациялық физиология және денсаулықты қалыпта ұстау негіздері. Авиациялық психология негіздері. Авиациядағы адам факторының мәселесі. Терминдер және анықтамалар. Адам қателігі. Авиациялық көлік жүйесінің қызмету барысында және ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз етуде адам ролін зерделеу. Қауіптерді және қателіктерді басқару. Экипаж қорлары. Авиация персоналы қызметіндегі адам факторы туралы білімді қолдану.
3	Авиациялық метеорология	Негізгі метеорологиялық құбылыстарды және аэросиноптикалық процесстерді зерделеу, метеорологиялық элементтердің ұшуларды орындауға әсер етуі. Әдістерге оқыту: авиацияға қауіпті ауа райы құбылыстарын анықтау, ұшу алдында және ұшу барысында метеорологиялық ақпаратты зерделеу және ұшуды орындау мен ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүдделерінде білімін пайдалану.
4	Әуе навигациясы және ұшуларды аэронавигациялық қамтамасыз ету	Әуе навигациясының теориясы, ұшуларды аэронавигациялық қамтамасыз ету және штурмандық қатынаста ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету негізгі ережелерін зерделеу.
5	Аэродинамика негіздері және ұшақ тәжірибелік аэродинамикасы	Аэродинамиканың және ұшақ тәжірибелік аэродинамикасы теориялық негіздерін, ұшып көтерілу, көлденеңінен ұшу, маневрлер орындау, төмендеу, қону уақытында ауамен өзара

		әрекет ету барысында ұшу аппаратымен болатын процесстерді зерделеу.
6	Ұшақ конструкциясы және оны ұшып пайдалану.	Конструкциясын, планер беріктігін және ұшақты ұшып пайдалану ережелерін зерделеу. Әуе кемесі бекіту түйіндері мен агрегаттарының конструкциясы.
7	Авиациялық қозғалтқыштар конструкциясы және оны ұшып пайдалану	Ішкі жану авиациялық мікбасты қозғалтқышты ұшып пайдалану ережелерін және конструкциясын оқып білу. Авиациялық жанар-жағар материалдарының және арнайы сұйықтықтардың негізгі түрлерін, олардың физика-химиялық қасиеттерін оқып білу.
8	Электротехникалық, аспаптық және радиоэлектронды жабдықтар және оларды ұшып пайдалану	Аспаптық, электротехникалық және радиоэлетрондық жабдықтарды зерделеу, олардың қандай қызмет атқаратынын, жиынтығын,ұшақта орналасуын, қызмет ету принциптерін, аспаптар мен жүйелердің, қуат құрылғыларының жұмысын бақылайтын аспаптар қызметін, ұшып пайдалану ережелерін зерделеу.
9	Пайдлану процедуралары. Ұшып пайдалану жөніндегі нұсқау.	Ұшақты пайдалану ережелерін және шектеулерді зерделеу, ұшу барысында ерекше жағдайлар орын алған жағдайда экипаж әрекеті.
10	VFR байланыс құралдары. Фразеология және радиоалмасуды жүргізу ережелері	Терминдерді, белгілерді зерделеу, әуе кемесі экипажы мен әуе қозғалысына қызмет көрсететін органдар арасындағы радиоалмасуды жүргізу ережелерін оқу.
11	Апаттық-құтқару даярлығы	Әуе кемесінің апаттық-құтқару жабдығы бойынша даярлық, еріксіз қону бойынша және жолаушылар мен экипаж мүшелерін эксплуатацтялау жөніндегі процедуралар. Қону орнында дербес аман қалу бойынша жаттығу.
12	Ұшақты техникалық пайдалану	Ұшу алдындағы және ұшудан кейінгі техникалық қызмет көрсету процедуралары,

		оперативті және кезеңдік қызмет көрсету, жөндеу, техникалық құжаттаманы жүргізу.

Ұшу қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге қатысатын
авиация персоналын кәсіптік
даярлаудың үлгілік
бағдарламасына
7-қосымша

1. Ұшақтағы жеке ұшқыштың теориялық даярлау бойынша пәндер тақырыптары

№	Сабақтар атауы	Оқу пәндерінің қысқаша мазмұны
	Қазақстан Республикасының азаматтық авиация қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілер және әуе құқығы негіздері	ИКАО конвенциясы. Конвенция қосымшалары, Ұлттық және халықаралық ұйымдар және ассоциациялар, халықаралық стандарттар және кеңес етілген тәжірибе, ұлттық және халықаралық құқық, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау, ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей қатысатын авиация персоналға қатысты ережелер мен қағидалар. Азаматтық авиацияның ұлттық өкілетті органы: орналасқан орны және ұйымы; азаматтық авиацияқызметін ретке келтіретін қаулылар мен ережелер, ұлттық заңдар. Аса жеңіл авиация ұшқышы куәлігі иесінің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі. Көзбен шолып ұшу ережелері. Ұшулар қауіпсіздігі және авиациялық уақиғаларды тексеру. Негізгі анықтамалар. Мақсаттар мен тапсырмалар. Ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында қызметті ретке келтіретін нормативтік база. Ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ӘК командирінің міндеттері. Авиациялық уақиғалардың негізгі себептері және оларды зерттеу мақсаты. Іздеу және құтқару ережелері.
		Авиациялық физиология және денсаулықты қалыпта ұстау негіздері. Авиациялық психология негіздері. Авиациядағы адам

2	Авиациядағы адам факторы	факторының мәселесі. Терминдер және анықтамалар. Адам қателігі. Авиациялық көлік жүйесінің қызмету барысында және ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз етуде адам ролін зерделеу. Қауіптерді және қателіктерді басқару. Экипаж қорлары. Авиация персоналы қызметіндегі адам факторы туралы білімді қолдану.
3	Авиациялық метеорология	Негізгі метеорологиялық құбылыстарды және аэросиноптикалық процесстерді зерделеу, метеорологиялық элементтердің ұшуларды орындауға әсер етуі. Әдістерге оқыту: авиацияға қауіпті ауа райы құбылыстарын анықтау, ұшу алдында және ұшу барысында метеорологиялық ақпаратты зерделеу және ұшуды орындау мен ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүдделерінде білімін пайдалану.
4	Әуе навигациясы және ұшуларды аэронавигациялық қамтамасыз ету	Әуе навигациясының теориясы, ұшуларды аэронавигациялық қамтамасыз ету және штурмандық қатынаста ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету негізгі ережелерін зерделеу.
5	Аэродинамика негіздері және ұшақтың тәжірибелік аэродинамикасы	Аэродинамиканың және ұшақ тәжірибелік аэродинамикасы теориялық негіздерін, ұшып көтерілу, көлденеңінен ұшу, маневрлер орындау, төмендеу, қону уақытында ауамен өзара әрекет ету барысында ұшу аппаратымен болатын процесстерді зерделеу.
6	Ұшақ конструкциясы және оны ұшып пайдалану	Конструкциясын, планер беріктігін және ұшақты ұшып пайдалану ережелерін зерделеу. Әуе кемесі бекіту түйіндері мен агрегаттарының конструкциясы.
7	Авиациялық қозғалтқыштар конструкциясы және оны ұшып пайдалану	Ішкі жану авиациялық мікбасты қозғалтқышты ұшып пайдалану ережелерін және конструкциясын оқып білу. Авиациялық жанар-жағар материалдарының және арнайы сұйықтықтардың негізгі түрлерін, олардың физика-химиялық қасиеттерін оқып білу.

8	Электротехникалық, аспаптық және радиоэлектронды жабдықтар және оларды ұшып пайдалану	Аспаптық, электротехникалық және радиоэлетрондық жабдықтарды зерделеу, олардың қандай қызмет атқаратынын, жиынтығын,ұшақта орналасуын, қызмет ету принциптерін, аспаптар мен жүйелердің, қуат құрылғыларының жұмысын бақылайтын аспаптар қызметін, ұшып пайдалану ережелерін зерделеу.
9	Пайдлану процедуралары. Ұшып пайдалану жөніндегі нұсқау.	Ұшақты пайдалану ережелерін және шектеулерді зерделеу, ұшу барысында ерекше жағдайлар орын алған жағдайда экипаж әрекеті.
10	VFR байланыс құралдары. Фразеология және радиоалмасуды жүргізу ережелері	Терминдерді, белгілерді зерделеу, ұшқыш және ӘҚҚ органдары арасындағы радиоалмасуды жүргізу ережелерін оқу.
11	Апаттық-құтқару даярлығы	Әуе кемесінің апаттық-құтқару жабдығы бойынша даярлық, еріксіз қону бойынша және жолаушылар мен экипаж мүшелерін эксплуатауиялау жөніндегі процедуралар. Қону орнында дербес аман қалу бойынша жаттығу.
12	Ұшақты техникалық пайдалану	Ұшу алдындағы және ұшудан кейінгі техникалық қызмет көрсету процедуралары, оперативті және кезеңдік қызмет көрсету, жөндеу, техникалық құжаттаманы жүргізу.

2. PPL(A)ұшуға даярлау үшін қажетті жаттығулардың үлгі ретіндегі мазмұны мен саны

Жаттығулардың нөмірленуі бірінші кезекте анықтамалық материал ретінде және оқытуды жалпы келісу мақсатында қойылған, сондықтан олардың көрсетілген тәртіпте орындалуы міндетті емес. Нақты тәртіп пен мазмұны келесі өзара байланысты факторлардан тәуелді болады:

Кандидаттың ілгері дамуы және қабілеттері;

Ұшуға әсер ететін ауа райы жағдайлары;

Қол жетімді ұшу уақыты;

Нұсқама беру техникасын түсінуінен;

Локальді пайдалану жағдайы;

Пайдаланылатын ұшаққа жаттығулардың қолданылуы сай келуінен.

1-жаттығу: ұшақпен танысу:

Ұшақ сипаттамасы;

Кабинаның жабдықталуы;

Жүйелер;

Бақылап тексеру карталары, нұсқаулар және басқару.

2-жаттығу: Авариялық жағдайда әрекеттерді пысықтау:

Жерде және ауада өрттің шығуы жағдайындағы әрекеттер;

Қозғалтқыштағы, кабинадағы және электр жүйесіндегі өрт;

Жүйелердің істен шығуы;

Ұшақты тастап шығу бойынша нұсқау, орын табу және авариялық жабдықтар мен шығу жолдарын пайдалану.

3-жаттығу: Ұшу алдындағы даярлық және ұшудан кейінгі әрекеттер:

Ұшуға рұқсат және ұшақты қабылдау;

Пайдалану құжаттары;

қажетті жабдықтар, карталар және т.б.;

сыртқы тексерулер;

ішкі тексерулер;

қауіпсіздік белдігін, орындықты немесе бағыт рулінің басқыштарынретке келтіру;

қозғалтқышты оталдыру және қыздыру, бақылап тексеру карталары;

қуаттылығын тексеру;

қозғалтқыштың тоқтап қалуы барысында жүйелерді тексеру;

тұраққа қою, қорғау және қазық қадау (мысалы, байлап қою);

пайдалану құжатын толтыру.

4-жаттығу: әуедегі нұсқау: әуедегі жаттығу.

5-жаттығу: Басқару органдарының ықпалы:

Көлденең ұшу және қисая ұшу барысындағы алғашқы әсер;

Элерондар және бағыт рулінің екінші әсерлері;

Ықпал: жылдамдықтың, ауа ағымы орамының, қозғалтқыш қуатының, триммерлердің, қанат артындағы механизмдердің, өзге де басқару органдарының ықпалы;

Қоспа құрамын реттеушті, карбюратор жылуын, кабина және ауа желдеткіші жылуын пайдалану.

6-жаттығу: Рульдеу:

Рульдеу алдында бақылап тексеру карталары;

от алдыру, жылдамдықты бақылау және тоқтау;

қозғалтқышты басқару;

қозғалыстың бағытын және бұрылуды бақылау;

шектеулі кеңістіктегі бұрылыс;

тұрақ аймағындағы процедура және сақтық шаралары;

желдің әсер етуі және басқару органдарын пайдалану;

жер үстінің әсері;

бағыт рулін пайдалану;

перон диспетчерінің сілтемелері және белгілері;

аспаптарды тексеру;

радиобайланыс процедуралары.

7-жаттығу: Авариялық процедуралар: басқару және тежегіш құралдарының істен шығуы.

8-жаттығу: Тура көлденең ұшу:

Қалыпты крейсерлік режімде тура және көлденең ұшуға қол жеткізу және оны ұстап тұру;

аса жоғары жылдамдықтағы ұшулар;

тұрақтылыққа лайық көрсету;

тангаж бойынша басқару, соның ішінде триммерді пайдалану;

Жылдамдық пен кескіндеме өзгерген жағдайда;

аспаптарды дәлдік үшін пайдалану.

9-жаттығу: Биіктікті алу:

Басталуы, жинаудың қалыпты және ең жоғарғы жылдамдықты ұстап тұру және теңестіру;

Тапсырылған биіктікке шығу;

бағыт бойынша ұшу кезінде биіктікті жинау;

шығарылған жалғас қанатшалармен жинау;

жылдамдықты қалыпты жинауды қалпына келтіру;

жылдамдықты жинаудың ең жоғарғы бұрышы;

дәлдік үшін аспапты пайдалану.

10-жаттығу: Төмендеу:

Басталуы, ұстап тұру және теңестіру;

Тапсырылған биіктікке шығу;

Бағыт бойынша ұшу кезінде және қозғалтқыштың тапсырылған қуатымен жоспарлау, төмендеу;

Бүйірден қисаю (ӘК-нің сәйкестүріне);

Дәлдік үшін аспаптарды пайдалану.

11-жаттығу:Бұрылыстар:

тапсырылған биіктікте бұрылыстарды ұстаудың басталуы;

тік ұшуды қалпына келтіру;

бұрылыстарды орындау кезінде қателіктер;

биіктікті жинаумен бұрылыстар;

төмендеумен бұрылыстар;

тапсырылған курсқа бұрылыстар, гироскопикалық және магниттік компастарды пайдалану;

дәлдік үшін аспаптарды пайдалану.

12-жаттығу.1: Төмен жылдамдықпен ұшу:

Ескерту:мақсаты – студенттің қауіпті төмен жылдамдықта әдейі ойластырылмаған ұшуды танып білу қабілетін жақсарту және ұшуды қалыпты жылдамдыққа келтіру кезінде ұшақтың тепетеңдігін ұстап тұруға қатысты тәжірибесін қамтамасыз ету.

қауіпсіздікті тексеру;

төмен жылдамдықта ұшуды жүргізу;

қауіпті аз жылдамдыққа дейін басқарылатын ұшу;

ұшуды жүйрік жылдамдығына қайтару үшін қозғалтқыштың ең жоғарғы қуатын пайдалану.

13-жаттығу.2:Аудару:

қауіпсіздікті тексеру;

белгілері;

тану;

"таза" кескіндемеге аударуқозғалтқыштың ең төменгі және тапсырылған жұмыс тәртібімен шығару;

қанатқа үйілген кезде аударудан шығарып алу;

қонуға кіру үшін ұшақтың кескіндемесі кезінде аударуға жақындау және қозғалтқыштың ең төменгі және тапсырылған жұмыс тәртібі кезінде қонулар, аударудың алғашқы деңгейінен шығу.

14-жаттығу: Штопордыболдырмау:

қауіпсіздікті тексеру;

аудару және штопордың алғашқы дәрежесіне шығару (қанатқа айтарлықтай үйілген кезде аудару – 45^0 шамасында)

жаттықтырушы бастаған аудару уақытында назарын басқаға аудару.

Ескерту:тым болмағанда, аударуды танып білу және штопорды болдырмау бойынша екі сағаттық ұшуда даярлау курс ішінде аяқталуы керек.

Маневрлардышектеу мәселесі қажеттігі бойынша ұшақты ұшуды пайдалану (бұдан әрі - ҰПБ)және масса мен центрлікті есептеу бойынша басшылыққа сүйіну керек.

15-жаттығу: Екінші айналымға дейін ұшуды және биіктікті жинау:

Ұшар алдында тексерулер;

қарсы желге қарай ұшу;

шассидің мұрындық бағанының дөңгелегін қорғау;

бүйірлік желмен ұшу;

ұшу уақытында және ұшқаннан кейін нұсқаулық;

қысқа ҰҚЖ-нан ұшу, өнімділікті қоса алғанда жер жолағынан ұшу істері мен орындау техникалары;

шуды азайту бойынша істер.

16-жаттығу. Айналып ұшу, қонуға бет алу, қону:

айналып ұшу істері, екінші және үшінші бұрылыстар;

қонуға бет алу және қозғалтқыштың тапсырылған жұмыс тәртібімен қону;

шассидің мұрындық бағанының дөңгелегін қорғау;

қонуға бет алу жылдамдығына және жанап өтуге желдің әсері, жалғас қанатшаны пайдалану;

бүйірдегі желмен қонуға бет алу және қону;

қонуға бет алу және ең төменгі күшпен қону;

қысқа ҰҚЖ-нан ұшу, өнімділікті қоса алғанда жер жолағынан ұшу істері мен орындау техникалары;

қонуға бет алу және жалғас қанатшаларды пайдаланбай-ақ қону;

"3 нүктеге" қону (шассидің артқы бағанымен ұшақтар үшін);

екінші айналымға кету;

шуды азайту бойынша істер.

17-жаттығу: Авариялық жағдай:

үзілген ұшу;

ұшқаннан кейін қозғалтқыштың істен шығуы;

ұшақтың жерге дәл емес қонуы және екінші айналымға кету;

қайтадан қонуға бет алу.

18-жаттығу: Бірінші өз бетінше ұшу:

Жаттықтырғыштар брифингі, ұшуды бақылау және де-брифинг;

Ескерту:айналым бойынша тікелей жеке ұшулардан кейінгі ұшулар уақытында, кейінгі істер қарастырылуы керек:

әуеайлақтық айналымға кіру және одан шығу істері;

ұшулардың жергілікті істері, шектеулер, карталарды оқу;

жетекке ұшу үшін радионавигациялық құралдарды пайдалану;

магниттік компастарды пайдаланумен айналымдар, компастың қателіктері.

19-жаттығу: Тереңдетілген деңгейдегі айналымдар:

Биіктікті сақтай отырып, төмендеумен кілт бұрылыстар (қисаю бұрышы 45^0);

бұрылыста аудару және одан шығу;

тік шығыршықты қоса алғанда, ерекше кеңістіктік жағдайдан қалпына келу.

20-жаттығу: өшірілген қозғалтқышымен амалсыздан қону (өшірілген қозғалтқышқа ұқсату):

амалсыздан қону істері;

қонуға аймақтарды таңдау;

жоспарлау қашықтығы;

төмендеу жоспары;

негізгі позициялар;

қозғалтқыштың салқындауы;
істен шыққан қозғалтқышты тексерулер;
радионы пайдалану;
үшінші айналым;
қонуға бет алу;
қону;
қонғаннан кейін әрекет.
21-жаттығу: сақтық шарасы мақсатында қону:
көзбен шолып ұшу биіктігінде әуеайлақтан кетудің толық істері;
сақтық шарасы мақсатында қонудың қажет болған жағдайы;
ұшудағы жағдайлар;
қону үшін алаңқайды таңдау: әуежай, пайдаланылмайтын әуежай, алаңқай;
қонуға бет алудың сызбасын орындау;
қонғаннан кейін әрекет.
22-жаттығу.1: Навигация:

Ұшуды жоспарлау: нақты ауа-райы және болжам; карталардытаңдаужәнедайындық, бағытты таңдау, бақыланатын кеңістік, қауіпті және тиым салынған аймақтар, қауіпсіз биіктіктер; магниттік курстар мен ұшу уақытының есептері,отын, масса және центрлік, өнімділік өнімдері; ұшу ақпараты, NOTAM-дар, радиобайланыс жиіліктері, қосалқы әуеайлақтарды таңдау; ұшақтың құжаттамасы; ұшу туралы хабарлама, әкімшілік істері, ұшудың жоспарын беру.

Ұшып шығу: кабинада жұмысты ұйымдастыру; ұшып шығу істері – биіктікті өлшегішті орнату, курстарды орнату ісінің бақыланатын кеңістігіндегі радио байланыс істері, келудің есепті уақытының хабарламасы (ETA); биіктік пен курсты ұстау; курстар мен келу уақытының қайта есебі; ұшу журналын жүргізу; радионы пайдалану; радионавигациялық құралдарды пайдалану; ұшуды жалғастыру үшін ауа-райыминимумдары; ұшудағы шешімдер; бақыланатын әуе кеңістігіндегі ұшып өтулер; тапсырылған курстан ауытқу істері; тұрған жерді анықтау істері.

Әуеайлақ айналымына келу және кіру істері: бақыланатын кеңістіктегі радиобайланыс істері; биіктікті өлшегішті орнату; әуеайлақ айналымына кіру; қонуға бет алу сызбасы бойынша ұшу; тұраққа бұру; ұшақтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары; отынмен толтыру; ұшу жоспарын жабу; ұшудан кейінгі әкімшілік істер.

23-жаттығу: Төменгі биіктік навигациясымен және төмендетілген көрінімділік жағдайына байланысты мәселелер:
төмендеу алдындағы әрекет;
қауіптер;
карталарды оқудағы қиындықтар;
желдің және турбуленттің әсері;
жер бедері туралы ақпаратқа ие болу;

тиым салынған аймақтардан және шуды шектеу аймақтардан аулақ болу;

әуеайлақ айналымына кіру;

нашар ауа-райында қонуға бет алу және қону.

24-жаттығу: Радионавигация:

навигацияның серіктік жүйелерін пайдалану: бағыттың нүктелерін таңдау, нүктеге немесе нүктеден ұшуды индикациялау, қателіктер туралы хабарламалар;

барлық бағытқа бағытталған азимуттық радиомаякты пайдалану (VOR): қолданылатын жиіліктердің қол жетімділігі, AIP; таңдау және сәйкестендіру; OBS; "TO " және "FROM" индикациялау; CDI; радиалды белгілеу; радиалды ұстау және көтеру; VOR радиостанциясына өту; екі VOR станциясынан тұрған орны туралы ақпаратты алу .

ADF, NDB жабдықтарын пайдалану: қолданылатын жиіліктердің қол жетімділігі, AIP; таңдау және сәйкестендіру; маякқа қатысты бағдарлану; жетек радиостанциясына ұшу;

Радарды пайдалану: қолданылатын жиіліктердің қол жетімділігі, AIP; радиобайланыс жүргізу істері; ұшқыштың жауапкершілігі; ұшақ жауапкершісі (transponder, SSR);

DME пайдалану: станция мен сәйкестендіруді таңдау; жұмыстар тәртібі, қашықтықты, жылдамдықты, уақытты индикациялау.

25-жаттығу: Аспаптар бойынша ұшулар негіздері:

Физиологиялық сезінулер;

авиа көкжиекті пайдалана отырып ұшу;

аспаптарды шектеу;

базалық манҰврлар: түрлі жылдамдық пен кескіндемелерде тік және көлденең ұшу; биіктікті жинау және төмендеу; стандартты бұрылыс, тапсырылған курсқа шығу; бұрылыстан биіктікті жинау және төмендеу арқылы шығу.

Ұшу қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге қатысатын
авиация персоналын кәсіптік
даярлаудың үлгілік
бағдарламасына
8-қосымша

Тікұшақтарда жеке ұшқыштарды Теориялық даярлау бойынша пән тақырыбы

№	Оқу пәндерінің атауы	Оқу пәндерінің қысқаша мазмұны
		ИКАОконвенциясы. Конвенцияқосымшасы. Ұлттық және халықаралық ұйымдар мен ассоциациялар, халықаралықстандарттаржәнеұсынылатынтәжірибе, ұлттық және халықаралық құқық, еңбек

1	Әуе құқығы негіздері және Қазақстан Республикасы азаматтық авиация саласындағы нормативтік-құқықтық актілер	заңнамасы, еңбек қауіпсіздігі және техника қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей қатысатын авиация персоналға қатысты қағидалар мен ережелер. Азаматтық авиацияның ұлттық өкілетті органы: орналасқан жері және ұйым; азаматтық авиация қызметін реттейтін ұлттық заңдар, қаулылар мен қағидалар. Аса жеңіл авиация ұшқышының куәлігі иесінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі. Көзбен шолып ұшу қағидалары. Ұшу қауіпсіздігі және авиациялық оқиғаларды тексеру.Негізгі анықтамалар. Мақсаты мен міндеттері. Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында қызметті реттейтін нормативтік база. Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ӘК командирінің міндеттері. Авиациялық оқиғалардың негізгі себептері және оларды тексеру мақсаты.Іздеу және құтқару қағидалары.
2	Авиациядағы адам факторы	Авиациялықфизиологиянегіздеріжәнеденсаулықтықүту. Авиациялық психология негіздері.Авиациядағыадам факторы мәселелері.Терминдер мен анықтамалар.Адам қателігі. Авиациялық көлік жүйесінің жұмыс істеуі және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі адамның рөлін зерделеу. Қауіптер мен қателіктерді басқару.Экипаж ресурстары. Авиация персоналы қызметіндегі адамдық фактор туралы білімді қолдану.
3	Авиациялық метеорология	Негізгі метеорологиялық құбылыстар мен аэросиноптикалық істерді зерделеу, ұшуды орындауға метеорологиялық элементтердің әсері. Әдістемелерге оқыту: авиация үшін қауіпті ауа-райы құбылыстарын анықтау, ұшар алдында және ұшуда метеорологиялық ақпаратты зерделеу және ұшуды орындау

		және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесі үшін білімді пайдалану.
4	Әуе навигациясы және ұшуды аэронавигациялық қамтамасыз ету	Әуенавигациясы, ұшуды аэронавигациялық қамтамасыз ету теорияларының негізгі ережелерін зерделеу және штурмандық жағынан ұшудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
5	Аэродинамиканегіздерітікұшақтың тәжірибелік аэродинамикасы	Аэродинамиканың теориялық негіздері және тік ұшақтың тәжірибелік аэродинамикасын зерделеу. Тікұшаққа ұшуда және бір жерде қадалып тұруға әрекет ететін күштер. Салмақ түсіретін винт күші. Теңдестіру, тікұшақтың тұрақтылығы және басқарылуы. Тікұшақтың ұшу және қону сипаттамаларына әсер ететін факторлар, және оларды ұшуға дайындауда есепке алу. Тікұшақ центрлігін есептеу. Тікұшақтың ұшу сипаттамалары және ұшу шектеулерінің ұшу сипаттамалары. Тікұшақтың қиын жағдайда ұшуы.
6	Ұшақтың құрастырылымы және ұшуда пайдалану	Планер құрылымын және беріктігін, тікұшақты ұшуда пайдалану қағидаларын зерделеу. Тікұшақтың агрегаттары мен негізгі тораптарының құрылымы.
7	Авиациялық қозғалтқыштардың құрылымы және ұшуда пайдалану	Жалпы мәліметтер және қозғалтқыштың техникалық деректері. Авиациялық піспек пен газ турбиналық қозғалтқыштардың құрастырылымын зерделеу. Құрылғы және қозғалтқыштың қорек жүйесінің отынмен жұмыс жасауы. Қозғалтқыш жұмысын қамтамасыз ететін құрылғы жүйелері. Қозғалтқышты ұшуда пайдалану.
8	Электр техникалық, аспаптық және радиоэлектронды жабдық және оларды ұшуда пайдалану	Аспаптық, электр техникалық және радиоэлектрондық жабдықты, оның бағытын, жиынтығын және тікұшақтаорналасуын, әрекет ету принциптерін, аспаптар мен жүйелердің жұмыс істеуін, күштік қондырғы жұмыстарын бақылау

		аспаптарын, жабдық деректерін және ұшуда пайдалану қағидаларын зерделеу.
9	Пайдалану істері. Ұшуда пайдалану бойынша басшылық.	Шектеулерді және тіқұшақты пайдалану қағидаларын ұшудаерекшежағдайтуындағандаэкипаждыңәрекетін зерделеу.
10	VFR байланыс құралдары. Радиоалмасу жүргізу және фразеологияқағидалары	Терминдерді, шартты белгілерді зерделеу, әуе кемелері экипаждары мен әуе қозғалысын ұйымдастыру органдары арасындағы радиоалмасуды жүргізу қағидаларын оқыту.
11	Авариялық –құтқаруға дайындық	Әуе кемесін апаттық-құтқару жабдықтау бойынша, амалсыздан қону және жолаушылар мен экипаж мүшелерін эвакуациялау бойынша істерге дайындау. Жергілікті жерде автономды аман қалу бойынша жаттығу.
12	Ұшақты техникалық пайдалану	Ұшар алдындағы және ұшқаннан кейінгі техникалық қызмет көрсету істері, жедел және мерзімді қызмет көрсету, жөндеу, техникалық құжаттаманы жүргізу.

Ұшу қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге қатысатын
авиация персоналын кәсіптік
даярлаудың үлгілік
бағдарламасына
9-қосымша

Ұшақтар мен тікұшақтар курстары бойынша LAPL және PPL алуға үміткерлерді теориялық даярлаудың толық тақырыбы (жиынтық кесте)

Оқу пәнінің мазмұны	Ұшақтар		Тікұшақтар	
	LAPL PPL	Өтпелі курс	PPL	Өтпелі курс
1. Әуе заңнамасы және ӘҚБ істері				
Халықаралық құқық: конвенция, келісімдер мен ұйымдар. Азаматтық авиация туралы конвенция(Чикаго) Doc. 7300/6				
I б ө л і м Аэронавигация: келесі бөлімдерден тиісті бөлімдер:				

1) Конвенцияның жалпы принциптері және қолданылуы; 2) қатысушы мемлекеттер аумағында ұшу; 3) әуе кемелерінің ұлты; 4) аэронавигация көмегінің шаралары ; 5) әуе кемелерінде орындалуға тиісті шарттар; 6) халықаралық стандарттар және ұсынылатын тәжірибе; 7) сертификаттар мен куәліктердің әрекет ету мерзімі; 8) айырмашылық туралы хабарлама.	x		x	
II бөлімАзаматтық авиацияның халықаралық ұйымы (ИКАО): мақсаттар мен құрам	x		x	
8-қосымша: Әуе кемелерінің ұшудағы жарамдылығы				
Алғысөз және анықтамалар	x		x	
Ұшуға жарамдылық сертификаты	x		x	
7-қосымша: әуе кемелерінің ұлты және тіркеу белгілері				
Алғысөз және анықтамалар	x		x	
Қабылданған тіркеу белгілері	x		x	
Әуе кемелерін тіркеу куәлігі	x		x	
1-қосымша: Авиациялықперсоналғакуәлік беру				

Анықтама	x		x	
Тиісті бөлімдер, медицинаны қоса алғанда 1-қосымша	x		x	
2-қосымша: Ұшу қағидалары				
Негізгі анықтамалар, қағидаларды әуеде қолдану саласы, жалпы қағидалар (судағы операцияларды қоспағанда), көзбен шолып ұшу қағидалары, азаматтық әуе кемесін ұстап қалу сигналдары	x		x	
Әуе кемелері аэронавигациясының қағидаларыDoc. 8168-OPS/611, часть 1				
Биіктікті өлшеуді орнату тәртібі (соның ішінде ИКАО Doc 7030) -. Қосымша өңірлік қағидалар				
Негізгі талаптар (кестелерді қоспағанда), пайдаланушылар мен ұшқыштар қолданатын істер (кестелерден басқасы)	x		x	
Екіншіреткірадиолокацияныңжеделістері, транспондерлер (ИКАО Doc 7030 қоса алғанда-Қосымша өңірлік қағидалар)				
Транспондердердіпайдалану	x		x	
Фразеология	x		x	
11-қосымша: Док. 4444 Әуе қозғалысын басқару				
Анықтама	x		x	

Әуе қозғалысына қызмет көрсетуге қатысты жалпы ережелер	х		х	
Әуеайлақ ауданында көзбен шолу аралықтары	х		х	
Әуеайлақтық диспетчерлік пункт үшін істер	х		х	
Локаторлардықолдану	х		х	
Ұшу-ақпараттық қызмет көрсету және авариялық хабарлау	х		х	
Фразеология	х		х	
Төтенше жағдайларға қатысты істер, байланыстан бас тарту және стандарттан тыс жағдайлар	х		х	
15-қосымша: Аэронавигациялық ақпарат қызметі				
Кіріспе, негізгі анықтамалар	х		х	
AIP, NOTAM, AIRAC және AIC	х		х	
14-қосымша, 1 және 2-бөлім: Әуеайлақтар	х		х	
Анықтамалар	х		х	
Әуеайлақ сипаттамасы: қозғалыс аймағы және оған қатысты объектілер	х		х	
Навигацияүшінкөзбеншолукұралдары: 1) индикаторлар мен сигналдық құрылғылар; 2) таңбалаулар; 3) оттар; 4) белгілер; 5) маркерлер.	х		х	

Кедергілерді белгілеу үшін көзбен шолу құралдары: 1) объектілерді таңбалау; 2 в) объектілердіжарықтандыру.	х		х	
Шектеулі пайдалану орындарын белгілеу үшін көзбен шолу құралдары	х		х	
Стандарттық емес және авариялық жағдайлар, жабдық: 1)-құтқару және өртке қарсы; 2) перрондыққызметтер	х		х	
12-қосымша: Іздеу және құтқару				
Негізгі анықтамалар	х		х	
Пайдалану істері: 1) ӘК командирі үшін апат орнындағы істер; 2) апат сигналы қабылданған жағдайда ӘК командирі үшін істер; 3) іздеу-құтқарусигналдары	х		х	
Іздеу-құтқарусигналдары: 1) жер үсті құралдарынан сигналдар; 2) жерден немесе әуеден көзбен шолу сигнал коды; 3) әуе немесе жер үсті сигналдары.	х		х	
17-қосымша: Авиациялық қауіпсіздік				

Жалпы мәліметтер: мақсаттар мен міндеттер	x		x	
13-қосымша: авиациялық оқиғаларды тексеру				
Негізгі анықтамалар қолданылуы	x		x	
Ұлттық заңнама				
Ұлттық заңнамажәне ИКАО-ның тиісті Қосымшаларымен айырмашылықтары	x		x	
2. Адамның мүмкіндігі: авиациядағы адам факторы туралы негізгі түсініктер				
Қалай білікті ұшқыш болады	x		x	
Авиациялық физиология негіздері және денсаулықты күту				
Атмосфера: 1) құрам 2) газ заңдары	x		x	
Тыныс алу және қантамырлар жүйелері: 1) оттегіде тіндердің қажеттілігі; 2) атқарымдық анатомиясы; 3) оттек азаюыныңнегізгіны сандары; 4) көміртек тотығының көздері, әсері және қарсы әрекет ету шаралары; 5) оттек азаюының контрмерлері; 6) оттектің азаю белгілері; 7) аса желдетілуі;	x		x	

8) қан айналым жүйесіне тездетудің әсері; 9) гипертония және жүректің ишемиялық ауруы.				
Адам және қоршаған орта				
Орталық, перифериқалық және вегетативтік нерв жүйелері	х		х	
Көру: 1) функциялық анатомия; 2) көру өрісі, фовеальды жәнеперифериқалық көру; 3) бинокулярлымонокулярлықөру; 4) монокулярлықөрусигналдары; 5) түнгі көру; 6) көзбен шолып сканерлеу техникасы және табу және "сақтық" маңыздылығы; 7) көру ақаулықтары.	х		х	
Тыңдау: 1) суреттемелік және функционалды анатомия; 2) тыңдаумен байланысты ұшудағы қауіптер; 3) естуден айрылу.	х		х	
Тепетеңдік: 1) функционалды анатомия; 2) қозғалыс және тездету; 3) шайқалу	х		х	
Сенсорлыққірулерді ңбірігуі: 1) кеңістіктік бағдардан айрылу,			х	

тану және болдырмау әдістері	х			
2) иллюзиялар: танужәнеболдырма унысандары мен әдістері: - физикалық шығу тегі; - физиологиялық шығу тегі; - психологиялықшығутегі; - қонуға бет алғанда және қону кезіндегі мәселелер.	х		х	
Денсаулық және гигиена				
Жеке гигена: жекефитнес	х		х	
Дене және ұйқы ырғағы: 1) ырғақтың бұзылуы; 2) белгілері, салдары мен басқаруы	х		х	
Ұшқыштар үшін күрделі аймақтар: 1) салқын тию, грипп және асқазан-ішек бұзылуын қоса алғанда, жалпы елеусіз сырқаттар; 2) газдар және атмосфералық жарақаттар (су асты жүзуі); 3) семіру; 4) тамақтану гигиенасы; 5) жұқпалы аурулар ; 6) қорек; 7) түрлі улы газдер мен материалдар	х		х	
Улану: 1) тағайындалған дәрі-дәрмектер; 2) темекі тарту;				

3) ішімдік және есірткі; 4) кофеин; 5) өзін-өзі емдеу	х		х	
Авиациялық психология негіздері Адамның ақпараттарды өңдеуі				
Назар аудару және қырағылық: 1) назар аударудың іріктеуі; 2) назарды бөлу.	х		х	
Қабылдау: 1) қабылдау және иллюзия; 2) қабылдаудың субъективтілігі; 3) қабылдау істері.	х		х	
Жады: 1) сенсорлікжады; 2) жұмыс немесе қысқа мерзімді жады; 3) ұзақ мерзімді жады және қимыл жадысы (білу).	х		х	
Адамның қателіктері мен сенімділігі				
Адам қателіктерін тудыратындар	х		х	
Қылық: әлеуметтік орта (топтар, ұйымдар)	х		х	
Қабылданған шешімдер				
Қабылданған шешімдер, түсінік: 1) құрылымдар (фазалар); 2) шектеулер; 3) қауіп-қатерді бағалу; 4) тәжірибелік қолдану	х		х	

Қателіктерден қалай аулақ болу керек, қателерді басқару: ұшқышкабинасында басқару				
Қауіпсіздік туралы хабардар болу: 1) қауіп-қатер аймағы туралы хабардар болу; 2) жағдаймен хабардар болу.	х		х	
Қарым-қатынас: ауызша және ауызша емес қарым-қатынас	х		х	
Адамның жекелігі				
Мінез-құлық және қарым-қатынас: 1) ауызша және ауызша емес коммуникацияны дамыту; 2) қоршаған ортаның әсері.	х		х	
Қауіпті қарым-қатынасты сәйкестендіру (қателіктерге бейімділік)	х		х	
Босаңсыған және артық күш түскен адамның мінез-құлқы				
Қозу	х		х	
Стресс: 1) анықтама (лар); 2) үрей және стресс; 3) стресс салдары	х		х	
Шаршау және стресті басқару: 1) шаршау түрлері, себептері мен белгілері; 2) шаршау салдары; 3) мінез-құлық стратегиясы; 4) басқару әдістері; 5) денсаулық бағдарламалары			х	

және фитнес бағдарламалар	х			
3 . МЕТЕОРОЛОГИЯ				
Атмосфера. Құрамы және тігінен таралуы				
Атмосферақұрылымы	х		х	
Тропосфера	х		х	
Ауа температурасы				
Анықтамалар - температура және өлшем бірліктер	х		х	
Температуранытігінентарату	х		х	
Жылуды беру	х		х	
Температуралықградиент, тұрақтылық және тұрақсыздық	х		х	
Инверсияныңдамуыжәнеинверсиялартүрлері	х		х	
Жер бетіндегі температуралар, үстінгі әсерлер, тәуліктік және науқандық ауытқулар, бұлттар әсері және жел әсері	х		х	
Атмосфералық қысым				
Атмосфералыққысымжәнеизобарлар	х		х	
Биіктіктен қысымның өзгеруі	х		х	
Қысымды теңіздің ортаңғы деңгейіне келтіру	х		х	
Үстіңгі қабатқа қысымның орталықтарын биіктікті көтере отырып өзара орналастыру	х		х	
Ауа тығыздығы				
Қысым, температуры және тығыздық			х	

арасындағы байланыс	х			
ISA	х		х	
И К А О стандарттыатмосфера	х		х	
Альтиметриятерминдер және анықтамалар	х		х	
Биіктікті өлшегіштер және биіктікті өлшегішті орнату	х		х	
Есеп айырулар	х		х	
Топографияғабайланыстыауатолқынынжеделдетуәсері	х		х	
Жел				
Жел анықтамасы және өлшеу				
Желдің негізгі себебінің анықтамасы және өлшеу	х		х	
Қысым градиенті, Кориолис күштеріжәнежел градиенті	х		х	
Үйкелу қабатындағы желдің өзгеруі	х		х	
Конвергенцияжәнедивергенцияәсерлері	х		х	
4. БАЙЛАНЫС				
VFR БАЙЛАНЫС				
Тиісті термендердің анықтамалары, мағынасы мен мәндері	х		х	
АТС қысқартулар	х		х	
Q - код группасынRTF ауа-жер байланысында қолдану	х		х	
Хабарламалар санаттары	х		х	

Жалпы пайдалану істері				
Әріптерді беру	x		x	
Сандарды беру (соның ішінде эшелондар туралы ақпаратты)	x		x	
Уақытты беру	x		x	
Техниканы беру	x		x	
Стандарттысөздержәнефразалар (тиістіRTFфразеологиялар)	x		x	
Қысқартылған шақыруларды пайдалануды қоса қанда, станция үшін R/Tшақырулар	x		x	
Байланыс істерін беру	x		x	
Анықтық шкаласын қоса алғанда байланысты қабылдау	x		x	
Жауап берулер мен растауларды талап ету	x		x	
VFRжағдайында ауа-райы туралы ақпарат үшін тиісті терминдер				
Әуеайлақ ауданының ауа-райы	x		x	
Ауа-райын болжау	x		x	
Байланыс жоғалған кезде жасалу керек шаралар	x		x	
Шұғылдық және апат істері				
Апат (анықтама, апат жиілігі, апат сигналы және апат туралы хабарлама	x		x	
Шұғылдық (анықтама, жиілік, шұғылдық сигналы			x	

ж ә н е хабарламалардың шұғылдығы)	х			
УҚТ таратудың жалпы принциптері жәнежиіліктітарату	х		х	
5. Ұшулар негіздері, аэродинамика				
ҰШАҚТЫҢ дыбысқа дейінгі аэродинамиканың негіздері				
Негізгі ұғымдар, заңдар және анықтамалар: 1) өлшем бірліктер; 2) Ньютон заңдары; 3) Бернуллатеңдеуіжә не вентура түтігі; 4) статистикалық қ ы с ы м , динамикалық қысым және жалпы қысым; 5) тығыздық; 6) IASжәнеTAS	х	х		
Ауа толқынының негіздері: 1) реттелген; 2) ауаның қос өлшемді ағыны; 3) ауаның үш өлшемді ағыны.	х	х		
Қабаттардағы аэродинамикалық күштер: 1) салдарлы күш; 2) көтеру күші; 3) қарсыласу күші; 4) шабуылдау бұрышы.	х	х		
Қанат бейінінің нысаны: 1) бейін қалыңдығы; 2) хордаларжелісі; 3) бейін иілімі; 4) шабуылдау бұрышы.	х	х		
Қанат нысандары:				

1) тараптар арақатысы, қанатты ұзарту; 2) түбірлік хордалар ; 3) аяққы хордалар; 4) трапеция тәрізді қанат; 5) жоспардағы қанат нысандары.	x	x		
Ауаның қос өлшемді ағынындағы қанат	x	x		
Ламинарлық ағын	x	x		
Тежеу нүктесі	x	x		
Қысымды тарату	x	x		
Қысым орталығы	x	x		
Шабуылдау бұрышының әсері	x	x		
Шабуылдаудың үлкен бұрышындағы ағын үзіндісі	x	x		
Шабуылдау бұрышынан көтеру күшінің бағыныштылығы	x	x		
Коэффициенттер				
Коэффициент және көтеру күштерініңформуласы	x	x		
Коэффициент және маңдай кедергі формуласы	x	x		
Қанат және фюзелаж айналасында ауаның үш өлшемді ағыны				
Ламинарлық ағын: 1) қанат құлашы бойын ағынды тарату және бұған себептер; 2) түптік құйындар және шабуылдау бұрышы;	x	x		

3) түптік құйын әсерінен ағып өту және қисаю; 4) ұшақ артынан турбуленттілік (құбылыс себептері, таралуы мен ұзақтығы).				
Индуктивті кедергі: түптік құйындардың шабуылдау бұрышына әсері; шабуылдаудың ықпалды жергілікті бұрышы; көтеру күшінің вектор бағытына шабуылдаудың ықпалды бұрышының әсері; индуктивті кедергі және шабуылдау бұрышы.	x	x		
Кедергі				
Паразитті кедергі: қысым кедергісі; өзара араласудың кедергісі, үйкеліс кедергісі	x	x		
Паразитті кедергі және жылдамдық	x	x		
Индуктивті кедергі және жылдамдық	x	x		
Жиынтық кедергісі	x	x		
Жер әсері				
Ұшып шығудағы және қонудағы жер әсері	x	x		
Ағынның үзілуі				
Шабуылдар бұрыштарының ұлғаюымен ағынның бөлінуі: 1) шекаралық қабат: - ламинарлық шекаралық қабат; - турбуленттіқабат; - өтпелі қабат;				

- жыртып алу нүктесі; - шабуылдау бұрышының әсері: - қысымды тарату; - қысым ортасын орналастыру; - Cl; - CD; - бойлық моменті; - баффет; - басқару органдарын пайдалану.	x	x		
Аудару жылдамдығы: 1) көтеру күші формуласында; 2) 1Gаудару жылдамдығы; 3) әсері: 4) ауырлық ортасы; 5) қуатты орнату; 6) биіктіктер (IAS); 7) қанатқа жүктемелер; 8) N артық күш коэффициенті: 9) анықтама; 10) бұрылыстар; 11) күш.	x	x		
Қанат серпуі бағытына үзілудің басталуы: 1) жоспарда нысанның әсері; 2) геометриялық есу; 3) элеронддыпайдалану.	x	x		
Аударудың жақындығы туралы ескерту: 1) аударудың жақындығы туралы ескерту; 2) жылдамдық бойынша шектеулер; 3) баффет;		x		

4) үзілу жолақтары; 5) жалғас қанатшалардың ауыстырып-қосқышы; 6) аударудан кейінгі шығару.	x			
Аударуерекшеліктері: 1) жұмыс жасап тұрған қозғалтқышта; 2) биіктікті жинауда және түсуде; 3) ұшақтыңТ-артқы тіреуішімен; 4) штопордыболдырмау: 5) штопордыдамыту; 6) штопордытану; 7) штопордан шығару; 8) мұз (қауіпті нүктеде және үстіңгі қабатында): үзілу туралы ескертудің жоқтығы; аудару уақытында ұшақтың қалыпсыз беталысы.	x	x		
CLкоэффициенттің артуы				
Ұшып шығу және қону үшін жалғас қанатшалар және оларды пайдалану себептері: 1) CL-ге әсері, кестеCL; 2) жалғас қанатшалардыңәртүрлітүрлері; 3) жалғас қанатшалардың асимметриясы; 4) тангажға жалғас қанатшалардың әсері.	x	x		
Қанаттың алдыңғы жиегінің				

механизациясы және оларды ұшып шығу мен қону кезінде пайдалану себептері	х	х		
Шекаралық қабаты				
Әр түрлі үлгілері: 1) ламинарлық; 2) турбуленттік	х	х		
Ерекше мән-жайлар				
Мұз және басқа да ластануы 1) Мұздың тежегіш нүктесінде қалуы; 2) Мұздың жоғарғы бетінде қабаттануы (аяз, қар және көк тайғақ); 3) жаңбыр; 4) алдыңғы жиектің ластануы; 5) құлдырау әсері; 6) басқарудың жоғалуына әсер; 7) басқару беттеріндегі олқылықтарға әрекет ету; 8) әсері пешке қанатының кезінде ұшып көтерілу, қону және төмен жылдамдық кезінде қанат механизациясына әсері.	х	х		
Тұрақтылық				
Ұшудағы тепе-теңдік шарттары				
Статистикалық тұрақтылыққа арналған шарттар	х	х		
Тепе-теңдік: 1) көтергіш күш және салмақ; 2) кедергі және күш.	х	х		
Тепе-теңдікті сақтау әдістері				

Үйрек тәрізді ұшақтың қанаты мен тіреуіші)	х	х		
Шектерді басқару	х	х		
Балласт немесе жүкпен триммирлау	х	х		
Статикалық және динамикалық бойлық тепе-теңдік				
Тұрақтылық негіздері, анықтаулар: 1) статистикалық тепе-теңдік, позитивті, бейтарап және негативті; 2) динамикалық тұрақтылық үшін алғы шарттар; 3) динамикалық тұрақтылық теңдік, позитивті, бейтарап және негативті	х	х		
Ауырлық орталығының орналасуы: 1) ақырғы артқы орталықтау және тұрақтылықтың ең төменгі қоры; 2) алдыңғы жайы; 3) статикалық және динамикалық тұрақтылыққа әсері.	х	х		
Динамикалық бүйір және курстық тұрақтылық				
Шиыршық және түзеткіш әрекеттер	х	х		
Басқару				
Жалпы негіздері				
Үшжазықтық пен үш осі	х	х		
Шабуыл бұрышын өзгерту	х	х		
Тангажды басқару, биіктік тұтқышы	х	х		
Ағын құлауының әсері	х	х		

Ауырлық орталығының орналасуы	х	х		
Рыскание				
Басқыштар мен бұрылу тұтқышын басқару	х	х		
Жантаю бойынша басқару				
Элерондар:ұшудың түрлі кезеңдегі функциялары	х	х		
Қолайсыз жортулар	х	х		
Қолайсыз жортуларды болдырмау үшінқұралдар: 1) элерондардың түсіп кетуі; 2) элерондардың дифференциалдық ауытқуы.	х	х		
Басқару органдарына аэродинамикалық теңгерім жолымен күшін азайту үшін құрал: 1) теңгерме-теңгеруге қарсы пластиналары; 2) сервотриммеры.	х	х		
Масса мен тепе-теңдік				
Тепе-теңдік үшін қажетті құралдар:	х	х		
Триммирлеу				
Триммирлеу себептері	х	х		
Триммерлер	х	х		
Пайдалану кезіндегі шектеулер	х	х		
Флаттер бойынша шектеулер	х	х		
VFE,, VHO, VNE	х	х		
Маневрлеу– қайта тиеу диаграммасы: 1) жүктеме коэффициенті;				

2) қайта тиеудегі іркіліс жылдамдығы ; 3) маневр жасау, шекті жүктеме факторы немесе категорияны сертификаттау	х	х		
Массаның әсері	х	х		
Екпін бойынша шектеулер				
Екпінге байланысты қайта тиеу диаграммасы	х	х		
Факторлар қарқыннан артық жүк артуға тиетінекпіннен қайта тиеуге себеп болатын факторлар	х	х		
Пропеллер (бұрандама)				
қозғалтқыштың айналу сәтіндегі тарту күшіне түрленуі				
Бұранда адымын түсіну	х	х		
Бұранда қалағын айналдыру	х	х		
Мұздың бұрандағаәсері	х	х		
Қозғалтқыштың істен шығу немесе тоқтап қалуы				
Авторотация кедергісі	х	х		
Бұранданың жұмыс кезіндегі сәттері				
Реактивті айналу кезі	х	х		
Бұранданың әуе ағынының асимметриялық әсері	х	х		
Қалақтың асимметриялық әсері	х	х		
Ұшу механикасы				

Ұшаққа әсер ететін күштер				
Тік сызықты тұрақты көтергіш	х	х		
Тік сызықты тұрақты төмендеу	х	х		
Тік сызықты тұрақты жоспарлау	х	х		
Тік сызықты тұрақты сырғу	х	х		
Тұрақты үйлестіру бұрылысы: 1) қисаю бұрышы; 2)қайта тиеу коэффициенті; 3) бұрылу радиусы, 4) бір бұрылудың стандартты жылдамдығы.	х	х		
5.2Ұшу негіздері: тікұшақтың аэродинамикасы				
Дыбысқа дейінгі аэродинамика				
Негізгі түсініктер, заңдар мен анықтаулар			х	х
Өлшем бірліктерінің өзгеруі			х	х
Ауа туралы анықтаулар мен негізгі түсініктер: 1) атмосфера және халықаралық стандартты атмосфера; 2) тығыздығы; 3)тығыздыққа қысым мен температураның әсері .			х	х
Ньютон заңдары: 1) Ньютонның екінші заңы; 2) Ньютонның үшінші заңы: әрекеттер мен қарсы әрекеттер.			х	х

Әуе ағыны туралы негізгі ұғымдар : 1) стационарлық ауа ағыны және стационарлық емес ауа ағыны; 2) Бернулли теңдеуі ; 3) статистикалық қысым, динамикалық қысым, жалпы қысым және қиын нүкте; 4) ТАС және IAS; 5) екі және үш қалыпты өлшемді ауа ағыны; 6) жабысқақтық және шектес қабат.			x	x
Ауаның екі өлшемді ағыны			x	x
Аэродинамикалық пішін геометриясы: 1) қалақ секциялары ; 2) хорда желісі сызықтары, жуандығы мен Хордаға деген жуандықтың қатынасы; 3) иіліс және иіліс сызығы; 4) симметриялық және асимметриялық пішінде.			x	x
Қалақ элементтеріндегі аэродинамикалық күштер: 1) шабуыл бұрышы; 2) қысымды бөлу; 3) көтергіш күш және көтергіш күштің коэффициенті; 4) көтергіш күш пен шабуыл				

Аморт бағандарды гидросұйықтық және азотпен зарядтау	Charge struts with oil and air
Жүйе ақауларын жою	Troubleshoot faulty system
Автоматты тежеу жүйесінің тесті	Test auto-brake system
Тікұшақ шаңғыларын ауыстыру	Replace rotorcraft skids
Тікұшақ шаңғыларының қаптамасын ауыстыру	Replace rotorcraft skid shoes
Қалытқыларды орамдау және тексеру	Pack and check floats
Жүзгіш жабдық	Flotation equipment

Шассидің апатты шығарылуын тексеру/тестілеу	Check/test emergency blowdown (emergency landing gear extension)
Шасси жармаларының жұмысқа жарамдылығын тексеру	Operational test of the landing gear doors

Жарықтандыру (Lights)

Айналмалы шамшырақты жөндеу/ауыстыру	Repair /replace rotating beacon
Шассидің алдыңғы тірегінің шамдарын жөндеу/ ауыстыру	Repair /replace landing lights
Навигациялық оттарды жөндеу/ауыстыру	Repair /replace navigation lights
Интерьераді жарықтандыру шамдарын жөндеу/ ауыстыру	Repair /replace interior lights
Мұзды тексерудің инспекциялық шамдарын ауыстыру	Replace ice inspection lights
Логотипті жарықтандыру шамын жөндеу/ауыстыру	Repair /replace logo lights
Авариялық жарықтандыру шамын жөндеу/ауыстыру .	Repair /replace emergency lighting system
Авариялық жарықтандыру жүйесін тексеру	Perform emergency lighting system checks
Жүйе ақауларын жою	Troubleshoot faulty system

Навигация (Navigation)

Магниттік индикаторды калибрлеу	Calibrate magnetic director indicator
Әуе жылдамдығының индикаторын тексеру	Replace airspeed indicator
Биіктікті өлшеу құралын ауыстыру	Replace altimeter
Әуе дабылын көрсету құралын ауыстыру	Replace air data computer
VOR азимут жалтылының барлық бағыттағы блогын ауыстыру	Replace VOR unit
ADI авиакөкжиегінің индикаторын ауыстыру	Replace ADI
Көлденең индикаторды ауыстыру	Replace HIS
Статикалық қысым жүйесінің бітеулігін тексеру	Check pitot static system for leaks
Курстық гироскоптың жұмысқа қабілеттілігін тексеру	Check operation of directional gyro
Метеолокатордың жұмысқа қабілеттілігін тексеру	Functional check weather radar
Доплерлік жылдамдық өлшеу құралы мен жантаю бұрышының жұмысқа қабілеттілігін тексеру	Functional check Doppler
TCASұшақтардың әуеде жақындасуын ескерту жүйесін тексеру	Functional check TCAS
DME алыстан радио шолу құралының жұмысқа қабілеттілігін тексеру	Functional check DME
ATC Transponder ұшақ жауап берушісінің жұмысқа қабілеттілігін тексеру	Functional check ATC Transponder
Директорлық басқару жүйесінің жұмысқа қабілеттілігін тексеру	Functional check flight director system
Ендірілген навигациялық жүйенің жұмысқа қабілеттілігін тексеру	Functional check internal nav system
Барлық бағыттағы ADF радиокомпасының квадраттық қателіктерін түзету	Complete quadrantal error correction of the ADF system

FMS ұшуларын үйлестіру және ұйымдастыру жүйелерінің мәліметін жаңарту	Update flight management system database
Статикалық қысым құралдарын калибрлеу	Check calibration of the pitot static instruments
Барометрлік биіктік туралы есеп беру жүйесін калибрлеу	Check calibration of pressure altitude reporting system
Жүйелердің ақауларын жою	Troubleshoot faulty system
Жетекті радиожалтыл дабылының жұмысқа қабілеттілігін тексеру	Check marker system
Тікелей/ қайта есептеу компасын ауыстыру	Compass replacement direct / indirect
Satcom спутник байланысының жұмысқа қабілеттілігін тексеру	Check Satcom
GPS жаһандық жерүсті жүйесінің жұмысқа қабілеттілігін тексеру	Check GPS
Электронды бейне модульдің жұмысқа қабілеттілігін тексеру (Avionics Video Module, AVM)	Test AVM

Оттегі (Oxygen)

Оттегі жабдығын тексеру	Inspect on-board oxygen equipment
Оттегі жүйесін отау және зарядтау	Purge and recharge oxygen system
Реттегішті ауыстыру	Replace regulator
Оттегі генераторын ауыстыру	Replace oxygen generator
Экипаждың оттегі жүйесін тестілеу	Test crew oxygen system
Оттегі маскаларын автоматты түрде тастау жүйелерін тексеру	Perform auto oxygen system deployment chack
Жүйелердің ақауларын жою	Troubleshoot faulty system

Ауа жүйесі (Pneumatic)

Сүзгіні ауыстыру	Replace filter
Ауа шығару қақпағын ауыстыру	Replace air shut off valve
Қысымды реттеу қақпағын ауыстыру	Replace pressure regulating valve
Компрессорды ауыстыру	Replace compressor
Ылғалсорғышты қайта зарядтау	Recharge desiccator
Реттегішті күйіне келтіру	Adjust regulator
Жүйенің бітеулігін тексеру	Check for leaks
Жүйелердің ақауларын жою	Troubleshoot faulty system

Вакуумдық жүйе (Vacuum System)

Әуе кемелеріне (AMM) техникалық қызмет көрсету ережесіне сәйкес жүйелерге тексеру жүргізу	Inspect the vacuum system i.a.w. AMM.
Вакуум сорғысын ауыстыру	Replace vacuum pump
Сүзгілерді тексеру/ауыстыру	Check/replace filters
Реттегішті күйіне келтіру	Adjust regulator
Жүйелердің ақауларын жою	Troubleshoot faulty system

Су жүйесі және қалдықтарды жою жүйесі (Water/Waste)

Су сорғысын ауыстыру	Replace water pump

Кранды ауыстыру	Replace tap
Әжетхана сорғысын ауыстыру	Replace toilet pump
Су жылыту құрылғысының жұмысқа қабілеттілігін тексеру	Perform water heater functional check
Жүйелердің ақауларын жою	Troubleshoot faulty system.
Қоқыс жәшігінің қақпағының жабылатындығын тексеру	Inspect waste bin flap closure.

Техникалық қолдаудың орталық жүйесі (Central Maintenance System)

CMU блогынан мәліметтер алу	Retrieve data from CMU
CMU блогын ауыстыру	Replacer CMU
Ендірілген бақылау жүйесін тестілеу	Perform Bite check
Жүйенің ақауларын жою	Troubleshoot faulty system

Құрылым(Structures)

Зақымды бағалау	Assessment of damage
Металл бетін жөндеу	Sheet metal repair
Әйнек талшықтарды жөндеу	Fibre glass repair
Ағаш бетін жөндеу	Wooden repair
Мата бетін жөндеу	Fabric repair
Материалдан жасалған ӘК басқару бетін қалпына келтіру	Recover fabric control surface
Тотығудан қорғау	Treat corrosion
Қорғау үшін өңдеуді қолдану	Apply protective treatment

Есіктер (Doors)

Әуе кемелеріне (AMM) техникалық қызмет көрсету ережесіне сәйкес жолаушылар есігін тексеру	Inspect passenger door i.a.w. AMM
Есікті жабу механизмін орнату/күйін келтіру	Rig/adjust locking mechanis
Ендірілген кіру трапын реттеу	Adjust air stair system
Авариялық жағдайда шығатын есіктерді тексеру	Check operation of emergency exit
Есіктердің қалпының дабыл жүйесін тестілеу	Test door warning system
Жүйелердің ақауларын жою	Troubleshoot faulty system
Әуе кемелеріне (AMM) техникалық қызмет көрсету ережесіне сәйкес жолаушылар есігін шешіп алу және орнату	Remove and install passenger door i.a.w. AMM
Әуе кемелеріне (AMM) техникалық қызмет көрсету ережесіне сәйкес авариялық жағдайға арналған есікті/люкті шешіп алу және орнату	Remove and install emergency exit i.a.w. AMM
Әуе кемелеріне (AMM) техникалық қызмет көрсету ережесіне сәйкес жүк бөлігінің есіктерін тексеру	Inspect cargo door i.a.w. AMM

Терезелер (Windows)

Әйнек тазалағыш құралды ауыстыру	Replace windshield
Алдыңғы маңдай әйнегін ауыстыру	Replace direct vision window
Әуе кемесінің жолаушылар салонының әйнегін ауыстыру	Replace cabin window
Әйнектің жарқырату	Repair transparency

Қанат(Wings)

Қаптамасын жөндеу	Skin repair
Материалдан қанатын қалпына келтіру	Recover fabric wing
Ұштығын ауыстыру	Replace tip
Нервюрлерді ауыстыру	Replace rib
Отын багының кіріктірілген панелін ауыстыру	Replace integral fuel tank panel
Еңкіс бұрышын тексеру/ бейтарап жайын реттеу	Check incidence /rig

Әуе бұрандасы(Propeller)

Тасымалдан кейін әуе бұрандасын жинау	Assemble prop after transportation
Әуе бұрандасын ауыстыру	Replace propeller
Айналымды реттегіш құралды ауыстыру	Replace governor
Әуе бұрандасын статикалық тестілеу	Perform static functional checks
Қозғалтқышты жерүсті қосу және сынау кезінде тексеру	Checks operation during ground run
Бұранда адымын тексеру	Check track
Микро-ажыратқыштарды орнатуды тексеру	Check setting of micro switches
Әке кемелерін (AMM) техникалық пайдалану ережесіне сәйкес жарылулардың ақауын бағалау	Assessment of blade damage i.a.w. AMM
Әуе бұрандасын динамикалық теңгеру	Dynamically balance prop
Жүйелердің ақауларын жою	Troubleshoot faulty system

Басты салмақ түсетін әуе бұрандасы (Main Rotors)

Әуе бұрандасын орнату	Install rotor assembly
Жарылуларды ауыстыру	Replace blades
Демпферді ауыстыру	Replace damper assembly
Бұранданың конусын тексеру	Check track
Статикалық теңгерімді тексеру	Check static balance
Динамикалық теңгерімді тексеру	Check dynamic balance
Жүйелердің ақауларын жою	Troubleshoot

Салмақ түсетін әуе бұрандасының жетегі (Rotor Drive)

Салмақ түсетін әуе бұрандасының білігін ауыстыру	Replace mast
Біріктіру жалғастырғышының жетегін ауыстыру	Replace drive coupling
Іліндіру блогын/ жалғастырғыштың бос жүрісін ауыстыру	Replace clutch/freewheel unit
Жетек белдігін ауыстыру	Replace drive belt
Басты редукторды орнату	Install main gearbox
Басты редукторды күрделі жөндеу	Overhaul main gearbox
Редуктор дабылының жоңқасы бар екендігін тексеру	Check gearbox chip detector

Құйрық бұрандасы (Tail Rotors)

Бұранда жиынтығын орнату	Install rotor assembly
Жарылуларды ауыстыру	Replace blades
Жүйелердің ақаулығын жою	Troubleshoot

Құйрық бұрандасының жетегі (Tail Rotor Drive)

Аралық редукторды ауыстыру	Replace bevel gearbox.
Әмбебап қосылуларды ауыстыру (шарнирлерді)	Replace universal joints.
Аралық редукторды жөндеу	Overhaul bevel gearbox.
Жетек торабын орнату	Install drive assembly
Дабыл жоңқасының болын тексеру	Check chip detectors
Мойынтіректер мен қораптарын тексеру/орнату	Check/install bearings and hangars
Майысқақ жалғастырғышты тексеру/қызмет көрсету /жинау	Check/service/ assemble flexible couplings
Жетек біліктердің ортаға дәл келуін тексеру	Check alignment of drive shafts
Жетек біліктерді орнату және күйін келтіру	Install and rig drive shafts

Тікұшақтың ұшуын басқару органдары (Rotorcraft flight controls)

Қиғаштану автоматын орнату	Install swash plate
Араластыру жанында қорап орнату	Install mixing box
Қалақтар шабуылы бұрышының күшін реттеу	Adjust pitch links
Винттің жалпы қадамын басқаруды реттеу	Rig collective system
Винттің циклдыққадамын басқаруды реттеу	Rig cycle system
Рульдік винтті басқаруды реттеу	Rig anti-torque system
Басқару органдарының жиналуын және бекітілуін тексеру	Check controls for assembly and locking
Басқару органдарының жұмысы мен сезімталдығын тексеру	Check controls for operation and sense
Жүйенің жарамсыздығын жою	Troubleshoot faulty system

Күш қондырғысы (Power Plant)

Қозғалтқышты басқару блогын орнату (ECU)	Build up ECU
Қозғалтқышты ауыстыру	Replace engine
Салқындату қалқанын жөндеу	Repair cooling baffles
Капоттарды жөндеу	Repair cowling
Капоттар жармасын реттеу	Adjust cowl flaps
Жұмысқа жарамсыз электр сымдар жүйесін жөндеу	Repair faulty wiring
Жүйе жарамсыздығын жою	Troubleshoot
Суықтай айналдыруға қатысу	Assist in dry motoring check
Қозғалтқышты жалған іске қосуға қатысу	Assist in wet motoring check
Қозғалтқышты іске қосуға қатысу (қол режимі)	Assist in engine start (manual mode)

Піспекті қозғалтқыштар (Piston Engines)

Редукторды алу/ орнату	Remove/install reduction gear
Иінді біліктің соғуын тексеру	Check crankshaft run-out
Жұдырықша саңылауын тексеру	Check tappet clearance
Компрессияны тексеру	Check compression
Сынған шпильканы шығару	Extract broken stud
Шиыршықты бұрағышты орнату	Install helicoil
Қозғалтқышты жерде іске қосу және сынап көру	Perform ground run

Қозғалтқыш роторын орнату /айналымдарын тексеру (RPM)	Establish/check reference RPM
Жүйенің жарамсыздықтарын жою	Troubleshooting

Газ-турбиналық қозғалтқыштар (Turbine Engines)

Модульді ауыстыру	Replace module
Желдеткі сатысының қалақшасын ауыстыру	Replace fan blade
Ыстық бөліктің инспекциясын /бороскопияны орындау	Hot section inspection/borescope check
Қозғалтқышты / компрессорды шаюды орындау	Carry out engine/compressor wash
Суықтай айналдыруды орындау	Carry out engine dry cycle
Қозғалтқыштысынап көруді орындау	Engine ground run up
Қозғалтқыш күшінің тиісті режимін орнату	Establish reference power
Қозғалтқыш параметрлерінің / қозғалтқыштың газ-ауа жолының өзгерістерін қадағалауды талдау.	Trend monitoring/gas path analysis
Жүйенің жарамсыздықтарын жою	Troubleshoot

Жанармай мен басқару, піспекті қозғалтқыштар (Fuel and control, piston)

Жетекті қозғалтқыш жанармай сорғысын ауыстыру	Replace engine driven pump
Үрлемді автоматты басқаруды реттеу (АМС)	Adjust AMC
Қосындыны араластыруды автоматты басқарудыреттеу (АВС)	Adjust ABC
Карбюраторды / инжекторды орнату	Install carburetor/injector
Карбюраторды / инжекторды реттеу	Adjust carburetor/injector
Жанармай бүріккіштерін тазарту	Clean injector
Іске қосқыш жанармай желісін ауыстыру	Replace primer line
Карбюратор қалтқысының орнатылуын тексеру	Check carburetor float setting
Жүйенің жарамсыздығын жою	Troubleshoot faulty system

Жанармай және газ-турбиналы қозғалтқышты басқару

Қозғалтқышты басқарудыңэлектронды блогын ауыстыру (EECU)	Replace Engine Electronic Control Unit (EECU)
Қозғалтқышқа жанармай беруді басқару блогын ауыстыру (FMU)	Replace Fuel Metering Unit (FMU)
Жетекті қозғалтқыштың жанармай сорғысын ауыстыру	Replace engine driven pump
Жанармай бүріккіштерін тестілеу	Test fuel nozzles
Сүзгілерді шаю/ауыстыру	Clean / replace filters
Жанармай беруді басқару блогын реттеу	Adjust FCU
Жүйенің жарамсыздығын жою.	Troubleshoot faulty system
FADEC қозғалтқышты электронды басқару жүйесінің блогын тестілеу	Functional test of FADEC

От алдыру жүйесі, піспекті қозғалтқыш (Ignition system, piston)

Магнетоны ауыстыру	Change magneto
От алдыру дірілдеткішін ауыстыру	Change ignition vibrator
От алдыру білтелерін ауыстыру	Change plugs

От алдыру білтелерін тестілеу	Test plugs
Жоғары кернеулі сымды тексеру	Check H.T. leads
Жоғары кернеулі жаңа сымдарды орнату	Install new leads.
Сәйкестендірудің уақыт циклын тексеру	Check timing
Металлданудың бар болуын тексеру	Check system bonding
Жүйенің жарамсыздықтарын жою	Troubleshoot faulty system

Оталдыру жүйесі, газ-турбиналы қозғалтқыш (Ignition system, turbine)

От алдыру жүйесін тестілеу	Perform functional test of the ignition system
От алдыру білтелерін тексеру	Check glow plugs/ignitors
Жоғары кернеулі сымдарды тексеру	Check H.T. leads
От алдыру блогын тексеру	Check ignition unit
От алдыру блогын ауыстыру	Replace ignition unit
Жүйенің жарамсыздығын жою	Troubleshoot faulty system

Қозғалтқышты басқару (Engine Control)

Қозғалтқышты басқару тетігінің бастапқы қалпын реттеу	Rig thrust lever
Қозғалтқыш айналымдарын басқару органдарының бейтарап қалпын реттеу	Rig RPM control
Жанармай қоспасын басқару органдарының бейтарап қалпын реттеу	Rig mixture HP cock level
Қуаттылығын басқару тетігінің бейтарап қалпын реттеу	Rig power lever
Сәйкестендіруді басқаруды тексеру (көп қозғалтқышты ӘК)	Check control sync (multi-eng)
Басқарудың дұрыс жиналуын және бекітілуін тексеру	Check controls for correct assembly and locking
Қозғалтқышты басқаруды диапазон және қозғалыс бағыты бойынша тексеру	Check controls for range and direction of movement
Қозғалтқышты басқару пультындағы микро-ажыратқыштарды реттеу	Adjust pedestal micro-switches
Жүйенің жарамсыздығын жою	Troubleshoot faulty system

Қозғалтқыш индикациясы (Engine Indicating)

Қозғалтқыш жұмысын бақылау аспаптарынауыстыру	Replace engines instruments (s)
Температура термометрінің датчигін ауыстыру	Replace of temperature bulb
Жылу сезгіш элементті ауыстыру	Replace thermocouples
Калибрлеуді тексеру	Check calibration
Жүйенің жарамсыздығын жою	Troubleshoot faulty system

Пайдаланылған газдың шығуы, піспекті қозғалтқыш (Exhaust, piston)

Шүмек тығыздауышын ауыстыру	Replace exhaust gasket
Дәнекерлеп жөндеуді инспекциялау	Inspect welded repair
Кабиналық жылытқыш муфтаның герметикалылығын тексеру	Pressure check cabin heater muff
Жүйенің жарамсыздығын жою	Troubleshoot faulty system

Пайдаланылған газдың шығуы, газ-турбиналы қозғалтқыш (Exhaust, turbine)

Реактивті шығаратын шүмекті ауыстыру	Change jet pipe
Қаптама тығыздамасын ауыстыру	Change shroud assembly
Триммерлерді орнату	Install trimmers
Реверсті инспекциялау / ауыстыру	Inspect/ replace thrust reverse
Реверстің құрамдас бөліктерін ауыстыру	Replace thrust reverse component
Тарту күшінің реверсін деактивациялау / пайдалануға қайтару	Deactivate/reactivate thrust reverser
Тарту күшінің реверс жүйесін пайдаланушылық тестілеу	Operational test of the thrust reverser system

Май (Oil)

Май ауыстыру	Change oil
Сүзгіні (сүзгілерді) тексеру	Check filter(s)
Қайта өткізу клапанының қысымын реттеу	Adjust pressure relief valve
Май күбісін ауыстыру	Replace oil tank
Май сүзгісін ауыстыру	Replace oil pump
Май радиаторын ауыстыру	Replace oil cooler
Өртке қарсы жүйенің кесу клапанын ауыстыру	Replace firewall shut off valve
Майды сұйылтуды тестілеу	Perform oil dilution test
Жүйенің жарамсыздығын жою	Troubleshoot faulty system

Іске қосу (Starting)

Стартерді ауыстыру	Replace starter
Бастама релені ауыстыру	Replace start relay
Іске қосуды басқару клапанын ауыстыру	Replace start control valve
Айналдыру жылдамдығын тексеру	Check cranking speed
Жүйенің жарамсыздығын жою	Troubleshoot faulty system

Газ-турбиналық және піспекті қозғалтқыштар (Turbine, piston engines)

PRT ауыстыру	Replace PRT
Турбо-желдеткіні ауыстыру	Replace turbo-blower
Жылу экранын ауыстыру	Replace heat shields
Ластанулар датчигін ауыстыру	Replace waste gate
Тығыздықты бақылау блогын реттеу	Adjust density controller

Қозғалтқышқа сулы бүрку (Engine water injection)

Су / метанло сорғысын ауыстыру	Replace water/methanol pump
Су / метанол беру жүйесін тексеру	Flow check water/methanol system
Суды / метанолды беруді басқару блогын реттеу	Adjust water/methanol control unit
Сұйықтық сапасын тексеру	Check fluid for quality

Жетектер қорабы (Accessory gear boxes)

Жетектер қорабын ауыстыру	Replace gearbox
Жетек білігін ауыстыру	Replace drive shaft
Майда жоңқаның бар болуының магнитті сигнализаторын тексеру	Inspect magnetic chip detector

ККҚ (APU)

ККҚ алу / орнату	Removal/installation of the APU
Бағыттаушы қалақшалардың қалпын басқару жетегін алу / орнату	Removal/installation of the guide-vane actuator
ККҚ авариялық өшіру бойынша жұмысқа жарамдылықты тестілеу	Operational test of the APU emergency shut-down test
ККҚ жұмысқа жарамдылығын тестілеу	Operational test of the APU

Ұшу қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге қатысатын
авиация персоналын
кәсібидаярлаудың үлгілік
бағдарламасына
27-қосымша

ӘК және компоненттеріне техникалық қызмет көрсету персоналын, ӘК ұшу жарамдылығын қамтамасыз ету персоналын қайта даярлау және кәсіби деңгейін қолдау курстары бойынша оқыту стандарты

1. Оқу күнінің ұзақтығы авиациялық оқу орталығының (АОО) / Техникалық қызмет көрсету және авиациялық техника жөндеу (ТҚК АТЖ) ұйымының студенттері үшін тәулік бойы аудиторияда инструктормен сабақ 6 (алты) академиялық сағатынан аспайды.

2. Үзілістер, емтихандар, аяқталған сабақтарға шолу, курстарға дайындық және әуе кемеге барудан басқа, сыныптағы барлық аудиториялық сабақтар академиялық сағат 60 минутқа белгіленеді.

3. Курстағы тыңдаушының ең аз қатысуы теориялық курстың ұзақтығынан кемінде 90% болуы керек. Қосымша оқыту авиациялық оқу орталығы / (ТҚК АТЖ) ұйымы арқылы жүргізуге болады.

4. Курс үшін анықталған ең төменгі уақыт сақталмаса, қатысушы куәлігі (Certificate of Attendance) немесе курс бітіру (Certificate of Completion)туралы куәлік берілмейді.

5. Емтиханды қажет ететін біліктілікті жоғарылату курстары мен кәсіби қызмет көрсетудің барлық емтихандары электронды бағдарламаларды пайдаланып немесе жазбаша түрде бірнеше сұрақтардан дұрыс жауапты таңдау арқылы жүзеге асырылуға тиіс.

6. Қате баламалы жауаптар шындыққа ұқсас тұжырымда болуы керек. Барлық баламалы жауаптар сұраққа түсінікті болуы керек және ұқсас сөздік, грамматикалық құрылымдар және бірдей ұзындықта болуы керек. Сандық мәндерді қамтитын сұрақтарда қате жауаптар дұрыс емес мәнді (+ салыстырғанда -) немесе дұрыс емес өлшеу әдістерін қолданумен рәсімдік қателерге сәйкес келуі керек. Олар кездейсоқ сандар болмауы керек.

7. Әрқайсысы бірнеше сұрақтардан тұратын дұрыс жауаптарды таңдау барысында 3 баламалы жауаптан тұруы керек, олардың біреуі дұрыс болуы керек және үміткерге

орта есеппен номиналды уақыт аралығына 90 секундтық жылдамдықпен негізделген әрбір модульге уақыт беріледі.

8. Әрбір сұрақ дайындалған жауап үлгісі болады.

9. Әр курсқа өту сұрақтары және дұрыс жауапты таңдау 75% (егер курс бағдарламасы бойынша өзгеше көрсетілмесе) болады.

11. Емтихандарды қайта тапсыруға арналған дәйекті әрекеттердің ең көп саны - 3. Емтиханды сәтсіздікпен аяқтаған сайын әрбір кейінгі қайта тапсыруға кемінде 3 күн рұқсат етіледі.

12. Техникалық қызмет көрсету және авиациялық техника жөндеу ұйымы кәсіби деңгейін қолдау жөніндегі емтихан тапсыру кезінде үш сәтсіздікке жол бергеннен кейін курсты қайта тапсыру туралы шешім қабылдауда өздерінің рәсімдерін белгілейді. Келісім-шарт бойынша курс өткізген кезде, уағдаласушы Тараптар екі жақты шешімге келеді немесе емтиханнан 3 рет өтпеген тұлғаларға бас тартуға құқылы.

13. Кәсіби деңгей / біліктілікті арттыру курстарының бағдарламаларын меңгергенде және уәкілетті ұйыммен келісе отырып, компьютерлендірілген жүйелерді (CBT) пайдаланатын интерактивті әдіспен емтихан тапсырады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұшу қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге қатысатын
авиация персоналын
кәсібидаярлаудың үлгілік
бағдарламасына
28-қосымша

Отын бактары қауіпсіздігі / CDCCL - 1 және 2-фазалар / Fuel Tank Safety / CDCCL – Phases 1 and 2

Ескерту. 28-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Емтихан	Оқыту ұзақтығы	
1-фаза - емтихансыз	Бір күн (4 сағат)	
1 және 2-фазалар - емтиханмен	2-фаза - екі күн (бірінші күні 2 сағат және екінші күні 6 сағат), 1-фазаны қосқанда - 12 сағат	
Тыңдаушылардың емтиханда ақпарат көздерін және әдебиетті қолдануы		Рұқсат етілмейді - жабық кітап

1-фаза - таныстыру.

Жалпы ескертпелер:

1) оқыту маман өз бетімен жұмыс істей бастағанға дейін, бірақ ұйымға жұмысқа қабылдағаннан кейін 6 айдан кешіктірмей өткізілуі тиіс;

2) курс пәннің негізгі элементтерін олармен таныстыру деңгейінде оқытуға арналған.

Оқып-үйренушінің оқыту аяқталған кездегі міндеттері:

отын багы қауіпсіздігі сұрақтары бойынша негізгі элементтермен танысу.

Тарихи негізін білу және жалпы сөздерді қолданып әрі сәйкессіздік мысалдарын көрсете отырып, қауіпсіздіктің қарастырылуын талап ететін элементтерге қарапайым сипаттама бере алу;

үлгілік терминдерді пайдалана алу.

2-фаза - егжей-тегжейлі оқыту.

Жалпы ескертпелер:

1) маман 2-фаза бойынша дайындықты ұйымға жұмысқа қабылданғаннан кейін 12 айдан кешіктірмей өтуі керек;

2) 2-фаза әрдайым 1-фазамен бірге өткізіледі;

3) 2-фаза курсы бірнеше жауап нұсқасы бар сұрақтар түрінде өткізілетін және емтиханнан өту бағасы ең кемінде 75 % құрайтын емтиханмен аяқталуы керек;

4) курс пәннің теориялық негізінің толық түсіндірмесін және тәжірибелік қолданысын қамтуы керек. Оқыту отын багы қауіпсіздігінің (FTS) мәселелеріне қатысты компоненттер, жүйелер және бөлшектердің мысалдарын келтіре отырып жүргізілуі керек. FTS қатысты фильмдер, суреттер және тәжірибелік мысалдар қолданған жөн;

5) курсты сыныпта өткізген жағдайда, нұсқаушы көрсетілген мақсаттармен жақсылап танысып, басты қағидаларды орындауы керек;

6) оқытуда ақаулар және ӘК түріндегі сертификат иелеріне қызмет көрсету және (ТС / STC) түріндегі қосымша сертификат деректеріне сәйкес орындалған жөндеулер бойынша мысалдардың жеткілікті көлемі берілуі керек.

Маманның оқыту аяқталған кездегі міндеттері:

1) отын багы қауіпсіздігі сұрақтарына байланысты оқиғалар тарихы, пәннің теориялық және тәжірибелік элементтері жөнінде білу, SFAR (Special FAR) 88 FAA деп танылған FAA ережелеріне және JAA TGL 47 уақытша нұсқаулығына шолу жасау, теориялық негіз бен нақты мысалдар арқылы ALI отын багы жүйесі (оның ішінде " Отын багының ішіндегі компоненттердің бастапқы күйі мен орналасуына қойылатын талаптар" (CDCCL)) концепцияларын толықтай сипаттай алу;

2) отын багы қауіпсіздігіне қатысты негізгі элементтермен танысу;

3) білімнің жеке элементтерін логикалық және жалпылама түрде байланыстырып, қолдана алу;

4) жоғарыда аталған элементтердің ӘК-ге қалай әсер ететінін білу;

5) өндірушінің құжаттамасы бойынша FTS қатысты ӘК компоненттерін, бөлшектерін немесе заттарын анықтай алу;

6) жалпы сөздерді қолданып әрі сәйкессіздік мысалдарын келтіре отырып, қауіпсіздіктің қарастырылуын талап ететін элементтерге қарапайым түсініктеме бере алу;

7) үлгілік жағдайларды пайдалана алу;

8) өз әрекеттерін жоспарлай немесе сервистік бюллетеньдерді (SB) және ұшу жарамдылығы директиваларын (AD) пайдалана алу.

Ұшу жарамдылығын қолдау

Ұйым әр 2 жылдың ішінде FTS пәні бойынша кәсіби деңгейге үздіксіз қолдау көрсетілуін қамтамасыз етуі керек.

Кәсіби деңгейді қолдау сыныпта 2-фаза бойынша оқытумен үйлесуі мүмкін.

Кәсіби деңгейді қолдау өндірушінің немесе уәкілетті ұйымның құжаттарына, құралдарына және директиваларына қатысты жаңа нұсқаулар шыққан кезде жаңартылуы керек.

Курс бағдарламасы

Реттік №	1-фазаТақырып атауы
1	Отын бактары қауіпсіздігіне қатысты апат пен инциденттердің алғышарттары, мысалдары.
2	Отын багы қауіпсіздігі және "Отын багының ішіндегі компоненттердің бастапқы күйі мен орналасуына қойылатын талаптар" (CDCCL) концепциясының сипаттамасы.
3	CDCCL элементтерін көрсететін өндіруші құжаттарының мысалдары.
4	FTS қатысты ақаулардың үлгілік мысалдары.
5	ӘК түріндегі сертификат иесінің жөндеу бойынша деректерінің мысалдары.
6	Тексеру жүргізуге арналған техникалық қызмет көрсету нұсқауларының мысалдары.

Реттік №	2-фаза Тақырып атауы / Басты қағидалар
1	Отын багы қауіпсіздігі алғышарттарын және концепциясын түсіну.
2	Персоналдың отын багы жүйелеріне қатысты жасалған немесе жасалып жатқан ұшу жарамдылығын қолдау нұсқаулықтарының ұсыныстарын анықтауы, тұжырымдауы және пайдалануы.
3	Кез келген қауіпті, әсіресе отын жүйесімен жұмыс, оның ішінде тұтану қаупін азайту үшін отын багына азот толтыру жүйесін қолдану кезіндегі қауіпті түсіну.
	Отын багы қауіпсіздігі қатерінің теориялық негізі: отын мен ауа қосындысының жарылысы, бұл

3.1.	қосындылардың авиациялық ортадағы әрекеті, температура мен қысымның әсері, оталдыруға қажетті энергия және т. б., "жану үшбұрышы" - жарылыстың алдын алу үшін 2 концепцияны түсіндіру: тұтану көзін ескерту және тұтанғыштықты азайту
3.2.	Отын багы жүйелеріне қатысты негізгі апаттар, апат зерттеулері және зерттеу қорытындылары.
3.3.	CAPP 88 FAA және JAA INT POL 25/12 уақытша саясаты: тұтанудың алдын алу бағдарламасының қауіпті жағдайларды анықтау және түзету әрекеттерін қолдану мақсатындағы бастамалары, отын бактарының техникалық күтімін жүйелі түрде жақсарту.
3.4.	Қолданылатын концепциялардың қысқаша түсіндірмесі: CAPP 88 FAA және JAA INT / POL 25/ 12 нәтижелері - түрлендірулер, ұшу жарамдылығы шектеуінің тармақтары және CDCCL.
3.5.	Тиісті ақпарат бар жерлерде сол ақпаратты ұшу жарамдылығын қолдау бойынша әр түрлі нұсқауларда (ӘК ТКЖ нұсқаулығы, компоненттерге күтім жасау нұсқаулығы, т. б.) пайдалану және талдау.
3.6.	Техникалық қызмет көрсету кезіндегі отын багы қауіпсіздігі: отын багына кіру және шығу процедуралары, таза жұмыс ортасы, конфигурация басқаруы, электр сымдарды бөлу, компоненттерді байланыстыру, т. б.
3.7.	Тұтанғыштықты азайту жүйесін орнату: пайда болу себебі, әсері, тұтанғыштықты азайту жүйесін (FRS) қызмет үшін азотпен пайдаланудағы қауіптер, FRS қызмет көрсету / жұмыс істеу кезіндегі сақтық шаралары.
3.8	Техникалық қызмет көрсету жазбалары, өлшеулер мен тексеру нәтижелерінің тіркелуі.

Ұшу қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге қатысатын
авиация персоналын
кәсібидаярлаудың үлгілік
бағдарламасына
29-қосымша

Электр сымдар мен электрлік жалғасулар жүйесі (EWIS) / Electrical Wiring Interconnection System, EWIS

Емтихан	Оқыту ұзақтығы
емтиханмен	1 және 2-топтар үшін: екі күн (12 сағат)
емтихансыз	3-топ үшін: (6 сағат) 4-5-топтар (3 сағат)

Тыңдаушылардың емтихан кезінде ақпарат және әдебиет көздерін пайдалануы	Рұқсат берілмейді – жабық кітап

1. Оқытылатын персонал топтарға бөлінеді:

1) 1-топ: ұшақ электр сымдарына қызмет көрсету және жөндеу жүргізетін "B2" санатты сертификаттаушы персонал;

2) 2-топ: сымдарды инспекциялауды орындайтын "B1" және "B3" санатты сертификаттаушы персонал;

3) 3-топ: ӘК-ден тыс электр сымдарына сервистік қызмет көрсетуді орындайтын сертификаттаушы персонал;

4) 4-топ: электр сымына қызмет көрсетуді қоспай (электр сымына қатыспай, тораптар мен агрегаттарды ауыстырумен), оған бастапқы қызмет көрсету және/немесе инспекциялауды жүргізетін "A" санатты сертификаттаушы персонал және лицензияланбайтын персонал;

5) 5-топ: басқа да білікті персонал, сонымен қатар ӘК ұшу жарамдылығын қолдауда жұмыс істейтін инженерлік қамтамасыз ету (техникалық сервис, ӘК ТҚК жоспарлау), ӘК ТҚК басқару департаменттерінің қызметкерлері, соның ішінде ӘК жолаушылар салонына қызмет көрсету жөніндегі инженерлер, техниктер мен механиктер.

2. Курстың мақсаттары:

Персоналға ұшақтың электр сымдары, электрлік жалғасулардың түрлері мен типтері саласындағы негіз қалаушы білім беру, ол үшін оны төмендегілермен таныстыру:

1) ұшақтың электр сымдарының түрлері мен типтері, соның ішінде агрегаттар мен блоктарды ауыстыру, қолданылатын аспап, жарамсыздықтарды іздеу және жою ресімдері мен өлшеу аппаратурасы;

2) ұшақтарды қолданылатын электр сымдарын жөндеулер және / немесе ұшақтың электр сымдарымен тәжірибелік операциялардың құрылымы мен өзара байланысы;

3) инспекциялардың алуан түрлері, инспекция жүргізу кезіндегі адам қателіктері, инспекциялардың аймақтары мен салалары және электр сымының үлгілі зақымданулары;

4) электр сымдарына әсер ететін факторлар ме материалдар, электр сымдарын тазарту және оны сыртқы әсер етуден қорғау ресімдері;

5) түрлі типті сымдарды тану дұрыстығы, оларды инспекциялау, ұйғарынды зақымданулардың бағалау критерийлері, сонымен қатар зақымдардың алдын алу үшін жөндеу және қызмет көрсетудегі шаралар;

6) ұшақ тізбегінде кездесетін үлгілік электрлік элементтер үшін анықтау, инспекциялау және лайықты жөндеуді таңдау дұрыстығы;

7) ұшақ электр сымдарына байланысты ұшақтағы коммутациялық құрылғылардың барлық типтерін ауыстыру үрдісі.

Курстың бағдарламасы:

Белгілеулер: Y - Yes SP - жартылай (EASA стандарты бойынша)		Топтар				
Тарау №	Атауы	1	2	3	4	5
1	Электр сымдары және электрлік жалғасулар жүйелерінің негіздері	Y	SP		Y	
2	Электр сымдары бойынша құжаттама	Y	Y	Y		
3	Инспекциялау	Y	Y		SP	SP
4	Қызмет көрсету бойынша әрекеттер	Y	SP	SP	Y	S
5	Электр сымдары	Y	Y	Y	SP	SP
6	Жалғастырушы құрылғылар	Y	Y	Y		SP
7	Жалғастырушы құрылғыларды жөндеу	Y				

№ р/б	Тақырыптардың атауы
1	Электр сымдары және электрлік жалғасулар жүйесінің негізгі ережелері: 1)қауіпсіздік техникасы; 2)тізбектер мен аппаратураны статикалық электр қуатынан қорғау және қызмет көрсету (ESDS); 3)аспап, арнайы аспап және өлшеу Аппаратурас; 4)аспап пен өлшеу аппаратурасының калибрлеу / сертификат беру күнін тексеру; 5)жарамсыздықты іздеу кезінде электр сымын тексеру ресімі жөніндегі талаптар; 6)Блоктар мен агрегаттарды ауыстыру кезіндегі негізгі ережелер.
2	Электр сымдары жөніндегі схемалар мен құжаттама: 1)электр сымдарына қызмет көрсету бойынша нұсқау; 2)өзара қиылыспалы сілтемелер жөніндегі бөлім; 3)негізгі деректер базасы мен түрлі кестелер;

	4)схемалар мен олардың Типтер; 5)басқа да құжаттама және оны қолдану.
3	Инспекциялау және тексеру: 1)бастапқы визуалды тексеру (GVI), жан-жақты инспекциялау (DET), арнайы жан-жақты инспекциялау (SDI), аймақтық инспекциялау, критерийлер мен стандарттар; 2)инспекциялау кезіндегі адамның қателіктері; 3)инспекциялау аймақтары; 4)электр сымдарының үлгілік зақымданулары.
4	Сымдарды жұмысқа жарамды қалпында тиісті ұстау : 1)ұшақтағы сыртқы ластаулардың түрлері мен әсері; 2)ұшақтағы ішкі ластаулардың түрлері мен әсері; 3)электр сымдарына басқа ада алуан түрлі әсерлер; 4)электр сымдары үшін қорғау шараларын жоспарлау; 5)авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезінде электр сымдары мен электрлік жалғасуларды қорғау; 6)тазарту үрдісі мен ластануларды жою.
5	Сымдар: 1)сымдардың типтері, құрылмасы және оларды сәйкестендіру, бағалау стандарттары мен критерийлері; 2)оқшаулаудың зақымдалу шектеру мен дәрежесі; 3)электр сымдарының ширақтарын инспекциялау аймақтары, бағалау критерийлері және зақымдалу шектері; 4)ширақтарды және электр сымдарын монтаждау тәжірибесі; 5)үлгілік зақымдалулар және олардың пайда болу аймақтары; 6)жөндеу және техникалық қызмет көрсету ресімдері; 7)ширақтарды қорғау; 8)қосалқы сымдар, таңбалау және сақтау; 9)жерге тұйықтау және металлдау.
6	Жалғастырушы құрылғылар: 1)жалғастырушы құрылғылардың негізгі типтері, оларды сәйкестендіру, зақымдалу шектері; 2)жұмыстағы ескертулер, сақтық шаралары; 3)визуалды қарау ресімі; 4)зақымдалулардың негізгі типтері; 5)жөндеу ресімдері.
7	Жалғастырушы құрылғыларды жөндеу: 1)цилиндрлік типті коннекторлар (жалғастырғыштар); 2)тік бұрышты типті коннекторлар (жалғастырғыштар); 3)ажыратылмалы клеммалық қалыптар;

	4)ажыратылмайтын клеммалық қалыптар; 5)жерге тұйықтау және металлдау; 6)герметикалық жалғастырғыштар.

Ұшу қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге қатысатын
авиация персоналын
кәсібидаярлаудың үлгілік
бағдарламасына
30-қосымша

ӘК-ге техникалық қызмет көрсетуге қатысты адамның мүмкіндіктері – бастапқы дайындық / Initial Human Factors

Ескерту. 30-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Емтихан	Оқыту ұзақтығы	
емтиханмен	Екі күн (12 сағат)	
Тыңдаушылардың емтихан кезінде ақпарат және әдебиет көздерін пайдалануы		Рұқсат берілмейді – жабық кітап

1. Курстың мақсаттары:

1) жұмыста жіберілетін қателіктерді тануға және алдын алуға үйрету;

2) істелген әрекеттер барысында бұзушылықтар дәрежесін төмендету;

3) ұшу сенімділігі мен қауіпсіздігі дәрежесін арттыру;

4) ұшу қауіпсіздігінің тәуекелдері мен қатерлерін төмендетуге себептесу;

5) персоналды ӘК ТҚК бойынша осы ұйымда бақыланатын адами фактор мәселелерімен таныстыру (10-тармақ).

2. Жалпы ескертулер:

1) ТҚ және ТКЖ жөніндегі ұйымдардың мамандары өтетін курстар ол жұмысқа қабылданған сәттен бастап 6 айдың ішінде;

2) төменде берілген оқу бағдарламалары (бұдан әрі осы тармақ ішінде – Бағдарлама) адами фактордың ӘК ТҚ әсереі жөніндегі мәселлер бойынша персоналды оқытуға арналған тақырыптар мен кіші тақырыптарды айқындайды;

3) ТҚ және ТКЖ жөніндегі ұйымдар пересналына сәйкес келетін жіктеудің ыңғайлы деңгейіне дейін өз қажеттіліктерінің негізінде өзіне ыңғайлап Бағдарламаның кез келген пәнінің тәртібін өзгерте алады;

4) кейбір пәндер бөлек оқуға енгізіледі (еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, басқару, қадағалау дағдысы) және олар қайталанған жағдайда, оларды қайта өткізудің қажеті жоқ;

5) қажет кезде, тәжірибелік иллюстрациялар мен мысалдар қолданылады, оның ішінде оқыс оқиғалар мен оқиғалар туралы есеп;

6) бұндай байланыстың болған жерінде тақырыптар қолданыстағы заңнамаға сәйкестендіріледі;

7) бұндай байланыстың болған жерінде тақырыптар қолданыстағы басшылық ететін /консультациялық матеиалдарға, мысалы ICAO HF Digest және Training Manual сәйкес келеді;

8) мүмкін болған жағдайда, тақырыптар ӘК инженерлік техникалық қызмет көрсетуге сәйкес келеді, сонымен қатар тым көп болатын шындыққа жанаспайтын тақырыптарды қозғамаған жөн.

9) егер осы Үлгілік бағдарламаларда өзгеше айтылмаса тест тапсыру және/немесе емтиханнан өту – ТҚ және АТЖ ұйымның қалауы бойынша;

10) Ескертпе. Авиациялық оқу орталығында "ӘК техникалық қызмет көрсетуге қатысты адамның мүмкіндіктері" 9А және 9В модульдері курсынан өту "ӘК техникалық қызмет көрсетуге қатысты адамның мүмкіндіктері – бастапқы даярлау/ Initial Human Factors" курсынан өткен болып саналмайды, сонымен қатар, кандидат емтиханды жақсы тапсырса, 9 модулі бойынша ғана сертификат беріледі.

Курстың бағдарламасы:

	Тақырыптардың атауы
1.	Жалпы / Адами факторға кіріспе Адами факторға жүгіну қажеттілігі Статистика Инциденттер
2.	Қауіпсіздік мәдениеті / Ұйымдастырушылық факторлар
3.	Адам қателіктері Қателіктер модельдері мен теория Техникалық қызмет көрсету міндеттеріндегі үлгілік қателіктер Бұзушылықтар Қателіктердің нәтижелері Қателіктерге жол бермеу және басқару Адамның сенімділігі
4.	Адамның орындауы және шектеулер Көру Есіту Ақпараттық өңдеу Зейін мен қабылдау Жағдай туралы хабардар болушылық Ес Клаустрофобия және физикалық қол жетімділік Уәждеу Төзімділік / Денсаулық Күш түсу Жұмыс жүктемесін басқару Шаршау Алкоголь, дәрілер, есірткілер

	Дене жұмысы Қайталама міндеттер / жайбарақаттық
5.	Қоршаған орта Өз ұжымының мүшелері тарапынан қысым Күш түсулер Уақыт қысымы және орындау мерзімдері Жұмыс жүктемесі Ауысымда жұмыс істеу Шу және қатты иістер Жарықтандыру Климат және температура Қозғалыс және діріл Күрделі жүйелер Жұмыс орнындағы қауіптер Адам қорларының жетіспеушілігі Зейіннің ауысуы және үзу
6.	Ресімдер, ақпарат, аспап және тәжірибелер (орындау) Визуалды инспекциялар Жұмысты тіркеу және жазулар Ресімдер – тәжірибелер (орындау) / жаман үйлесу / нормалар
7.	Байланыс, соның ішінде ӘК ТҚК жөніндегі персонал мен ұшу экипаждары арасындағы байланысты қоса алғанда Ауысымдар / Ауысымды өткізу міндеті Ақпарат тарату Мәдениеттердің өзгешеліктері Сервистік және / немесе ӘК ТҚК жөніндегі персонал мен ұшу экипаждары арасындағы байланыс.
8.	Командадағы жұмыс Жауапкершілік Басқару, қадағалау және жетекшілік Шешімдерді қабылдау
9.	Кәсіпқойлық пен адалдық Өзектілік; тұрақтылық Тәртіпті ұрындыратын қателіктер Өзіне сенімділік
10.	ӘК ТҚК бойынша ұйымдағы адами фактор бағдарламасы (төменде аталған мәселелердің барлығы ӘК ТҚК бойынша осы ұйымға қатысты) ӘК ТҚК-дағы қателіктер туралы хабарламалар Тәртіптік саясат ӘК ТҚК-дағы қателіктерді тергеу Проблеманы шешуге арналған әрекеттер Персоналдан кері байланыс

кәсібидаярлаудың үлгілік
бағдарламасына
31-қосымша

ETOPS ережелері бойынша ұшуды орындайтын ӘК-лерін техникалық пайдалану / ETOPS maintenance

Емтихан	Оқыту ұзақтығы
емтиханмен	Бір күн (6 сағат)
Тыңдаушылардың емтихан кезінде ақпарат және әдебиет көздерін пайдалануы	Рұқсат берілмейді – жабық кітап

Курстың мақсаттары:

ETOPS ережелері бойынша ӘК техникалық пайдалану қатынасында инженерлік қамтамасыз ету және ӘК ТҚК саласындағы қолданыстағы стратегиялық талаптар мен ережелердің негізін түсіндіру;

қатысушыларға ӘК-лерді ETOPS ережелері бойынша пайдалану үрдісінде талап етілетін ережелерді жақсы білім беру.

Курстың бағдарламасы

№	Мазмұны
1	Мысалдарымен толтыру бойынша жан-жақты нұсқаулар. Борттық техникалық журнал. ETOPS Status Sheet нысаны. Құрамдас бөліктер мен шығыс материалдарын ауыстыру. ACF (Acceptable Carried Forward) (MEL-ге сәйкес ӘК-дегі кейінге қалдырылған қолайлы ақаудың ашылуын кейінірек мерзімге ауыстыру ресімі) (егер бұндай ресім авиакомпанияда қолданылатын болса) ресімін қолданған соң тоқтаулар мен жарамсыздықтарды жою.
2	ӘК-ні ETOPS бойынша жіберулер және ӘК-ні ETOPS бойынша жіберу схемасы. ӘК-ні ETOPS бойынша жіберу жөніндегі барлық талаптар. Қайталанатын ақаулар. ETOPS бойынша маңызды ақаулар жүйесі. Кейінге қалдырылған ақаулар: майды үстіне құю; техникалық себептер бойынша ауытқулардан кейін ӘК-ні жоспарланбаған жіберу; ETOPS емес секторда ұзақтығы 90 минуттан артық емес ұшудан (немесе авиакомпания рұқсат еткен басқа да ұзақтық мерзімінен) кейін ұшып шығу; ӘК-нің техникалық жағдайына байланысты курстан мәжбүрлі ауытқудан кейінгі ұшып шығу; жүк бөлігін инспекциялау.

3	ӘК-нің ETOPS бойынша ұшуына әсер ететін техникалық қызмет көрсету бойынша маңызды жүйелер: ETOPS 1-топ жүйелері; ETOPS 2-топ жүйелері; ӘК жоспарлы ТҚК; Екі параллель жүйе арасындағы өзара алмастырылатын құрамдас бөліктер; Екі жүйеде де орындалған ұқсас әрекеттерден кейінгі талаптар; Күш қондырғыларын ауыстыру; Қозғалтқыштың май жүйесіне қызмет көрсету; Май жоңқасының детекторларын инспекциялау; Қозғалтқыш желдеткісінің қалақшаларын майлау / оларды ауыстыру; Жанармай беруді басқарудың құрамдас бөліктерін ауыстыру; Өрт туралы хабар беру жүйесінің құрамдас бөліктері; Қозғалтқышты басқару.
4	ETOPS бойынша ұшуға әсер ететін ӘК-нің ең маңызды жүйелеріндегі ақаулар.
5	ETOPS емес ұшулар мен тексерулер.
6	Ұшуларға қойылатын талаптар.
7	ETOPS-қа іске қосылған бөлшектерді бақылау. ETOPS-қа сәйкес келетін. ETOPS-тың бөлігі болып табылмайтын бөлшектер. Айналымдық бөлшектерді бақылау. Қарызға алынған бөлшектер.
8	ETOPS көзқарасы бойынша ең маңызды болып табылатын жүйелердің тізбесі.

Ұшу қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге қатысатын
авиация персоналын
кәсібидаярлаудың үлгілік
бағдарламасына
32-қосымша

Шетелдік ӘК қауіпсіздігін бағалау (SAFA) / Safety Assessment of Foreign Aircraft, SAFA

Емтихан	Оқыту ұзақтығы
Емтихансыз	Бір толық емес күн (4 сағат)

Курстың мақсаттары:

SAFA инспекцияларын жүргізу кезінде үздік нәтижелерге қол жеткізу үшін пайдаланушылық үрдстер мен авиакомпания үрдістерін жақсарту;

SAFA-ға сәйкессіздіктер парағының тармақтарын талдау.

Сәйкессіздіктерді жан-жақты жіктеу және олардың ұшу қауіпсіздігіне әсері.

SAFA бағдарламасының ұстанымдарын түсіну және оның еуропалық

авиакомпаниялардың "қара" тізіміне қатынасы

№ р/б	Тақырыптардың атауы
1	Кіріспе бөлім және А санаты бойынша сәйкессіздіктер мысалдарын қарастыру 1)Кіріспе 2)Алғышарттар 3)Бастауы 4)Қатысушылар 5)Ұстанымдар 6)Мүдделі тараптар 7)Инспекция жүргізу 8)Деректер базасы
2	B санаты бойынша сәйкессіздіктердің мысалдарын қарастыру
3	C санаты бойынша сәйкессіздіктердің мысалдарын қарастыру
4	D санаты бойынша сәйкессіздіктердің мысалдарын қарастыру Қорытынды

Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз
етуге қатысатын авиация
персоналын кәсіптік даярлаудың
үлгілік бағдарламасына
33-қосымша
Нысан

ӘК-ге сервистік қызмет көрсету міндеттерін оқыту/ACFT Service Tasks Training

Ескерту. 33-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.11.2024 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Курстың мақсаттары оқытылатын тұлғаға төменде келтірілген тізбеге сәйкес келетін міндеттерге сәйкес ӘК-ге сервистік қызмет көрсету міндеттерін орындаудағы білімдер, іскерлік және дағдыларды беру.

2. Емтихан - оқытылатын тұлғалардың ӘК-ге сервистік қызмет көрсету бойынша бағдарлама тармақтарын игеру нәтижелері бойынша білімдерін бағалау жұмыс орнында емтихан түрінде өткізіледі. Емтихан ауызша сұрау түрінде жүргізіледі. Оқытушы персонал әдетте сұрауды ӘК-де және қажет болған жағдайда, қозғалтқышта жүргізеді. Сұрау кезіндегі сұрақтардың саны оқытылатын тұлғаның білімін дәйектеуге жеткілікті мөлшерде анықталады. Бұндай сұрауларды оқытылатын тұлғаның білімдерін ӘК-де және қозғалтқышта тексерумен үйлестіріп, сыныпта/аудиторияда жүргізуге рұқсат етіледі.

3. Оқытудың ұзақтығы.

ӘК ТҚК бойынша ұйымның персоналы оқытылатын тұлғаға жекелей белгілі бір міндетті орындау мөлшерін анықтайды, қажет болған жағдайда оқытылатын тұлғаны қосымша сабақтар немесе тәжірибелер жүргізу туралы хабардар етеді, бұл ретте ӘК ТҚК бойынша ұйым басшысын хабардар етеді және олармен оқыту жүргізудің қосымша мерзімдерін келіседі. Оқытушы персонал оқытылатын тұлғадан операцияны қауіпсіз орындауға жеткілікті мөлшерде бағдарламаның белгілі бір тапсырмасын өздігінен орындауын талап ететін болады.

4. ӘК-ге сервистік қызмет көрсету бойынша тапсырмаларды орындау оқыту мерзімдерін анықтаудағы жекелей тәсілдеме оқыту мерзімдері тиянақталған болып табылмайтынына оқытылатын тұлғаның жеке қабілеттеріне және ӘК ТҚК бойынша ұйымның өндірістік жағдайына байланысты болатынына әкеледі, бірақ осы Қағидалардың 33-қосымшасының 7-тармағында көрсетілген курстың көлемі толық өтілетін жағдайда әрбір әуе кемесіне 10 жұмыс күнінен кем бола алмайды.

5. Оқытушы персрнал – ӘК ервистік қызмет көрсету міндеттерін тәжірибелік орныдауды үйрете алатын АА персоналы, төменде көрсетілген тізбеге енгізілген:

1) тәжірибелік элемент нұсқаушысы;

2) тәжірибелік тағылымдамадан өтуші супервайзер;

3) "А" санатты механик міндеттерін тәжірибелік орындауды үйрету жөніндегі супервайзер;

4) ӘК сервистік қызмет көрсету жөніндегі супервайзер;

Осы Қағидалардың 33-қосымшасының 7-тармағының 12)-18) тармақшаларында келтірілген тақырыптар бойынша оқыту үшін аталған персонал міндеттері оқытылатын әуе кемесінің рейтингі бар әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі маманның қолданыстағы куәлігіне ие болады. Қалған тақырыптар бойынша оқытуды әуе кемесіне сервистік қызмет көрсету бойынша кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі бар және тиісті теориялық даярлықтан өткен аталған персонал жүргізеді.

барлық аталған персонал өздері беретін пән бойынша міндеттерді орындауға құзыретті.

6. ӘК сервистік қызмет көрсету міндеттерін оқыту бағдарламасы бойынша түпнұсқа жазбаларды беру оқу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады және білім алушы үйренген тапсырма (тапсырмалар) көрсетілген қол қою парақшаларының түпнұсқалары рәсімделеді. Әрбір үйренген тапсырма бойынша қол қойылған парақтарға білім беруші персонал және білім алушылар қол қояды.

"А" санатты куәліктерді алушыларға орындауға жататын тапсырмаларды оқыту бағдарламасы бойынша түпнұсқа жазбалар берілмейді және беру көзделмеген.

Білім алушының тәжірибелік білімінің қорытындысы бойынша бағалаушы міндеттерді оқуды қамтитын жалпы үйренген міндеттер мен оқу бағдарламаларын өздігімен орындауға дайындығын растайтын біліктілігін бағалайды.

7. Курстың бағдарламасы:

1) ӘК-ны рульдеу кезінде оны тұрақ орнына орнату кезінде экипажға сигналдар беру;

2) ӘК-ге / ӘК-ден тірек қалыптарын орнату/ алып тастау;

3) электр қуаттандырудың жерүсті көзінің жалғастырғышын ӘК-ге / ӘК-ден қосу / ажырату;

4) ӘК есіктері мен ӘК-нің сервистік панельдеріне қол жетімділік люктерін ашу / жабу;

5) ӘК-ге жанармайды үстеме құюды және ӘК-ден жанармайды ағызуды бақылау;

6) ӘК-ге су құю, ӘК-нің су жүйесінен суды ағызуды бақылау, ӘК-нің су жүйесінен суды ағызу;

7) ӘК-ден қоқыс-қалдықтарды жою жүйесін өңдеуді бақылау;

8) ӘК-ні және қозғалтқыш винттерін арқандап байлау;

9) ӘК қозғалтқыштарының іске қосылуын бақылау;

10) белгіленген терминология бойынша экипаж кабинасымен байланыс жүргізу;

11) тіркеп сүйреу басшысы немесе бақылаушы функцияларымен ӘК ұшу алдында бортында жолаушыларымен бірге ӘК-ні тіркеп сүйреу, ӘК бұдан әрі орнын ауыстыру немесе бұдан әрі ТҚК мақсатымен бортта жолаушыларсыз тіркеп сүйреу;

12) ӘК ұшу алдындағы инспекциялау.

Оқыту оператор (пайдаланушы) ұсынған ұшу алдындағы инспекцияны орындау жөніндегі нұсқаулық (ресім) негізінде және оператор (пайдаланушы) зерделеу және бұдан әрі орындау үшін белгілеген бағдарлама тармақтары бойынша жүргізіледі.

Ұшу алдындағы инспекциялау тармақтарының (міндеттерінің) үлгілік тізбесі төменде келтірілген тізбені қамтиды, бірақ онымен шектелмейді.

ӘК-де жұмыстарды орындау кезінде ӘК-нің ықтимал зақымдануының алдын алу мақсатымен ӘК жағдайын жалпы қадағалау.

ӘК-ні сақтауға дайындау.

ӘК-ге / ӘК-ден ауа баптаудың жерүсті көзінің түтігін қосу/ажырату.

ӘК-ге / ӘК-ден қозғалтқышты жер үстінен іске қосу құрылғысын (УВЗ / Air Supply Unit) қосу / ажырату.

ӘК-ден мұздануды жойған кезде (de-icing) және/немесе ӘК-ге мұздануданқорғаныстықондыру (anti-icing) кезінде ӘК беттерінің өңделуін қадағалау.

Бұл тармақ тек қадағалауды көздейді және бұнда ӘК-ден мұздануды жою (de-icing) және / немесе ӘК-ге мұздануданқорғаныстықондыру (anti-icing) функциясы жоқ;

13) ӘК ұшу алдындағы инспекциялау тармақтарының (міндеттерінің) үлгілік тізбесі ;

14) ӘК және оның авариялық жабдығын кез келген тозу, зақымдалу немесе жылыстаудың айқын белгілерін анықтау мақсатымен жалпы қарау. Қосымша, ӘК-де авариялық жабдықты қоса алғанда, бүкіл талап етілген жабдықтың бар болуы қажет;

15) Кез келген кейінге қалдырылған ақаулар алдағы ұшуға жағымсыз ісер ете алмайтынына кепілдік беру үшін ұшу жарамдылығын қолдау жөніндегі жазбалар жүйесін немесе борттық техникалық журналды (қайсысы жарамды болады) инспекциялау, бұл ретте ресми есептерде көрсетілген (актілерде, сипаттамаларда, ережелерде, сервистік бюллетеньдерде, ұшу жарамдылығының директиваларында, ӘК ТҚК бағдарламаларында немесе регламенттерінде), талап етілген ТҚК бойынша әрекеттердің ешқайсысының мерзімі өтпеген (мерзімінде немесе уақтылы орындалмаған) немесе алдағы ұшу кезінде ондай болуы мүмкін болмауға тиіс;

16) Шығындалатын сұйықтықтар, газдар және т.с.с. бақылау. ӘК-ні ұшуға дейін ластанудан бос сұйықтықтармен, ерекшелігі дұрыс газдармен үстемелеп толтыру және үстемелеп толтыру нәтижелері бойынша тиісті құжаттамаға дұрыс жазылуы;

17) ӘК есіктері мен люктарының жабылу сенімділігін бақылау;

18) ӘК ұшуды басқару беттерін блоктау құрылғыларының және шасси тіректерін блоктау пиндері/бұрандама қысқыштарын, статикалық және толық қысым бітеуіштерін , шектеуші құрылғыларды және қозғалтқыштар мен саңылауларға орнатылатын бітеуіштердің жойылуын бақылау.

Кез-келген тапсырма үшін техникалық қызмет көрсету бойынша әрекет жөндемсіздікті іздеуден құралмаған. Жоғарыдағы көрсетілген тізбеге кіретін кез-келген тапсырма үшін кейінге қалдырылған ақауды жойғаннан кейін пайдалануға рұқсат етілетін сертификат беру талап етіледі.

Ұшу қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге қатысатын
авиация персоналын
кәсібидаярлаудың үлгілік
бағдарламасына
34-қосымша

А санатты куәлік иегерлерінің орындауы үшін айқындалған міндеттерді практикалық орындауды оқыту / A / Cat A Tasks Training

1. Курстың мақсаты төменде келтірілген тізбеге сәйкес келетін міндеттер бойынша білім алушыға "А" санатты механиктің тапсырмаларын орындауға оған білім беру, үйрету және дағдыландыру болып табылады.

2. Оқыту бағдарламасы білі алушыларға нақты ӘК, қозғалтқыштар мен олардың жабдықтарына ТҚ жағдайында "А" санатты механиктің міндеттері бойынша операцияларды өз бетінше орындау үшін қажетті ӘК ТҚ білімі мен дағдысын алуға бағытталған

3. "А" санатты механиктің тапсырмаларын орындау бағдарламасы тармақтарын меңгеру нәтижесі бойынша машықтанушылардың білімін бағалау жұмыс орнында емтихан түрінде өткізіледі. Емтихан ауызша сұрақ-жауап түрінде өткізіледі. Сұрақ-жауап екі кезеңде өткізіледі:

1-кезең – машықтанушы персоналмен;

2-кезең–тиісті маманданған, тағайындалған бағалаушымен.

4. Сұрақ-жауап жеке тақырыптың немесе ережеге сай ӘК және қозғалтқышта өткізілетін оқыту бағдарламасының тармағының (тапсырмалар) аяқталғаны бойынша ӘК және қозғалтқышта өткізіледі. Сұрақ-жауап кезінде сұрақ саны машықтанушының білімі менептілігін дәлелдеу үшін жеткілікті көлемде белгіленеді. Машықтанушы білімін кластағы / аудиториядағы сұрақ-жауап өткізуді ӘК және қозғалтқышта тексерумен үйлестіру қолданылады.

5. Машықтанушы персонал мен бағалаушы функцияларын қатар қолдану кезінде бір тұлғада сұрақ-жауап бір кезеңде өткізіледі.

6. ӘК ТҚ жөніндегі ұйымның персоналы қайсыбір тапсырманы орындау санын машықтанушыға жеке белгілейді, қажет кезінде, машықтанушыға қосымша дәрістер немесе практикалар өткізу туралы хабарлайды, сонымен қатар бұл туралы бағалаушы мен ӘК ТҚ жөніндегі ұйымның басшысын да хабардар етеді және олармен оқыту өткізудің қосымша мерзімдерін келіседі.

7. Оқыту персоналы машықтанушыдан операцияны қауіпсіз орындау үшін жеткілікті санда оқыту бағдарламасының қайсыбір тапсырмасын орындауын талап етеді.

8. "А" санатты механик тапсырмаларын орындауды оқыту мерзімдерін белгілеуде жеке амал қолдану, оқыту мерзімдері белгіленген болып табылмайды, машықтанушының жеке қабілеттеріне және ӘК ТҚ жөніндегі ұйымдағы өндірістік жағдайға байланысты, бірақ 14 күнтізбелік күннен кем бола алмайды.

Курстың бағдарламасы:

9) Төмендегілер білім беретін персонал болып табылады:

1) "А" санатты куәліктің иелеріне бекітілген міндеттерді тәжірибелі орындауды үйрете алатын ТҚ және ТКЖ жөніндегі ұйымның персоналы, төмендегі тізбеге қосылған:

Тәжірибелік элемент нұсқаушысы;

Тәжірибелік тағылымдамадан өтуші супервайзер;

"А" санатты механик міндеттерін тәжірибелік орындауды үйрету жөніндегі супервайзер.

Ескертпе: барлық аталған персонал тәжірибелік оқыту міндеттеріне сәйкес келетін сертификаттау немесе қолдау персоналының ерекшелігі бар.

10. білім алушының тәжірибелік білімінің қорытындысы бойынша бағалаушы міндеттерді оқуды қамтитын жалпы үйренген міндеттер мен оқу бағдарламаларын өздігімен орындауға дайындығын растайтын біліктілігін бағалайды.

11. "А" санатты куәліктерді алушыларға орындауға жататын тапсырмаларды оқыту бағдарламасы бойынша түпнұсқа жазбаларды беру оқу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады және білім алушы үйренген тапсырма (тапсырмалар) көрсетілген қол қою

парақшаларының түпнұсқалары рәсімделеді. Әрбір үйренген тапсырма бойынша қол қойылған парақтарға білім беруші персонал және білім алушылар қол қояды.

1-ескертпе. "А" санатты куәліктерді алушыларға орындауға жататын тапсырмаларды оқыту бағдарламасы бойынша түпнұсқа жазбалар берілмейді және беру көзделмеген.

2-ескертпе: Білім алушының тәжірибелік білімінің қорытындысы бойынша бағалаушы міндеттерді оқуды қамтитын жалпы үйренген міндеттер мен оқу бағдарламаларын өздігімен орындауға дайындығын растайтын біліктілігін бағалайды.

1) Доңғалақтарды алмастыру / Replacement of wheel assemblies;

2) тежегіштерді алмастыру / Replacement of wheel brake units;

3) апатты жабдықты алмастыру / Replacement of emergency equipment;

4) пештерді, қайнатқыштарды және сусын шығарушыларды алмастыру / replacement of ovens, boilers and beverage makers;

5) ішкі және сыртқы жарықтандыруды, қыздыру шамдарын және импульстік шамдарды алмастыру / Replacement of internal and external lights, filaments and flash tubes4

6) алдыңғы әйнектің әйнектазартқыштары қылшағын алмастыру / Replacement of windscreen wiper blades;

7) жолаушылар креслоларын және жолаушылар салоны экипажының креслоларын, байлайтын белбеулерін және қауіпсіздік белбеулерін аластыру / Replacement of passenger and cabin crew seats, seat belts and harnesses;

8) жылдам қол жетімді қақпақтарды және инспекциялық панелдерді жабу / Closing of cowlings and refitment of quick access inspection panels;

9) төгу клапанынан басқа әжетхана жүйесінің құрамдас бөліктерін алмастыру / Replacement of toilet system components but excluding gate valves;

10) қысымға түсетін құрылымның бөлігі болып табылатын есіктерден басқа, ішкі бөліктердегі есіктерді (бөлімдердегі, ұяшықтардағы, бөлмеаралықтардағы) және жапсырмаларды (маңдайшаларды, ескерту жазбаларын) жайжөндеу және алмастыру / Simple repairs and replacement of internal compartment doors and placards but excluding doors forming part of a pressure structure;

11) ӘК жолаушылар салонындағы жолаушылар креслосы үстіндегі қол салынатын багаждарға және жиһаздағы заттарға арналған бөлімдер (сөрелер, бөліктер) есіктерін жай жөндеу және алмастыру / Simple repairs and replacement of overhead storage compartment doors and cabin furnishing items;

12) статикалық разрядтарды алмастыру / Replacement of static wicks;

13) ӘК бас авиациялық аккумулятор батареяларын және ӘК ККҚ авиациялық аккумулятор батареяларын алмастыру / Replacement of aircraft main and APU aircraft batteries;

14) ұшу жолаушылары үшін ойын-сауық жүйелерінің құрамдас бөліктерін, басқа да жолаушыларға хабарлау жүйесінің құрамдас бөліктерін (дауыстап сөйлеу байланыс жүйелері, ҰДЖ) алмастыру / Replacement of in-flight entertainment system components other than public address;

15) үнемі (қалыпты) майлау және барлық жүйелерді сұйықтықтармен және газбен толтырып отыру / Routine lubrication and replenishment of all system fluids and gases;

16) уәкілетті ұйыммен немесе уәкілетті орган қарапайым тапсырма ретінде келісілген деактивация болып табылатын пайдаланушының (оператор) минималды жабдығы тізбесіне сәйкес (MEL) ӘК ішкі жүйелерінің және құрамдас бөліктерінің деактивациясы / The de-activation only of sub-system and aircraft components system as permitted by the operator’s minimum equipment list where such de-activation is agreed by the competent authorities as a simple task;

17) панелдерді, қақпақтарды немесе қақпақшаларды алу/жабу немесе арнайы жабдықты қолдануды қоса алғанда, мұзданuға қарсы сұйықтық пен мұзданудың алдын алуға арналған сұйықтық қалдықтарын инспекциалау және алып тастау / Inspection for and removal of de-icing fluid residues, including removal/closure of panels, cowls or covers or the use of special tools;

18) кез келген басқа компоненттерді ауыстыру және өндірушімен немесе техникалық қызмет көрсету жөніндегі сертификатталған ұйыммен келісім бойынша ӘК белгілі бір түрі үшін ғана, соның нәтижесінде міндет жай ретінде танылуы мүмкін / Replacement of any other components as agreed by the competent authority for a particular aircraft type only where it is agreed that the task is simple;

19) белгілі бір үлгі үшін ӘК қарапайым ретінде Үлгілік бағдарламаларға осы қосымшаның 12-тармағында көрсетілгеннен ерекшеленетін кез келген басқа тапсырма. Мұнда төмендегі міндетті шарттар сақталған кезде ақауды жоюға кейінге қалдыру жатады:

ақаулықты іздеудің қажеті жоқ; тапсырма MEL бөлігі болып табылады және MEL уәкілетті қйыммен немесе уәкілетті органмен келісіледі талап етілген техникалық қызмет көрсету бойынша әрекеттер қарапайым ретінде анықталады;

20) ерекше жағдайда, тік ұшақтар үшін, жоғарыда тізбесі берілген тармақтарға қосымша ретінде мыналар қосылады:

"Апатты жағдайда медициналық қызмет көрсету" қарапайым ішкі медициналық жабдықты алу және орнату / (Helicopter Emergency Medical Service- HEMS) / removal and installation of Helicopter Emergency Medical Service (HEMS) simple internal medical equipment;

ішкі жүкті қамтамасыз ететін жабдықты (мысалы, ішкі ілмектер, айналар), басқаша, шығырды алу және орнату / Removal and installation of external cargo provisions (i.e., external hook, mirrors) other than the hoist.

жылдам түсірілім жсайтын сыртқы камераларды және іздеу жарықтандыруын алу және орнату / Removal and installation of quick release external cameras and search lights;

газ баллондарынан басқа, ағып жүрген апат баллондарын алу және орнату / Removal and installation of emergency float bags, not including the botles.

жылдам алынатын құрылғылармен жабдықталған ішкі есіктерді алу және орнату / Removal and installation of external doors fitted with quick release attachment;

қарға арналған жастықтарды, шаңғыларды, қауіпсіздік жастықтарын алу және орнату /Removal and installation of snow pads/skid wear shoes/slump protection pads.

Кез-келген тапсырма үшін техникалық қызмет көрсету бойынша әрекет жөндемсіздікті іздеуден құралмаған. Жоғарыдағы көрсетілген тізбеге кіретін кез-келген тапсырма үшін кейінге қалдырылған ақауды жойғаннан кейін пайдалануға рұқсат етілетін сертификат беру талап етіледі.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұшу қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге қатысатын
авиация персоналын
кәсібидаярлаудың үлгілік
бағдарламасына
35-қосымша

ӘК техникалық қызмет көрсетуге байланысты адамның мүмкіншіліктері – кәсіби деңгейді қолдау / Human Factors Continuation Training

Ескерту. 35-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Емтихан	Оқыту ұзақтығы
Егер Қазақстан Республикасының Азаматтық авиация саласындағы заңнамасында өзгеше көзделмесе, емтихан тапсыру – әк және / немесе АО ТҚ жөніндегі ұйымның қарауына жатады.	3 сағат
Емтиханда тыңдаушылардың ақпарат көздерін және әдебиетті қолдануы	Рұқсат етілмейді – жабық кітап

Курстың мақсаттары.

1. ӘК ТҚ жөніндегі ұйым басшыларының пікірінше қайтадан зерделенуі тиіс болып табылатын ӘК техникалық қызмет көрсетумен байланысты адамның мүмкіншіліктері мәселелерінде персоналдың білімін жаңарту.

2. Мынадай тақырыптарды аша отырып, ӘҚ ТҚ жөніндегі ұйым және / немесе АОО таңдаған курс мәселелерін 2 жылдық кезең ішінде зерделеу:

1) ӘК ТҚ жөніндегі ұйым персоналынан келіп түсетін кері байланысты;

2) ӘК ТҚ жөніндегі ұйым және оның персоналы үшін өзекті болып саналатын басым тақырыптарды және заттарды;

3) ӘК ТҚ іс жүзіндегі жағдайында туындайтын тәуекелдерді және қауіп-қатерлерді;

4) сыртқы және ішкі аудит жүргізу кезінде анықталған кемшіліктерді.

3. Осы Үлгілік бағдарламаларға сәйкес тақырыптар мен құжаттарды зерделеуді ТҚ және АТЖ және / немесе АОО бойынша ұйымның персоналы және / немесе ӘК ТҚ бойынша маман куәлігінің иелері міндетті түрде өз бетінше орындайтын болады.

4. Курстың бағдарламасы:

1) "9A/9B модулі. ӘК техникалық қызмет көрсетуге байланысты адамның мүмкіншіліктері" "Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналын кәсібидаярлаудың үлгілік бағдарламалары" бағдарламасы бойынша курсының және / немесе "ӘК ТҚ-ға байланысты адамның мүмкіншіліктері – бастапқы даярлық" / " InitialHumanFactors" курсының жеке мәселелерін қайталау;

2) авиакомпаниянықызметтегі хабарлау жүйесі шеңберінде ӘК ТҚ жөніндегі ұйымының персоналынан келіп түсетін кері байланысты шолу (ReportingSystem);

3) ӘК ТҚ жөніндегі ұйым және оның персоналы үшін өзекті болып саналатын басым тақырыптарды және заттарды зерделеу;

4) "Ұшу қауіпсіздігін басқару жүйелері" (ҰҚБЖ) қызметтегі шеңберінде бағалау негізінде ӘК ТҚ іс жүзіндегі жағдайында туындайтын тәуекелдерді және қауіп-қатерлерді талдау;

5) ӘК ТҚ жөніндегі ұйымның сыртқы және ішкі аудит өткізу кезінде анықталған кемшіліктерін шолу;

6) осы Үлгілік бағдарламаларға сәйкес ТҚ және АТЖ жөніндегі ұйымның персоналы міндетті түрде зерделенуі тиіс тақырыптар мен құжаттар.

*) ӘК ТҚ өз бетінше орындайтын ӘК ТҚ жөніндегі маман куәлігінің иегерлері үшін сұрақтар оларға қатысты бөлігінде зерделенеді, емтихан уәкілетті ұйым қосымша нұсқау берген жағдайда тапсырылады.

Ұшу қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге қатысатын
авиация персоналын
кәсібидаярлаудың үлгілік
бағдарламасына
36-қосымша

Авиация заңнамасы – кәсібиденгейді қолдау / Aviation Legislation Continuation Training

Ескерту. 36-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Емтихан	Оқыту ұзақтығы
Егер Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы заңнамасында өзгеше	

айтылмаса, емтиханды тапсыру ТҚ және АТЖ ұйымның және / немесе авиациялық оқу орталығының қарауы бойынша	3 сағат
Емтиханда тыңдаушылардың ақпарат көздерін және әдебиетті қолдануы	Рұқсат етілмейді – жабық кітап

Курстың мақсаттары.

1. Қазақстандық және халықаралық авиациялық заңнама саласында қызығушылық танытатын кейбір тақырыптар және / немесе жеке өзекті мәселелер бойынша персоналдың білімін жаңарту.

2. Курстың бағдарламасына:

1) курстың жеке мәселелерін қайталау;

2) мамандардың кәсіби деңгейін қолдау бағдарламасын меңгеру үшін ӘК ТҚ жөніндегі ұйым таңдаған 2 жылдық кезең ішінде орын алған қазақстандық және халықаралық авиация заңнамасындағы өзгерістер мен толықтырулар;

3) осы Үлгілік бағдарламаларға сәйкес тақырыптар мен құжаттарды міндетті түрде ТҚ және АТЖ жөніндегі ұйымның және / немесе АОО персоналы және / немесе ӘК ТҚ дербес орындайтын ӘК ТҚ жөніндегі маман куәлігінің иелері зерделенуі тиіс.

Ұшу қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге қатысатын
авиация персоналын
кәсібидаярлаудың үлгілік
бағдарламасына
37-қосымша

Отын бактарының қауіпсіздігі / CDCCL – кәсіби деңгейді қолдау / Fuel Tank Safety / CDCCL Continuation Training

Ескерту. 37-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Емтихан	Оқыту ұзақтығы
Егер Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы заңнамасында өзгеше айтылмаса, емтиханды тапсыру ТҚ және АТЖ ұйымның және / немесе авиациялық оқу орталығының қарауы бойынша	3 сағат
Емтиханда тыңдаушылардың ақпарат көздерін және әдебиетті қолдануы	Рұқсат етілмейді – жабық кітап

Курстың мақсаттары:

Отын бактарының қауіпсіздігі бойынша білімін жаңарту.

Курстың бағдарламасы:

№ п/п	Кәсіби деңгейді қолдау
1	Курсты қысқаша шолу.

2	Отын бактарының (Fuel Tank Safety, FTS) қауіпсіздігі бойынша өндірушілердің немесе өкілетті өкілдердің құжаттарымен, құралдарымен және дериктиваларымен байланысты жаңа нұсқаулықтарды және "Отын бағының ішіндегі бөлшектерді түпнұсқалық жағдайына және оларды орналастыруға қойылатын талаптарды" (CDCCL) шолу.

Ұшу қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге қатысатын
авиация персоналын
кәсібидаярлаудың үлгілік
бағдарламасына
38-қосымша

ӘК ТҚ кезіндегі қателер, ӘК ТҚ жөніндегі ұйымның аудиттері барысында анықталған ескертулер, ӘК ТҚ-мен байланысты авиациялық оқиғаларды және қақтығыстарды тергеу материалдары жәнеолардан жасалған ұсыныстар

Ескерту. 38-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Емтихан	Оқыту ұзақтығы
Емтихансыз	3 сағат

Курстың мақсаттары және курстың бағдарламасы:

1) персоналға сервистік және ӘК ТҚ кезінде жол берілген үлгілік және сипаттық қателерді ескерту;

2) ӘК ТҚ жөніндегі ұйымда 2 жылдық кезең ішінде авиация персоналының кәсібидеңгейін қолдау бағдарламасын меңгеруге жүргізілген аудиттің және инспекцияның қорытындыларын, сонымен қатар анықталған кемшіліктері мен ескертулерін зерделеу;

3) авиация персоналының кәсібидеңгейін қолдау бағдарламасын меңгеруде 2 жылдық кезең ішінде ӘК ТҚ жөніндегі ұйымның ӘК ТҚ байланысты авиациялық оқиғаларды және қақтығыстарды тергеу материалдарын және олардан жасалған ұсыныстарды зерделеу;

4) уәкілетті ұйымның нұсқауы бойынша ТҚ және АТЖ жөніндегі ұйым және / немесе авиациялық оқу орталығының персоналы және / немесе оның тыңдаушылары міндетті түрде зерделеуі тиіс тақырыптарды және құжаттарды зерделеу.

Ұшу қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге қатысатын
авиация персоналын кәсіби
даярлаудың үлгілік
бағдарламасына
39-қосымша

Электрсымдары және электрлік қосылыстар жүйесі (EWIS) – кәсібидеңгейді қолдау / Electrical Wiring Interconnection System (EWIS) Continuation Training

Емтихан	Оқыту ұзақтығы
Емтиханды тапсыру – ӘК ТҚ жөніндегі ұйымның және / немесе АОО шешіміне қарай, егер өзгесі уәкілетті органмен алдын ала келісілмесе.	3 сағат
Емтиханда тыңдаушылардың ақпарат көздерін және әдебиетті қолдануы	Рұқсат етілмейді – жабық кітап

Курстың мақсаттары.

Тыңдаушылардың ұшақтың электрсымдары бойынша, электр қосылыстарының түрлерінен және типтерінен білімін жаңарту, ол үшін курс бойынша қысқаша шолу жүргізу.

Курстың бағдарламасы:

№ п/п	Тақырыптардың атауы
1	Агрегаттарды және блоктарды алмастыруды, қолданылатын құралдарды және өлшеу аппараттарын, жөндемсіздіктерді және өлшеу аппаратурасын іздеу және жою рәсімдерін қоса алғанда, ұшақ электрсымына техникалық қызмет көрсету жұмысы тәжірибесіндегі негізгі қағидалар мен шолу
2	Ұшақ электрсымының түйіспе сымын жөндеу және / немесе практикалық операция кезіндегі жұмыс тәжірибесінің негізгі қағидалары және шолу
3	Инспекция жүргізуде жұмыс тәжірибесінің негізгі қағидалары және шолу, инспекция жүргізу кезінде адамның қателіктері, инспекцияның аймақтары мен салалары және үлгілік бұзылулар
4	Түйіспе сымға және электрсымдарын тазалау рәсіміне және оның сыртқы әсерден қорғалуына әсерін тигізетін кейбір материалдарды шолу

Ұшу қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге қатысатын
авиация персоналын
кәсібидаярлаудың үлгілік
бағдарламасына
40-қосымша

ӘК-мен (типі көрсетіледі XXXXX) қозғалтқыштармен (типі көрсетіледі YYYYY) жалпы таныстырылу курсы / General Aircraft Familiarization Course XXXXX (YYYYY)

Курстың мақсаттары.

КурсXXXXX типіндегі ұшақтар және оның YYYYY қозғалтқышы жүйесі бойынша базалық білім алу және меңгеру үшін жасалады және соған арналған.

Курсқатысушыға әртүрлі борт жүйелерін пайдалану, жаңғырту және интеграциясы саласында XXXXX типіндегі ұшақтар туралы жалпы білім мен түсінік алуға жәнеқатысушының білімін жақсартуға, оның тиімділігін жоғарылатуға және күнделікті жұмыста табысты қодануға мүмкіндік береді.

*) Ескерту. Осында және бұдан әрі, осы тармақ шегінде, ұшақ орнына тік ұшақ та қарастырылады, ол курстың зерделеу заты болып белгіленеді.

Емтихан		Бір типтегі ӘК оқыту ұзақтығы / Деңгей
	емтиханмен	5 күн / 1 деңгей, соның ішінде: "А" санатты куәліктері иелерінің орындауына белгіленген тапсырмаларды практикалық орындауға оқытудан" өтетін мамандарға ӘК ТҚ жөніндегі маман куәлігіне "С" санатының екінші және әр кезекті рейтингін енгізу мақсатында жоғары техникалық білім алу арқылы С" санатын алатын үміткерлерге қолданылады
	емтихансыз	4 күн / 1 деңгей
	емтихансыз	2 күн / 1 деңгей (ӘК типін оқыту үшін берілген 1 деңгейді белгілеуде келтірілген "а" тармағы көлемінде зерделенеді) (соның ішінде, "ӘК сервистік қызмет көрсету тапсырмаларын оқытудан" өтетін мамандарға қолданылады)
Емтиханда тыңдаушылардың ақпарат көздерін және әдебиетті қолдануы		Рұқсат етілмейді – жабық кітап

№	Тақырып
1	Ұшақтың құрылымы
2	Ұшақтың техникалық құжаттамасы және техникалық құжаттама үшін жасалған компьютерлік бағдарламалар
3	Ұшақты басқару жүйелерін шолу. Ұшақтың / тік ұшақтың көтерілу күші
4	Электрмен жабдықтау жүйесі **)
5	Гидравликалық жүйе **)
6	Экипаж кабинасының аспаптық жабдығы **)
7	Экипаж кабинасының аспаптық жабдығыжалғасы **)
8	Ұшақты басқару жүйесі **)
9	Автопилот **)
10	Кабинаның және жолаушылар салонының жабдығы **)
11	Есіктер **)
12	Шасси **)
13	Отын жүйесі **)
14	Өртке қарсы қорғану жүйесі **)
15	Ұшақтың жарықтануы **)

16	Қозғалтқыштан ауаны сұрыптау жүйесі **)
17	Қысымды реттеу жүйесі **)
18	Оттегі жабдығының жүйесі **)
20	Ауа баптағыш жүйесі **)
21	Желдеткіш жүйесі **)
22	YYYYY қозғалтқыш **)
24	ККҚ **)
25	Байланыс жүйесі **)
26	Радиоқұралдар бойынша ұшақтың орналасқан орнын анықтау жүйелері **)
27	Орналасқан орынды тәуелсіз анықтау жүйелері **)
28	Басқа да тақырыптар (қажетіне қарай) **)
28	Емтихан (қажетіне қарай)

**) Ескерту. Курс тақырыптарын зерделеу деңгейі ӘК типін оқыту үшін қолданылатын 1 деңгейге сай келеді.

Ұшу қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге қатысатын
авиация персоналын
кәсібидаярлаудың үлгілік
бағдарламасына
41-қосымшасы

ӘК-ге сервистік қызмет және/немесе техникалық қызмет көрсететін мамандардың кәсіби деңгейін қолдау / Continuation Training

Ескерту. 41-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. ӘК-ге сервистік қызмет және/немесе техникалық қызмет көрсететін мамандардың , сондай-ақ ӘК ұшуға жарамдылығын қолдауды қамтамасыз ететін басқа да персоналдың кәсіби деңгейін қолдау / Continuation Training.

2. Іс жүзіндегі ӘК ТКЖ жұмыстарына тартылған мамандардан білім алу мақсатымен ӘК-ні техникалық пайдалануға қатысты тақырыптар мен пәндерді, ӘК ТКЖ ережелері мен процедураларын, ӘК ТКЖ саласындағы озық тәжірибені, авиациялық техниканың істен шығуы мен ақаулары талдауын, ӘК қатысты инциденттерді, адамның ӘК ТКЖ нәтижелеріне тигізетін әсерін зерттеу процесі. Тақырыптар мен пәндердің қағидалары және минималды бағдарламасы төмендегі тізбеге сәйкес келеді.

3. ӘК ТКЖ мамандарының кәсіби деңгейін қолдау жауапкершілігі АА ұйымына, ал ӘК ТКЖ жүргізіліп, АТЖ және ТКЖ ұйымы қажет болмаған жағдайда, ӘК ТКЖ маманы куәлігінің иесіне жүктеледі.

4. ӘҚ ТҚ жөніндегі маманның куәлігінің иегері ӘК ТҚ, ТҚ және ТКЖ жөніндегі ұйымсыз орындалған кезде кәсіби деңгейді қолдау үшін жауап береді.

5. АА ұйымының атынан ӘК сервистік және/немесе ТҚ үшін жауап беретін құрылымдардың басшылары маманның біліктілігіне қарай және оған жүктелген міндеттерге қарай әрбір маман үшін жеке даярлау жоспарын жасайды.

6. Тақырыптар мен пәндерді зерттеу әдісі оқытушы мен тыңдаушылардың тікелей сөйлесуі арқылы интерактивті немесе біріктірілген болуы мүмкін.

7. Курс басталуын АА ұйымы анықтайтын 2 жылдық күнтізбелік кезеңнің соңында аяқталады.

8. Курс оқу кезеңіне толықтай біркелкі бөлініп, персоналға қатты жүктеме түсірмеуі және оқу жүктемесі ағымдағы ӘК қолданысына әсер етпеуі керек.

9. Сабақты кәсіби деңгейді техникалық персоналдың кәсіби деңгейін қолдау бағдарламасына талаптарына сәйкес келетін персонал береді.

10. ӘК-ге сервистік қызмет және/немесе техникалық күтім көрсететін, АА ұйымы жұмысқа алған әр маман қабылданған 2 жылдық күнтізбелік кезеңнің бірінші айының 1 -ші күнінен бастап кәсіби деңгейді қолдау процесіне қосылады, бірақ жұмысқа кезең басталғаннан кейін қабылданса, ағымдағы жылға арналған бағдарламаны ішінара оқыса болады.

11. ӘК-ге сервистік қызмет және/немесе техникалық күтім көрсететін, АА ұйымы жұмысқа алған әр маман кәсіби деңгейді қолдау бағдарламасын оқымас бұрын, осы ұйым ұсынатын құқықтары мен міндеттеріне сәйкес бағдарламаның міндетті курстары бойынша алғашқы дайындықтан өтеді.

12. ТҚ және ТКЖ ұйымының персоналы маманды жұмысқа қабылдаған сәттен бастап 6 айдан кешіктірмей ӘК ТҚ нәтижелеріне адами фактордың әсері (ӘК техникалық қызмет көрсетуге қатысты адам мүмкіндіктері – бастапқы даярлау / Initial Human Factors) бағдарламасы бойынша бастапқы даярлаудан өтеді және маман жұмыс орнын немесе авиакомпанияны ауыстырған сайын өтеді.

13. Бағдарламаның басқа да курстары үшін уақытша шектеулер анықталмаған, алайда оған жүктелген міндеттерді орындауға мамандардың даярлығы үшін уақытында және жұмысты бастағанға дейін маманның оқуын ұйымдастыратын ТҚ және ТКЖ ұйымының басшылық құрамы жауап береді.

14. АА ұйымы мамандардың алған білімдерін растау үшін ӘК-ге сервистік қызмет және/немесе техникалық қызмет көрсететін әр маман бойынша дәлелді құжаттаманы бақылау және сақтау жүйесін орнатады.

15. АА ұйымы сынақтар және/немесе тексерулер өткізу үшін мамандардың білімін тексеруге арналған сұрақтарды әзірлейді (аталмыш сынақтар немесе тексерулер өткізу қажет болған жағдайда).

16. "Басқа тақырыптар мен пәндер" санатына кіретін жеке курстарды АА ұйымында немесе уәкілетті орган өткізуін мақұлдаған авиациялық оқу орталықтарында өткізуге

болады. Маманның сертификатында бағдарламаның басқа тақырыптары мен пәндері бойынша жазба АА ұйымының шешімі бойынша жасалуы мүмкін.

17. Әуе кеме компоненттерін қолдайтын ұйымның Оқыту бағдарламасының ұзақтығы да сол ереже бойынша белгіленеді, бірақ қызметінің шектеулілігін көрсету үшін қысқартылуы мүмкін. Мысалы, гидравликалық сорғыны пайдалануға рұқсат берілетін, сертификаттаудан өтетін персонал үшін кәсіби деңгейді қолдауға бірнеше сағат, ал газ турбиналы қозғалтқышты пайдалануға рұқсат берілетін персоналға бірнеше күн дайындық қажет болуы мүмкін.

18. ӘК ТКЖ жүргізіліп, ал АТЖ және ТКЖ ұйымы қажет болмайтын жағдайда жұмыс істейтін мамандар Бағдарламаның 1, 2-тармақтарын міндетті түрде, ал 3, 4, 6-тармақтары бойынша өздеріне қатысты жерлерін өтеді. Бұндай маман үшін бағдарламаның 2 жылдық күнтізбелік кезеңінің басы оның кәсіби қызметі басталған кезеңнен 2 жыл өткен соң анықталады. Бағдарламаның 1, 2, 3, 4-тармақтары ӘК ТКЖ маманы куәлігінің иесі тиісті алғашқы дайындықтан өткеннен кейін жүргізіледі.

19. АА ұйымында жұмыс істейтін персонал үшін бағдарламаның тақырыптары мен пәндерін зерттеу көлемі және қажет болған жағдайда сынақтар және/немесе емтихандар тапсыруы:

1) ӘК ТКЖ мамандары - Бағдарламаның 1, 2, 5-тармақтарын оқу міндетті, 3, 4, 6-тармақтарында өздеріне қатыстысын оқу керек;

2) ӘК сервистік қызмет көрсету механиктері - Бағдарламаның 1-тармағын оқу міндетті, басқа тармақтарында өздеріне қатыстысын оқу керек;

3) ӘК компоненттері бойынша мамандар, бұзбай бақылау техниктері және инженерлері - Бағдарламаның 1 және 2-тармақтарын оқу міндетті, басқа тармақтарында өздеріне қатыстысын оқу керек;

20. "ӘК-ге сервистік қызмет және/немесе ТО мамандардың кәсіби деңгейін қолдау бағдарламасын" игеру нәтижелері бойынша сертификаттар 2 жылдық күнтізбелік зерттеу кезеңінің "...бағдарламасын" толықтай және 19 тармақтың 1, 2, 3-тармақтарында көрсетілген көлемде игеріп, қажет болған жағдайда емтихандар тапсырған персоналға беріледі.

21. Маман сертификатындағы Бағдарлама тармақтары бойынша жазба:

1) жеке болуы және Бағдарламаның тек осы тармағына қатысты болуы мүмкін;

2) "ӘК ТКЖ мамандарының кәсіби деңгейін қолдау" (Maintenance Staff - Continuation Training Program) жалпы жазбасында басқа міндетті курстармен қатар бағдарламаның осы тармағы көрсетіледі;

3) маманның сертификатында бағдарламаның басқа тақырыптары мен пәндері бойынша жазба АА ұйымының шешімі бойынша жасалуы мүмкін - ** қараңыз).

емтихан	Сыныпта оқыту ұзақтығы
*) - сынақ тапсыру және/немесе емтиханнан өту - уәкілетті ұйым басқа талап қоймаған жағдайда, АА	Сыныпта оқыту ұзақтығы стандартын ескере отырып, жалпы оқыту ұзақтығы 15 сағатты

ұйымының немесе авиациялық оқу орталығының шешіміне қарай.	құрайтын Бағдарламаның әр курсы бойынша 3 сағаттан (1, 2, 3, 4 және 5-тармақтар) (күніне 6 сағаттан артық емес) - 2,5 күн

Даярлау бағдарламасы:

2-кесте

1.	"ӘК-ге техникалық қызмет көрсетуға қатысты адам мүмкіндіктері - кәсіби деңгейді қолдау". * қараңыз).
2.	"Авиациялық заңнама - кәсіби деңгейді қолдау". *).
3.	"Электр сымдар және электр байланыстар жүйесі (EWIS) - кәсіби деңгейді қолдау". * қараңыз).
4.	"Отын бактары қауіпсіздігі / CDCCL – кәсіби деңгейді қолдау". * қараңыз).
5.	"ӘК ТКЖ ұйымының аудиті кезінде анықталған ӘК ТКЖ қателері, авиациялық оқиғалар мен инциденттерді зерттеу материалдары және солар бойынша жасалған ұсыныстар"
6.	Басқа тақырыптар мен пәндер - ** қараңыз).

**) - АА ұйымы және/немесе осы Үлгілік бағдарлама бойынша анықтайды

Ұшу қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге қатысатын
авиация персоналын
кәсіби даярлаудың үлгілік
бағдарламасына
42-қосымшасы

ӘК ТКЖ мамандарының кәсіби деңгейін қолдау курстарының минималды тізбесі және олардың алғашқы дайындық курстарының тізбесі

Алғашқы дайындық	Кәсіби деңгейді қолдау
"ӘК-ге техникалық қызмет көрсетуға қатысты адам мүмкіндіктері - алғашқы дайындық" / "Initial Human Factors"	"ӘК-ге техникалық қызмет көрсетуға қатысты адам мүмкіндіктері - кәсіби деңгейді қолдау" / "Human Factors Continuation Training"
"10RK модулі. Авиациялық заңнама" / "Module 10RK. Aviation Legislation"	"Авиациялық заңнама - кәсіби деңгейді қолдау" / " Aviation Legislation Continuation Training"
"Отын бактары қауіпсіздігі / CDCCL - 1 және 2-фазалар" / "Fuel Tank Safety / CDCCL – Phases 1 and 2"	"Отын бактары қауіпсіздігі / CDCCL - кәсіби деңгейді қолдау" / "Fuel Tank Safety / CDCCL Continuation Training"
*) –ТҚ және ӘК отын багының ішіндегі электр өткізгіші жоқ ӘК техникалық қолдаумен айналысатын персонал 1-фаза бойынша оқиды	
"Электр сымдар және электр байланыстар жүйесі (EWIS)" / "Electrical Wiring Interconnection System, EWIS"	"Электр сымдар және электр байланыстар жүйесі (EWIS) - кәсіби деңгейді қолдау" / "Electrical Wiring Interconnection System (EWIS) Continuation Training"
Қолданылмайды	"ӘК-ге техникалық қызмет көрсету және жөндеу қателері, АТЖ және ТКЖ ұйымының аудиттері кезінде анықталған ескертулер, ӘК-ге техникалық қызмет көрсету және жөндеуге қатысты авиациялық оқиғалар мен инциденттерді зерттеу материалдары және солар бойынша жасалған ұсыныстар"

Ұшу қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге қатысатын
авиация персоналын
кәсібидаярлаудың үлгілік
бағдарламасына
43-қосымшасы

АТЖ және ТҚ ұйымының персоналы мен ӘК ұшу жарамдылығына қолдау көрсету персоналы біліктілігінің үлгілік бағдарламасы

Біліктілік	Менеджерлер / Managers	ӘК ТКЖ жоспарлау мамандары / Planners	Супервайзерлер / Supervisor	Сертификат тайтын персонал және қолдау көрсететін персонал / Certifying staff and support staff	Механиктер / Mechanics	Мамандандырылған қызмет көрсететін персонал / Specialised Service Staff	Сапа аудиттерін жүргізу персоналы / Quality audit staff
Ресми түрде танылған қолданыстағы стандарттарды білу (Knowledge of applicable officially recognized standards)						X	X
Аудит әдістерін білу: жоспарлау, жүргізу және есептілік (Knowledge of auditing techniques: planning, conducting and reporting)							X
Адам факторын, адам қабілетін және шектеулерін білу (Knowledge of human	X	X	X	X	X		X

factors, human performance and limitations)						X	
Логистикалық процестерді білу (Knowledge of logistics processes)	X	X	X				
Ұйымдастыру мүмкіндіктерін, артықшылықтарын және шектеулерін білу (Knowledge of organisation capabilities, privileges and limitations)	X	X	X	X		X	X
Part-M, Part-145 және кез келген басқа тиісті ережені білу (Knowledge of Part-M, Part-145 and any other relevant regulations)	X	X	X	X	X	X	X
АТЖ және ТКЖ ұйымының қызметі нұсқаулығының тиісті бөлімдерін білу (Knowledge of relevant parts of the maintenance organisation		X	X	X		X	

exposition and procedures)					X		
Оқиғалар туралы есеп беру жүйесін білу және хабарлардың пайда болу, техникалық қызмет көрсету бойынша қате деректер және іс жүзіндегі неықтимал ақаулықтар маңыздылығын түсіну (Knowledge of occurrence reporting system and understanding of the importance of reporting occurrences, incorrect maintenance data and existing or potential defects)	X	X	X	X		X	X
Жұмыс ортасына байланысты қауіпсіздік тәуекелдерін білу (Knowledge of safety risks linked to the working environment)	X	X	X	X	X	X	X

Қажет болған жағдайда, CDCCL жөніндегі білім (Knowledge on CDCCL when relevant)	X	X	X	X		X	X
Қажет болған жағдайда, EWIS жөніндегі білім (Knowledge on EWIS when relevant)	X	X	X	X	X	X	X
Кәсіби тұтастықты, мінез-құлықты және қауіпсіздікке деген көзқарасты түсіну (Understanding of professional integrity, behavior and attitude towards safety)	X	X	X	X	X	X	X
ӘК мен компоненттерінің ұшу жарамдылығын қамтамасыз ету жағдайларын түсіну (Understanding of conditions for ensuring continuing airworthines							X

s of aircraft and components)					X		
Өз қабілеті мен шектеулерін түсіну (Understanding of his/her own human performance and limitations)	X	X	X	X	X	X	X
Персоналдың өкілеттіктері мен шектеулерін түсіну (Understanding of personnel authorisations and limitations)	X	X	X	X	X	X	X
Техникалық күтімнің аса маңызды мақсаттарын түсіну (Understanding critical maintenance task)		X	X	X	X		X
Жұмыс карталарын жасау және толтырылғандарын бақылау мүмкіндігі (Ability to compile and control completed work cards)		X	X	X			
Адамның сипаттамалары мен шектеулерін ескере білу қабілеті (Ability to	X	X	X				X

consider human performance and limitations)				X			
Тапсырмаларды орындауға қажетті біліктілікті анықтау мүмкіндігі (Ability to determine required qualifications for task performance)		X	X	X			
Іс жүзіндегі және ықтимал қауіпті жағдайларды анықтай және түзете білу қабілеті (Ability to identify and rectify existing and potential unsafe conditions)			X	X	X	X	X
Техникалық қызмет көрсету қызметіне қатысатын үшінші тұлғаларды басқару қабілеті (Ability to manage third parties involved in maintenance activity)		X	X				
Күтім жасау тапсырмаларының							

дұрыс орындалуын растау мүмкіндігі (Ability to confirm proper accomplishment of maintenance tasks)			X	X	X	X	
Техникалық күтімнің аса маңызды мақсаттарын анықтау және орындалуын дұрыс жоспарлау мүмкіндігі (Ability to identify and properly plan performance of critical maintenance tasks)		X	X	X			
Тапсырмалардың басымдықтарын анықтау және сәйкессіздіктер туралы хабарлау мүмкіндігі (Ability to prioritise tasks and report discrepancies)		X	X	X	X		
Пайдаланушы (оператор) сұраған тапсырмаларды өңдеу мүмкіндігі (Ability to		X		X			

process the work requested by the operator)			X				
Қауіпсіздік пен сапа саясатына ықпалдасу мүмкіндігі (Ability to promote the safety and quality policy)	X		X				
Алып тасталған, орнатылмаған және бракқа шығарылған бөлшектерді дұрыс өңдеу мүмкіндігі (Ability to properly process removed, uninstalled and rejected parts)			X	X	X	X	
Аяқталған жұмысты дұрыс жазу және оған қол қою мүмкіндігі (Ability to properly record and sign for work accomplished)			X	X	X	X	
Қолдануға болатын бөлшектерді орнату алдында айырып тану мүмкіндігі (Ability to					X		

recognise the acceptability of parts to be installed prior to fitment)				X			
Күрделі күтім жасау тапсырмаларын нақты кезеңдерге бөлу мүмкіндігі (Ability to split complex maintenance tasks into clear stages)		X					
Жұмысқа берілген тапсырыстарды, жұмыс карталарын түсіну, пайдаланылатын күтім жасау деректеріне сүйену және оларды пайдалану мүмкіндігі (Ability to understand work orders, work cards and refer to and use applicable maintenance data)		X	X	X	X	X	X
Ақпараттық жүйелерді пайдалану мүмкіндігі (Ability to use information systems)	X	X	X	X	X	X	X
Қажетті құралдармен және/							

немесе жабдықтармен танысу және оларды пайдалану, бақылау мүмкіндігі (Ability to use, control and be familiar with required tooling and/or equipment)			X	X	X	X	
Тиісті қарым-қатынас пен сауаттылық дағдылары (Adequate communication and literacy skills)	X	X	X	X	X	X	X
Талдамалы және тексерілген аудит дағдылары (мысалы, объективтілік, әділдік, ашықтық, батылдық, ...) (Analytical and proven auditing skills (for example, objectivity, fairness, open-mindedness, determination, …)							X
Күтім жасау қателіктерін жою дағдылары (Maintenance error							X

investigation skills)							
Ресурстарды басқару және өндірісті жоспарлау дағдылары (Resources management and production planning skill)	X	X	X				
Ұжымдық жұмыс, шешімдер қабылдау және көшбасшылық дағдылары (Team decision-making and leadership skills)	X		X				

Ұшу қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге қатысатын
авиация персоналын кәсіби
даярлаудың үлгілік
бағдарламасына
44-қосымшасы

Авиациялық ішкі аудитор / Aviation Internal Auditor

Ескерту. 44-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 591 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Курстың мақсаты.

Сапа кепілі жүйесінде аудит жүргізу үшін ішкі аудиторларды даярлау

Емтихан	Оқыту ұзақтығы
Емтихан тапсыру - уәкілетті ұйым басқа талап қоймаған жағдайда, АТЖ және ТКЖ ұйымының және/немесе авиациялық оқу орталығының шешіміне қарай	12 сағат

Ішкі аудиторларды даярлау бағдарламасының мазмұны:

1) кіріспе. Курс мақсаттары.

2) авиациялық ұйымдар. Авиациялық өкіметтер. Сапа жүйесінің концепциялары.

3) ішкі аудит жүйесіне кіріспе;
4) сапа жүйесінде қолданылатын терминология;
5) аудит процестері мен бағдарламасы;
6) аудит жүргізу процесіндегі адами фактор;
7) аудиторларды оқыту;
8) аудиторға қажетті қасиеттер;
9) аудитор міндеттері мен жауапкершілігі.
10) ішкі аудиттердің ұйым үшін маңызы;
11) ішкі аудит процесіндегі коммуникация жүйесі;
12) жоспарлау және аудитке дайындалу;
13) әзірлеу процесінде құжаттамаға шолу/талдау;
14) аудит жүргізу және дәлел жинау;
15) сәйкессіздіктерді талдау;
16) аудит бойынша есептілік;
17) түзетуші/профилактикалық әрекеттердің орындалуын тексеру;
18) IOSA туралы негізгі түсініктер;
19) ішкі аудитті жүргізу бойынша рөлдік ойын;
20) курсқа жалпы шолу. Сұрақтар мен жауаптар.

Ұшу қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге қатысатын
авиация персоналын
кәсібидаярлаудың үлгілік
бағдарламасына
45-қосымшасы

B1 санатындағы персонал үшін ТВ2-117 қозғалтқыштары бар МИ-8Т, ТВ3-117ВМ қозғалтқыштары бар МИ-8МТВ-1 (Ми-172) ӘК бойынша оқыту бағдарламасы

Мазмұны

Реттік №	Пән атауы	Курс бойынша білім бағасы		Барлық сағат саны
		емтихан	сынақ	
А секциясы. Теориялық элемент				
1	Ми-8Т; МТВ-1 (Ми-172) конструкциясы және техникалық қолданысы. Тікұшаққа тән ақаулар	Х		72
2	ТВ2-117А(Г) қозғалтқышының конструкциясы және техникалық қолданысы. Тән ақаулар	Х		36

3	ТВ3-117ВМ қозғалтқышының конструкциясы және техникалық қолданысы. Тән ақаулар	Х		42
4	М и - 8 Т тікұшағының регламенті (бағдарламасы)		Х	8
	Ми-8МТВ-1 (Ми-172) тікұшағының регламенті (бағдарламасы)		Х	
5	Электр жабдық және техникалық қолданысы		Х	2
6	Аспаптық жабдық және техникалық қолданысы		Х	2
7	Радиожабдық және техникалық қолданысы		Х	2
8	Қолданылатын жанар-жағармай материалдары		Х	2
9	Авиациялық техниканы техникалық қолдану және жөндеу ережелері. ӘК-де жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік шаралары.		Х	6
10	Емтихан	1, 2, 3-тармақтарды қараңыз		2
	Теориялық элемент және емтихан, барлығы: 174 сағат немесе 29 оқу күні			
В секциясы. Тәжірибелік элемент				
Тәжірибелік элемент және бағалау, барлығы: 112 сағат немесе 14 жұмыс күні				

А секциясы. Теориялық элемент бағдарламасы 1. Ми-8Т, МТВ-1 (Ми-172) ӘК конструкциясы және техникалық қолданысы. Тікұшаққа тән ақаулар.

Реттік №	Тақырып атауы
1	Ми-8 тікұшағының жалпы сипаттамасы және негізгі ұшу-техникалық деректері.
2	Фюзеляж және ұшу-қону құрылғылары
3	Негізгі винт және артқы винт.

4	Тікұшақ трансмиссиясы
5	Қозғалтқыш қондырғы
6	Тікұшақты басқару
7	Тікұшақ жүйелері: отын гидравликалық әуе мұз басуға қарсы өртке қарсы
8	Кабинаның жолаушы, санитарлық және тасымалдау жабдығы
9	Арнайы жабдық
10	Аи-9В қозғалтқышы және Ми-8МТВ-1 (Ми-172) іске қосу жүйесі
11	Тән ақаулар
12	Емтихан
Барлығы: 72 сағат	

2. ТВ2-117А(Г) қозғалтқышының конструкциясы және техникалық қолданысы. Тән ақаулар

Реттік №	Тақырып атауы
1	Қозғалтқыш туралы жалпы мәлімет, оның негізгі ұшу-техникалық деректері
2	Қозғалтқыштың конструктивтік құрылғысы
3	Майлау және суфлирлеу жүйесі
4	Қозғалтқыштың отын жүйесі
5	Ауаны қайта жіберу жүйесі және мұз басуға қарсы жүйе
6	Іске қосу жүйесі
7	Қозғалтқыштың өртке қарсы жүйесі
8	Қозғалтқыш сипаттамасы
9	Қозғалтқыштың ықтимал ақаулары және оларды жою жолдары
10	Емтихан
Барлығы: 36 сағат	

3. ТВ3-117ВМ қозғалтқышының конструкциясы және техникалық қолданысы. Тән ақаулар

Реттік №	Тақырып атауы
1	Қозғалтқыш туралы жалпы мәлімет, оның негізгі ұшу-техникалық деректері
2	Қозғалтқыштың конструктивтік құрылғысы.
3	Майлау және суфлирлеу жүйесі
4	Қозғалтқыштың отын жүйесі

5	Ауаны қайта жіберу жүйесі және мұз басуға қарсы жүйе
6	Іске қосу жүйесі
7	Қозғалтқыштың өртке қарсы жүйесі
8	Қозғалтқыш сипаттамасы
9	Қозғалтқыштың ықтимал ақаулары және оларды жою жолдары
10	Емтихан
Барлығы: 42 сағат	

4. Ми-8Т, Ми-8МТВ-1 (Ми-172) тікұшақтарына ТКЖ регламенті (бағдарламасы)

№	Тақырып атауы.
1	Ми-8Т тікұшағына ТКЖ регламенті
2	Ми-8МТВ-1 (Ми-172) тікұшағына ТКЖ регламенті
3	ТКЖ кезіндегі қауіпсіздік және еңбекті қорғау
4	Емтихан
Барлығы: 8 сағат	

5. Электр жабдық және техникалық қолданысы

№	Тақырып атауы
1	Тікұшақ электр желісі
2	Қуат көзі және тұрақты ток электр энергиясын үйлестіру, реттегіш құрылғылар
3	Қуат көзі және айнымалы ток электр энергиясын үйлестіру
4	Сынақ
Барлығы: 2 сағат	

6. Аспаптық жабдық және техникалық қолданысы

№	Тақырып атауы
1	Қозғалтқыш пен трансмиссия жұмысын басқару аспаптары.
2	Тікұшақ жүйелерін басқару аспаптары.
3	Сынақ
Барлығы: 2 сағат	

7. Радиожабдық және техникалық қолданысы

№	Тақырып атауы
1	Радиобайланыс жабдығы.
2	Радионавигациялық жабдық
	Сынақ

3	
Барлығы: 2 сағат	

8. Қолданылатын жанар-жағармай материалдары

№	Тақырып атауы
1	Қолданылатын отын, май, гидросұйықтық және жағармай маркалары
2	ЖЖМ сапасының талдауы
3	ЖЖМ сақтау және өртке қарсы қауіпсіздік
4	Сынақ
Барлығы: 2 сағат	

9. Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерін техникалық пайдалану және жөндеу ережелері. ӘК-де жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік шаралары.

№	Тақырып атауы
1	Жалпы ережелер
2	ҚР азаматтық ӘК-ін техникалық пайдалану реті
3	Азаматтық ӘК-ге операциялық техникалық қызмет көрсету
4	Азаматтық ӘК-ге кезеңдік техникалық қызмет көрсету
5	ӘК-ні пайдалану кезінде орындалатын жалпы жұмыс түрлері
6	Авиациялық техника күйін және оған қызмет көрсету сапасын басқару
7	Келесі жағдайлардағы қауіпсіздік шаралары: ӘК және жүйелерімен жұмыс істеу; қозғалтқышты қосу және сынау; адамдарды, арнайы автокөлікті және ӘК-ні аэродромда жылжыту; ӘК-ні аэродромда жылжыту; арнайы автокөліктің ӘК қарай/бері жақындауы/ алыстауы.
6	Сынақ
Барлығы: 6 сағат	

В секциясы. Тәжірибелік элемент бағдарламасы

Реттік №	Тәжірибелік жұмыс атауы мен түрлері	Курс бойынша білім бағасы	
		емтихан	сынақ
	Планер: Фюзеляждың қаптамасын және күштік элементтерін тексеру		

1	Артқы және шеткі арқалықтар, аралық және артқы редукторлар бекітпесінің жігін тексеру Жүк кабинасын тексеру Есіктің шұғыл босату механизмін және ұшқыш кабинасының жылжымалы блистерін тексеру		Х
2	Тікұшақты және қозғалтқыштарды басқару: Барлық басқару тізбегінің элементтерін және басқару органдарының жұмысын тексеру Рульдік винтті басқару жүйесінің төлке-роликті тізбегін тексеру Рульдік винтті басқару арқанының керілісін тексеру		Х
3	Гидравликалық жүйе: - Гидрожүйе элементтерін тексеру, олардың бекітпесін және бітеулігін тексеру - Сүзгі элементтерін шешіп алу, жуу және орнату - Гидроаккумуляторлардағы қысымды тексеру		Х
4	Шасси және әуе жүйесі: Көлбеу тіреуіштерді, шасси бағандарын, негізгі, алдыңғы және артқы тірек тораптарын тексеру Шасси амортбағандары зарядын тексеру Дөңгелек шиналары зарядын тексеру Әуе жүйесінің агрегаттарын, олардың бекітпесін және бітеулігін тексеру		Х
	Трансмиссия: Бас редукторды және бас редуктордағы агрегаттарды тексеру		

5	Магнитті тығынды және бас редуктор май жүйесінің сүзгісін шешіп алу, жуу және орнату Трансмиссияның артқы білігін және тірегін тексеру - Желдеткіш қондырғысын тексеру		Х
6	Негізгі жүйе және рульдік винт: Негізгі винт төлкесін, қиғаштық автоматын, негізгі винт қалақтарын тексеру Негізгі винт төлкесін майлау картасы Қалақ лонжеронының ақауы туралы сигнал беру жүйесін тексеру Рульдік винт пен майлау картасын тексеру		Х
7	Отын жүйесі: Отын жүйесі элементтерін, олардың бекітпесін және бітеулігін тексеру Дренаж құбырларының тазалығын, дренаж клапандарынан тұнбаның ағуын тексеру		Х
8	ТВ2-117 күштік қондырғысы: Компрессордың кіріс бөлігін және компрессордың бірінші қадам қалақтарын тексеру Қозғалтқыштың, агрегаттардың және май мен отын жүйесі құбырларының бекіту тораптарын тексеру Май сүзгісі мен магнитті тығынды шешіп алу, жуу және орнату Әуе сүзгілерін және әуе жиклерлерін шешіп алу, жуу және орнату Реттегіш сорғының отын сүзгісін шешіп алу, жуу және орнату		Х

	ТВ3-117 күштік қондырғысы СВ-78 әуе стартерінің картеріндегі май деңгейін тексеру СВ-78 әуе сүзгісін шешіп алу, жуу және орнату АИ-9В қосымша күштік қондырғысы: Отын сүзгісін шешіп алу, жуу және орнату СД-55АНМ іске қосу білтесін шешіп алу және орнату		
9	Жылыту және желдету жүйесі: КО-50 керосинді жылытқышын тексеру КО-50 білтесін шешіп алу, тазалау және орнату		Х
10	Сыртқы аспа жүйесі және ЛПГ-150: Тікұшақтағы сыртқы аспаны орнату және шешіп алу, ДГ-64М құлпын қарап шығу және тексеру ЛПГ-150 борттық жебесін және шығырын тексеру ЛПГ-150 шығыры жұмысын тексеру		Х
11	Электр жабдық және техникалық қолданысы Аспаптық жабдық және техникалық қолданысы Радиожабдық және техникалық қолданысы		Х
12	Оқып-үйренуші білімін бағалау	Х	
Тәжірибелік элемент және бағалау, барлығы:		112 сағат немесе 14 жұмыс күні	

Ұшу қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге қатысатын
авиация персоналын
кәсібидаярлаудың үлгілік
бағдарламасына
46-қосымшасы

В1 санатындағы персонал үшін ТВ2-117 қозғалтқыштары бар Ми-8Т, ТВ3-117ВМ қозғалтқыштары бар Ми-8МТВ-1 (Ми-172) ӘК-де жүргізілетін тәжірибелік тағылымдама бағдарламасы

Тағылымгер

_____

_____

(аты-жөні, қызметі, мерзімі)

Тәжірибелік тағылымдама супервайзері:

_____

_____

Тәжірибелік тағылымдама бағалаушысы:

_____

_____

№	Тағылымдама тақырыптары мен тапсырмаларының атауы	Тағылымгер қолы	OJT супервайзерінің қолы
1	ӘК-ге техникалық қызмет көрсету құжаттамасы. Құжаттама ішінде іздеу және навигация. ӘК-ге техникалық қызмет көрсету құжаттары тексерістерінің толықтығы және дұрыс қолданылуы. ӘК-де жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша техникалық құжаттаманы рәсімдеу.		
2	Ми-8 техникалық қолданысының негізгі ережелері. Қ және ЕҚ нұсқаулары		
3	Ми-8Т, Ми-8МТВ-1 (Ми-172) тікұшақтарына техникалық қызмет көрсету регламенттері		
4	АТ пайдалану бойынша басқарушы құжаттар		
5	Ұшуға пайдалану нұсқаулығы		
6	Ми-8Т, Ми-8МТВ-1 (Ми-172) ұшу аппараты мен қозғалтқышының негізгі ақаулары		
7	Жерде ӘК бұзылуларының алдын алу шаралары. ӘК-ні тіркеп сүйреу		

8	Операциялық форма бойынша тәжірибелік техникалық қызмет көрсету		
9	Кезеңдік форма бойынша тәжірибелік техникалық қызмет көрсету		
10	Авиақозғалтқыштар мен негізгі агрегаттарды бөлшектеу және құрастыру, қозғалтқышпен негізгі агрегаттарды ауыстырудың техникалық шарттары		
11	Жұмысты күнтізбелік мерзімдерге сай орындау		
12	Сақтау кезіндегі жұмысты орындау		
13	Маусымдық жұмысты орындау		
14	Арнайы ұшу жағдайларынан кейінгі жұмысты орындау		
15	Майлау карталары бойынша жұмысты орындау		
16	Тікұшақтың пломба салынған жерлерінің тізбесі		
17	Қолданылатын жабдық, құрал		
18	Техникалық құжаттаманы рәсімдеу		
19	Қолданыста ауыстыруға рұқсат етілген радиоэлектрондық блоктар (LRU) және оларға қатысты кіріктірілген басқару жүйесін (BITE) қолдану		
20	Келесі жағдайлардағы қауіпсіздік шаралары: 1) ӘК және жүйелерімен жұмыс істеу 2) қозғалтқышты қосу және сынау 3) адамдарды, арнайы автокөлікті және ӘК-ні аэродромда жылжыту		

